


Ә. Зікібаев

*Мандалалы
Олеңдер
Жинағы*



Еләм Зікібаев

*Пандалы
өлеңдер
жинағы*

Үш топтың


Нұрлан Сапсай

Алматы 2011

Есіләп Зікібасев

*Ақыу
арман*

Өлеңдер мен толғаулар

1-том


Нұрлан
Жибайев

Алматы 2011

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

3-96

Қазақстан Республикасының

Байланыс және ақпарат министрлігі

Ақпарат және мұрагат комитеті

*“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлөрін басып шығару” бағдарламасы
бойынша шығарылды*

Зікібаев Е.

3-96 **Тандамалы өлеңдер жинағы.** – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2011.
Т. 1. – 320 бет.

ISBN 978-601-264-037-3

Е. Зікібаевтың тандамалы өлеңдер жинағының бірінші томына оның тұған елге,
өскен жерге деген перзенттік шынайы сезімі мен кіршіксіз махаббатты паш етептін
өлеңдері мен толғаулары топтастырылған.

Қазақ әдебиетіне өз өрнегімен, өз бояуымен келген ақын жырлары әсем жырлар.

УДК 821.512.122

ББК 84 Қаз 7-5

- 50457 -

ISBN 978-601-264-037-3 (1-т.)

ISBN 9965-601-264-036-6

г. Сергеев

© Зікібаев Е., 2011

© «Таймас» баспа үйі, 2011

Барлық құқықтары қоргалған

Басылымның мұліктік құқықтары

«Таймас» баспа үйіне тиесілі

ЦЕНТРАЛЫЙЛАРДА
СИРАЛЫП ТОРАНДЫ

ӨМІРБАЯНЫ

Есләм Зікібайұлы 1936 жылы 5 маусымда Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Өрнек ауылында дүниеге келген. Әкесі Зікібай Мамытыұлы ақындығы бар, ағаштан түйін түйген шебер кісі болған. Сауаты болмағандықтан, оның өлеңдері ауыл адамдарының есінде ғана қалған. Шана, түрмисқа қажетті заттар жасаған, етікші болған, зергерлікпен де айналысқан. Анасы Ақық Құсайынқызы “Еңлік” – Кебекті”, “Көрүглі” жырларын әнге қосып айтып отыратын.

Есләм Зікібайұлы бастауыш мектепті Өрнекте бітірген. Манайдағы Жарғайын, Николаевка, Ленин, Еңбек мектептерінде оқыған. 1956 жылы он жылдық мектепті бітірген. 1954 жылы тың жерді игеруге қатынасып, колхозда тіркемеші болып жұмыс істеген. Окуга деген ынтасты зор болғандықтан, мектепке қайта оралып, Еңбек орта мектебін жақсы бітіріп шығады. Мемлекеттік емтихан тапсырып жатқан кезде әкесі дүниеден өтіп, бір үйдің үлкен баласы болғандықтан, ауырлық бірден өз басына түседі. Баласының таланттың жас күнінен билетін анасы оның окуға баруына карсылық жасамайды. Ол кезде бір орынға 10–12 адамнан келетін Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетіне сегіз сабактан сәмтихан тапсыратын. Окуға түсүнің өзі бір хикая болған. Артынан келетін тыын-тебен жоққа тән болғандықтан, студенттік шақ басталысымен стипендиямен, кейін келе қаламақымен күнкөріс жасаған. Ол кезде колхозда айлық деген жоқ, үйдегі балалардың киім-кешегі мен тамағы анасының мойнына түседі. Інілері жазда ауылдың малын бағып, тыын-тебен табады.

Алғашқы өлеңдері 1957 жылы “Лениншіл жас” (“Жас алаш”), “Ленин туы” (Солтүстік Қазақстан) газеттерінде жарық көрген. Өлеңді мектепте оқып жүргенде жаза бастаған. Өзінің естелігінде: “Өлеңдерімді жіберемін, көркемдігі жетіспейді немесе ойлары ұшқыр емес деген мазмұндағы хаттар алып тұрдым”, – дейді.

Студенттік шақта іс-тәжірибеден өту үшін Қызылжардың “Ленин туы” газетінде журналистиканы алғашқы қыр-сырын үйренген.

1961 жылы соңғы курста оқып жүрген кезінде “Қазақстан пионері” (“Ұлан”) газетіне орналасып, бөлім ментерушісі болып қызмет істейді. Алғашқы балаларға арналған өлең-жырлары сол кезден бастап газет беттеріне шыға бастайды. Содан кейін “Қазақстан әйелдері” журналында, “Социалистік Қазақстан” (“Егеменді Қазақстан”) газетінде біраз уақыт жұмыс істеген. Суреттемелер, очерктер, өнер адамдары туралы мақалалар

жазған. Ақын журналистикамен шұғылдана жүріп, өлең жазуды ешқашан тастамаган.

Газет-журналда қызмет істеген кездерінде көптеген өнер адамдарымен кездесіп, іссапарлармен Қазақстанның түкпір-түкпірінде болып, көптеген толғағы жеткен мәселелерді көтере білген. Қарғандыда шахтаға түсіп, Екібастұзда құрылышылармен, егін даласында ауыл азаматтарымен кездесіп, еңбек адамдарынан сұхбат алады.

1963 жылы Қазақстан Журналистер одағының мүшелігіне өткен.

1972 жылы Қазақ КСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде, сондай-ақ «Жалын» және «Жазушы» баспаларында бөлім менгерушісі болып қызмет істеген.

1976 жылы Қазақстан Жазушылар одағына мүшелікке өтеді. Осы жылдардан бастап ақындық жолына толық ауысады.

Алғашқы жыр жинағы 1975 жылы “Ақ қайындар” деген атпен жарық көрген. 1977 жылы “Аққу арман” атты өлеңдер жинағы, 1978 жылы балаларға арналған жыр жинағы “Мен космонавт болам” деген атпен жарық көрді. Ол кезде балалардың бәрі ғарышкер болғысы келетін. “Ақ айдын” 1980 жылы, “Ақ сағым” 1982 жылы, “Алтын сағым” 1985 жылы, ал орыс тілінә мәскеулік ақын Марк Кабанов аударған “Верую в людей” деген жинағы 1989 жылы, “Құс ғұмыр” жыр жинағы 1992 жылы жарыққа шыққан. Алғашқы жыр кітаптарының аты “Ақ айдын”, “Ақ сағымнан” басталып, бара-бара ақынның өзінің өмір жолы сияқты күрделене береді. Сонымен қатар ақын аудармамен де айналасқан. Югослав ақыны Иван Иванович Змайдың “Міне, қызық тамаша” (1976), түркмен ақыны Керім Құрбанпесовтің “Құм жыры” (1981) жинағын (аударғандар Д. Қанатбаев, Е. Зікібаев), башқұр ақыны Биккол Шарифтің “Жүргегімнің жарығы”, қыргыз ақыны Жалил Садықовтың “Таудағы тұн” (1987) жинақтарын аударған.

Жазушылардың соңғы үш съезінде Жазушылар одағы басқармасының мүшесі болып сайланды. Ақын шығармалары әдеби сынды да, оқырман қауымды да бейжай қалдырған емес. Ол жайлы ертелі-кеш пікір білдірген Әбділда Тәжібаев, Мұзафар Әлімбаев, Қадыр Мырзалиев, Евней Букетов, Кәкімбек Салықов, Құлбек Ергобеков, Ербол Шаймерденов, Бақыт Мұстафин және басқа аға-іні қаламдастары ақынның ел, отан, адам тағдыры туралы өлең-дастандарына әр кезде жақсы баға берумен болды.

Ақын дүниеден өткеннен кейін “Жыр тағдырым” (2003 ж.), “Қас қағым сәт” (2004 ж.) атты жинақтары “Қазіргі қазақ поэзиясы” сериясымен “Жазушы” баспасынан жарық көрді. Сондай-ақ 70 жылдық мерейтойы карсаңында мемлекеттік тапсырыспен “Армандағ ғұмыр” (2006 ж.), Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Т.А. Мансұровтың қолдауымен “Өмір бәйге” (2007 ж.) атты жыр жинағы орыс және қазақ тілінде шықты.

Есләм Зікібаевтің өлеңдеріне жазылған әндер де бар. Жас әуесқой композитор Ә. Молдагайновпен бірлесіп шығарған алғашқы “Аяулым арманымдай асылым ең” (1975 ж.) әні қазақ әндерінің қорына кірді. Сонымен қатар Ә. Бейсеуовтің (“Женеше”, “Кезікпей келген бейнем ең”), сондай-ақ Б. Құрманғалиев, Н. Тілендиев, Б. Байкенжеев, Ә. Әділбеккізы, Ш. Әбіл-

тай, Е. Нарымбетов, Ш. Молдабаев тәрізді композиторлардың әндеріне арқау болған өлеңдері бар. Осындай сазды шығармалары Роза Бағланова, Ришад Абдуллин, Бақыт Әшімова, Зейнеп Қойшыбаева сынды әйгілі әншілеріміздің репертуарынан орын алған.

Еслем Зікібаев Қазак КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет Грамотасымен (1986 ж.) марапатталған. Кемел жасқа келген ақын қаламы бір күн тыным тапқан емес. 2000 жылы Сәбит Мұқановтың туғанына 100 жыл толуына орай өткізілген мұшәйраның бірінші жүлдегері атанды. 2002 жылы Ғабит Мұсіреповтің 100 жылдық мерей тойына орай өткізілген ақындар мұшәйрасында арнайы сыйлықты иеленді. 2002 жылы Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай мемлекеттік медальмен марапатталды.

2004 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының Өрнек орта мектебіне Еслем Зікібаевтың аты берілді.

Бірінші өлең

*O, туган жер!
Менің байлық-ырысым,
Арманымның шешек атқан гүлсің.
Өмірім де бір өзіңе өзектес,
Тірлігім,
Куанышым,
Тынысым!*

ТУҒАН ЕЛГЕ МАДАҚ ЖЫР

О, Туған ел!
Сен жайлы қаншама ақын
Жыр жазды тамылжытып –
Тамсанатын!
Жұмыр жер жүргегінің соғуындаі
Қайталанбас әр сәтін,
Әр сағатын...
Әрі қымбат!
Әрі ыстық баршаға тым!

О, Туған ел!
Қарт А нам!
Ұлы Бабам!
Ақ тұмадай мөп-мөлдір,
Тұнық әман.
Жазиранда жаным – жаз,
Жағам – жайлau,
Күндерім де көңілді зымыраған,
Гүлдерім де өмірлі –
Жырым аман!

О, Туған ел!
Мерейлі мінбелерден
Сөйлейсің шабыттанып, гүлдеп ермен.
Ойынды өзгеше әсем өрнектейді
Толағай табыстарын күнде келген,
Жауларың да мойындар,
Күндегенмен.

Даланы күйге бөлеп сәресіден –
Сөйлейсің диқан болып дән өсірген,
Қойнауымда қаптатып мал өсірген,
Самалынан самала ән есілген,

Өзің жайлы толғансам –
Киян киыр
Сан құбылып қалмайды бәрі есімнен.

Төскейімде байлық пен ырыс тұнған,
Аппақ арай –
Ажарлы күміс тұлғаң.
Әр таңменен жанымды жадыратып
Алтын нұрға малынған Шығыс-шұғылам,
Шаршаганда, саябақ – таныс бұл маң!

Өзен тоқтап қалғандай, ағыс тынып...
Бәрінен де бір сәтке қалыс тұрып,
Өткеніңе ойменен қайта оралып
Көр, Туган ел, бәр-бәрін салыстырып,
Киялың мен ойынды жарыстырып!

Өзендерін, көлдерін жағалап әр
Қалаға бар,
Тасқынды далаға бар,
Армансыз ойы-қырын аралап ал,
Әр тасы,
Әр бұтасы тебіреніп,
Сыр сандығын ашады саған олар.

Кешегі жас – бүгінгі қартына бар,
Ұмытқан жоқ ерліктің салтын олар.
Өмірлері «Мың бір тұн» хикаясы –
Табиғаттай талантты сан тұмалар,
Құшағына еріксіз тартып алар.

Ауыр азап – қауіп-дерг мәңдеп алған,
Көп жақсыдан кеш қалған,
Кенде қалған.
Жанартаудай жер төсін жарып шыққан
Ердегі арман –
Ежелгі сендері арман!
Тарих-Ана батпандай тенден алған.

Шұғыласына қарайтын жанар талмай,
Жарып шыққан жер төсін жанар таудай.
Нұрлы күнге әкелді Ленин өзі
Арманменен ағарған арай таңдай!
О, Туган ел!
Білесің бәрін – бәрін...
Октябрьде алау бол жалындарын!

Қазақ деген атынды қайтып алдың –
Таптың ән мен күйдің де жаңа ыргағын,
Ұлы көште жолынан жаңылмадың.

Сәкен болып сөйлемдің,
Әліби боп...
Өр дауысынды жер-жаһан таныды көп!
Жарқын жолда Ерлерге арқа сүйеп,
Азат болдың ездерден жаңы күйрек.

Арманыңа арайлы таң ұласқан,
Езілгеннің ежелгі бағын ашқан.
Басқан ізің –
Әрі күйі, әрі дастан,
Нұркендердің көңілімен қарайтындаі
Мениң жомарт жеріме лағыл аспан,
Көзің алмай бүтінгі кәрі-жастан.

Ұшпактарға ұшырап атын Ердің –
Ақын елмін,
Және де Батыр елмін!
Ісімен де,
Күдірет күшімен де
Талай елге бір өзім татыр Елмін!

Ерім қандай –
Мерейлі, Еңселі еді?!

Бұлтағы жоқ сөзіне Ел сенеді.
Еңбегінің етеуі бүтіндерде
Миллиардлен жыл сайын өлшенеді.

Құлдықпен күйбен тірлік – күн кешірген
Кездерді шығарғам жоқ бір де есімнен.
Бұл күнде Отан даңқы,
Ел мерейі
Бағымды, Мәртебемді күнде есірген!
О, Туған ел!
Жүйріктей шын кесілген
Қатар самған келесің Күн көшімен.
Сейлейсің Политбюро мүшесі боп
Съездің салтанатты мінбесінен!

О, Туған ел!
Сөйле сен бәріміз боп,
Ожданымыз,
Кіршіксіз Арымыз боп!

Кремльге мәлімде:
– Ұлы Отанды
Табысымен қуантар тағы БІЗ! – деп

О, Туган ел!
Сен жайлы қашама ақын
Жыр жазады талайлар тамсанатын.
Өйткені сенің әр сәт, әр сағатың...
Жұмыр жер жүргегінің соғуындай
Әрі қымбат,
Әрі ыстық баршаға тым!

ТУҒАН ЖЕР

О, туган жер!
Бабам өтті өз қойныңда мекендей,
Жер жұмағы осы арада екен деп.
Әстім мен де сағымыңмен жарысып,
Арманыма жетем деп.

Бір ұлыңын сол сенімнен танбаған,
Сенің ғажап құдіретіңе таң қалам.
Әмір бойы көкірегімді кернеген
Секілдісің, арман-ән.

Қиял қуып кеттім алыс, кеш мені,
Сырым саған, жырым саған кестелі.
Өзің жайлы толғанусыз өткен жоқ
Әмірімнің кештері.

О, туган жер!
Сенсің менің тағдырым,
Мәуелі өткен арманымның жаз гүлін.
Бір ескерткіш жасап берем,
болса да –
Тыңдырғаным аз бүтін.

О, туган жер!
Менің байлық-ырысым,
Арманымның шешек атқан гүлісің.
Әмірім де бір өзіңе өзектес,
Тіршілігім,
Куанышым,
Тынысым!

ҮШ АЛЫПТЫҢ ҰЛЫМЫН

Отан!
Ана!
Тұған жер!
Бөлінбейтін бір бейне,
Әр тұлғасы тұратын
Нұрга оранып қүнгейде.
Осы сезім – жанымда алау болып жанады,
Осы сезім – жадымда жалау болып қалады.

Тудым,
Өстім,
Аялап аштым мектеп есігін,
Ақ қағазға түсірдім үшеуінің есімін.
Шалқып бір сәт кеткенде кекіректе қүй тасып,
Өріледі өлеңдей ырғагымен үйқасып.

Өтті күндер,
Өтті айлар...
Оң-солымды таныдым,
Отан,
Ана,
Тұған жер –
берді дүние жарығын.
Өмірімнің бақытын,
Шабыттың қайнарын...
Таптым тағы солардан –
Көктем болып жайнадым.

Жігіт болдым,
Арманмен болашаққа қарадым,
Туды менің алдымнан жаңа мақсат, жаңа қун...
Сонда тағы үшеуін бір биіктен табамын,
Шашылам да нұр болып, алау болып жанамын.

Отан!
Ана!
Тұған жер –
Қасиетті бір ұғым,
Сырлы сезім қайнары –
Мөлдіреген тұнығым.
Үшеуінің ұнімін,
Үшеуінің гүлімін,
Үш алыштың емшегін қатар емген ұлымын,
Осы үшеуі қашанда менің алтын тұғырым!

ШАДЫРА-ШАЛҚАР

Шадыра, қандай эсем боп кеткен айналан,
Өзіңе тартар қырмызы гүлдер жайнаған.
Балалығымды сағынып келдім тағы да –
Анамдай бір сәт кең құшагынды жай маган.

Мен іздеп келдім балалығымның базарын,
Өзің бар жерде бойымды да еркін жазамын.
Әкелші, кәне, ескірмес күндер елесін,
Бірге ойнат өскен құрбы қыздардың наз әнін.

Шадыра-шалқар –
Мәңгілік менің құштарым,
Бауырында сенің бақытымды алғаш құшқамын.
Қоңыр күз кепті-ау –
Айналаң тегіс сары алқап,
Қимаса да, әне, барады қайтып құстарын.

Өзгерменті де біз жүрген сокпақ жол әлі,
Тырналардың да тыраулап салған сол әні.
Табиғат шебер жасаған сонау суреттен
Кеудеге не бір сикырлы күйлер толады.

Шадыра-шалқар –
Тұрасың дәйім жасарып,
Көргем жоқ мен де көnlімнен сені тасағып.
Шадыман шаттық, шабыттар шалқып өзіңнен,
Махаббаттардың қайнары тұрар бас алып.

БАЯНАУЫЛ БАУРАЙЫ

Баян жайлыштың де көп, өлең де көп,
Фаламат жер беретін өнерге леп,
Деген сөзді естуші ем, сондықтан да
Іздеп келем әдейі көрем бе деп.

Іздеп келем жолдармен бұратылған,
Кейде шыңның басына тік атылған,
Енді бірде жалт беріп ылдынына
Сактандырап өзінді сұрапылдан.

Ақбет жатыр төбеде мұнарланып,
Бұлты бүркеп көктемнің, тұманданып.
Тас-табиғат жасаған тұлғасына
Кез алмастан қарайды құмар халық.

Ай сәүлесі шомылған жасыл айдын,
Қарайды оған көңілі тасымай кім?
Жағасында сыр тербел Сұлтан аға
Отырады екен қанша рет Жасыбайдың.

Өз тарихы болса да әр ұянын,
Жоқ бұл жерде жазылған жария мұн.
Бір ғаламат тастарға тіл бітірсе,
Шырқар ма еді Шолақтың «Ғалия» әнін.

Сыр ақтарсақ берісі, әрісінен,
Талай тарлан көрінер табысымен.
Қазақ жерін әлемге әйгілі еткен
Баянауыл бақытты-ау Қанышымен.

Сандық тастар тау болған өріле кеп,
Ойладым бұл қазақтың төрі ме деп.
Дүниеде жер көп қой, сонда дағы
Шіркін, Баянауылдың жөні бөлек.

ЕГІЗ ТУҒАН СЕКІЛДІ (Толғай)

Даласында Торғайдың,
Қаласында Торғайдың,
Көкейіме құйылған
Бір жырымды толғаймын.

Болған екен бұл дала
Аныздардың мекені.
Тіл бітірсе құмға да,
Шежіре боп кетеді.

Болған екен бұл дала
Батырлардың бесігі.
Ойында да, қырда да...
Сарбаздардың есімі.

Ел намысы дегенде,
Өңшең ерлер сап құрган.
Басын да имей өлерде,
Сынса, еменше шарт сынған.

Қаһар жауға қарасып,
Айдаһардай атылған.

Өлу мұнда ар үшін,
Мирас бопты батырдан.

Ер болуды ерікті –
Бақытына тәнгерген.
Менің далам көрікті
Еңіреген ерлермен.

Сүйер болсам жұртымды,
Сүйер болсам жерді мен,
Ондай асыл ғұрпымды
Алғам Аманкелдіден.

Шабар болсам жауыма,
Буып бекем белді мен.
Ол ерлікті тағы да
Алғам Аманкелдіден.

Тебірентіп үлкенді,
Тебірентіп кішіні,
Алматыда бір төрді
Тұрғой алып мұсіні.

Шәй шымылдық бейне бір,
Ақ сағымды даланың.
Көлбендейді кейде қыр,
Арманындаі баланың.

Сонда менің жадымда,
Алаулатып жыр таңын.
Домбырасы бабында
Сөйлеп берер Нұрқаның.

Халық мұнын бірге өскен,
Одан артық білді кім:
Бірге өткен, бір кешкен
Жасауылдың қырғынын.

Көрігінде қеуденің,
Сөзді алмас қып пісірген.
Жеткізіпті ел кегін
Жырдың жайсан күшімен.

Торғай таны бозалаң,
Шабыт – шалқар көл десен,
Бақыттысың өз аған
Сыrbай боп та сөйлесең.

Лапылдаған от-өлең,
Серпін берер сезімге.
Армансыз-ақ өтер ең
Сондай болсаң кезінде.

Тарихына қарасаң,
Мол қуаныш, мол қайғы.
Жаңа кездे жаңаша
Жырлайықшы Торғайды.

Жыр толғасақ, Торғайдың
Ақынынша толғайық!
Ел қорғасақ, Торғайдың
Батырынша қорғайық!

Әйткені оған татырлық,
Тенеу айтсақ не түрлі.
Ақындық пен батырлық
Егіз туған секілді.

ЖЫРЫМДАСЫҢ

Тұған өлкем!
Сен менің жырымдасың,
Жырымдасың,
Аяулы сырымдасың.
Өскен елдің өркенін танытасың,
Бүгініңнен ертеңгі күнің басым!

Тұған өлкем!
Думанды елім менің –
Сен жайлы толғануға ерінбедім.
Дүние таңданбайды –
Ертеңгі күн
Космостан түсіп жатса келіндерің.

Тағы да қыран-қиял аспандады,
Ай жайлы жазар болдық дастандарды.
Қасиетті қазақ жері – Космодром,
Биік шырқар батырдың баспалдағы.

Тұған елім!
Қалайша кең демейік,
Сен туралы шалқып жыр тербемейік.

Әлемдегі байлыктың бар кестесін
Өз қойныңнан алыпты Менделеев.

Қарағанды, Екібастұз шахталары –
Тілінде талай үлттың жатталады.
Атамекен байлығын сөз еткенде,
Бізден соң да сан үрпақ мақтанады.

Туған өлкем!
Алтындағы астығыңмен –
Дыбысың талай қырдан асты білем.
Сен қымбатсың біздердің бәрімізге –
Қайта түлеп жаңғырган жастығыңмен.

Қазақстан!
Жайнаған гулстаным,
Ғажап өлке – қарсы алған Шығыс таңын.
Молдығың милиардпен өлшенеді,
Әлемді таң қалдырып ырыс-бағың!

БЕСІГІМ – ЕСІЛІМ

Есілім, ойнаң өстім айдынында,
Қалмады басқан ізім қай құмында.
Сен менің сарқылмайтын қуанышым,
Сен менің бақыттың да, байлығым да.

Меруэттей теріп әсем тастанынды,
Жағаңда өткіздім ғой жас шағымды.
Қызығып сәби жаным, көп қарагам –
Тұңғылған тұндығыңнан аспанымды.

Есілім – күй арнасы сылдыраған,
Ұқырдың не бір нәзік сырды маган.
Арудың тарқатылған бұрымындей
Сұлу-ақ тек өзіңмен гүлді далам.

* * *

Кім сүймес туган жердің топырағын,
Қиялдап майсасында отырамын.
Алыста жүрсем дағы білсін елім –
Жүректе сағыныштың оты барын.

Алдында жатыр ағып сырлы бұлақ,
Жайқалып жатасында гүлді құрак.

Тұған жер көнілімді қүйге бөлеп,
Кія алмай жағасында жүрдім ұзак.

Абайлап көз жіберсем өткеніме,
Осында көнілімнің көктемі де.
Осында ең алғашқы махаббатым,
Айлы тұн аяулыммен өткен бірге.

Осында мен аунаған топырағым,
Осында мен сайраған тоты-бағым.
Алыстан ансап келдім,
Білсін елім –
Жанымда сағыныштың оты барын.

ТҰҒАН ЕЛ ТУРАЛЫ ТОЛҒАУ

Ағып келем,
Поезбен ағып,
Қалып жатыр сай-сала, жазық белен...
Асыға ма жас көніл алабұрттып,
Қайдан, қалай керегін тауып берем?

Кейде жүйіткіп, кей сәтте сар желеді,
Міне,
Міне, арайлап таң келеді.
Жыршы құстар тоғайда сайрап кетті –
Тіршілікке осылар сән береді.

Жүрсем дағы асылым – қала болып,
Серігіп қалдым кең-жазық дала көріп.
«Шәй-шәйлаган» шопанның дауысын-ай –
Ақты қойлар беткейде барады өріп.

Жаңа білдім – бұла дала асыл екен,
Айналам бір гүлзар бақ – жасыл мекен,
Жаңа білдім – дариға-ай, өзім дағы
Осынау кең-жазыққа ғашық екем!

Осы дала тербеткен қиялымды,
Көкірегімде толқытып күй-ағынды.
Осы дала ұстаз боп,
Шекіресін
Кең кеудеме толтырып құя білді.

Осы дала – аяулы асыл анам,
Алтыннан қымбат қара тасы маған.

Өйткені

мен өзімнің қайнарымының
Осы жерден сарқылmas басын алам.

Самалыңды еркін жұтып мен келемін,
Қиялдың қайығында тербелемін.
Бересім де аз емес, тұған дала,
Аларым да жоқ емес сенде менің.

Өмірдің таусылмайтын қызығы-ай мың...
Байқатпай өтеді екен жүзіп ай-күн.
Бүкіл әлем біледі сені қазір
Елі деп Шоқан, Абай, Үбірайдың...

Паш етіп биігі мен шындарын ең,
Айтпай ма әр ел қыздарын, ұлдарымен,
Ендеше әнші қазақ, жыршы қазақ
Мақтансын Ақан, Сара, Біржанымен....

Нелер бір ән еркесі, жыр маңғазы –
Бар нелер елдің ерке өнерпазы.
Ойнаса күмбірлетіп Тың гимнін
Ол – қазақтың перзенті Құрманғазы.

Аспаннан сорғаласа бұлбұл әні,
Қазаққа кім берген деп бұл мұраны –
Айттар біреу,

Жоқ, оған таңданба, дос
Бізде бар ән тасқыны, жыр бұлағы.

Өсті екен қаншалықты қазір елім,
Өзі айттар көрген адам азы-кемін.
Дүниені таңдантқан «Ағаш аяқ» –
Парижде салған әні Өміренің.

Өткендей тәбемізден бұлбұл ағып,
Шырқаса Құләш апам мың бұралып.
Тамсана қол соғамыз үйде отырып,
Деп:

«Міне, ән еркесі, дүлдүл анық!»

Бәйшешек бабын тапса өнер құмда,
Бергісіз қара сезі өлең-жырға,
Әлемге Абайменен бірге кеткен –
Мұхтар мұнда,
Өлмейтін өнер мұнда.

Шабыты шалқып аққан Сыр сұындей,
Сәбит ше,
 Аз-ақ шығар жыршы мұнданай.
Елімнің елдігіне,
 ерлігіне
Қаламын қалған емес бір сұрмай.

Асып енді елудің қырқасынан,
Ел болдық күй төгіліп, жыр тасыған.
Қаныштай қарапайым қазақ ұлы,
Алтын ақтап алады қыр тасынан.

Көз жіберіп қарасаң бұл даланы,
Сыймас-ау деп қаласың жырга бәрі.
Жомарттығын елімнің паш еткендей,
Тың төсінде ақ бидай ыргалады.

... Элі келем,
Токтамай ағып келем,
Қалып жатыр ілеспей жазық-белең...
Әзі еken гой шын ақын табиғаттың,
Тудыратын асқақ та шабытты өлең.

Сұлулығын көрмей-ақ қаламыздың,
Келбетіне қарашы дала-қыздың.
Кой үстіне бозторғай ұя салар –
Осы-ақ шығар арманы бабамыздың.

БІЗ ТУҒАН ЖЕР

Біз тұған жердің тауы жоқ –
Зенгір көкпенен таласқан
Мұнартып басы –
 Кей-кейде бұлттардан дағы әрі
 асқан.

Сұлулығы да шіркіннің сонда ма еken деп қаламыз
Қас сұлуларға қашанда қарапайымдылық
 жарасқан.

Ақ жал толқынды –
 Адуын,
 Асаяу теңізі жоқ тағы,
Қыс болса,
 Аяз, ақтүтек,
 Үдере келіп соққаны.
Қантардың қаһар құнінде жол жүру дағы
 бір азап –

Демде жоғалып жатады қазіргі салған
сокпағың.

Сергимін ғой деп кейде бір
далаға шықсан
серпіліп,
Ерегескендей екпіндеп, теріскей беттен
жел тұрып.
Қайсарлығыңды қайрайды –
сыныма толар ма
екен деп
Осалдарды үйге тығады,
«Тәубесіне» сәтте
келтіріп.
Бірақ біз соның бәріне үйреніп алған
жандармыз,
Басқа тірлікті қаламас құйге еніп алған
жандармыз.
Қайтадан егер бөлсе де дүниенің мекен –
тұрагын
Тиі басып, қайран туған жер, өзінді ғана
тандармыз.
Ақын сеғіммен серпіліп, сейлеп кеттім бе
сәл астам,
Дүниесің жаксы, жайсаң жер көп-ақ шығар-ау,
таластан.
Бірақ ти соның бәрі де мен туған жерге
жестінейді –
Қаралайымдылығы қашаңнан озінے ғана
жарасқан.

ЖАЙЫМДЫ СҰРАМА, АНА

Қалайсың деп жайымды сұрама, ана,
Мен емеспін кешегі бұл бала.
Ойшыл етіп жіберген бұл күндері
Зенгір аспан,
Шет-шексіз мына дала.

Қалайсың деп жайымды сұрама, ана,
Артық кетсем, айыптағынан да...
Еркелеуді кейде өмір көтөрмейді –
Ара түсер сен жоқсың бұл арада.

Айтары не –
Келмесе, келсе де әлім,

Тағдырын көп ойлаймын мен солардын.
Мен солардың саулығын тілеп жүрем,
Өйткені сол саулықтан енші аламын.

Мақтаушы ен ғой қайыспас қайсарды көп,
Арамзаның бетін бір қайтарды деп.
Соның бәрін енді ұқтым,
Үйретті өмір –
Балан қазір кеткендей байсалды бол.

Айта алмаймын –
Нені ұқтым, нені ұқпадым,
Өмірден көп сырлардың көріп бәрін.
Кейде опық жеген де кездерім бар
Алдамышының сезіне сеніп қалып.

Темірқазық мен үшін – пәктік деген,
Содан болар –
Ісім көп нақ бітпеген.
Аңғалдықпен алданған кездеріме
Енді есеп беріп жүрмін сақтықпенен.

СЕН ҮШІН МЕН МАҚТАНАМ

Армысың, далам!
Армысың, әсем кең алқап!
Жасампаз, жайсаң жандардың құтты мекені.
Құс болып ұшып әдейі келдім сені аңсан,
Өзің де мені сағынсан солай жетеді.

Жыр болып келдім,
Сыр болып келдім қойныңа –
Бойымда бардың бәрін де саған ақтарам.
Баурайда толған алалы жылқы,
қой мына...
Мен туған жердің ырысы ғой деп мақтанам.

Жер сзызып ылғи қазандай желіндерімен,
Өрістен қайтып келеді мама сиырлар.
Өңірі шүйгін төрт түлік малға,
Тегінде
Бай болса керек әуелде-ақ біздің қыырлар.

Не деген ғажап арманшыл едік біз бүгін,
Жүйткіді қиял жарысып оймен тоқталмай.

Жайнатып жүрген арайлы мынау күз күнін
Құрыш білекті, құдіретті жандар көп қандай.

Даланың құты –
Диқанды көрсөн егерде,
Күн қағып біраз қоңырқай тартқан реңі.
Сұрама жайын өзгеден дагы,
менен де...
Тында тек, достым, сібек деп сокқан
жүрегін.

Өсті деп біл мен диқанның мандай теріне,
Алтын дән тұрса ііліп жерге сабагы.
Сүйсініп қара даланың маңғаз еріне
Бақытқа балқып жайнаса бал-бұл жанары.

Еңсесі биік,
Күлкі ойнап тұрса жүзінде –
Ерлердің ол бір еңбектен тапқан мерейі.
Коктемде сеуіп,
Осынау күздің күнінде
Бірі мың болып, оралып жатса не дейді.

Көреміп десең жайдары күздің келбетін
Серпіліп бір сәт жастармен мына қырға шық.
Сап-сары алтын,
Жалқындый әсем жер беті
Асылы мемліқ олкеме дәйім күн ғашық.

Күндізгі дабыл,
Күндізгі қимыл бір төбе –
Түндерде дагы сібектің күйі тынбайды.
Барады жойқын дарияда жүзіп мың кеме
Мотордың үнін тыныстап дала тыңдайды.

Самала сынды –
Түнде де өлкем жап-жарық,
Сары алтын таулар көз тартар мына қырманда.
Қарайсың оған сүйсініп әрі таңданып –
Кусырып қолын бос тұрған жан жоқ бұл
манда.

Әзілі назды,
Қылышы да әсем құрбының
Еркелей келіп ұсынар саған күрегін.
Жанарыменен ұқтырып сырлы сырды мың
Езуін тартып ақырын ғана күледі.

Пай-пай-пай, шіркін, қылғыы неткен тәтті еді,
Лаулаған сезім өрт болып барады.
Жігіттері де шетінен жайсан, мәрт тегі –
Мерейлері үстем, таудан да биік талабы.

Мінекей, біздің даланың күзгі дидары,
Арманыңды ылғи тартады қиян-қыырға.
Бармақтай ірі, бадана көзді бидайы –
Үйрысы елдің қоймаға келіп құйылған.

О, далам менің, арайлы әсем кең алқап –
Сарқылмас мәңгі байлықтың құтты мекені.
Мерекен құні келді ұлың тағы сені аңсал,
Куаныш-мерейіне ортақтас етсең жетеді.

Ән болып келдім,
Жыр болып келдім бүтін мен –
Ұлың боп келдім сенімінді ылғи ақтаған.
Таралғы-тарту ұсынып лала гүліңнен,
Сен үшін өзім мақтанам,
Сен үшін өзім шаттанам,
Өзіңнен ғана бақ табам!

ОҚ АТПАНДАР ДАЛАДА

Оқ атпандар далада,
Оқ атпаңдар –
Үрей үнді маңайға жолатпандар.
Қайтып таба алмайды тыныштығын,
Тыныштығын бір мәрте жоғалтқандар.

Жаз жайлап,
Қыс қыстаған тұрағынан
Барады безіп қайда мына бір ан.
Жаутандап неге артына қарайлайды,
Қапыда айырылған ба сыңарынан.

Қапыда айырылған ба сыңарынан,
Жан бар ма жәйін сұрап, сірә, бұдан.
Қарғысын әлде кімге төгер еді –
Тіл бітіп,
Жарылса егер шын ағынан.

Кек көлден үркіп ұшты құстар неге,
Қалды әне –
Айдын бетін құшқан дене.

Тағы бір жан иесін жоғалтты ма,
Өлімге,
Өлексеге құштар неме.

Мұнды еді шіркіндердің әні неткен,
Оларсыз көл де тұлдыр,
әрі кеткен.

Қорқамын қорқаулардың кесірінен,
Түңгіліп қала ма деп әділеттен.

Селк етіп дыбысқа сауысқандай,
Есінен кейде тіпті ауысқандай.
Бейкүнә,

Мамыражай күн кешпейді
Төзімін біржолата тауысқандай.

Сақтаңдар тыныштығын от басынын,
Бейсауат атылған соң оқ та шығын.

Мен болсам,

Тілер едім ең алдымен
Мылтықтың шүріппелерін тот басуын.

Дүние дүние боп жаралғалы,
Әлемнің жан иесі –

Адамдары

Тілейді тыныштығын отбасының
Тіршілік тағдыры үшін алаң бері.

Сән – көркі,
Саулығына кең даламның
Бұл күнде сен де алаң,
Мен де алаңмын.

Достарым,
Оқ атпаңдар сол үшін де –
Бұзбандар тыныштығын жер-галамның.

Сақтаңдар жер-галамның тыныштығын,
Тыныштық – тыныс бүгін, ырыс бүгін.

Тілеймін көрмесем деп,
білмесем деп

Атылған оқ пен оттың бір ұшқынын.

Достарым!
Өтінемін, оқ атпаңдар,
Үрей үнді маңайга жолатпаңдар.
Мылтықтардың тот басып шүріппесін,
Қынабында шірсін болат қанжар.

Оқ атпандар,
Әйтеуір оқ атпандар –
Әлі де оққа асылын тонатқан бар,
Сондыктан да пәлені жолатпандар.
Қайтып таба алмайды тыныштығын,
Тыныштығын бір мәрте жоғалтқандар.

ӨМІР НҰРЛЫ

Әр күнім менің қуаныш, бақыт – шалқыған,
Әр күнім асқақ ән болып қөкте қалқыған.
Көкіректерден сыр болып сұлу төгілем
Жан жүректерде күмбірлеп күйдей тартылам.

Жетісуымның жеті өзеніндегі жарасқан,
Жүйрік боп шығам бас бәйгеге ылғи
таласқан.

Қыраның болып қияға қанат қағамын,
Алатау сынды аскарлардан да әрі асқан.

Күндермен алғы астасып дәйім қиялым,
Тындалатам, елім, болашақтың да күй-энін.
Тәй басқан әрбір жеткіншегімнің тұсауын,
Жұлдені бермес дүлдүл болсын деп қиямын.

Алатауымның ақшаңқан ашық ажары,
Өмірдің бейне тарқамас шаттық базары.
Айдыны шалқар – шабыттың асыл қайнары
Біреуі сыр ғып, біреуі жыр ғып жазады.

Алма мен алмұрт, бадана балдай жүзімі,
Алатау сынды арудың алтын жүзігі.
Меймандар келсе қарайды соған үзіліп,
Тамсана талай таңдайын қағар қызығып.

Тасқынды селдей талантқа толы бұл далам
Өлкемнің мынау ойы мен қыры тұнған ән.
Берекесі мен мерекесі мол бұл жерді
Жалынды сөзбен Жамбылдың өзі жырлаған.

Өмірі нұрлы, өнірі гүлді бұл жерді,
Нұргиса талай әніне қосып үлгерді.
Жастары жайсан қундермен жарқын жарасқан
Көз алдыңызға әкелер балғын гүлдерді.

Гүл дегендей-ак, өлкемнің ерен гүлі көп,
Құйылар дәйім көңілге шаттық нұры бол.
Соларды кейде үялатамыз қеудеге,
Алатауымның ақындарының жыры деп.

Алматымыздың ажары болған, ән болған,
Айналам толы саялы бақ пен сәнді орман.
Үйлері қандай, тәбесі көкпен тілдескен,
Бір арнаға құйылар шығып сан қолдан.

Қойнауы құтты – малы мен дәні ырысым,
Аз десең оған қосамыз тағы қүрішін.
Шыбық қадасаң, шынар өсіріп беретін,
Осынау өлкем жараптан тегі жыр үшін.

Адамы қандай, жайсаң жерімнің адамы,
Өзеннің өзін от қылып үйге жағады.
Сел менен елдің мұддесін бірге тоғысқан,
Іздеген адам Қапшағайымнан табады.

Осының бәрі сыр менен жырдың қайнары
Осының бәрі елімнің жарқын айлары.
Осының бәрі шабыттың шалқар бесігі,
Ұл менен қызы – өлкемнің алтын айдары.

О жиркүн жандар, жерімнің жайсаң гүлсің,
Тасытқан дәйім Жетісуымның ырысын.
Онімің сенсің, сәніміз сенсің қашанда,
Жирилған мәңгі жыр үшін.

АҢСАП КЕП ЕДІМ

Аңсан кеп едім,
Ән сан кеп едім жеткенше,
Дұнис түгел тербеліп тұргандай тек
менше.

Сагынышымды баса алсам жарап еді ғой
Алматы жаққа қайтадан жүріп кеткенше.

Кез тойдырарай көркінмен ерек жараптан,
Жүгіріп, міне, шықтың-ау бүтін тағы алдан.
Өзіндей жайсан,
Өзіндей жомарт мекенді
Жер – дүниені кезсем де, сірә, таба алман.

Жылда бір келем –
Мәз-мейрам болып қаласын,

Әз аналардай сағынып күткен баласын.
О баста мені жалғастырсын деп тудың б
Алматы менен Өрнектің екі арасын.

Жылда бір келіп сайрандал қайтар
күсын өм,
Қауышып ата – анамен,
ұлкен-кішімен...
Қимайсын рас, қоштасар сәтте қын-ақ.
Көңіліме қарап айтпай қаласын,
Түсінем.

Сағыныш –
Менің тағдырдан алған еншімдей,
Жүремін кейде қауырт қаланы жерсінбей.
Сабыр сақтаймын өзінді ойлап сол замат –
Мен сенің мынау астанадағы елшіндей.

Аядай ауылым,
Аялы ауылым,
Ақ ордам –
Бір жағың – тоғай,
Бір жағың – нұлы қара орман.
Алыстан келсе, сәбиге сәлем беретін
Қарт аталардай шықтың ба бүтін тағы алдан.

Бір басындағы балалық пenen даналық –
Үйлесіп қалай тұрады еken жаңарып.
Ақын болмауға,
Батыр болмауға хақы жоқ,
Өскен жандардың төсінен сенің нәр алып.

Аңсал кеп едім,
Өн сап кеп едім жеткенше,
Бала боп қайта,
Жарысып шана тепкенше.
Сағынған елдер сағынса ғой деп тек менше –
Мауқымды баса алсам жарап еді-ау бұл,
Алматы жаққа қайтадан жүріп кеткенше.

ҚАНЫМДА ЖҮР

Бұрын Есіл бойына келіп пе едің,
Қарақатын, жидегін...
Теріп пе едің.
Көріп пе едің гүлдерін алаулаған.
Мен бұл жерде шалғынға сан аунағам.

Бұл жер менің тұғырым –
Ұшарымда,
Бұл жер – менің сағынып құшарым да.
Елтіп жүріп тындағам құс әнін де
Еркін жүріп табиғат құшағында.

Өтер уақыт –
Қарттық бол жетер заман,
Келе алмасам,
Кіна артпа бекер маган.
Сәттерімде дамылдап көз ілмеген.
Қайда жүрсем,
Біргемін өзіңменен.

Оранғаны сияқты сағымға қыр –
Шабыт буып,
Шалқыған шағымда бұл
Сенің барлық суретін жадымда жүр,
Сенің барлық құдіретіңе қанымда жүр,
Қанымда жүр,
Жалынданап жанымда жүр.

АҚ ҚАЙНАР

Көктемде бусанып,
Дала түлеп –
Тіршілікке қосқандай жана тілек.
Бөленигенде Ақтөбе аппақ нұрға
Бала біткен шұбырып баратын ек.

Баратын ек,
Даланы сәнгे бөлеп,
Салатын ек –
Қосылып әнге де ерек.
Тобымызға біздердің ілескендей
Ұшатұғын қызыл,
көк,
сары көбелек....

Тапқандай – ақ табиғат жарасымын –
Шығаратын «сандықтан» бар асылын.
Аққу,
Қаздар...
Ұшатын тізбектеліп,
Жеткізгендей көктемгі дала сырын.
Шығыс жақта –
Беткейді құламағып

Ақтөбенің басынан бұлақ ағып
Жататын да,
Біз сол бір сұлулыққа
Қарайтынбыз көз алмай тұра қалып.
Ақ қайнар деп атайдын,
Ғажап еді –
Тебірентердей жаныңды сазы әдемі.
Ақ қайнардың жаз болса төңірегі
Тарқамайтын шаттықтың базары еді.

Базары еді –
Жоқ бір де артық-кемі,
Ақын-шабыт кетердей шалқып, тегі.
Елге барсам,
Ақ қайнар әлі қунге
Тұратындағы өзіне тартып мені.

Көрген адам қалардай таң-тамаша
Қасиетті жер бүл да бір Арқада аса.
Мен ойлаймын:
Шіркін-ай, Ақ қайнардай
Өмір бойы базарым тарқамаса!

УАҚЫТ СӨЙЛЕЙДІ

Уақыт сөйлейді –
Кешегі өткен күндерден сыр ақтарып,
Көп жайды бара жатқан жырақ қалып
Көз алдыңа қайтадан әкеледі,
Дегендей-ақ:
Басқадан сұратпалық,
Уақыт сөйлейді сыр ақтарып.

Уақыт сөйлейді –
Тірліктен бір ұтылып,
бір ұтамыз –
Сөйтіп жүріп өткенді ұмытамыз,
Мәз болып азды-көпті жұбанышқа
Жүректі алданышпен жылтытамыз,
Пенденміз гой –
Бәрін тез ұмытамыз.

Уақыт сөйлейді –
Талай сырды ұқтырып бәрімізге
Жасымызға,
Жасамыс – кәрімізге...

Сол күндердің сабағын түсінбеген
Тоғышарлар бар ғой деп әлі бізде.

Уақыт сөйлейді –
Көктемдегі гүл болып дала тұнған,
Куанышка,
Бақытқа жаратылған.

Зұлымдыққа от болып атылардай –
Күрес болып ажалға ара тұрған.

Уақыт сөйлейді –
Желегі ашылмаған жар атынан,
Әкесін көре алмаған бала атынан,
Жалғызын ұзақ жолға шығарып сап,
Әлі де күтіп жүрген ана атынан

Уақыт сөйлейді –
Шейіт кеткен ерлердің рухы боп,
Өзі өлсе де,
Еліне ара тұрған,
Мәңгі өлмес Батырлардың ары атынан,

Бұтінге,
Болашаққа күнде алаңдай –
Мен соларды боламын тыңдағандай.
Өйткені кәрі тарих – шежіреші
Бақытты,
Бостандықты жырлағандай.

Уақыт сөйлейді –
Ту көтеріп Достықты,
Қолдап Арды,
Жақсылыққа жұмса деп қолда барды
Шақырады ақ жүрек Адамдарды
Құртуға қара жүрек бомбаларды.

Уақыт сөйлейді –
Ар атымен жауызды жазалайды,
Жетіп жатыр онсыз да аза, қайғы...
Бұтіндерде «нейтрон» деген пәлең
Жер-анаңың жүрегін мазалайды.

Уақыт сөйлейді –
Токтандар,
Токтатындар алапатты,
Жұмыр Жер онсыз да әлі жаракатты,
Жауыздықтың өзіне бағыттандар
Адамзатқа келетін бар апатты!

О, ТУҒАН ЖЕР

О, туған жер –
Жазира сағым далам,
Сен ұстаттың жүйріктің жалын маған.
Өрілдің де кеудемде өлең болып,
Өшпес оттай шалқыздым жалындаған.

Асауына арқан сап арындаған,
Тескейінде құйын боп ағындағам.
Таразыға тартсам бар табысымды,
Сен беріпсің жақсының нәрін маған.

Қия беттен көрінген көк белдердің
Көкірегіме құяды көктем лебін.
Маңдайымнан сипайды майда желін,
Сағынышым сабылтып жеткен менің.

Сайын дала,
Алдынан сағым ойнап,
Кетем сол сәт қиялға тағы бойлап.
Құс құйрығын тістеген құлын-тайлар,
Қыр басына шығады салып ойнак.

Сыбдыр қағып қара орман жапырагы
Қойнауына қол бұлғап шақырады.
Мен жүрген жол баяғы жалғыз аяқ
Арманымдай жалғасып жатыр эне.

Міне, мынау алғаш гүл терген сайым –
Махабbat бол қасыма ерген сайым,
Бал шарабын бақыттың берген сайым,
Жастығымның куәсі жалындаған –
Қарсы алады сағынып келген сайын,
Ұмытпан Құнім батып,
Сөнгенше Айым!

САҒЫМДЫ ДАЛАМ

Сағымды далам,
Сағынды балаң,
Армысың,
Сен ояу шақта сезімім қалай қалғысын.
Сергіп бір қалдым кәусар ауаңнан жүттүм да,

Сейілге шығып,
Тындаған сәтте таң құсын.

Сагымды далам,
Сагынды балаң –
Шын сырым,
Өзіңе жетіп көnlім бір сәт тыншыды.
Куана қарсы ап,
Мен үшін ән сап тұрғандай
Күп-күйттақандай Сарбелдің сары шымшығы.

О, дүние-ай, шіркін –
Ғажайып мынау мекен ғой,
Шеті, шегіне көз тұрмак, тіптен жетер ме ой.
Тағдырымның да,
Ән-жырымның да бастауы
Осынау жерде жатқанын білмейді екем ғой.

Сагымды далам
Бәрін де соның жаңа ұқтым –
Мерейім биік,
Өзің бар жерде алыштын,
Өзің бар жерде батырмын,
Әмбе ақынмын,
Әйткені далам,
Айбары сенсің халықтың,
Қайнары сенсің шабыттың.

ЖАҢАҚОРҒАН

Жаңақорған
Арманның алауындай жанады ол маң.
Талайларды дертінен айықтырып,
Талайлардың жанына сая болған.

Көлі әнекей –
Көпіріп,
Көбіктенген...
Соның өзі көnlілге көрік берген.
Сазын,
Суын аласың денең балқып,
Күтүлсам деп бойдагы көп «иттерден».

Денсаулық –
Шыбын жанға сая мына,

Жақсылығын жақсы жер аяды ма.
Қанаттанып,
Қайтадан жүріп кетті
Талайлар мініл келген таяғына.

ДАЛА МЕКЕН

Ассалау мағаләйкүм, Дала мекен,
Мен сені сүйем елден ала бөтен.
Жолға шықсам,
Жабырқап қалмайын деп
Бір уыс топырағынды ала кетем.

Ала кетем алысқа өзімменен,
Таусылмасын сағынып төзім деген.
Кәдуілгі жолсерік болады ол
Беймаза сәттерімде көз ілмеген.

Көз ілмеген шақтарда сыр ақтарып,
Көрінеді ол туған жер сияқтанып.
Айтқаныма сенбесен,
О, бауырлар,
Сағынып көр ауылды жырақ барып.

Жырақ барып ойлап көр ауылды,
Ата-ананды,
Ағайын,
Бауырынды...
Көз алдыңа келеді тізбектеліп,
Өзен, көлі,
Тасы мен тауы күллі.

Ақ қайындар –
Айға ашқан алақанын,
Ақша гүлдер –
Қарсы алған дала таңын,
Көз алдыңа келеді тізбектеліп
Қаз, үректер өргізген балапанын.

Құрбыларың –
Жайнаған қыр гүліндей,
Қызығалдақтар қырмызы –
Нұрлы күндей.
Өз ортанды осынау қасиетінді,

О, туған жер,
Қалайша жүрдім білмей.
Занғар таулар –
Тұратын мұз бектеріп,
Көз алдыңан өтеді тізбектеліп.
Соның өзін сағыныш самалыңмен
Аймалайсың алыстан іздең келіп,

Міне, солай –
Мен үшін Даала мекен,
Сүйем оны өзгеден ала бөтен.
Қайда жүрсем жанымды жылтыстын деп,
Бір уыс топырағын ала кетем.

БӘРІ ДЕ ЖАРАСЫМДЫ

Жаз келгенмін,
Бұл дала жасыл еді,
Көңіл-өзен құркіреп тасып еді.
Шынар таудың шындары қолын бұлғап,
Қызықтырған құздағы тасы мені.

Сұлулыққа сал сезім ғашық еді,
Қызықтырған құздағы тасы мені.
Айта алмадым,
Айшықты сөз таппадым –
Мәлдір көлдер жанардың жасы ма еді?

Жаз келгенмін,
Бұл дала керім еді,
Жаннат көрік жанымның серігі еді.
Сағым ойнап,
Самала саумал есіп,
Көз алдыңда кең дала керіледі.

Таулар қандай –
Табиғат шынықтырған,
Баулары қандай –
Майысып, тұнып тұрған,
Көлдер қандай,
Кең жазық белдер қандай –
Сұлулықтың сырларын шын ұқтырған.

Жасыл жайлай –
Жанымның жаннатындай,
Арман құс бол қанатын қағатындай.

Сұлулық та,
Кеңдік те,
Нәзіктік те,
Терендік те бастауын алатындай.

Теңеп содан көркіне бар асылды
Дейміз:
— Дарқан жазира дала сынды.
Әйткені оған:
Ерлік те,
Биіктік те,
Мәлдірлік те...
Бәрі де жарасымды!

ШАҚЫРАДЫ БІР БИІК

Шақырады бір биік,
Шақырады армандаі.
Сол биікте тұр киік,
Көркіменен жанды арбай,
Көздің жауын алғандай.

Сұлуын-ай,
Сұлуын!
Сезімінді арбайды,
Тұруын-ай,
Тұруын!
Ескерткіштен аумайды,
Көкірегінді жаулайды.

Сұлулықтың сәніне
Бас игендей күллі шың.
Маңғаз қарал бәріне
Көз ұшында тұр мұсін.

Асқар таудың шыңына
Қараңдаршы,
Қараңдар!
Жаратқан-ау мұны да
Қызықсын деп Адамдар!

ТОЛҒАНЫС

Досың да, дүшпаның да ер болсын...

Халық даналығы

Ойына – ақыл,
Бойына – күш дарыған,
Бабалардың кей сөзі ұшқары ма,
Қандай гана басына күн тұганда
Ерлік тілеп жүрек екен дүшпанына,
Әлде бұл да тағдырдың қыспағы ма.

Кештеу қолға тисе де теңдік деген,
Бұл қазаққа ақыл-ой кем бітпеген.
Қалай гана қиды екен дүшпанына
Елдікпенен паралар ерлікті ерен.

Дара-дара ойларды жарыстырып,
Өзім соның бәрінен қалыс турып.
Көрдім талай қиялдың қиянында
Ер дүшпан мен ез досты салыстырып.

Кателескен кезі жок,
Халық – дана,
Баға берген гаріпқа,
Алыпқа да...
Кез алдымға келтіріп көп елесті
Қайта-қайта үңілдім тарихқа да...

Кім көрген ежелден елі байды,
Елі байды кей-кейде жері қайғы.
Сай-сүйегінің әлі де сырқырайды,
Тыңдағанда егіліп «Елім-айды».

Асып кетіп жауыздың бір амалы –
Тұғырынан қанша арыс құламады?
Хан Шыңғыстың жүргегін жібітпеді
Сүнгі ұшында сәбидің жылағаны.

Бір сөзін де жай айтқан емес тегі –
Баба-тарих басынан не кешпеді?
Кешерде де,
Не басын кесер де
Ер дүшпанға ез досы теңеспеді,
Бар болғанша, қарасы неге өшпеді?

Ойына – ақыл,
Бойына – күш дарыған,
Бабалардың жүргегін қыс қарыған.
Ел еңсесін көтертпей,
Егілдіріп
Шығармаған тақсірет қыспағынан.

Шығармаған тақсірет қыспағынан.
Құтылмаған қанатты құс та бұдан.
Сондықтан да ез досты қауіптірек
Көрген болар ер көніл дүшпанынан.

ТУҒАН ДАЛАМ – БАЙТАҒЫМ

Тұған даламның терістігі мен тұстігі-ай,
Дамылсыз ұшып жете бермейтін құс та ұдай.
Бір қырында адудын аяз, ақ боран,
Бір қырының ми қайнатардай ыстығы-ай!

Не деген байтақ, кеңістік –
Өзен ғып,

Тау ғып,
Орман ғып,
Көл ғып,
Еңіс қып...

Бір көрген адам таңдана өтсін дегендей
Жаратқан сынды сені өстіп!

Бабалар қалай шетсіз де, шексіз қырын
тұрды еken ұстап?

Ұқсаң ғой қандай қынын!

Тауларды берген,
Орманды берген секілді,
Жібермес үшін басқа жақтарға құйынын.

Қалай десе де отырам кейде қайран қап,
Көктемде ғажап қанатын кенге жайған бақ.
Даланың өзін гүлзарға бөлеп қойғандай
Үл менен қызыым ессін деп еркін сайрандап.

Далам да шексіз,
Дәл сондай шексіз қиял да,
Қыраны құсап отырам биік киянда.
Осынау байтақ мекенім – байлышқа бақыттым
Асылын қойып,
Тасын да жатқа қиям ба?

Осы жер үшін қинаппын жанды, терлеппін –
Осы жер үшін арманға бойлап ер жеттім.
Осы жер үшін өзімді өзім тербеппін,
Бір тасын қалай бөтенге қолдан бермекпін?
Жерүйігі осы мен білетүғын жер-көктін.
Сол үшін дағы көңілім ояу әр мезет,
Сол үшін дағы құс үйқылымын,
Сергекпін!

О, МЕНИҢ ҚАСИЕТТІМ

Алып жерде туғанмын,
Алып елде –
Сандуғашы сайраған сары белде.
Сондықтан да бұл ұлың саған тартқан,
Алып мекен
Жанымен, арымен де!

Сен жыласан,
Тамшыдай көз жасыңмын,
Тамшы болып тамдым да,
Бозға сіндім.
Сенің алып тағдырың тұрган кезде
Күйттемедім күй-мұңын өз басымның.

Сен қуансан,
Нұрыңмын шашылатын,
Ақ гүл болып көктемгі ашылатын.
Сенің күйің –
Қашан да менің күйім,
Бір сырым жоқ өзіңнен жасыратын,
Шыққан емес,
Шықпас тасыр атым!

Мен – өзіңмін қуаныш, қайғымменен...
Бірге жүрген Жұлдызбен, Ай, Күнменен.
Қантарда да бір тоңам, акпанда да,
Бірге шығам Жеріңе Май – гүлменен.

Елегізіп көңілім ән-күйіңе,
Бойым балқыр,
Манаурап әлдиңе.
Шуақ беріп өлшеусіз қойғандайсын,
Әр сағатым, әр сәтім, әр күніме!

Сенсіз менің жоқ қайғым, қуанышым...
Бәрі де туған жерден туары шын.
Мен саған өміріммен қарыздармын
Кеудеме өзің құйған шуақ үшін.

О, менің қасиеттім,
Алып елім,
Асқар тау,
Шалқар көлім,
Сары белім!
Мен оларды ойласам кірпік ілмей,
Жебеушім ғой олардың бәрі менің!

СЕН – МЕНИҢ ҚОРҒАУШЫМСЫҢ

Туған дала!
Анам да, панам да – өзің,
Сұқтанып маған біреу қадар көзін.
Сен барда асқар таудай тірегім бар,
Сен барда жолбарыстай жүргегім бар,
Оқтан да алып қалар жаңымды аман,
Сен менің қорғаушымсың жаңымда әман.
Сол үшін арындаған,
Сол үшін жалындаған...
Мен – сенің қорқу білмес шабандозың!

Жүрсем де қай биікте,
Қай асуда...
Құс мамық алақаның жаясың да
Тербейсің көңілімді –
Жел тигізбей,
Мәпелеп бәйтегерегің саясында.

Сен барда –
Алаңы жоқ күн кешемін,
Сен барда –
Балқұрактай күнде өсемін.
Өзіңсіз тіршіліктің дәмін сезбей,
Тәттісін тіл үйірген білмес едім.

Зауласам пырағың боп тәскейінде,
Жетердей тәбем көкке,
Өспеймін бе?
Сен мені канат байлап үшырасың,
Қалдырып парықсызды көш кейінде.

Алмастай отқа салса шындалатын,
Дұлдулдей жер түбіне тың баратын,
Анасын арда емген құлыныңмын,
Ағындар Арманкермен бір ұлыңмын,
Дауылга қарсы қаққан жыр қанатын.

Білмеймін сүйіндің бе,
Күйіндің бе,
Жігітке жарасады құйын күн де!
Келемін өзіңменен бірге айналып,
Қашанда өзіңменен күйім бірге!

Ұқпаган қадірінді кімдер сенің,
Артады азamatқа күндер сенім.
Мен сенің қаныңменен, жаныңменен
Айналған бойындағы бір бөлшегің!

Басыннан ауып нелер кетті заман,
Бар рас қазірде де текті, жаман...
Жүргің жамандықтан жара болған,
Болсам деп адамдыққа пана, қорған –
Мен бәрін сөзбен қалай жеткізе алам?

Тарихтың әр қадамың байқаган кім –
Тау болып,
Теңіз болып шайқалармын.
Ұлылық еш өлшеммен өлшенбейді,
Ендеше қайтып бәрін айта алармын,
Бәлкім, бұрын бар сөзді қайталармын.

Ой маржанын талайлар төкті зерлеп,
Шығара алмай өз өзін сөкті жерлеп.
Талпынамын мен сенің нар тұлғанды
Өлеңменен өрнектеп жеткізем деп.

Сырлар көп құпиясын жан ашпаған,
Шындар көп тірі пенде әлі аспаган.
Мен де оған таласпаймын,
Таласпағам,
Өйткені өнер деген құлдіретке
Өктемдік,
Өр көкірек жараспаған!

БӘРІН, БӘРІН... САҒЫНАМ

Жылда келем жыл құсындаі оралған,
Кекірегімде толған үміт, толы арман.

Шетінеген ну ормандай шетінен
Қашшама арыс жоғалған.

Былтыр көргем,
Талайлары биыл жоқ,
Көңіл шіркін алай-дүлей құйын бол,
«Қарағым!» деп қарсы алатын көп үйге
Бас сұғу да бара жатыр қыын бол.

Бір қария әкем жайлы сыр айтып,
Бір қария шешем жайлы сыр айтып,
Енді бірі өзіме ептеп сын айтып,
Барымды да,
Жоғымды да шын айтып..
Ұзак жолдан шаршап келген кезімде
Жіберетін дүр сілкінтіп,
Тыңайтып!

Сыр айтқаны –
Қарап көрсін дегені,
Сын айтқаны –
Сабақ болсын дегені.
Соның бәрі –
Алдың, артын абайлап,
Барын, жоғын...
Санап көрсін дегені!

Құлан емен жеритіндей қағынан,
Туган ауыл – Тұым менің,
Табынам!
Бабаларым күткен жерден табылам,
Аналарым күткен жерден табылам,
Туган елге,
Туган жерге өкпем жоқ,
Перзентімін узынына жарыған,
Ақтарылсам, ақтарылар ағынан.
Артық-кемін айтпай-ак,
Тағдырымды таразыға тартпай-ак,
Бел-белесін,
Бетегесін, жусанын,
Адамдарын – тіршіліктің гүл-сәнін...
Бәрін, бәрін сағынам!

БОЗ ДАЛАМ-АУ

Мынау, мынау баяғы боз дала ма,
Бойжеткен мен кешегі бозбалага.

Кекшалғынын көк ала кілем етіп,
Асқарларға арманын созған ана.

Мынау, мынау баяғы боз дала ма,
Алтын сағым дірілдеп қозғала ма?
Көкжиекпен астасқан шәй шымылдық –
Сұлулыққа қараган көз қана ма?!

Үн қата ма төнірек,
Тыңда, кәні –
Терек, қайың самалмен ырғалады.
Сыбыр-сыбыр сыйырлап сыр айтады
Сыр айтады жапырақ-сырғалары.

Сыр айтады жапырақ-сырғалары,
Өзен, көлі,
Сай-сала, жылғалары...
Үнсіз ғана тыңдайды тебіреніп,
Біз кеткенбіз,
Енді оған кім барады?
Кекіректе бір түрлі мұн қалады.

ОТЫЗ БЕС ЖАС...

Осал омір емес-ау отыз бес жас...
Мұқабали.

Отыз бес жас –
Соншалық көп өмір ме,
Жаңа ғана көктеген көк өрімге?
Жалт еткені секілді на жағайдың
Отыз бесте үлгеріп көремін не?!

Отыз бес жас –
Отыз бес жыл түлеген,
Бұла шағың енді-енді дүркіреген,
Жүректерге ұялар жыр тілеген,
Оның да тең жарымын шығарып қой
Өтетін ойын-сауық, күлкіменен,
Кететін бас көтермес үйқыменен.

Отыз бес жас –
Күй аңсан, ән сағынған,
Жаңа-жана өткен кез бал шағынан,
Қанша қырлар алдында қыландаған,

Асқаның да белгісіз қанша қырдан,
Аса алмаған албырттық аңсарынан.

Отыз бес жас –
Тірліктің тамшы-ырымын
Татқан шағын,
Сезе алмай бал шырынын.
Отыз бесті өмір деу – астамшылдық,
Көргендей-ак көктемнің жаршы гүлін.

Жеткен жерге, әрине, құс та қонар,
Қанаты көтергенше үшқан олар.
Ақын жасы жылымен өлшенбейді,
Ақымақ боп жиырмаңда өлсөң, мейлі,
Ондайларға жұз жас та қысқа болар,
Тіршілікке және де ұста олар.
Тауда тудың,
Талпынып қүнгейде өстің,
Көрсем-ау деп дүниені құндей көштің.
Жұзден асқан бар шығар әр ауылда,
Жұзін көргеннен басқа білмейді ешкім.

Бала шағын да,
Тірліктің бар шағын да
Көрген олар –
Болады тамсануға.
Өткеннен соң,
Дүниеден көшкеннен соң
Жетер екен дақпырты қанша жылға?!

Отыз бес жас –
Салатын сайданды бір,
Естісем деп Жұлдыздан,
Айдан дүбір...
Дер шағын гой,
Үзіліп кетсең егер,
Өкініші бітпейтін қайран ғұмыр!

ҰЛЫММЕН ӘҢГІМЕ
немесе
ТУҒАН ЖЕР ТУРАЛЫ ТОЛҒАНУ

Қарағым-ау!
Мені тұған жазира дала мынау,
Алқабы – егін жайқалған,
Алабы – бау.

Төсіндегі көп көлдер мәлтілдеген
Құралайдың қарақат жанары ма-ау?

Кетпесем де шығындал, шалқып бірден,
Кезім жоқ женілді іздеп,
қалқып жүрген.

Киында да қиялап жолға шыққам,
Каршадайдан ат жалын тартып мінгем.

Демеймін:

– Басқалардан артықпын мен,
Куанам еңбек етсем балқып бір дем.
Сол еңбектің арқасы –
Ұғын, балам,
Кездерім шаттықпенен шалқып құлген.

Тербел тұрған ойы мен қырда дәнін
Сыры да,
Жыры да... көп бұл даланың.
Әкеме атаң айттыпты,
Мен әкемнен
Талай-талай аңызын тындағанмын.

Тындағам да,
Кеудемде құйып алғам,
Талай-талай тарихтың сыйы қалған.
Бабамызды қашшама қан қаксатып,
Сергелдеңмен сенделткен күйік-арман.

Кездер болған құтынан жұты басым,
Бір мәрте ұтсан,
Мың мәрте ұтыласын.
Тағдыр салған қыл бұрау –
Тақымыңа.

Батады –
Қайда барып құтыласын.

Кей жылдары алапат өрттен жаман,
Аштық пенен айықлас дерт жайлаган.
Қайда апарып құярын біле алмаған –
Ерлерінің жанында кек қайнаған.

Кек қайнаған,
Өн бойын ыза буған,
Елес-арман алдаған,
Қыза қуған.

Талай мэрте құлаған қапылыста
Құтылам деп тағдырың тұзғынан.

Құтылам деп мерт болған.
Тұра алмаған,
Адастырған сан соқпақ бұрандаған.
Шыңға шығар кезінде шығандаган
Шыргалаңнан шырмалып шыға алмаған...

Тар қапаста тас тағдыр бабамызды
Бір емес,
Екі де емес...
Мың алдаған –
Өміріңе сабақ ал бұдан,
балам.

Мына дала –
Сол дала. Қара, күнім!
Кекірегі шер-шемен,
Жанары мұн,
Откізген жер жеті аң балалығын.
Енді, міне, дүниені дүбірлетіп,
Жеткізген жер Замана даналығын.

Мына дала –
Сол дала. Қара, күнім!
Кекірегі шер-шемен,
Жанары мұн,
Откізген жер жеті атаң балалығын.
Енді, міне, дүниені дүбірлетіп,
Жеткізген жер Замана даналығын.

Мына дала –
Сол дала. Қара, күнім!
Құшағына толтырып лала гүлін
Откізген жер әкең де балалығын.
Жыр еткен жер,
Қолынан түлеткен жер
Қызында құлқі ойнап жанарының.
Қара бүтін сол жерге.
Қара, күнім!

Көрдің бе, әне –
Менің құрдасым жүр,
Көрдің бе, әне –
Сенің де құрдасың жүр,

Әке-бала бізге ұқсап сырласып жүр,
Құлақ қойып азырақ тыңдашы бір
Жас-кәрігө уақыты,
Бақыты ортақ –
Дүниені түлеткен тың ғасыр бұл.

Екеуі де ақ дәнді сапырады.
Екеуі де ақ дәмге шакырады.
Теніз болып телегей жатыр, әне
Дән-дария толқыған атырабы.

Бұл далада жігіт боп гүл де тергем,
Бұл даланы суарғам күнде термен.
Он сегізде –
Өзіндей өндір кезім,
Тыңға келгендерменен тың көтергем.

Тың көтергем,
Тың жерге түрен салғам,
Іркіп қалмай барымды түгел салғам.
Білгің келсе әкенді,
Ең алдымен
Сұрап ал ана отырған Тұген шалдан.

Түкеннің дүрілдеген жас күні еді,
Бір колхоз –
Төрт ауылдың бастығы еді.
Сөзге ұста,
Ақылға кен әрі икемді,
Колы да бір кісідей бас біледі.

Дер шағы.
Домалап тұр тасы да өрге,
Сонда да қыр көрсетпес тасып елге.
Әр істі дәңгелентіп жіберетін
Тіл тауып кәрісімен, жасымен де...

Бәлкім, ол баласынды әлде мені –
Көп сөйлеп, кейбіреуші сәндемеді.
Есімде:
– Жолдамамен оқытамыз,
Әзірше тіркеуші боп бар, – дегені...

Иә, солай,
Тіркеуші боп тың игердім –
Тұлғалеп тілерсегін шиыр жердің.

Несіне жасырайын,
Алғашқыда
Құлан аспас қиядай қының көрдім.

Әрі тарих,
Әрі бүл өмірбаян,
Бәрі шындық –
Ете алман жоғын баян.
Сүт пісірім таңдарда үйқым қанбай
Жүргенім бүгінгідей көңілге аян.

Өмірбаян –
Мен елмен тың көтердім,
Тірліктің несібесін күнде тердім.
Әкем маған үйреткен қаршадайдан:
«Ел мерейін өсіру – міндет ердің!»

Жиырмас бес жыл –
Қысы бар, жазы да бар,
Тында туған қаншама қазына бар .
Талай-талай көңілде базына бар –
Әні де бар,
Таусылмас сазы да бар.
Кеудем менің күйсандық жазып алар.

Дұрыс, балам, ұғынып түсінгенің,
Теніздеңі тамшыдай ісім менің.
Мақтана алам сонда да,
Молшылықты
Қолмен көтергендердің ішіндеңін,
Ер намысын ешқашан түсірмедім.

Жан емеспін керіліп күй таңдаған,
Біліп жүрсін кей мұндар қиқандаған.
Нан бар жерде ән барын жастай ұққан
Сенің әкен, ұялма – диқан, балам!

Қазірде де білемін нан қадірін,
Нан өмірдің үзігін жалғады мың,
Нан жоқ жерде байлықты таңдады кім?
Өзің үшін алдымен дән сеуіп ал
Бұла күшің бойында барда, күнім!

Алқабы – егін жайқалған,
Алабы – бау,
Бас еншиң – атамирас дала мынау.

Осы жердің қасиетін түсіне алсан,
Қор болмайсың өмірде, қарағым-ау,
Түсіне алсан, жарадың,
Жарадың-ау!

Заулап әлі-ақ өтеді сері күнің,
Жастықтың да басарсың желік үнін.
Менің де әкем айтулы диқан еді
Дейтін болсын ертең күн сенің ұлың,
Ұқтыра алсан....
Фанибет тегі мұның.

Ұзақ жолда жақсы да,
Жаман да... бар –
Ұлым!
Ұлың алдымен саған қарап,
Жеті атамнан қалған жер саған қалар,
Дән себер диқан-баба аман болса,
Айналайын далам да аман болар,
Аман болар!

Екінші бөлім

*Ақ сагым – жел тербеген ару далам,
Ақ сагым – жсан жүрегім жсалындаған.
Барым-жоғым – табылған, табылмаган,
Ақ сагым – өмірдегі арыңы, бағам.*

ШЫНЫМ ДА, СЫРЫМ ДА ОСЫ

Кең тастап, кербез басып аяғымды,
Желіске жеткіземін аяқымды.
Ата-бабам ұстаған салт бойынша,
Өлеңмен жазам өмірбаянымды.

Шалқымын шабыттансам далама ұқсап,
Куансам, шын қуаным бала құсап.
Асқақтасам Алатау асқарындей –
Аспанға тәбем жетпей қалады шақ.

Қиналсам, шын қиналам жанымменен,
От болып күйіп-жанар жалын-денем.
Өмір – әке сыйласа бәрін алып,
Қажет болса бойымда барын берем.

Асыл достар, айнала арда ағайын,
Жалғасын айтып бірін де алдамаймын.
Шын берілген адаммен туыс болам,
Көлгірлерге жанымды жалдамаймын.

Шыным да, сырым да осы өмірдегі,
Күй-нөсердей кеудемнен төгілгені.
Достарыммен кеңейеді нұрлы аспаным,
Достарыммен биіктейді көңіл көгі.

Достарменен бір менің ән-жырым да,
Достарменен бір менің таң нұрым да,
Қуанышым, қайғым да бәрі бірге –
Бірге менің сондықтан тағдырым да.

БАҚ ТІЛЕДІМ

Шықпасам да қияндап қыр басына,
Өз болмысым жетеді бір басыма.
Басқалардың барлығын күнде медім –
Бақ тіледім құрбыма, құрдастыма.

Жалғасам деп атанаң ақ тілеуін,
Бәріне де адамның бақ тіледім.
Куанышын біреудің көрген сәтте,
Шалқып жаным рахат талты менің.

Дос ізdedім қиналсам, қуансам да,
Қай жерде той –
Жарқылдаپ жүрем сонда.
Жұдырықтай жүрегім, сірә, менің
Жаралған-ау жақсыны шын аңсауга.

Демес маған ешкім де:
«Тұнек едің»,
Жарастықтан іздеймін жүрек емін.
Қиянат қып,
Өмірде жамандықты
Досым түгіл, қасыма тілемедім.

Сондықтан да риза туған алап,
Әр күнімді қуаныш-дуға балап –
Көлгірсімей өткізем өмірімді,
Адамдардың көзіне тұра қарап.

АҚЫН

Саралап ойдың маржан елегінен,
Тереңнен сөз асылын тере білген.
Қыннан қыстырып экелетін
Шын ақынды таниды ел өлеңінен.

Аялап оның жырын дүйім елі,
Жақсысына жадырап сүйінеді.
Қалт жібермей андайды әр сөзінен
Қаларын ақын жанның күйі нені.

Әр сөзі – көктем лебі жанға жайлы,
Алдыңа жайып салар танды арайлы.
Таланттың болмайды ешбір қалтарысы,
Ақын шындықты айтады, алдамайды.

Ежелден сөз кадірін ұға білген,
Бұл қазаққа ақындық мұра білем.
Шыр еткен бір сәбидің даусы естілсе,
Ақын туды ма екен деп тұрамын мен.

САҚТАЙ КӨРСІН

Біреу мені мақтайды –
мақтай берсін,
Біреу мені даттайды –
даттай берсін.
Тек тәңірім жақсы не жаман демей –
Ескерусіз қалғаннан сақтай көрсін.

Қасиет бар әркімде-ак елге біткен –
Қалыс емен өзім де пенделіктен.
Айта алмаймын көлгірсіп, көлегейлеп:
«Достың бәрін жүрмін, – деп, – тең көріп мен».

Төре үйіне алалап ат байламан,
Іздеуменен шын досты таптайтын адам.
Жан сырымды жалтақсыз жайып салып,
Кейде жақын-жаранға жақпай қалам.

Сорыма ма, білмеймін бағыма ма,
Жақпай қалам кей-кейде жарыма да.
Әрі-сәрі қүйім жок, сөйтсе дағы
Сезім, сірә, екіге жарыла ма?

«Сүт бетінде қаймақпын, кілегеймін,
Көп ішінде біреумін, бірегеймін», –
Деген ойдан аулақпын, тек достардың
Ортасында көңілім тоқ, жұдемеймін.

Мақтагысы келгендер мақтай берсін,
Тек достығын ондайда сатпай келсін.
Даттағысы келгендер даттай берсін,
Тек сыртымнан кезеңіп атпай келсін.
Бәріне де ризамын, жалғыз ғана –
Ескерусіз қалғаннан сақтай көрсін!

АҚ ҚАЙЫНДАР

Шілденің аптабында,
Ақпанның ақ қарында,
Алдыннан қолын бұлғап,
Шығады ақ қайындар.
Ақ қайын – ак ормандар,
Пәк сезім, ак ормандар,

Өлкенің өңіріне –
Алқа боп қадалғандар.

Анамдай аңсағаны,
Сонысын ұнатам мен.
Тербесе таң самалы,
Үн қосар құба талмен.

Өрнегім – менің елім,
Есілдің жағасында.
Не деген керім еді,
Ну орман тағы осында!

Айнала кіл сурет,
Айнала түкті кілем.
Жанымды бір құдырет
Кияға ап ұшты білем!

Сағынған шақтарымда,
Адуын ақпанында,
Саусағын күнге созып,
Тұрады ақ қайындар.

Мөп-мөлдір бұлактары,
Кек-жасыл құрактары.
Аймалап қарсы алады,
Шілдеде күн аптабы.

Арудың бұрымындай,
Ауылдан шығады жол.
Артына бұрыла алмай
Алыстап тынады ол.

Сан тарау жол дегенің,
Арманның жалғасы ма?
Көңілдің кек дөнениң
Қамшылап алға асығам.

Алыстан келген күні,
Әдетім ақтарылар.
Сол сырды елден бұрын
Еститін ақ қайындар.

Шілденің аптабында,
Қақаған ақпанында,
Тапжылмай мені тосқан
Тындаиды ақ қайындар.

АҚЫН ЕСКЕРТКІШІ

(Пушкинге)

Көз тігіп қыыр-қияға,
Мазасыз ақын қарайды.
Күмбірлеп күйлер сия ма –
Кеудеде тұнған талайғы.

Секіріп жартас басында,
Ойнайды тынбай жас киік.
Отырган ақын осында –
Қабагын бұлт қып тас түйін.

Тыңдайды тынбай алысты,
Өмірдің күйін тани қап.
Достардай, міне, табысты –
Фажап-ау ақын – табиғат.

Мақтасақ әр кез батырды,
Дейміз-ау: – Неткен мықтылық?!
Кім көрді қайсар ақынды –
Алғанын жаудың ықтырып.

Бұрқанып жатқан өлеңнен,
Арнасын бұзып өзендей.
Ақынның жанын көрем мен,
Жүргендей бейне өзі өлмей.

Күмбірлеп күйі көнілді,
Естілер даусы жаңғырып.
Жырымен ақын өмірлі –
Осының өзі занғылық!

Ақынның тәнін жер-ана,
Қойнына алса талдырып.
Ескерткіш болып жыр-дана –
Қалыпты өзі мәңгілік!

ӨЛЕҢ ӨЛМЕЙДІ

*Ақбөкен – сахараның ботакөзі,
Атты екен қандай адам көзі қыып.*

С.Сейфуллин

Жалындаған жанарында от
Жырға құштар жан едін.
Берерің де, аларың көп
Сырға құштар жан едін.

Күн көзі боп аялаган
Аяулы асыл бар елін.
Жақсылығын аямаған
Жомарт, жайсан җан едің.

Акқу едің айдындағы,
Көлдің көркем сәні едің.
Елестетер ай-нұрды әлі
Ерекше бір җан едің.

Сұлулықтың тәніріндей
Бар адамзат табынған.
Жанарың от, жаның гүлдей,
Жаралып па ең жалыннан.

Алаулаған гүлзар-бақты
Ұқсатам да өзіңе,
Көктемдегі қызғалдақты
Елестетем көзіме.

Тау құзына асылған ән,
Сәкен шығар деп қалам.
Арамдыққа бас ұрмаған,
Көз алдымда тексті адам.

Қарамаймын келбетіңе,
Кейде көзге жас алам.
Мүсін бе едің жер бетіне,
Қолдан құйып жасаған.

Жүрек тоқтап, көз жұмылтып,
Дамылдасын ол, мейлі.
Ақын тірі, ізгі үміт,
Өлең, өнер өлмейді.

Асыл аға, жыр елінде
Бізben бірге жүресің.
Адал жанның жүрегінде
Сәкен деген ұлы есім.

ЖАПЫРАҚТАР

Жапырактар, сыр бар ма жапыракта,
Суылдаپ үн қататын атырапқа.
Көктем келсе көк нұрга боянатын,
Таңмен бірге таласып оянатын,

Асылында, сыр бар-ау жапырақта,
Жыл мерзімін әкелер атырапқа.

Жаз бойында жазира жайқалатын,
Қызы-жігітке сыры көп айта алғын,
Көлеңкесін түсіріп ғашықтарға,
Сая болар шөлдеген, ашыққанға.
Асылында, сыр бар-ау жапырақта,
Жыл мерзімін әкелер атырапқа.

Қорғасын бұлт арқалап күз келгенде,
Қарғыс айта ма екен ол үзген желге?
Сұлық түсіп жатады өксігендей,
Өмірі ұзақ емес-ау көпсінердей.
Асылында, сыр бар-ау жапырақта,
Жыл мерзімін әкелер атырапқа.

Қыс келгенде жапырақ жоқ болады,
Тіршілігі тұрақсыз токталады.
Келмесе де кеткісі топтан әлі,
Не істесін, басқадай жоқ та амалы.
Асылында, сыр көп-ау жапырақта,
Көңілсіздік орнайды атырапқа.

БОРАН

Жана ғана тымық еді күн ашық,
Бір ауылға жақындастық қыр асып.
Астан-кестен жел тұрды да кенеттен,
Кетті соңы ақ боранға ұласып.

Ештеңені үгар емес, о дүлей –
Айналамыз толы қауіп, толы үрей.
Ыскырады, ышқынады сэт сайын,
Ту сыртыннан атылатын берідей.

Аттар дағы тұрып қалды қырындал,
Еркіндікті кетті демде кім үрлап.
Енді бірде аш корқаулар алдыннан –
Тал берердей, шап берердей ырылдан.

Иіріліп қалды, міне, көп шана,
Арқан бойы алға басар жоқ шама.
Мұндай кезде уайымға берілме –
Үмітінді жүргегіңе тоқ сана.

Долы боран үйіріле соғады,
Қойны-қоншың жентек қарға толады.
Айналанда көрінбейді бір қара –
Тіршіліктің еш белгісі жоқ әлі.

Бірде кейін.
Бірде ілгері тартады,
Сагат сайын қорқынышың артады.
Ақ боранның не екенін білмейді
Ақпанында көрмегендер Арқаны.

* * *

Ғажап ең қандай жаз айы,
Жанымды нұрга толтырған.
Ауылдың әсем маңайы –
Көк теңіз бейне толқыған.

Қайнаган еңбек қызығы,
Шырқата салған ән сынды.
Женгемнің берген қымызы –
Үйірген тілді бал сынды.

Бұлт орап кейде тау басын,
Құяды нөсер шелектеп.
Аушының салған қауғасын,
Тартады кейін жел ептең.

Тербеліп егін теңіздей,
Толқиды баяту айнала.
Сабагын гүлдің жел үзбей,
Еседі баппен жәй ғана.

Манаурал тұрған таңдағы
Табиғат қандай тамаша.
Көтеріп көше шандағын,
Кетер ме ем ойнап балаша.

ЖАЗ

Жаз, не деген жақсы едің жайнап тұрған,
Жыршы құстар тынымысыз сайрап қырдан.
Сағымданып көк шалғын таң алдында,
Көк теңіздей көрінер аймақ тұнған.

Жаз, не деген сүйкімді ең арайланған,
Бар сұлулық күлімдеп қарайды алдан.

Заманымның өзіндегі жарқын жүзді –
Көргендеймін көркінді шар айнадан.

Мұнар бүркеп тау басын күн батарда,
Құздар да тізіліпті-ау бір қатарға.
Тоғайда әнші құстар сайрағанда,
Кеңілде күмбірлемей күй жатар ма.

Анамның мінезіндегі жадыраған –
Қандай ыстық өлкемнің жазы маған.
Шаңқай түстің шабытты шақтарынан,
Жырыма жайсан жаздың сазын алам.

ШАҒАЛА

Алдымда Ертіс айдыны,
Отырмын жалғыз жағада.
Куаныш, әлде қайғыны
Ұшады жыр қып шағала.

Шағала қандай сүйкімді,
Айдындағы ару секілді.
Сергітіп сезім – ұйқынды,
Салады күйге не түрлі.

Шаңқылдап-шалқып ұшады,
Келеді кейде жақындал.
Елтітіп әсем құс әні,
Тұрғандай мұлгіп атырап.

Қарсы алар құстың еркесін,
Ак айдын жайып қушағын.
Келем мен кеш те, ертесін
Тыңдауға сол бір құс әнін.

БІР ТОЙЫҢ БАР

Төлеғен Айбергеновке

Достықты соншалықты биік көріп,
Басынды иіп келіп,
Жыр арнапсын, шіркін-ай, талайларға
Жүргегінің жалынын құйып беріп,
Барынды іркіп қалмай,
үйіп-төгіп....

Уақыт қалай сені ерте асықтырған
Асып қырдан,
Жылдарға ғашық қылған.
Мұң айтасын,
Кейде елді мұнайтасын –
Дертің бе екен еңсенді басып тұрған,
Уақыт сені, әйтеуір, асықтырған.

Жалындал жанатұғын,
Келер күнге жарқырап баратұғын,
Өз өрнегі бар десек әр ақынның –
Тұмысыңнан тап солай жаратылдың,
Құрбыларың көп еді жырға ғашық
Сен солардан биіктеу –
дара тұрдың.

Ет жүргегін елжіреп егілгенде,
Осы шығар сағыну дедім мен де.
Ақ көңілмен алаңсыз ақтарылу –
Күллі адамға қалтқысыз сенуден де,
Досқа шындал берілу –
берілгенде.

Сен айтқандай,
Азынап оқ бораған,
Шакта да өлең керуені тоқтамаған.
Сондықтан да үміткер мына жұртың
Оралардай жолына көп қараған,
Естілмесе со деп біл жоқтаған ән.

Бір тойың бар –
Күтуде жұрттың әлі,
Қанбай қалған шөліркеп шын құмары.
Бола қалса мәңгі оны тарқатпайды,
Сол думанға жетсек деп ынтығады,
Сол думанға жетсек деп ынтығады.
Елің барда –
сол тойда сен де барсың,
Той тарқамай қалайша жыр тынады.

ҚАСЫМ АҚЫН

Мекенін іздеп,
Мезгілсіз қайтқан құстардай,
Арманың талай үшталмай,
кетсе де

Дауысын жылдарды жарып жетеді
Бойында бұла күш бардай.

Сезімді баурап,
Сергітіп жанды тұрғандай –
Сендеңі жойқын жыр қандай:
Кәусар бұлақтай бастауын тауып, бас қойып
Сіміре бердім бір қанбай.

Кәрі де,
Жас та үйреніп талай өзіннен,
Жырынды жаттап көз ілген.
Алатай сынды айбының асқақ ақынным,
Тұтанбай жатса от алды білем сөзіннен.

Өмірің – өлең,
Жүргегің – жалын,
Өндір ең,
Тақырға түссен –
жауқазын гүлдей өрбіген.
Жыр күмбезінде Қасым жоқ бүтін
дегенге –
Өзгені қойып,
Өзімді қалай сендірем.

О, жайсаң ақын,
Аттанаң кетіп Оралдан,
Дарига қызды төгілтіп қайта оралған
Өлгенің, бәлкім, өкініш емес, сан тұнба
Аршылмай қалды-ау – сол арман.

Тұған мекенін қия алмай қайтқан құстардай,
Жыр көгін орап,
Айналып талай ұшқандай.
Жылдарды жарып –
жанғырып даусың жетеді
Милион жүректі тербелтіп тұрар күш бардай.

* * *

«Тіл өнері дерптепен тен».

Абай

Аңызында арылмас жатады арман,
Тылғе келсе, жауын да матап алған.
Ердің құнын шешетін шешендікпен,
Айналдым мен ақының аталардан.

Келісімге келсе де бөтен елмен,
Қасқа сөздер жол салған төтелермен.
Жириңшелер зұлымдық зұлматынан
Тәуекелін байладып өте берген.

Қанды қақпан құрса да қараға хан,
Өте берген, қайырылып қарамаган.
Кеп тобырдың ішінен бір жүйіркіті
Жарқ өткізіп жалғыз сөз даралаған.

Кеудесіне қатса да күйік тұнып,
Тура сөзге қалатын ұйып-тынып.
Өлімнен де сескенбей серт үстінде –
Сейлейтуғын жауынан биік тұрып.

Алмақ болса қорқаулар оқлен елді,
Одан асқан асылық өтпеген-ді.
Ұрпағына қалдырган ұран қылып –
«Бас кессе де тіл кеспек жоқ» дегенді.

Айырмасы елімнің өзгелерден –
Қорлауына басқаның төзбегенмен,
Келісерде оққа емес,
Жол кезегін
Қара қылды қақ жарап сөзге берген.

ТАБИГАТТЫҢ ӨЗІ АҚЫН

Айналайын,
қарашы қырқаға тік,
Көкжиектен келеді бір таң атып.
Айнакөлде ақ сәүле дірілдейді –
Айналаға арайлы нұр таратып.

Аспан мен жер сан түске боялғандай –
(Сұлуплықта талабың қояр қандай).
Кермараңдай керілген кербез дала
Ұйқысынан манаурап оянғандай.

Атырапқа ақ сәүле төгіледі,
Тұн түндігі баяулап сөгіледі.
Таң ысырып табиғат шымылдығын –
Манғаз таулар мұнартып көрінеді.

Тұргандаймын мен бәрін байқап алғаш,
Сурет қой,

Сурет қайталаңбас.
Табиғаттың өзі ақын,
Ол болмаса
Ешкім бұлай тәгілтіп айта да алмас.

ЕНДІ БІЛДІМ

Кейде үйіме жаяулап оралғанда,
Берілемін мол қиял, мол арманға.
Тыныштықтың тылсымын ұнатамын,
Тұн көрпесін жамылып, оранғанда.

Тұрсам бір сәт ойменен жалғыз-жарым,
Табиғаттың сезбеймін таңғы ызғарын.
Кеше ғана мен жүрген алаңменен
Сылқ-сылқ күліп өтеді балдыздарым.

Балдыздарым бақытын ілеңтіріп,
Махаббаттың самалын жүр естіріп.
Ерке назды қылышпен,
Күлкісімен...
Көктем гүлін берердей үлеңтіріп.

Селт еткізген сол қылышқ және менің,
Жүргегімнің сыздаса табар емін.
Жібермейді бойда бір белгісіз күш,
Болмаса өзім сол топқа барап едім.

Үлеңтіріп берердей көктем гүлін,
Жігіттер де ғаламат өктем бүтін.
Енді білдім –
өзімнің базарымның
Жиырма беспен ілесіп кеткендігін.

КОҢІЛ КҮЙІ

Ұшырдың қиял құсын түллеттің де,
Жайнаттың көкірегіме гүл ектің де.
Жалықпан жыр етуден, өмір, сені,
Соғуын тоқтатқанша жүрек мүлде.

Тұғыр ғып тұған жердің тобылғысын,
Қияға ұшырайын көңіл құсын.
Оралып келгенімде сағынышпен
Ерке Есіл тұнығына шомылдырысын.

Жәй жүру жарасар ма жас адамға,
Құйғытып құрық салам қашаганға.
Көңілдің көк дөненін ерттеп мініп,
Арманның ақысының тосам алдан.

Мінгізіп самұрығын сағыныштың,
Тағы да туған үйге алып ұштың.
Апамның қаймак құйған қою шәйін,
Келеді мейірлене қанып ішкім.

СӨЗ МЕСЕЛІН ҚАЙТАРМАС

Биік шырқар қыранда,
Бір-ак сермер қанатын.
Бір-ак шабар ұрандал,
Батыр жауын алатын.

Айналасы толы сын –
Сайысып көр мергенмен.
Екі көздеу ол үшін –
Ауырырақ өлгеннен.

Елді сөзбен үйитқан,
Шешен екі айта алмас.
Басса да зіл иықтан,
Сөз меселін қайтармас.

Айтқан сөзді ежелден,
Атқан оққа тенеген.
Ойы ұшқыр жебеден,
Бабам қандай көреген.

Кезі келсе жасты да
Данасына балаған.
Жолын беріп жақсыға
Сөз тындаған баладан.

КЕЙІПКЕРДІҢ КЕЙПІНДЕ...

Қалибек Қуанышбаевқа

Жаным-ау,
Жаңа ғана сыр ақтарып,
Өзіннің қимас досың сияқтанып
Тұр еді,
енди міне танымайсың
Қарайды қара мұрты қияқтанып,

Өзгеше кескін-келбет,
түр-түсі де,
Өзгеше сөз мақамы,
кулкісі де....
Кейпіне басқа адамның кіріп алып –
Байқаттай сіңіп кеткен жұрт ішіне.

Тап басып тани алмай досын бірден,
Селт етіп бір заматта тосын үннен,
Бұрылды қасымдағы көршім маған:
Япырау,
Қалибек пе осы жүрген.

– Өзі ғой,
Кәлләки деп айтады жұрт,
Зал тағы тына қалды,
қайта жым-жырт.

Актердің әр кимылын қалт жібермей
Отыр ол көнілімен байқап, ұғып...

Бұлақтай ағатуғын жылғаланып,
Келсе де жыл артынан жыл жаңарып.
Ұғатын ер қадырын ел көнілінде
Қалекен тұра берер тұлғаланып.

Жасампаз –
дүниені данқты еткен,
Ғаламат дарынды еді халық неткен.
Сол халық өсіріпті Қалибекті
Өнерге өз өрнегін салып кеткен.

Сөйлейді ол Құнанбай да, Абай болып,
Сэт сайын тіл қатады жанай келіп.
Жайсан, жомарт Мылқауды іздейді жұрт
Жанға жақын балаған талай көріп.

Ұмытпайды ел келбетін, түр-түсін де,
Жарқын мінез, жайдары күлкісін де...
Өлген жоқ ол –
кейіпінде кейіпкердің,
Жүрген сынды андатпай жұрт ішінде.

КӨНІЛ

Көніл деген алпақ гүл –
Киянатқа төзбейді.

Қор еткенін таптап құр
Бәз біреулер сезбейді.

Көңіл деген мәп-мәлдір,
Жүзіндей шар айнаның.
Төгілгендей көктен нұр
Көресің бар аймағын.

Болсаныз шын ұғатын –
Көңіл кейде жаралы.
Байқамасаң, бір атым
Насыбайдан қалады.

* * *

Даламның қырындей,
Бабамның шиырындей,
Арман жолы ұзақ тым.

Жетем деп үмітпенен,
Тоқталмай жүріп келем,
Шабысымен жүз аттың...

Бір күнді бір күн қуып,
Тынбайды шіркін үміт –
Арманның міндеті ауыр.

Өлеңнің отты нәрін,
Татсам деп отырамын
Ой ізден күнде тәуір.

* * *

Қазекемнің жері кен,
Шетсіз-шексіз даласы.
Пейілі де тегінде
Содан ба деп қаласың.

Жолың түссе, сен егер,
Жатсынбай кел ауылға.
Қарсы алады –
сene бер,
Бірге тұған бауырдай.
Сараңдығы дей көрме,
Бола қалса жайың кем.
Разы етер ол демде
Қаймақ қатқан шәйімен.

Бас тіредің қосына –
Мәрттігі ме керегі.
Жаяу қалса ол,
досына
Атын түсіп береді.

Иә, солай –
кендейі
Даласына тартыпты.
Айналасаң да жер жүзін
Таба алмайсың артықты.

* * *

Ежелден-ақ көңіл жүйрік –
кек дөнен,
Жүріп келем бабам салған жолменен
Жүріп келем қылы-қылы соқпақпен,
Бірде – төте,
Бірде – оймен,
дөнменен...

Жүріп келем,
Алдымда асу – өр шыңдар,
Мұндай жолға шыдаса тек нар шыдар.
Бірақ аяп, есіркеме, ағайын –
Сеніндер де жүк ауырын артындар.

Мерт болар деп аямандар, ағайын,
Өзімді-өзім өрге салып бағайын.
Шыға алмасам, орта жолда-ақ қалайын,
Шықсам, шыңға бір шамшырақ жағайын.

Достарым көп,
Дұшпаным да баршылық,
Жақсым болса, жасайтұғын таршылық.
Сондықтан да өзімді-өзім қуайын
Сенімінді сегіз өрім қамшығып.

ТҮС

Бәлкім, бұл да сағынып-сарғайғаннан,
Түсіме ендің сен бүтін шалғай қалған.
Қол созым жерге жақын келесің де,
Жоқ боласың –
Жалт беріп алдайды арман.

Ортасында ақ шаңқан –
Арай нұрдың...
Толқып тұрып түсіме талай кірдің.
Құдырет-ау,
Қайранмын осы күні,
Мен сені көрмегендे қалай жүрдім?

Бірде сен ар жағынан қырат-қырдың,
Қол созып маған қарай гүл лақтырдың.
Даусыңды айқайлаған естімедім –
Түсім екен –
Оянып бір-ақ білдім.

Болар еді сол гүлді алу бақыт,
Оянып-ақ кеткенім тәнір атып.
Көрінбедің сен қайтып қас қылғандай,
Жұмсам дағы көзімді тағы жатып.

Еліктей жалғыз қалған шағыл құмда,
Шынымен сонда мені сағындың ба.
Әлде көңілім –
Беймаза алабұртқан,
Әлде алыстан көрінген сағым бұл да...

Қын-ау алабұртса көңіл деген,
Жерінде – күй шалқыған,
Көгінде – өлең.
Тұс те бір ақ қанатты арман құсы,
Келем ылғи жақсыға жоруменен.

ЕР ЖЕТУГЕ ҚҰШТАР ЕК

Күн көзіндей қулімдеген жанары,
Көре қалсақ ашық-жарқын ағаны.
Жұрісіне салар едік еліктеп,
Көкіркіті желліп қиял самалы.

Шапшаңырақ ер жетуге құштар ек,
Балға ұстасақ,
Сол ағаша ұстар ек.
Мақтар едік қора толы көп бала:
«Оң қолынан өнер тамған ұста» деп.

Жиын-тойда тамылжыптып ән салған,
Қаншама ару көзін сүзіп тамсанған,

Өтпейтін ол мандайынан сипамай –
Әр баланы бауырындай қарсы алған.

Кеңдігі үшін сүйетін ек бәріміз,
Жетпесе де,
Жетсе дағы әліміз –
Сол агадай көпшіл болып жүрер ек,
Сол агадай шықса дер ек әніміз.

О, ғаламат,
Зымыраған жылдар-ай,
Өте шыққан күй-жайынды тындармай.
Шағым айтып бара алмайсың ешкімге,
Дей алмайсың:
– Анау қалай, бұ қалай?

Балалықпен алшақ кетіп арамыз,
Енді біз де басқаларға ағамыз.
Қиян болып көрінетін қырқына,
Қас қаққанша иек артып барамыз.

ХАТТАР

Хаттар!
Хаттар!
Достардың ой-арманы –
Сендерді жинап ылғи қоям дағы,
Араға күндер салып қайта оқимын,
Бұл бір сырлы сезімнің оянғаны.

Алыштағы анамның амандығын –
Құс қанат хат жеткізді маған бүгін.
Көптен бері елеңдеп жүрген едім,
Көкіректен күдік пен тараптады мұн.

Хаттар!
Хаттар!
Қыста да,
Жазда дағы...
Сендерсіндер үйімнің әз қонағы.
Әжесінің сағынған сәлеміне
Балам сыйлық алғандай мәз болады.

Хаттар!
Хаттар!
Азайсын алаң күнім,
Тездетіп жеткіз дос-жаран амандығын.

Ел тынысын сендерден естимін де,
Туган жердің сендерден табам гүлін.

Хаттар кейде кешігіп келмей қалса-ак,
Жүре алмаймын,
Дос, бауыр!...
Сендерді аңсан.
Тілемедім артықты,
Жетер еді –
Бәрінің сағынуы мендей болса-ак.

ШАБЫТ

Шабыт шалқар –
егіздің сынарындай,
Ақын үшін серік жоқ, сірә, мұндай.
Мұз бол қатып,
Бір сәтте от боп жанып,
Ол келгенде тұра алmas жыр ағызбай.

Ақын жаны – айна көл айдыны кең,
Көктем шығып бір сәтте жайды кілем.
Ақынның бар дәүлеті шабытында –
Өлшенестін сезімнің байлығымен.

Бірін-бірі арбасып жене алмайды,
Сезім кейде ақынды көп алдайды.
Өлең бұлты нөсер бол құйылмаса,
Шыны сол –
Өзіне-өзі келе алмайды.

Арнасынан төгілсе мөлдіреп жыр,
Көңіл-көктем қалады елжіреп бір.
Ақын менен шабыттың жаны бірге,
Шабыт өлсес,
Ақын да өлді деп біл.

ДАЛА

Қанбайтұғын қанша рет көрсө құмар,
Құдыретін адамдар өлсес де ұзар,
Асан атам түгендер тауыспаган
Дала деген кеңдіктің өлшемі бар.

Қанбайтұғын қанша рет көрсө құмар,
Сымбатынан айырылмас көмсө мұнар.
Елден ерек еркінді баурап алар,
Сұлулықтың даладай өлшемі бар.

Қанбайтұғын қанша рет көрсө құмар,
Тасқа салса кетілмес семсері нар.
Ет кессе де қоңынан «қыңқ» демейтін –
Қайсарлықтың даладай өлшемі бар.

Қанбайтұғын қанша рет көрсө құмар,
Қасиетін тірідей көмсө де ұғар.
Ұрпақтар мен ұрпақты жалғастырған
Мәңгіліктің даладай өлшемі бар.

Қанбайтұғын қанша рет көрсө құмар,
Құдіретін адамдар өлсө де ұғар.
Өмірдегі игілік, ізгіліктің
Дала деген қасиетті өлшемі бар.

ШАЙТАН КӨЛ

Қайран ғып бітіміне шартарабын,
Көл жатыр құзырында Қарқараның.
Мен мұндай көрмел едім ғаламатты
Қаншама кезсем дағы Арқа алабын.

Шыным сол –
Естісем де көрмел ем мен,
Біздегі ұғым басқа ғой көл дегеннен.
Сұлудың жанарындан мөлт-мөлт етіп –
«Шайтан көл» шың басында дөңгеленген.

Айдыны елестетер шар айнаны,
Ай-ару қолаң шашын тараиды эне.
Қалғандай «Шайтан көлде» шежіре бол
Сұлушаштай ғашықтың талайғы әні.

Көл емес,
Көз ғой мынау сырға тұнған,
Шерменде –
Қалған мүлде тіл қатудан.
Мұңлы бір махаббаттың ескерткіші
Шарқ ұрып шыңыраудан шыңға атылған.

Заңы да кер заманның қызға дүшпан,
Құлдырап махаббаттар құздан ұшқан.
Айналған аты аңызға осы көлді
«Шайтан кел» депті біреу қызғаныштан.

Алгайы ғасырлардан сыр ұктырып,
Сейлеген зар заманда күйіп тұрып.
Сондықтан да табиғат «Шайтан көлді»
Жаратыпты таудан да биік қылып.

СОҒЫС

Соғыс не?
Білмейді әзір ұлым менін,
Білмейді қанша дүние бүлінгенін.
Өзіндей жас сәбидің жетім қалып,
Қар кешіп жалаңақ жүгіргенін.

Кинодан көруге де жалықпайды,
Әйткені ол –
Соғыс не,
Әлі ұклайды.
Осынау бір кесапат адамзатқа
Әкелгенін қаншама ғаріп-қайғы.

Соғыс не?
Білмейді оны жастар әлі,
(Олардың оқымаған дастаны әрі)
Ал әжемдер кинодан көрсе болды –
Көздерінен моншақтап жас тамады.

Соғыс не?
Ол – үміттің үзілгені,
Ол – әжім жас женгемнің жүзіндегі.
Қылған сағағынан қыршын өмір,
Мезгілсіз ерте түскен құздің лебі.

Соғыс не?
Ана шашы ерте ағарған,
Бақытын балғын күнде өртеп алған.
Ардағын абайсызда жауға алдырып,
Арманы кемелденбей келте қалған.

Соғыс не?
Көмесем де білемін мен,
Корқамын сол үшін де сүреңінен.

Жесір қалған жеңгемнің аһ ұрганын,
Сәби шақта-ақ сезінгем жүрегіммен.

Соғысты көрмесін деп балам мұлде,
О, бауырлар,
Әр уақыт алаңмын мен.
Арудың аппақ шашын әжім шалып,
Арылмасын көктемгі далам гүлден.

ШЕГІНУГЕ БОЛМАЙДЫ

*Москва түбіндеге қазақстандық 28 гвардияшы-
панфиловшылар бірде-бір жау танкісін ілгері
өткізбей, асқан ерлік көрсетті.*

О, байтак жер!
Бір табан – қарға адымың
Семсердегі серт болды арға бүтін.
Шегінуге болмайды –
Ел бүйрығы
Жақсылықпен жалғассын алдағы күн.

Тәңіректі толассыз ұрыс кілең,
Бейбіт күннен белгі жоқ –
Кім естіген?!

Алда – жау
Ту сыртында – қарт Москва
Өлім-өмір өтеді қыл үстінен.

Ел тағдыры жүзінде ұстараның,
Ер кеудесін кек кернеп,
Қысқан ағын.

Қасқунем жау қаптатып танктерін
Бағындырмақ еріксіз күшке бәрін.

Беті қайтып көрмеген әлі күнге
Москвада дәмесі бәрінің де.
Тоғытады тоқтаусыз ажал оғын
Сиынып Гитлердей «тәңіріне».
Бір сәтке тыншымайды майдан әлі,
Бейбіт өмір нышаны қайда, кәні?
Көргісі келмегендей мына дуды
Бұлтқа батып барады Ай да әне.

Волокалам тас жолы –
Қанды қырғын,

Өрт болып дүнисе тұтас жанды бұл күн.
Тап сонда Қазақстан батырлары
Кейіпкеріне айналды мәнгі жырдың.

Бағдарлайды бәрін де көніл зерек
Оқ болып атылардай көбінде кек.
Ар үшін,
Арман үшін,
Отан үшін –
Ең бастысы – өлмеу үшін өлу керек.

Панфилов қайрап солай тұлектерін
Кешкізген қайсарлықтың мың өткелін.
Ел басына қатерлі күн туғанда
Оқ қылып атуға бар жүректерін.

Бәрі де жауға түсер жасындей бол,
Сайланған сайдың саңлақ тасындей бол.
Ел намысын көтерген көкке биік
Мақтанам экелерім осындей деп.

Ұрпақтар жүретіндей жыр қып мәнгі,
Өлімге де қайыспай күліп барды.
Жау аптығын басты да осы арада
Аңыздағы ескерткіштей тұрып қалды.

ОРАЛДЫ ЖЕҢІС БОЛЬШИЙ

Тоғызыншы Май,
Ұлы Женіс күні –
Мен білген қуаныштың ең ыстығы.
Қаһармандар Отаның қорғап қалған
Шығады көшелерге тегіс бүтін.

Самсатып ордендерін,
медальдарын...
Паш етіп жауды жайлап жеңе алғанын
Келеді салтанатпен сапта бәрі
Көтеріп Ел Мерейін,
Ер арманын.

Алқызыл өндерінде алау ойнап,
Бұла күш бойларында салады ойнақ.
Жыл сайын –
Женіс күні қарт солдаттар
Бір түлеп шығады-ау деп қалам ойлал.

Қарандаршы қаһарлы жүздеріне,
Олар, сірә, жансая іздеді ме.
Әрқайсы құрбандыққа тігіп басын
Әперген тыныш өмір бізге, міне.

Қасарып,
Қасық қанды түйіп белге
Шырқайды даңқ өріне –
Биіктеге.
Ерлікпен өлгендер де,
Тірілер де
Оралды Женіс болып сүйікті елге.

АҚҚУ АРМАН

Уа, аққу арманым,
Ес білгеннен-ақ сені іздеп келем өмірден,
Жетсем-ау деген көңілмен.
Сені іздеп келем –
Жазира-жазық белдерден
Кез ұшынан бір ақ сағым болып көрінген.

Уа, аққу арманым,
Сені іздеп келем осынау жайсаң жерімнен,
Кер миық даламнан керілген...
Сені іздеп келем қантардың қаһар қысынан,
Кектемнің майда желінен...

Уа, аққу арманым,
Сені іздеп келем талайдан,
Таң алдындағы арайдан.
Сені іздеп келем сансыз жүлдыштың ішінен,
Сызылып туған жаңа Айдан...

Уа, аққу арманым,
Іздедім кейде даланың таңғы шығынан,
Одан да ғажап сыр ұғам.
Сен келді ме деп селт етер сезім
ғажайып –

Төгілген сэтте сұлу ән.
Уа, аққу арманым,
Сені іздеп келем,
Көңілім кейде алаң боп,
Баз бір сэттерде малтығып ойға қалам көп.
Жалыққан емен,

Жабыққан емен қайтсем де
Сеніммен жүрмін табам деп.

Уа, ақку арманым,
Кей-кейде тіпті таппағаныма да куанам,
Сені іздемесем,
Аяулым болып тұа ма ән.
Ақку арман боп қала бергенің де ғанибет,
Өзім сау,
Және жүрген шақтарда жыр аман.

Уа, ақку арманым,
Сәулесін Құннің сезініп әр кез жабықтан,
Загип жандай-ақ үміт үзбекен жарықтан.
Ес білгеннен-ақ келемін іздеп өзінді,
Іздеуден және жалықпан.

Уа, ақку арманым,
Төрт құбылам түгел,
Ойы-қырымды бүтін ғып –
Сезімге бір сәт ұялатып алсам күпірлік.
 Тағдырым дағы таусылып қалар секілді –
Сондықтан сенің
 Таптырмағаның да шүкірлік.

ТІЛЕРІМ СОЛ-АҚ

Тағы бір таңның төгілді нұры тұндіктен,
 Алғаным көп пе,
 Алмағаным көп пе тірліктен.
 Ойланып қалдым,
 Ақын боп осы не бердім –
 Мына жүрттыма жыр күткен.

Құдышет қайда тоқтатар сағат тілдерін,
 Солармен бірге зулайды зымыран күндерім.
 Есепсіз кеткен қаншама қимас уақыттым,
 Бергенім қанша,
 Бермегім қанша?
 Білмедім.
 Өзімді өзім қинаймын қатты тезден де,
 Оралып кей сәт,
 Откенді оймен кезгенде.
 Өтеусіз кеткен күндерім қанша, шіркін-ай
 Көрер ме ем салып безбенге.

Алансыз күндер –
Тауға да, тасқа секірген,
Мен де бір бейне еліктің лағы секілді ем.
Бүтінде соның бәрі де алыс армандай –
Қамалап ойлар мазамды талай кетірген.

Шағылып тауым,
Кейде бір сағым сынады,
Жіберген қатем алдынан қайта шығады.
Сол кезде тағы өзімнен өзім сұраймын –
Жастығым ба екен,
Мастығым ба екен кінәлі.

Шақырып шыңға арманың алау-шырағы,
Киялдың құсы талпынып соған тұрады.
Жетсем-ау деумен жете алмай келем
бірақ та,
Білмедім тағы –
Жастығым ба екен кінәлі.

Тағы бір таңың құйылды нұры тұндіктен,
Ақын едім деп,
Көкірек қағып дүрлікпен.
Алда күн болсын,
Арманым болсын – қуанту
Жұртымды менен жыр күткен,
Тілерім сол-ақ –
Тірліктен!

ЖИЫРМА БЕС

Білмеймін,
Жырлады ақын сені қанша,
Өзінен айырмастай келіп алса.
Шыңда да –
Қайтер еді зымыран жылдар
Көкорай жайланауыңда демін алса.

Сиқырлы сұлулықтай ғашық қылып,
Шакырдың қанша жанды асықтырып.
Қандай күй төгілмеді көкіректен
Пернесін жиырма бестің басып тұрып.

Жиырма бес –
Көктемдегі мұнар сағым,

Жиырма бес –
Сан өнерге құмар шағым.
Жиырма бес –
Менің мәлдір махаббатым,
Жиырма бес –
Сұлулыкты шын аңсауым.

Жиырма бес –
қайталанбас қос мүшелім,
Ойға нәр,
Бойға қуат –
Қосты сенім...
Жиырма бес –
Мен білетін көзсіз ерлік,
Өмірдің кешетұғын отты селін.

Жиырма бес –
Арман алдан қол бұлғаған,
Сал сезім,
Көкірекке қондырған ән.
Жиырма бес –
Жастық шақтың от жалыны,
Ақпанның аязында тоңдырмаған.

Жиырма бес –
Талайлардың арманысын,
Жиырма бес –
Талайлардың ардағысын.
Мен саған ризамын,
Алдыңда емес,
Артымда –
Белес болып қалған үшін.

МЕН ҚОРҚАМЫН

Мен бақыттан қорқамын баяны жоқ,
Мен шабысттан қорқамын аяны жоқ.
Мен қорқамын достықтан,
Бір жауықса
Дүшпанин да қауіпті –
Аяры жоқ.

Баянсызы бақыттың мастандырып,
Болар дәйім тұргандай аспан құліп.

Сондықтан да қорқамын алдап соғып,
Кете ме деп бірде жер жастандырып.

Ұшқыр сезім қиялмен жарысқанда,
Мен қорқамын тоқтаусыз шабыстан да.
Аяны жоқ болған соң жүйрігін де
Жеткізе алмас армандаі алыстарға.

Данаалықпен дәүірден асқан ұдай,
Бабаларым айтқан гой баста былай:
«Қас ойламас қасқыр да жолдасына,
Дос болып, қастасқаннан сақта құдай».

БӘРІ СЕНДЕР ҮШІН ДЕП

Ағайындар!
Бәрі сендер үшін деп,
Бастап қойып,
Тастан кеткен ісім көп.
Бір ескерткіш орнатпақ ем мәңгілік
Әлемде жоқ әсемдіктен мүсіндең.

Ағайындар!
Бәрі сендер үшін деп,
Бастап қойып,
Тастан кеткен ісім көп.
Ойга алғаным орындалмай,
екініп – .
Кей күндері күйдіргендей ішімді от.

Өтіп жатқан,
Кетіп жатқан құндерін
Өтеуіне нелер алып үлгердім.
Қарғыс естіп қамықтым ба кей замат,
Алғысына ие болдым кімдердің.

Жұбаттым ба мұнлы жанды жылаған,
Тұрғыздым ба бәз біреуді құлаған.
Жан болды ма менен сүйеу сұраған,
Демеу тауып қуанды ма бір адам.

Мына өмірде шында да осы бармын ба,
Ал бар болсам, мақсатым не алдымда.
Адам деген ардакты атты әрдайым
Туын жықпай, биік ұстай алдым ба?

Бұл пендеде көп болады неге мін,
Соны әлі де түсіне алмай келемін.
Азаматтық ар алдында бір замат
Тура қарап, есеп берсем деп едім.
Кейде тіпті ойың – кермек,
ішің – у,
Сырт көз болса дер еді:
– Бұл кісі қу.
О, ағайын –
Келеке етіп күл, мейлін,
Кейде мен де қөктемдегі күндеймін.
Құйылып кеп,
Түйіліп кеп тұрсам да
Жауарымды,
Жаумасымды білмеймін.

Иә, ағайын!
Бәрі сендер үшін деп
Бастап қойып,
Тастап кеткен ісім көп.
Салғырттық па,
Аңғырттық па –
Білмедім.
Ал басқа жұрт мұны қалай түсінбек.
Бірақ менен күдер үзе көрмендер
Тасқындаған бойда бұла күшім көп.
Бір ескерткіш орнатарым ақиқат
Әлемде жоқ әсемдіктен мұсіндең.

ДОМБЫРАМЕН СЫРЛАСУ

Сені іздедім –
Жаным бір жабыққанда,
Сені іздедім –
Жалғыз қап жалыққанда.
Сені іздедім –
Шынымды айтайын деп,
Сенен басқа сырымды жан үққан ба?

Кей сәттерде көнілімді елеңдеген,
Еш пендеге еш жерде еленбеген
Тез үғушы ең,
Сыралғы серігім сен –
Сол сырымды елге айтып берер деп ем.

Көс ішегіңнен қосылып күй актарған,
Бір сыр ұғып отырымын –
сияқты арман.
Бабалардың бағызы өнерінен
Өлмейтұғын өзіндей тұяқ қалған.

Біліп елдің жақсыға шөлдейтінін,
Тұяқ қалған өзіндей өлмейтұғын.
Жабырқаған көңілімді көтерсем деп
Сені іздеймін –
Жабықсам, көрмей тыным.

Кияс тартып,
Халықтан шеттемеген –
Өнер тілін өмірі шектемеген.
О, галамат!
Құп-қүйттай болып алып,
Көкіргің кен еді неткен ерен.

Өнер тілін өмірі шектемеген,
Өресізден зар-запа шекпе деген.
Ұлылардың ұрпакқа өсиеті –
Күдірет боп,
Күш болып жеткен ерен.

Шежіредей шер төккен күніге мың,
Зар заманның үзілмес үні ме едің?
Ханға естірткен қаралы хабарынды
Қайран қалып тыңдайды тынып елім.

Бұл үйіріліп,
Тәбеснен төніпті аспан –
Шыдамсыздар шығандап, өліп қашқан.
Ерлер болса,
Есін тез жиып апты
Адуын айбарыннан «Көбік шашқан».

Толтырып күллі әуенін дүниенің
Тағдырдың бізге берген сыйы ма едің.
Қашанғы қуанышы, қайғысымен...
Тұрғандай тар кеудене сиып елім.

Дегендей:
Шер-мұнымды қозға тағы –
Көңілдің қыл көпірін қоздатады.

Айырылған ботасынан бейбақ ана
Мезгілсіз «Бозінгенді» боздатады.

Сыр ашсам деп тағы бір ақтарыла,
Сені іздедім –
Жабыққан шақтарымда,
Сені іздедім –
Жалыққан шақтарымда,
Көзілімнің көрінбес көгершінің
Қондырғайсың шабыттың бақтарына,
Сыр ашайын армансыз ақтарыла.

ҚАЗДАР ҚАЙТЫП БАРАДЫ

Қаздар қайтып барады –
Думандатып соңғы рет көктің жүзін,
Дегендей:

 Өттің жазым,
 Өттің күзім.

Жылды жақты бетке алған бейбақтар-ай,
Ең болмаса тежеген жоқ тізгінін.

Қаздар қайтып барады –
Кариядан мұнды бір ән тындаған,
Жабырқау –

 Жатыр тыныш жалқын далам.
 Қимастықтың қиналған үні келер
 Дауыстардан қосылып қаңқылдаған.

Қаздар қайтып барады –
Керіп біреу қойғандай көкке кілем,
Жұбын жазбай ұшады
 топ-тобымен.

Қанаттары сермеген қол сияқты
Хош айтисқан өмірдің көктемімен.

Қаздар қайтып барады –
Көз айырмай қарт та тұр,
 бала да тұр...
Көз айырмай көл жатыр,
 дала жатыр...
Құс базарын өлкемнің ілеңтіріп
Өздерімен әкетіп бара жатыр.

Қаздар қайтып барады –
Той-думанды өздеріне ілеңтіріп,

Қанаттардан жылдылық жүр естіріп,
Көз жұмсам да ұйқы жоқ,
Көңіл ояу –
Хош айттысқан үндері түр естіліп.

Қаздар қайтып барады –
Қол бұлғасып арайлы таңдарменен,
Осы жақты мекендең қалғанменен.
Қоштасады бәрімен,
бәріменен...
Қоштаспайды жалғыз-ақ арманменен.

АҒЫНДА, ХАМА, АҒЫНДА!

Жадымда бәрі –
Нақ бүтінгідей жадымда,
Алапат бір күй орап ап отты жалынға.
Құрыштай балқып құйылып жатты әр сөзі –
Ақынның жыры ұмытылмайды екен задында,

Ақынның жыры ұмытылмайды екен задында,
Шалқып бір кетсе,
Шабытты шалқар шағында.
Қас жүйріктердегі бәйгеге түскен бабында –
Сиқырлы ауен,
Күй тілді ауен бойды алыш,
Жатталып қалды,
Хатталып қалды жанымда.

«Бір қызың мені туды толғасын деп,
Адамның асыл жанын талғасын деп.
Бұлыңғыр замандағы ата Құрман
Жүргегін жүргімен жалғасын деп»...

Шырқады өлең,
Бұрқады күзгі дауылдай,
Құйылды көктен көктемі нөсер жауындаі.
Мен сол сәт ұқтый өнердің биік өресін,
Тау жоғын және...
Өлеңнің асқар тауындаі.

Мен сол сәт ұқтый –
Сарбаздың сырын саптағы,
Жайқалтқан жырмен өнердің миуда-бактарын.
Мен сол сәт ұқтый –

Ақынның асқақ мерейін
Ықтыра алмаған қысқа аяз, жазғы алтабың...

Жыр оқығанда –
Саңқ еткен қыран-дауысы
Тербетіп тұрды,
Тебірентіп тұрды тау ішін.
Көрінді маган Хамаңның өзі өлеңдей,
Келесі сэтте кетті өлең Хамаңа ауысып.

Айырмасы жоқ орама жол мен төтенің
Ұқтым мен сонда –
Қас жүйріктің де не екенін.
Соң шапса дағы көмбеге бұрын жетерін,
Шын шамырқанса, шаңына көміп кетерін.

Шау тартып қалмай шабыттың шалқар
шағында,
Жыр құсын дәйім тулетіп ұстап бабында,
Қайсар қалпыңмен қарсы жүзетін ағынға,
Алпыста екем деп, сыр бермей сыншыл сырт көзге
Ағында, Хама!
Ағында!
Қазақ өнерінің,
Қазақ өлеңінің бағына!

ҚЫЗЫҒАМ

Мен тауларға қызығам –
Шатқалынан шарқ ұрып асқан киік
Шың-құздары шақырап асқар биік.
Әр тұлғасы –
Ерліктің ескерткіші
Мұсіндең табиғат тастан құйып,
Биік болса,
Одан тек аспан биік.

Мен тауларға қызығам –
Ақ басы ақ бұлттармен араласқан,
Әр шыңы жазылмаған дара дастан.
Арманның ақ жал атын алға тартып,
Қиянға қиялышы ала қашқан
Құздармен қабаттасып барады аспан.

Мен тауларға қызығам –
Ешкімге бас имеген өрлігі үшін,

Өрлігі үшін –
Ғаламат ерлігі үшін.
Желге,
Селге,
Дауылға төтеп берер
Жиып алып бойына соңғы күшін –
Сол арқылы үлесіп елге ырысын.

Мен көлдерге қызығам –
Болса дағы қай өлке,
Қай қырында...
Акку жұзген армансыз айдынында.
Құс үніне қосылып кеткен шағың
Ұмыттырар қуаныш,
қайғыны да...

Мен көлдерге қызығам –
Сыр бүккен ғашық жанның көзі ме деп,
Оған дағы керек-ау төзім ерек.
Айна жоқта арулар айдай жүзін
Көреді екен айдынның өзіне кеп.

Мен көлдерге қызығам –
Күн сәулесі,
Ай нұры аймалаған
Елестейді ол ару боп жәй да маған.
Көлсіз жер кеңілсіздеу көрінеді
Сұлулыққа тойған ба қайда да адам.

Мен өзендерге қызығам –
Қан тамыры сияқты паң даланың,
Құдыретіне керемет таңданамын.
Өзіменен барады бірге әкетіп
Бірге әкетіп барады алға бәрін...
Өмір бойғы адамның арман әнін.

Мен өзендерге қызығам –
Күндіз-түні,
Қыс-жазы бір тынбаған,
Бір тынбаған,
Тірліктен сыр тындаған.
Айдыннанда кеп толқын – қыз бұрымы,
Күлкісін-ай,
Күлкісін сылқылдаған
Соларменен көрікті-ау, шіркін, далам.

Мен далама қызығам –
Бабасындей,

Бәрінің анасындай,
Келе жатқан өзінен жан асырмай
Мына жалпак дүние бар-жоғымен
Жер-ананың өрбіген баласындай,
Жарасым жоқ нақ осы жарасымдай.

Мен далама қызығам –
Таң алдында уыздай үйіп тұрган,
Кекірегіме жыр-самал құйып тұрган.
Тауы,
Көлі,
Өзені – өлмес өмір
Бір өзіне үйлесіп сиып тұрган.
Сондықтан да даламның мереі үстем –
Өр еңсесі бәрінен биік тұрган.

ӨЗБЕКСТАН ЖЕРИНДЕ

Қак жарып сары дала, боз аланын,
Паровоз күнірентіп созады әнін.
Еш жерге тоқтамайды асыққандай
Жерлерін көрсетуге ез ағамның.

О, жол, жол, жол, келесің алып бізді
Қалдырып артқа нелер алып құзды.
Қарапайым қазақтың ерке ұлына
Өзбектің жерін де сен танытқыздың.

Сапар. Шіркін, қызық-ау жан қаласа,
Сай-сала, тау адырлар алда қанша...
Мен де тыска қараймын тебіреніп
Әйнегінен вагонның таң қараса.

Тұп-тұтас тұлғасына алап-құздың,
Терезеден сан қайта қаратқыздың.
Ескен жел тау басының тұтіп бұлтын
Тұргандай қолаң шашын тараң қыздың.

Күн қыздырып құм дала жатыр ысып,
Не айтады екен – бір топ қыз гәпсіріп.
Ортасында, шіркін-ай, мен де бір сәт
Отырар ма ем кек шәйін татып ішіп.

Уа, Өзбекстан жерлері – ыссы мекен,
Көзім бірден қызыңа түсті ме екен.

Кешір егер жастықпен албырт айтсам,
Жанары өз күніндей ыстық екен.

Тағы жүрді көк вагон тұра түсіп,
Сусындал та алмадық шұбат ішіп.
Хош болып тұр,
келермін әдейі арнап,
Қайту үшін қызыңа құда түсіп.

МЕРКЕ

Мерке ме,
Шын атауың – Мереке ме,
Тұнған байлық – ырыска, берекеге.
Сәнінді,
Сәулетінді сап тузеген
Айтсам екен деп тұрмын неге теңел?

Тауың бар көкорайлы –
Еңісің мал,
Миуа бақ –
Тіл үйірген жемісі бал.
Жеріңің жомарттығын паш еткендей
Қырқада қант тамырлы егісің бар.

Тамсантың,
Таңырқаттың, Tay, ел мені,
Ұғымым басқадау-тың әуелдегі.
Сұлуға,
Сұлтулыққа сұқтандырған
Меркенің қандай ғажап әуендері.

Тойларда жұлде алмасып бәйгеменен –
Достықты қырғыз-қазақ әйгілеген.
Шарқ ұрды ақын шабыт шағаладай,
Құлашың қияндарға жайды да өлең.

Танысып,
Табысқаным бір ғана күн,
Кеудемде аласұрып тулады ағын.
Көз көріп,
Көніл түйген суреттердің
Қиналады сыйғыза алмай жырға бәрін.

Өнерге,
Өлеңге бас иіп келген

Айналдым жаны жайсаң сүйікті елден.
Сендерді жырдай асқақ, әндей эсем
Әр уақыт көрсем деймін биіктерден.

Шындардан көрінсөндер шырқап тағы –
Еңбектің өніріне гүл таққаны.
Күн жақсы қайта айналып қауышқанша
Әйгілі жыр Жамбылдың үрпақтары.

АРМЫСЫНДАР, АНАЛАР

Армысындар, Аналар!
Қалайсындар –
Бас иген ақ бас құздар, арай шындар.
Батырга – күш,
Ақынға – шабыт берген
Сендерді ақын жыр етпей қалай шыдар!

Мен де сондай арманышыл бір ұлыңмын,
Жеткенінше, аз-көп пе, ғұмырымнын
Жырлап өтем Ананың әз арманын,
Жырлап өтем Ананың ұлылығын.

Жылығтсан деп келемін Ел – Отанды,
Ақ тілеулі Аналар, бер батаңды.
Өздерінде шуақ бол құйыламын,
Нұрга ораймын солайша жер-жаһанды.

Сол үшін мен әлемдегі Аналардың
Махаббатын,
Мейірімін қалап алдым.
Қалап алдым жылуын көздерінін –
Ондей күшті басқадан таба алар кім.

Кім білмейді Ананың қасиетін,
Алдында ажал – зұлымдық бас иетін.
Есті түгіл,
Әумесер есерің де –
Тынып тыңдар оның бар өсиетін.

Абзал жүрек Аналар!
Армысындар!
Барлығың да есен-саяу бармысындар.
Сендер менің жанымды нұрга ораған
Арманымдай кіршіксіз мәңгі шындар.

Армысындар, Аналар?
Қалайсындар,
Көлөгейлеп күн көзін қарайсындар.
Ақ тілеу,
Ақ махаббат,
Пәк сезімді
Ту еткен арайсындар –
Сендерді ақын жырламай қалай шыдар.

УАҚЫТ

Уақыт!
Кейде бәрін де ұмыттырып,
Тірліктің қызығына құнықтырып,
Ренжіген кезді естен шығарады –
Бүгінге риза боласың құліп тұрып.

Уақыт!
Тірліктің қызығына құнықтырып,
Жібереді көп жайды ұмыттырып.
Шалыс басып аяқты,
Сүрінеміз,
Алдымызда ор барын біліп тұрып.

Өкінеміз –
Көп жайды кеш ұғынып,
Қателіктің тірлікте несі ғұрып.
Әттең дейміз бармақты қыршып алыш
Жас баладай қалған сәл есі кіріп.

ТАУ ЖОЛЫ

Бірде құлап,
Бірде өрге көтеріліп,
Бірде орап,
Бірде жерде төте жүріп,
Бір асудан асады бір асуға –
Қиямет-ау тау жолы расында.

Жылан ирек –
Шың-құзды қиялаған,
Кейде күдік көңілге ұялаған.
Мінезіндей көктемнің айнымалы,
Тітіреніп, жүрегің шайлығады.

Жолдар, жолдар осылай жалғасады,
Асулар мен ылдилар алмасады.
Соның бәрі еріне,
езінде сын –
Кыл көпірден өткендей сезінесің.

АҚҚУЛАРЫМ-АУ

Аққуларым-ау,
Аман-сая жеттіндер ме?
Жол тосып ұзак үйқысыз көп тұндерде
Кен аспанға қараумен сарылып өттіндер ме?

Өттіндер ме тосылмай асуларға?
Шың-құздарға –
Бұркеген басын қарға.
Жеттіндер ме әйтеір жол жөнекей
Жазатайым кезікпей жасындарға?

Ақкуларым-ау –
Ажары ақ айдындардың,
Сәнін келтірген тандарда арайдың да әр күн.
Оралды ма еken жылдағы мекеніне деп
Өздерінді іздел Құткөлге талай күн бардым.

Тізбектерінмен Құткөлге кеше бардындар –
Жылдағыдан қалайша кеш оралдындар?
Тұған жерге талықсып жеттім дегенде
Үркітті ме еken әлдебір есалан мұндар.

Аққуларым-ау,
Тұған жерді ансан келгенде,
Сырнай унменен сызылтып ән сап келгенде,
Ақ қанаттарын талықсып шаршап келгенде,
Сұқсырлар әлде жүрді ме сұрқын кетіріп,
Ақ айдындарда,
Арайлы қамсақ көлдерде.

ҚЫРАН

Ақ иық құсым –
Шырқаған қыыр-қиянда,
Өзінді көріп берілем бір сәт қиялға.
Биіктік –

Сенің бесігің сынды тербелген,
Қызықтырады шың-құзға салған ұян да.

Дауылпазым-ай,
Қанаттылардың төресі,
Өзіңе ұқсан ұшам дейтін де көп осы.
Еліктегенмен екінің бірі қыран ба,
Білмейді, эттен, жете бермейтінін өресі.

Қара-құзғынның бара алмай бірі жанасып,
Шығандап кеттің –
Ақ бүлттардан да әрі асып.
Дабырлағанның талайы қалды адасып.
Шырқау дегенің –
Шында да ғажап екен гой,
Қыранға ғана тұратындығымен жарасып.

Келесі сәтте құлдилап тәмен құладың,
Не болып кетті мына күн.
Бойымды билеп үрей, алапат бір ағын,
Егіліп іштей жыладым.
Шақ тұрдым жерде –
Таусылып тағат-шыдамым.
Соңынан ұқтый –
Қырағы көзің шалған да,
Тас түйін қалпың –
Сорғалап түстің арланға.
Әзірейілдей араның ашқан ажалға,
Әзіңен жойқын тажалға батып барғанда,
Өлсөң де тіпті – .
Әлмесіңді білген екенсің
Ез біреулердегі арманда.

ӨЛЕҢ ЖАЗУ...

Өлең жазу –
Әрі азап,
Әрі бақыт –
Ойларыңды жия алмай,
жамыратып.
Кей түндері сыр аулап,
кірпік ілмей,
Қалғаның да білмейсің таңың атып.

Өлең жазу –
Әрі азап,

Әрі бақыт,
Басқа өмірден кірмейді жадыңа түк.
Шабытсыз шақ жандырып тозағына,
Шабытты шақ жіберер жадыратып.

Өлең жазу –
Әрі азап,
Әрі бақыт,
Кейде сезім серпілер –
Жалын атып.
Кейде бір сөз келмейді орайыңа,
Қалғандай-ақ бойына қаны қатып.

Өлең жазу,
Әрі азап,
Әрі бақыт,
Сезімінді әлдилеп,
Ән уатып.
Көтерілер көнілдің күн шуағы –
Ойласаңыз, осының бәрі уақыт.

Өлең жазу –
Әрі азап,
Әрі бақыт,
Нысанадан алғандай бәрін атып,
Қандай жақсы оралсаң ой-сонардан
Өзің де,
Өзгені де жадыратып,
Қызыл арай нұрланып, таңың атып.
Өлең жазу –
Әрі азап,
Әрі бақыт!

БҰЛАҚТАЙ ЕМ

Әбділда Тәжібаевқа

Бұлақтай ем бастауды ашылмаған,
Сынаптай ем төгіліп, шашылмаған,
Құр аттай ем арыны басылмаған.
Өзендей ем күн-түні алға асықсан
Кек майсаға оранған жасыл жағам.

Келе жатқам арнамда жайлап ағып,
Тынарымды біле алмай қайда барып.
Менің жалғыз тілегім –

Мәлдірімді
Бұзбау еді бір жерде лайлас алып.

Ойымды, аға, тап басып таныңдыңыз
Жігерімді намысқа жаныңдыңыз.
Дүр еткендей жел үрлеп,
Дауыл соғып
Бұғып жатқан бойдағы жалынымыз.

Қанатым жоқ –
Шарқ ұрып ұша алмадым
Кетті бірақ кияндап құс арманым.
Ұяңдық па,
Білдіріп көнілімді
Қолыңызды сол замат қыса алмадым.

Жүргегімнен жанартая атылған күн
Жаныңызға сан мәрте жақын бардым.
Мен сол сәтте өзімді түсінбедім –
Табиғаты өр деуші еді ақындардың.

Өрлікті де әрқалай түсінеміз,
Сөйтіп кейде қадірін түсіреміз –
Содан барып кекірек туындаиды
Болмаса егер шабыт пен күшің егіз.

Барайын деп,
Біресе бармайын деп...
Түйдім сонсоң алыстан барлайын деп
Жақын жүріп Алатауды Әбекендей
Ойладым аласартып алмайын деп.

ӨЛЕҢ ОҚЫП ЕМ

(Қалижан Бекқожинге)

Өлең оқып ем:
– Ақын екенсің! – дедіңіз,
Бұрын қалайша байқамай жүргенбіз сені біз?
Сеніміңіз ғой,
Серпіліп қалдым, жан аға,
Болмаса сонша тындырып қойдық нені біз.

Өлең оқып ем:
– Ақын екенсің! – дедіңіз
Онынан туғандай желіміз –

Алапат бір күй бойымды кернеп әкетті
Сол сөзден шабыт алғандай болдым –
Сенің!

Кей-кейде адам осынау сөзден нәр алып,
Өмірге қайта келгендей боп жұр жаңарып.
Қыранға кия қаншама керек болса егер
Әр жасқа дағы керек-ау сондай ағалық.

Өсіп-ақ қалдым –
Төбем бір кекке тигендей,
Арғымақ мініл,
Торқалы шапан кигендей.
Сіздің сөзіңіз –
Ақындық мандат секілді
Тура қарадым алқалы топқа именбей.
Бабы болмаса,
Мұқалар асыл алмас та,
Жарауы жоқта тұлпар тұяқ та алмас па.
Талант та солай –
Болғанмен қанша нарқасқа,
Ағалық керек,
Ақ пейіл керек әр жасқа.

АҒАСЫҢ ӘРІ БАЛАСЫҢ

Бақшада бірге ойнайсын,
Балғындарменен балғын боп.
Қызыққа, сірә, тоймайсың –
Елуге келіп қалдым деп.

Мектепке барсам, тағы да
Тақпаңтап шығып алдыннан,
Нұр құйып жарқын жаныма
Өзіңсің, аға, тан қылған.

Жайлалаудың шықсам төріне,
Жайраңдап қарсы аласың.
Бірге аунап майса-көгіне
Одан да достар табасың.

Данғайыр диқан үйіне,
Енесің шалқар шабыт боп.
Әрдайым көңіл күйіне
Куанышы ортақ халық көп.

Думанды жердің сәнісін,
Тамсантып жасын, кәрісін
Ұйытып сөзбен бәрісін –
Шалқытып салар әнісін.

Естелік етіп жазасың
Құрбыңың қызық құндерін.
Сезімнің мәлдір-тазасын,
Қырқаның қызыл гүлдерін...

Мұзага, керім қызықсың,
Жастардан әсте қалмайсың.
Сырынды жігіт-қыз ұқсын,
Ақ сұнқар,
Ақша маңдайсын.

Ерлікті жырлап келесің,
Халқына батыр корған деп.
Елдікті жырлап келесің,
Сейлейсің «Естай – Хорлан» бол.

Көрмейсің ала бірін де,
Сарыарқа, Алтай, Атырау...
Одақтың талай тілінде
Жырынды жаттап жатыр-ау.

Қосылдық елтіп әніне
Сөзінді құптап –
«Хош!» – дедік.
Өйткені елдің бәрін де
Аласың баурап, дос көріп.

Үлкенге – іні, кішіге –
Ақылшы абзал ағасың.
Жасы үлкен жайсаң кісіге
Аңқылдап барап баласың.

Бақшада бірге ойнайсың –
Баламен жүрсөң баласың!
Тарқамас қызық тойдайсың
Біздерге ардақ ағасың!

ӨМІРГЕ ҒАШЫҚ

Өмірге ғашық жандармыз –
Құмарымыз бір сәтте басылмаған,

Көп сырымыз және де ашылмаған.
Кең ғаламды қалтқысыз ұғу үшін
Аздық етер еді ғой ғасыр да әман.

Айналамыз жадыра жаз сияқты,
Көңіліміз қашан да мәз сияқты.
Ақ сағымдай арманға жету үшін
Бір түтіл, екі ғұмыр аз сияқты.

Айға ұшамыз,
Самғаймыз одан да әрі
Күйсандықтай кеуденің толы арманы.
Мына менің басымда жұмыр жердің
Өзендері түйіскен толы арналы.

Неткен ұшқыр бүгінде қиял, арман...
Тас түлектей шырқаған ұялардан.
Бір биікке жетсөн-ақ,
Бір биігі
Қол бұлғайды құздардан, қиялардан...

Солай дәйім –
Ағындал алға асады,
Бір шың барып бір шыңға жалғасады.
Шыға алмаган тауыңың бәрі биік –
Толмағандай арманның арнасы әлі.

Сонысымен елтітіп,
Еліктіріп...
Алады әр кез өзіне серік қылып.
Мына өмірге қиянат –
Кетсең егер
Із қалдырмай артыңа,
Келіп тұрып.

МЫНА ЖАЛПАҚ ҒАЛАМДА

Мына жалпақ ғаламда –
Кезігесің алуан-алуан адамға.
Жақсылар да,
Жайсандар да бар онда
Бірақ, бірақ таңырқама
Өмір атты ұзақ жолда ұшырассаң жаманға.
Жұмыр жердің ойы-қыры секілді
Адамдар да не түрлі.
Біреу сенің шиедей ғып бетінді
Қаралайды аппақ адап ниетінді.

Біреу саган әрі-сәрі –
Тұсінбейсің.

Тағатыңды ол таусады.
Досың менен қайсысы көп қасыңның,
Сол жағына ойланбастан аудысады.
Енді біреу ойламаган жеріңнен
Сәттерінде жамандықтан жерінген,
Көңіліңе құйылады шуақ боп,
Мына өмірге қарасын деп сеніммен
Жамандықты ұмытасың тегінен.
Табиғаттың бізге берген үлесі –
Арамдық пен Адалдықтың күресі.
Өмір мәңгі екеніне сенсең шын,
Жақсылықтың женерін де біл осы.
Міне, осылай – мына жалпақ ғаламда
Кезігесің алуан-алуан адамға.
Тек тірліктің тұп қазығы мызғымас –
Жамандардан жақсылар көп әманда.

ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІ

Пендеріміз ғой,
Қателік те тән бізге,
Пендеріміз ғой,
Өмір серік ән бізге.
Пендеріміз ғой,
Көктем келсе қуанып,
Көңілсіздік оралады әр күзде.

Сондықтан да жылды төртке бөлеміз,
Бірін артық,
Бірін кемдеу көреміз.
Ал шынында әрқайсының өз орны
Барлығына жетпей ме осы өреміз.

Өлкемізге жадыраған жаз келіп,
Айдындарға акку, үйрек, қаз... қонып,
Дүниені думандатқан шактарда
Жас балаша қаламыз бір мәз болып.

Жадыраған жаздың жайсан ажары,
Тарқамайтын тіршіліктің базары.
Қырға шықсақ айлы кеште –
Алыстан
Естіледі құрбылардың наз әні.

Дарқан дария, шалқып жатқан күз қандай,
Бар байлығын ұсынады қызғанбай
Хош айтысқан әнші құстар керуені
Сейілінен қайта оралған қыздардай.

Кербез дала жатады бір керіліп,
Маужырайды тәтті үйқыға беріліп.
Кейде бәрін астан-кестен қылады
Азынаған ақ бораны желігіп.

Жапалақтап қар жауады,
Бұрқайды –
Бөрілер жүр жайғатсақ деп бір тайды.
Ал табиғат –
Қамқор әже секілді
Жер-ананы қалыңырақ қымтайды.

Қыс қауқарсыз өз мерзімі өткенде,
Караши ана түлеп тұрған бөктерге,
Мал да,
Жан да жайнап сала береді,
Күндер ұзап,
Ұласады көктемге.

Жайсаң дала көз тартады әрімен,
Дүние думан,
Дүние сұлу,
Әрі кең...
Көктем, сірә, сонысымен қымбатты
Жылдың басқа мерзімің бәрінен.

МЕН СЕНЕМИН

Құйқылжыған алуан ыргақпенен,
Сан әуенді күніге тыңдал келем.
Тыңдал келем –
Егіліп, елітіп дәйім,
Кезі келсе өзім де жырлап берем.

Жан тербердей –
Көп еді жақсы ән қандай,
Мәлдір бұлақ –
Тұмадан басталғандай.
Қалай ғана тыңдаудан жалығарсың
Шөліркеген сезіммен жатсаң қанбай.

Ауысады бір әуен бір әуенге,
Ұмыгтырып басқаны бүл әлемде.
Тусам керек о бастан әнмен бірге,
Әнсіз өмір жоқ шығар, сірә, менде.

Сайрайды кеп бұлбұл құс таң алдында,
Содан асқан рахат таба алдым ба.
Уа, дүние, қызығы-думаны көп
Әлде өзің де осы әннен жаралдың ба?

Абай айтқан:
«Естісін, есерін де...»
Тыңдал жүрміз –
Білмейміз есебін де.
Мен сенемін әйтеуір ана сүті
Жаралыпты әнменен десе бірге.

БАР БОЛСА БІР ҒАЛАМАТ...

Сал домбыра күй төккен шанагынан,
Шабыттанып, шарқ ұрып салады ән.
Ақку ару аспанда үнін қосса,
Шырқ айналып ұшады бала қыран.

Сезімдерді сырлы әуен баурап алған,
Сиқырың бол шығады қайда да алдан.
Тәніріндей ол сениң тап бастырған
Қор болып кетпесін деп қайран арман.

Домбыра үні жерде де,
аспада да...
Бәрін шертіп береді дастан дала.
Серік қылып Күй – Құрман жабырқаса,
Сырласыпты қамаудан қашқанда да.

Айта алмаймын –
Жасады ол қанша ғасыр
Бар болса бір ғаламат баршаға асыл
Сол – осы домбыра ма деп қаламын
Шертетін ұрпактарға тамсана сыр.

Айырылып ақкуынан айдын ана
Қанша рет қолаң шашын жайды дала,
Ел босып,
Қара орманы қайысқанда
Тегіпті ол қос ішегінен қайғы-нала.

Кекірегін қанды жасқа бұлап ана –
Жарықтық,
Не көрмеген мына дала?
Соны да береді айтып сал домбыра
Оралып «Алқакөл» мен «Сұламаға».

Қайғыдан құса болып, кегі қайнап,
Мойнына батырлардың келі байлап.
Асылын аздырғанда Туган елдің
Зарлаған ол да бірге «Елім-айлап».

Тірліктен түнілткендей жұт халықты
Таппаған ешкім мұндай мықты алыпты.
Құйып ап хан қаһарын көмейіне
Өлімнен дүйім елін құтқарыпты.

Бір көрген қуанышын азаппенен
Домбырадай сыралғы аз-ақ дер ем,
Өмір бойы ол өнерге өріс беріп
Бірге жасап келеді қазақпенен.

АППАҚ АРАЙ

Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты,
Халықаралық «Алтын орфей» жүлдесінің жеңілпазы
Роза Рымбаевага

Қараши әні,
Айнага қараши әні,
Сұлулыққа кім, қалай таласады,
Айналайын,
Мен білсем, саған тегі
Ақ көйлегің айрықша жарасады.
Шашың қара,
Қылған қасың қара –
Сұлулықтың сиқыры осында ма?
Дүниедегі бар түстен саған, жаным,
Ақ тұс қана қонымды расында да.

Қараши кәне –
Айнага қараши тағы,
Ағаң, сірә, тап басты,
Адаспады.
Бәлкім, анау ақ көйлек үстіндегі
Ақтығымен жаныңың жарасқаны,
Пәктігімен жаныңың жарасқаны.

Әнің қандай,
Келіскең сәнің қандай,
Көз алдымда толқысың сағымдардай.
Сенің үнің тербетіп,
тебірентіп...
Билеп алды сезімді, жанымды арбай.

Аппақ арай –
Айналаң ала таңдай,
Болашағын биікте –
Қара талмай.
Көкжиектен көрінші,
көрінші бір
Айға ұмытылған ақ қанат балапандай.

Сыр қала ма ақында айтылмаған,
Ұсынбады қызығын қай күн маған.
Мына менің жазира, жалқын далам,
Талай-талай сиқырлы ән тыңдаған.
Елти тыңдап ойнақы, қылықты әнді
Бүгін, міне, тағы да тынып қалды.
Табысыңмен,
Тай тұлпар шабысыңмен
Куанта гөр осылай халқынды әмән.

Әнде мынау көңілдің жарасымы,
Әнде мынау жазира дала сыры,
Әнде, қалқам, еліңнің бар асылы.
Жан тебірентер жақсы әнді тыңдайды ұйып
Қалың орман,
Айдын көл,
Tay асуы...
Ел мерейін көтеріп сол үшін де
Шарықтай бер, кішкентай қарашығым,
Дүниеге жеткізіп дала сырын –
Қастерлеген халқындың жан асылын.

ДАЛА ҚОСЫ

(*Tolgau*)

Асылым, Арқа – аяулым,
Асылым – ата мекенім.
Тұнде де, міне, ояумын
Жырың боп жүйткіп жетемін.

Мен сенің ойы-қырынды,
Самалың болып кеземін.
Үккәнша барша сырынды
Үйқының бермен кезегін.

Киялмен ұшып аспанда,
Қараймын кейде биқтен.
Жалындаі түсер жас жанда,
Отынды бойға құйып бер!

Тусырап жатқан бай дала –
Кілемдей бейне құлпырып,
Ақ айдын сынды айналаң,
Ақ бидай қырда тұр тұнып.

Даланың көріп келбетін,
Ойменен кейін шегінem.
Түрен сап алғаш жерге тың,
Диқан боп егін егіп ем.

Ойымды судай сапырып,
Жүйткіді, міне, жел ескек.
Жүретін дәйім шарқ ұрып,
Кетеді сол сәт елестеп.

Қырдан әрбір аттанып,
Тоғысқан бізде жолдары.
Тұрарлық айтсам мақтанып –
Ғажап күн екен ол дағы!

Ағылған сонда қыз-жігіт
Мәскеуден, Баку, Киевтен...
Жанында алау,
Ізгі үміт
Уа, жастық, қандай сүйікті ен?

Болмаса жайлышты, мейлі,
Даланың қосы – тұрағы.
Ән салып,
Бірде билейді,
Әңгіме-дүкен құрады.

Мақтайды кейде қаланы,
Мақтайды думан-қызығын.
Айтысып бірде қалады,
Қос басы дәйім кызу үн.

Ерте де, кеш те тынбайды,
Жаңғыртып сол үн даланы.
Бірі айтса бірі тындайды,
Сонысы жанға жағады.

Қос басы дәйім қызу үн,
Еске алса жігіт қаланы,
Еске алса сүйген сұлуын,
«Бұртанда» қыздар қалады.

Өтеді күндер осылай –
Бір таң мен бір таң алмасып.
Білмедім сонда, досым-ай,
Қанша өмір кетті жалғасып.

Даланың қосы қос емес,
Махаббаттардың ордасы,
Көгеріп талай көсеге,
Басталды жарқын жол басы.

Басталды жарқын жол басы,
Осынау эсем алқаптан.
Әмірге шықты қолдасып,
Талай жас сүйіп жар тапқан.

Даланың қосы қос емес,
Жастардың болды отауы.
Көгеріп талай көсеге,
Ән шарлап кетті жотаны.

Айтылған сыр да бар әлі,
Бүгінде соның бәрі ыстық.
Оттан да өткір алауы
Арманмен алғаш табыстық.

Бір жасап қалам тағы мен,
Кезіксе абзал достарым.
Бәрінен ыстық бәрінен –
Даланың сонау қостары.

Ол қостар – жәй бір қос емес,
Жастардың жарқын ордасы,
Көгеріп талай көсеге,
Бастала бермек жол басы!

ИГІ ТІЛЕК

(*Tolgay*)

Өтеді күндер,
Өтеді айлар –
Жылдар да...
Жайқалып гүлдер –
Тұрады тұнып қырларда,
Әскеләң өмір –
Сәулетті өнір –
Көңілде жыр боп шалқиды.
Жүретін нәзік пернесін басып,
Сезімің тасып –
Тартасың ойша сан күйді.
О гүлдер әсем –
Қызыл да жасыл, көкпенбек.
Көз жауын алар –
Қырқада гүлдер неткен көп.
Сондықтан біздер осы бір шақты шуақты
Мақтаймыз дәйім көктем деп.
Есімде әлі –
Ол кезде сәби баламын,
Ойнагам қуып сағымын тұған даланың.
Күрдас көп –
Біздер жүгіріп желмен жарыстық,
Ал енді маған бүтінде соның бәрі ыстық.
Есімде әлі –
Жайдары көктем болатын,
Бар еді менің езгеден ұшқыр тал атым.
«Бәйгеден» дәйім шалдырмай дара келетін,
Анашым мәз боп қалатын.
Бала боп қызық күндерді көрдім мен талай –
Қыс пенен көктем алмасты кинолентадай,
Тарихқа келді қырық бір,
Шуақты көктем
Арайлы күндер құйып нұр.
Осындай шақта алапат соғыс кенеттен
Қырғын боп тиді еліме –
Сұмдық, о неткен!
Демеуші ек бұрын:
Не киіп ертең, не ішелік,
Азамат болдық бір күнде түгел есейіп,
Балалық қалды,
Еркелік қалды жайына,
Күніреніске толды көктемнің көрікті айы да.

Майданға кетті әкелер тегіс аға мен,
Бұлықты жасқа аяулы жеңге ана мен,
Сәнменен салар ақ торғын – шәйі шәлісін
Аз күнде-ақ олар ауыстырып алды қарамен,
Күнірәнді мұңды шеруін тартып бар әлем.
Майданға кетті ауылдың нелер ардағы,
Ақ шашын жайып әжелер артта қалды әне!
Сағымдай бейне бұлдырап асыл арманы.
Қызығалдақ гүлдей арулар бүршік жармады.
Есімде әлі –

Соғыстың ауыр жылдары,
Талайдың балғын бақытын солар ұрлады,
Көп үйдің мәңгі түндігі мұлдем жабылды,
Соғыстан қайтып оралмай абзал ұлдары.
Кейісі келді құрбан қып жарты денесін!
Кеудеде шыбын жаны бар –
сол да демесін.

Сыздайды жүрек,
Сыздайды жаның, дариға-ай,
Еске алсан қонау азалы құндер елесін.
Біреулер келді айырылып екі жанардан,
Көрген жоқ елін соғыстан соңғы жаңарған.
Көрген жоқ жүзін зарыға күткен жарының,
Көрген жоқ жүзін елдегі жас пен кәрінің,
Көрген жоқ, дүние-ай, аңсаған асыл анасын –
Көрген жоқ тұнғыш баласын!
Арманым, шіркін, болмас-ау – дейді сырлассан, –
Бір шолып өлсем Жер менен Көктің арасын.
О адам жаны – не деген ғажап сірі еді
Жарылып қалай кетпейді екен жүргегі,
Дүние – думан!

Көрмейді-ау, шіркін, бірін де
Кеудеде жалын –

Сонан да өлмей жүреді,
Ойласаң жаны –
Темірден, бәлкім, жаралған,
Ыстық жас ыршып кетеді кейде жанардан.
Ол үшін бірдей атқан таң менен батқан күн,
Дариға-ай, сонын бәрі арман!
Жара көп жанда –

Таусарсың айтып қай бірін,
Шемен боп қалды сүм соғыс салған
қайғы-мұн.

Көңілге медеу –
Берген жоқ ерлер намысын,
Батырып жаудың ай, күнін –

Таныгты солай елімнің ерен айбынын
Сонан да біздер қарсы алғып әрбір көктемді –
Айтамыз сырғып,

жыр қылып дәйім өткенді.

Орнасын бақыт, еліме байлық,

Ырыс-құт –

Тілейміз барша әлемге тегіс тыныштық
Көнілдей әсем құлпыра берсін ұлы өмір,
Жайқала берсін гүл өстіп.

Өтеді құндер,

Өтеді айлар –

Жылдар да...

Үрпақтан бізде жасырап әсте сыр бар ма?

Арайлы таңды қарсы алған сайын бәріміз

Жасымыз, мейлі, кәріміз,

Тағызым етіп тұрайық

Біз үшін жанын пида еткен абзал ұлдарға.

Тұрсыншы біздің көнілде дәйім күн құліп,

Сөнбесін мәңгі –

Сөнбесін мәңгі нұрлыш үміт

Ағалар жазған ерліктің ұлы шежіресін

Жеткізу парыз үрпакқа сырғып,

Жыр қылып!

АЙТЫНДАРШЫ, АДАМДАР

Уа, Адамдар!

Дүниені билеген –

Сендерге тән –

Әсем әуен, Күй деген...

Айттындаршы,

Жер жаһанда не қалды

Құлдыретіңе келіп басын имеген.

Уа, Адамдар!

Табындырған ғаламды,

Айттындаршы,

Кім сендерден бар әлді.

Хиросиманы ойран еткен бомба да

Аядай алақанында жаралды.

Уа, Адамдар!

Айттындаршы –

Не ойладың

Шығарғанда атом Жердің ойранын.

Бабалардың жасап берген Мұрасын
Көрген сәтте «бір құмалақ жойғанын».

Уа, Адамдар!
Әміршісі ғаламның
Мен сендердің тағдырыңа алаңмын.
Қайтер едің жұлдып кетсе бір қолын
Әумесердің атқан оғы балаңның.

Ауылыңды егер өрт шалып,
күл қылса,
Қарлығаш боп су сеппес пе ең тым құрса?
Атылмас па ең жолбарыс боп жауыңа
Өз үйінің бір бұрышын сыйдырса.

Уа, Адамдар!
Құдышретті Адамдар –
Құллі әлемді өз үйім деп қараңдар.
Бар баланы өз балаңа баландар,
Сақ болыңдар, Жарандар,
Әрқайсыңың қолында
Мына жалпақ Ғалам бар.

Уа, Адамдар –
Айға атылған армандар!
Жақсылықты жақсылықпен жалғандар,
Игілікті, ізгілікті таңдандар.
Әмір кілті қолдарыңда сендердің,
Абайландар –
Тек түсіріп алмандар!

ШЫНЫМДЫ АЙТСАМ...

Диқан бауыр!
Бармысың, аманбысың,
Жылдағыдай биыл да алаңбысың?
Кек торғынға көмкеріп –
Жазирадай
Жасандырып қойыпсың далаңды шын.

Далаңды шын қойыпсың жасандырып,
Жердің сырын алғансың қашан біліп.
Әмір шыңдал есірген өрлігің бе,
Жас та болсан,
Көрмедім жасаң қылық.
Көп жасаған көнедей парасатың
Жақын тартып жақсымен жанағатын.

Ақыл-оыйың,
Мінезің салиқалы
Ердің бес қаруындай жарасатын.

Сейлеп кетсөн тереңнен тебіреніп,
Жердің жәйін ойлайсың өміреніп.
Шынымды айтсам,
Өкіндім диқан болмай,
Ақын боп туганымға сені көріп.

АРҚАҒА

Биігім,
Ұшқан ұям – Арқа менің,
Думанға, мерекеге дархан елім.
Жанымның жалындаған сағынышын
Өзіңе сыйға балап тарта келдім.

Төсімде көктемгі әсем қызғалдағын,
Өмірдің өр шыңына жүзді арманым.
Бойыма асылынды бердің құйып,
Сен менен ештеңе де қызғанбадың.
Па, шіркін!
Көрікті еді дала қандай,
Сұлулық –
Бәрі өзінен тарагандай.
Кетер ме киып тастап қайтқан құс та,
Артына қайта айналып қарап алмай.

Ұлыңымын сендей әсем, паң даланың
Бүгінгі мерейіңе таңданамын.
Кеудемді күмбірлөтіп күйге ораған
О, менің қасиеттім –
Арман әнім!

Жұлде алып жүрмесем де жан асырмай –
Көңілім сахараңың даласындаі.
Өлеңім – саған деген махаббатым,
Көзімнің ағы менен қарасындаі.

ТАУЛАР

Таулар,
Таулар,
Тәбесі көк тіреген –
Қас батырдай көрінер шоқтығы ерен.

Етегінен шынына қарағанда
Ақша бұлтқа кіріп тұр өткір емен.
Баурайында – қарағай...
Гүл де өседі –
Ұшар басы аспанмен тілдеседі.
Осылай Көк пен Жерді жалғастырған,
Екі елдің елшісіндей күн кешеді.

Жаһанға мақтанардай бар асылы –
Әр таудың қыран жетпес дара шыны.
Жаратқанда-ақ биіктік табиғаттың
Таугағана сыйлаған жарасымы.

УА, АҒАЙЫН

Уа, ағайын, сейлейін –
Сөз бердің бе,
Ұлыңмың ғой жаралған сөзбен бірге.
Шамырқанбай шыдайын қайтып қана,
Қадалғанын көрген соң көздер кімге.

Тұғырыңнан серпілген қырандайын –
Мына отырган сендерге ұлан-ғайым
Жүргімнің мәп-мәлдір қайнарынан
Бәріне жыр арнайын.

Жыр арнайын үлкенің, кішіне де...
Білесіндер ақынның қүші неде.
Арасына жыл салып келмей қалсам,
Әрқайсың жүресіндер түсіме ене.

Беру қыын сезімді суреттей
Мен сендерді көремін құдыреттей.
Әкелмесем бір сәтке көз алдымға
Қояды күнім өтпей.

Уа, ағайын, сейлейін сөз бергесін
Демендер тек салқындал өзгергенсің.
Мауқым ептеп басылды –
Үлкен, кіші...
Өздерінді есен-саяу көз көргесін.

МҰРСАТ БЕР

Уа, табиғат!
Мына байтақ даламды,

Мына байтақ ғаламды
Көру үшін –
Бір сәтке
Күн көзіне айналайын,
Мұрсат бер.

Дүниенің сұлулығын –
Шырайын
Бағдарлайын,
Қынына шыдайын
Жер-жаһанды бір айналып шығайын
Бәрін-бәрін өз көзіммен көрейін,
Шуағымды, шұғыламды төгейін.

Тұн түнекте –
Зар боп сәулө – жарыққа
Тал қармаған қанша зағип-таріп бар
Аңсан жайсаң гүл кезін
Соның бәрі күтетіндегі Күн көзін.

Бәрін соның көру үшін көзіммен
Куат керек,
Мұрат керек төзім мен.
Уа, табиғат?
Сол үшін де бір сәтке
Күн көзіне айналайын –
Мұрсат бер!

ШАШУ

(Fabit Mұсірепов оқушылармен кездескендегі)

Толқындаі бейне зал іші,
Қаншама адам жиналған?
Габене соның бәрісі
Гүл ме деп қалдым сыйлаған.

Өйткені осы жастардың
Реңі бейне таңғы нұр.
Бәрі де таулы асқардың
Төсінде өскен жанды гүл.

Қыздар жүр –
Қандай әдемі!
Жаралған мәңгі жыр үшін.
Өздері кепті әдейі
Қырқаның қызыл гүлі үшін.

Осы ғой, Габе, аяулың,
Өз қызың,
бейне өз ұлың –
Сінлісі сұлу Баянның,
Інісі ерке Қозының.

Жетпістің тұрсыз өрінде –
Арқалап жүтін ғасырдың.
Бірақ та, Габе, көңілде
Қарттықты сізден жасырдым.

Қырағы көзге байқаған
Көрінер Сіздегі ой алып.
Шолсаныз егер қайтадан,
Қалар сан Өлкे оянып.

Ағаға асу – өрінде
Арнадым бір жыр қалам ап.
Көп ойлар қалды көңілде
Алдағы құнгә аманат.

Ғабендей алып нар ұлын,
Айнытпай әлем таниды-ақ.
Өзінің ұлы дарынын
Сылаған дарқан табиғат.

ҚАСЫМҒА

«Құя алман үгітілген балшық өлең,
Көңілде көл жасаман тамшыменен,
Серінің семсеріндей сертке таққан –
Өлеңнің өткірін алшы менен», –

Дедің де астың биік жыр асуын,
Өлеңмен жасап не бір мұра асылын.
Ел үшін өстің ерен ақын болып –
Бақытын ойламаған құр басыңын.

Өмірдің мейманы боп аз ғана күн,
Елінді сүйіп өттің, абзал ақын.
Бұрқыраған қысы жүрді Оралыңын,
Жырында талмай қақты қаз қанатын.

Жырладың алтын ұя – өз өлкенді,
Жырладың тау-қияны, өзен, көлді...

Жырладың қара қасты қарындасты –
Кетпедің босқа тастап көлеңкенді.

Әлі де сол баяғы бір Қасымсың,
Бір өзің – танығанға бір ғасырсың.
Отырсам өлең жазып – ақылшымсың,
Ал жай кезде – ең жақын сырласымсың.

АҚҚУ АҚЫН

Әбеке!
Сіз жетпіске келдіңіз –
Бұл мереке бүтінгі жыр үшін де,
Сезіңдің алауы,
нұры ішінде.
Әлпештеген Еліңнің жақсы лебін
Есту ләзім ақынға тірісінде.

Кептен күткен көктемнің әз қонағы –
Айдындарға мамырлап қаз қонады.
Сіз секілді көл сәнін келтіретін
Ақку – ақын, әрине, аз болады.

Өлең – өмір уақытпен шектелер ме,
Жеткен де бар бұл күнге, жетпеген де.
Мен сенбеймін дәл Сіздей нар ақындар
Әр халықта,
әр елде көп дегенге.

Сіз жетпіске келіпсіз –
Жетпіс – қазір ер жасы есіп жүрген,
Сырдың суын етікпен кешіп жүрген.
Жетпіс – қазір, ғылымның айтуында,
Адамзатқа – орта жас десіп жүрген.

Жүк артса да,
Сыр бермес тағдыр нендей,
Көnlілің көк майса балғын көлдей.
Жарты ғасыр көтеріп өнер туын
Жыр-бәйгенің келесіз алдын бермей.

Көру ләзім тірлікте тамашаны –
Өмір – бәйге,
Әркім-ақ таласады.
Ал, Әбеке, Сіз сынды ақындарға
Озу ғана, тек озу жарасады!

ТІЛШІ

(Карт журналист Әбдуәли Қарагүловқа)

Тыстағы абыр-сабыр тынса дағы –
Сөнбейді көрші үйдегі бір шам әлі.
Жарығы жақсылықтың жаршысындай
Кекірегінді қуаныш – нұр шалады.

Берілген осыншалық ілкі ісіне –
Сізге оның таныс, бәлкім, түртүсі де.
Тұн ұйқысын төрт бөлгөн мазасыз жан –
Жанылмайсың,
Газеттің тілшісі де.

Жанына толтыргандай нұрын дала –
Оралған сапарынан бүтін гана.
Көп сырды жеткізуге асығады –
Жол соғып қажыған-ау,
Түрін қара.

Ойланып, сәл тыныстап алады да –
Қайтадан береді ерік қаламына.
Бір жолда көргені көп, түйгені көп
Тартады бәрін талғап, таразыға.

Табысқан таныстары, достары көп,
(Ұғыныз, мейлі, мұны жоспары деп.)
Жеті кат жер астында шахташы бар,
Диқанмен де сырласты қоста түнеп...

Шарлаған іздері көп дала – қырда,
Атырауда, Арқаның алқабында.
Жайлауда шопанменен бірге жүріп,
Тойын көрді жас сәби баланың да.

Газетке жазады енді осыларды –
Мақтан ету салтымыз досы барды.
Біреулерін әнекей шығарып сап,
Біреулері алдынан тосып алды.

Қайда барса таусылмас таныстары,
Білмейсің жақын оған, алыс па әлі.
Әйтеуір қуанышпен қауышады,
Әне біреу тоқтатып, тағы ұстады.

Міне, осылай әрдайым жалғасады,
Журналистер досының бар ма саны.

Жол шегеді ақпанның аязында
Әсірсесе тұрмайды жазға салым.

Үйренсем деп өмірден мол қармаған,
Бір жер жоқ бүл өнірде ол бармаған.
Журналистің ізіндей көрінеді –
Далада сайрап жатқан жолдар маған.

ШЕЖІРЕ ТАУ

Қарқаралы!
Бұрын да болғам талай бүл өнірде
Ән өнірде,
Жазира жыр өнірде.
Тәттібет боп,
Мәди боп,
Қалибек боп...
Қалған менің жатталып жүргегімде.

Сұлулықтың мәп-мөлдір қайнарындау
Сүт бетінде кілегей-қаймағындау.
Аралағам армансыз аймағын бай –
Әр тасы тарих болып тіл қататын
Шежіре тау бар екен қайда мұндай?!

Тұтасқан қайың,
талын,
қарағайын...
Тағы бір аралайын, саралайын.
Ұқсам деген тау жәйін, дала жәйін
Еркелегіш, елтігіш баладайын,
Түсініндер жанымның тебіренісін
Көрсем көзім тоймайды,
уа, ағайын.

Қасымда Қайрат ақын,
Жаппар ақын –
Ақындар жақын түтіл,
Жатқа жақын,
Жүрек сирын қалтқысыз актаратын,
Әр шоқынын,
Әр көлдін,
Әр жотаның...
Келе жатыр көңілге хаттап атын,
Мәңгілік жатталатын.

Тіршіліктің әр сәті ағыстай-ды,
Сылаң-сағым сусиды, алыстайды.

Жаппар жырдай мақтайды тұған жерін,
Күйеу бала – Қайрат та қалыспайды.

Қалыспайды,
Сол көрім жарасады,
Қиялмен биіктетіп аласаны,
Бір ақын бір ақыннан әрі асады.
Асылы, Қарқаралы – шежіре тау
Жигандай мөлдіретіп тамашаны,
Көркіне көз тоймайды,
Қараши, әне!

ҚИМАЙ КЕТИП БАРАМЫН

Қарқаралы таулары,
Қарқаралы баулары,
Қарқаралы көлдері,
Қарқаралы белдері,
Қияныңда қалқытып,
Қиялымды тербеді.

Ері де – ер,
Елі де – ер,
Кілең сал мен серілер.
Бұрын мұнда келмеген,
Қызығына ермеген,
Көрмеген жан не білер?

Елге ырыс-береке –
Қойны толы кең екен,
Жерғайыққа тең екен,
Бір келген жан айналып
Шыға алмайтын жер екен.

Жатыр дала жерүйік –
Кекірегіне нәр үйіп,
Төскейінде дән ұйып
Сол даланы түлеткен,
Сол далага гүл еккен
Азаматтары ақыл.

Көктем түтіл, күзгі әрі –
Дала сәні,
Тұз нәрі.
Еліктіріп алғандай
Сұлу екен қыздары,
Сынайтындай бізді әрі.

Сына, сына,
Сынай бер...
Күлмесін тек былайғы ел.
Қимай кетіп барамын,
Ей, арулар – қынай бел.

АЙНАЛАЙЫН

Нұркен-ауыл –
Бір кездегі аядай үркөр ауыл.
Енді бүтін Батырдың атына сай,
Өрісі – кен,
Өресі – үлкен ауыл.

Бұл жердің тасы қаран,
Тауы қыран,
Тербеткен бесігінде тауып ұлан.
Мен бүтін батыр болып қайтқандаймын
Батырдың миллионер ауылынан.

Көніл өсіп,
Керсе көз қызғалдақтай –
Куаныштан өн бойың қызынардай.
Жүріп жатқан әр көшемізде
Нұркеннің бала күнгі ізі бардай.

Ерлікті машық қылған қайда дәйім,
Көп еken еңбекте де сайлы ағайын.
Көтерген көкжиекке батыр даңқын
Елінің елдігінен айналайын,
Ерінің ерлігінен айналайын.

МӘҢГІЛІК АЛАУ БАСЫИНДА

Бас иіп,
Тағым етіп ерге ерен,
Бұл жерге сен келесің,
Мен де келем.
Маздаған мәңгі алауды көрген сайын
Жанымды әлділейді тербел өлең.

Басында қашан келсен гүл тұрады,
Алаудың нұрыменен құлпырады.
Жалынның саусактары –
Самсап бәрі
Сол гүлді ұстасам деп ұмтылады.

Көп көзден қызы-реңі қысылғандай,
Қызыл гүл құбылтады түсін қандай.
Ол дағы ерлеріне елін сүйген
Нәп-нәзік саусақтарын ұсынғандай.

ДУБОСЕКОВО ТҮБІНДЕГІ ОЙ

Сезімдерін сездірмей –
Тұмшалаған,
Келіп-кетер күн сайын мың сан адам.
Мың сан адам күн сайын тағымын ғып,
Қойып кетер гүл шоғын,
Кім санаған.

Зіл-зала күн туғанда ел басына,
Тұрды қарт та,
Бала да ер қасына.
Қанатымен су сепкен қарлығаштай,
Арулар да бұл жерге келді асыға.

Жанталасып жендеттер емінуде,
Қанды көздер шел басып, семіруде.
Алғы шепте бір-ақ сөз,
Анттай берік –
«Артта – Мәскеу.
Болмайды шегінуге!»

Шегінуге болмайды –
Ердің анты.
Шегінуге болмайды –
Елдің анты.
Әділдіктің Байрағын биік ұстап,
Осы сөзбен Советтің женді халқы.

Корғап қалған Бостандық наркыменен
Бұл жердегі ерліктің даңқы да ерен.
Өзі өлсе де,
Өмірге дақ түсірмес
Бабалардың байырғы салтыменен.

Сезімдерін сездірмей –
Тұмшалаған,
Өтіп жатыр үн-түнсіз мың сан адам.
Елдік пенен ерліктің ескерткіші
Сабак болып қайсыбір кесірлерге,
Сес көрсетіп сұсынмен есіргенге
Жетіп жатыр осылай тұрсаң әман.

ЕЛУДЕГІ АҒАНЫҢ МОНОЛОГЫ

Күндер, айлар, жылдар-ай, зымыраған
Кейде ұға бермейді-ау сырын адам.
Ұмытамыз кешегі сұрапылды
Мәз болып жүргеннен соң бүгін аман.

Уақыт жүйрік –
Тосқауыл, төтелермен
Алды-артына қарамай өте берген.
Соның бәрі бейуақытта ойға оралып,
Зіл салмағын сезімнің көтерем мен.

Елестетіп өткеннің тұрсам бәрін,
Уақыт маған артады зіл салмағын.
Талай қыран кетіпті арманменен
Көрсете алмай биікте бір самғауын.

Азаматтар –
Армандас, сырластарым...
Оқи да алмай өмірдің бір дастанын,
Талай боздақ өтіпті –
Соның бәрі
Елудегі өзімнің құрдастарым.

Ер еді –
Бір-бір үйдің арысы еді,
Жатқан ойдан, жамандықтан қалыс еді.
Ауылдың базары еді,
Ажары еді –
Бәрі әнші,
Бәрі шешен,
Бәрі сері!..

Жалғанда жақсылыққа тойған ба адам,
Бірі үйленсе, барлығы той қамдаған.
Шанырактан шалқыған шаттық есіп,
Жауым бар деп ешбірі ойланбаған.

Сол сәнімен өмірден өтер ме еді,
Уақыт бірақ осыны көтермеді.
Жымысқы жау ұрланып келді бір күн
Балаусаны күл қылып өртендегі.

Қарсы аттанды жігіттер содан бәрі
Сәні кетті ауылдың, жоғалды әрі.

Жауды жендік,
Бірақ та көп құрдасты
Тұған елге жарқылдаң оралмады.

Күндер, айлар, жылдар-ай, зымыраған
Елу жас та келіпті бүгін маған.
Енді менің тілерім –
Жұлдырмасын
Жау оғына жауқазын гүлін далам.

Болса дағы арайлы, нұрлы аспаным,
Сезем кейде көнілімді мұн басқанын.
Қыын екен келгенде жер ортаға
Жоқ болғаны қасында құрдастардың!

ДАРЫН ДАЛАМ

Мына дала көлбеген кеңістігі,
Көзді арбаған өр менен еңістігі,
Дән-дария тербелген егістігі,
Ән-Ғалия дем берген келісті үні...
Қуаныштың әйгілеп жер үстінің
Сәбен тойын жатқандай бірге тойлап
Үлкен-кіші тік тұрып тегіс бүгін.
Ескен желдей зымырап ағады күн –
Қайта айналып өткенін табады кім?
Осы жерде Сәбенің балалығын,
Ағалығын,
Ғұлама даналығын
Айдында айнадай дірілдеткен
Мәлдірейді көлдердің жанары мын,
Шекіре боп сейлейді дала бүгін.

Ана-Дала кесілген байтақ, алып –
Шалқарында шабытын шайқап алып,
Мактаныштың сыр қылып айтарты анық;
Киелі жер болған соң ұлылық та
Келеді деп егіздей қайталанып.

Қараша үйде –
Жел соқса әрең тұрған
Сәбен туған,
Сол тұста Габен туған.
Қазақтың өнерінің бақытына
Кос кеудеде тоғысып әлем тұнған.

Кос жүйріктің үзенгі қағысындаі,
Кос өзеннің атасқан ағысындаі,
Кос тұндіктің түлеген арысындаі,
Ұшырыпты табиғат бір тұғырдан
Екеуін де –
Өссін деп сағы сынбай.

Кос қыран талпынғанда шыңға қарап,
Әр сезін құлақ түре тыңдар алап.
Тұған жер!
Айналайын, тұғырықнан
Кос түлегінді өсірген мынға балап.

Айдынды,
Айбынды жер –
Киелім-ау!
Бұлдіргенді,
Жидекті,
Шиелі бау,
Шаңқан күнің үшін де сүйемін-ау,
Дарқандығын үшін де сүйемін-ау.
Өнерге екі бірдей ұлын берген
Алдына кеп басымды иемін-ау.

Байтақ дала –
Бақ қонған,
Үрыс қонған...
Сая болған,
Талайға тыныс болған.
Сән-салтанат өрбіген құрыш қолдан
Жер-ананың көл-көсір пейіліндей
Басқа емес,
Мінеки, осы арада
Екі арыстың тұғаны дұрыс болған.

Бұл жер –
Миллион жүректі жаулаған жер!
Бұл жер –
Дүлдүл жүйріктер аунаған жер!
Сөз-құдірет алаудай лаулаған жер!
Тәбесінен Бақ-жұлдызы аумаған жер!
Ел мерейін биікке көтерсін деп,
Сан сұнқарын бапкердей баулыған жер!

О, Тұған жер!
Ұлыңың ұлы тойы,
Алғы күнмен астасқан үміт-ойы.

Берекесі,
Бірлігі жарылмаған
Құтты жерден той-думан арылмаған,
Дүбірлетіп қарсы алар перзенттерін
Сен аман бол алдымен, Дарын-Далам,
Дарын-Далам,
Бақыттың, барым, Далам!

Жырласам да жиірек бауды, гүлді –
Арқалауға әзірмін тау жүгінді.
Алматыда жүріп-ак,
О, Туган жер!
Тілеймін сенің аман-саулығынды,
Тілеймін сенің аман-саулығынды!

АТА САЛТ

Қажытып әбден жол жырақ –
Бейтаныс үйге тоқтайсың келіп қалжырап.
Тұн қатып жүрген мынау өнірде бір жан жоқ,
Төңірек түтел ұйқыға кеткен маужырап.

Туралай келіп тірейсің дағы ат басын,
Мазасын алып қағасың тағы қақпасын.
Басты қатырып ойланып тегі жатпайсың
Қылышың жұртқа жағарын яки жақпасын.

Тұрасың сосын:
«Құдайы қонақ едік!» – деп,
Батырдай қайтқан осы үйдің жауын жеңіп кеп.
Жұбайың дағы қосады бір сөз төтеннен
Ырқыңа сенің еліктеп.

Келгенше қонақ,
Келген соң енді ол қысылып,
Бәйек боп жатыр қазанды оттан түсіріп,
Дастарқан жайып, бар дәмін саған ұсынып...
Атанның жолы –
Далаға, сірә, қонбайсың
Осы бір үйдің тұрсаң да жайын түсініп.

Аттанар сәтте тағы да сені қимайды,
Ойлайды тұрып қошемет жайлы, сый жайлы.
«Бір көрген – біліс» –
Бабадан қалған мирас бул,
– Құдайы қонақ, бүйымтай айт! – деп қинайды,
Айылын тіптен жимайды!

Бабалар баста қалдырған жол ғып артына,
Дарқандық солай дарыпты мына халқыма.
Тілеймін мен де ұрпағым берік болсын деп
Атаның осы салтына.

ШЫҢ

Бір шың бар-ды Алатауда армандаі,
Асқақ еді қараған көз талғандай.
Сұлу еді, сұлу еді ерекше
Көрген адам есінен бір танғандай.

Тәкаппарсып түрған қалпы өр шың да,
Бір шықсам деп ойлауышы едім сол шыңға.
Жанды арбаған жаннат көркі көлбендең
Кенелтіп-ақ тастайтындаі мол сырға.

Ұзақ жүрдім,
Батылым тек жетпеді,
Жігерімді жүргегім кіл шектеді.
Бірақ сонау шыңға деген құмарлық
Жатсам-тұрсам ойымнан бір кетпеді.

Тәуекелге будым дағы белімді
Тарттым шыңға серік етіп сенімді.
Жүріп келем тасты қашап, мұз кесіп,
Мандайымнан тامшылатып терімді.

Шықтым ақыр.
Шың басында тұрмын мен,
Төбесінде Ай қонақтап, Құн келген...
Биіктің рахатын,
Және де...
Басты айналтар қорқынышын кім білген?!

Тіршілік жоқ сенен өзге бұл манда,
Биіктік көп мынау асқақ шыңнан да.
Ұқытмалғаш еркін басып аяқты,
Жетпейді екен Жұмыр Жерде тұрғанға.

ЕСІЛ ТАСЫП КЕЛЕДІ

– Есіл тасып келеді, Есіл тасып,
Қаяіпті ме, қорқасың несін сасып?
Неге, бала, соншама үрейлендін,

Боп-боз болып кеттің ғой есің қашып?!

Жылда-жылда тұрмай ма Есіл тасып!

Ақтарылған Есілдей арнасынан
Асып-тасып жатады жалғасып ән.
Көктем сайын мен дағы көтеріліп
Кемерімді бұзам да, алға асығам.

Сондықтан да Есілдің тасығанын
Қызық көрем,

Ол – менің ғашық әнім.
Тасу деген мерейі тіршіліктің,
Оған бола, бауырым, жасымағын.

Тасу керек,
Бір мезгіл тасу керек,
Байлығынды базарлап шашу керек.
Өмір өзі сабана түсіреді
Өрлігінді болғанда басу керек.

Есіл тасып келеді –
Есіл тасып!...

* * *

Бір тау биік,
Бір тау тіптен аласа,
Бір шың жатыр бұлттарменен таласа.
Әрқайсының өркеш-өркеш шоқтығы
Өзінше бір сұлу сурет – Тамаша!

Бір көл таяз,
Бір көл терең тұңғиық –
Мәлдірлігі таңғы шықтай түрді ұйып.
Табиғаттың қайшылығы осы бір
Көңілдерге кетеді ерек сыр құйып.

Бір өзен бар –
Асаяттайды шабады,
Күндіз-түні бүрк-сарқ етіп агады.
Бір өзен бар сабасында сабырмен
Аймалайды ақ кемерлі жағаны.

Бірде төмен,
Жүрер бірде жоғары –
Адамда да қайшылықтар мол әлі.
Олардың да таязы мен тереңі,
Биігі мен аласасы болады.

ЗАЙСАН – ЖАЙСАҢ

Зайсан – көл,
Зайсан – тоғай,
Зайсан – дала,
Сыймайды құшагыңа жайсаң да ана.
Тәңірдің бере салған ырысындей
Дана шал,
Жайсаң жігіт,
Қайсар бала...

Бәрі бар –
Сұлулық та,
Сымбат та бар,
Шежіре-шоқылары тіл қатқан әр.
Сән-көрік, сәулеті мен салтанатын
Кеуденің бесігіне құндақтап ал.

Сұлулықта таңырқап, таңданбаған
Болды ма екен бүл жалпақ жалғанда жан.
Бір жерүйік, сірә да, осы шығар
Асан бабам айналып, армандаған.

Екеу болса, бірі едім талайлы ердің
Сұлу жер көп –
Бұрын да талай көрдім.
Бурабай мен Баянның бауырындей,
Көлі көркем,
Ғажайып тауы мұндей
Зайсан – жайсаңға айналып қарай бердім.

* * *

Кең жазыққа үйрендік бала жастан
Тауға да, теңізге де қарамастан
Тал, қайың, шырша, терек алаласқан
Жазиралы жайлауда өстік біздер
Қиялды қиянына ала қашқан.

Өрі бар, кей тұсында еңіс те бар,
Даланың жазықтығы – келіскең әр.
Жағрафия айтқандай, доп емес те,
Ойлайтынбыз:
– Жер, сірә, тегіс болар!

Осылай да балалық ұғымымыз –
Күлменеңіз, сәби сезім – мұны ұғыныз.

Бізде – жаз,
Камчаткада – қыс дегенде,
Шайқалғандай болатын тұнығымыз.

Кейін-кейін түсіндік – бәрін ұғып,
Сезім-арна кеңейді ағын ұрып.
Теңіздерді жасадық қолымыздан,
Тауларды Толағайдай алып ұрып.
Табиғаттың тынына түрен түсті,
Жетеледік шөлдерге Іле, Ертісті
Қалсын деп Жер-ананың жаны кіріп.

Көл жасап,
Теніз жасап,
Орман жасап...
Тауларға жан бітірдік қолдан қашап.
Дүние көне тартып кетер ме еди,
Бір ауық Адам болып толғанбасақ!

* * *

Ұшып келем,
Бұлттарды құшып келем,
Бірде үстінде,
Ал бірде түсіп төмен.
Самолеттің моторы гүілдейді
Жолбарыстай ыңыранып күшіктеген.

Терезеден қараймын көкке, жерге,
Мен – аспанда,
Алматы – көп төменде.
Мына бір бұлт секілді ақ бас бура
Жатып қалған біржола шөк дегенге.

Іле жатыр, әнекей, иректеліп,
Телінгендей Балқашқа сүйреп келіп.
Алатаудың қарағай, шыршалары
Ғайып болды ақыры сиректеніп.

Ұшып келем,
Сан ойга түсіп келем,
Бірде тоңып,
Бірсесе ысып денем.
Аспан мен Жер арасы бір тұнғиық,
Ақ қанатпен келеміз бұлтын қыып.
Шағыл аспан телміріп терезеден
Ұрланып кеп тыңдайды күлкінді ұбып.

Сұлулыққа көз тоймас қарап мына,
Күншығыс жақ нұрланды, таң атты да.
Кекжиекке алтын зер таратты да,
Қошеметін көрсетті қанаттыға.

Шұғылалы жер де әсем, көк те әсем,
Көзді арбаган қарайсың отқа да сен.
Табиғат қиялымға қанат берсе,
Ақтық демім біткенше тоқтамас ем!

ҚАРАГАНДЫ УНИВЕРСИТЕТИНДЕГІ КЕЗДЕСУ

Ақын халық – құмар жан өмірге ерен
Кезі кем шалқып-тасып, төгілмеген.
Жастықпенен тағы да ұшырастық –
Қартауды білмейтін көңілменен.

Ой көп...
Бәрін айта алмай қиналасын,
Өңкей өрім бергендей сый-бағасын.
Солардың алаулаған жалынымен
Қайта оралып келгендей жиырма жасым,
Мені қырыққа біржола қимағасын.

Жиырма жасым келгендей қайта оралып,
Көңілімнің тұнығын шайқап анық.
Құс-көңілім кетеді самғап биік
Аспанында Арқаның байтақ алыш –
Арманымның айдынын байқап алыш.

Мәлдіреген көп көздер сыр ақтарып,
Отыргандай бізді әрі сынап, бағып.
Кешегі қима қасым сияқтанып,
Кешегі жиырма жасым сияқтанып,
Бара жатқан біртіндеп жырақ қалып.

Күлкі ойнаған көздердің қиығында,
Сарыарқаның сарыбел қиырында
Ұқтым мен жастықлен табысадың
Қуанышын,
Ләzzатын,
Қиынын да...
Тірліктің таусылмайтын сыйы мұнда.

О, Жастық!
Күйі бетен, сыйы бетен
Жырмен сомдап –

Бейненде биік етем.
Сеніменен табысу қандай қыын?..
Ажырасу – одан да қыын екен,
Қыын екен!

ҚАНСОНАР

Күзделі абыр-сабыр тына қалып,
Басқаша күй кешкенде мына халық,
Бір-бірін соғымына шақырысып,
Барады бір-біріне сыбаға алып.

Бел шешіп қауырт істен жас та, кәрі...
Тірліктің баурап алып басқа амалы
Ақ қарда жана жауған ит жүгіртіп,
Қызығы қансонардың басталады.

Келтіріп күй-бабына қыранын да,
Байлайды таң асырып пырағын да.
– Хабарла жігіттерге,

Таң сәріде

Бәріміз тоғысамыз Құлақұмда! –
Дегені қарт аңшының бүйрықтай бол
Тараиды бірден-бірге бұл ауылда.

Саясаткерлер сәріден тұрып алып,
Қорына бір-бір сойыл іліп алып,
Жобамен аң өрісін біліп алып,
Жөнеді ауыл үстін дүбірлетіп,
Бірі озып –
Ұбақ-шұбак бірі қалып.

Алысып ауыздықпен жауар аттар,
Жазылған ақ қағаздай қалады ақ қар.
Із кескен қансонарда жігіттерді
Тұрғандай күтіп небір ғаламаттар.

Беткейден қызыл тұлкі қылаң беріп,
Құйқылжап көзді арбайды сылаң көрік.
Құсбегі томағасын тартқан сэтте
Шарқ ұрып шықты аспанға қыран көріп.

Тең болып көрінгенмен жайда бәрі
Аңшы жоқ ата жолдан тайған әлі.
Қыран алған тұлкінің жөніменен
Біреуі қанжығаға байланады.

Олжасы емес,
Жол басы еліктіріп,
Жылт еткен үміт оты желіктіріп,
Қайқаңнан қағып тағы тұлкі іздейді,
Алғанын ақсақалға беріп тұрып.

Қызықтың ортаймаған арнасы әлі
Ұзатып күнді күнге алға асады.
Қыс – Қектем,
Жаз – Құзбенен алмасады.
Ал қыстың қансонарсыз бар ма сәні?!
Табиғаттың ғажайып қызығы да
Осылай бір-біріне жалғасады.

ШОҚАН АУЫЛЫНДА ТУҒАН ОЙ

Біздер келдік –
Нұр жауды ақ қар болып,
Мұны бүгін айтамыз мактан көріп.
Мына дала – ақ ниет көрінісі
Таң нұрындей тамылжып жатқан көрік.

Шоқан бабам өзі тұр қарсы алғандай,
Дүние танып,
Көңілім ән салғандай.
Ел мерейі еңсемді биіктетіп,
Кешіріндер,
Мейірімге қалсам қанбай.

Көкірегіне жалын боп толған демі,
Артта қалып Көкшениң орман көлі...
Арманына ақ нұрды аялатып
Осы екен-ау тұғыр қып қонған жері!

Тас тұғырда ғажайып биік мусін,
Ұлылыққа әз басын иіпті шың.
Қоянкөздің самалы аймалайды
Еркелетіп тұргандай сүйіктісін.

Қабылдар ер әр сөзін мыңға балап,
Тына қалып тау, жота, тыңдар алап.
Шыңы болған,
Халқының шыны болған –
Тұрганы да ғажап-ау шыңға қарал!

Бабам көрген бұл жерді балам көрсін,
Қалам көрсін,
Жазира далам көрсін.
Ақының қазақтың еркелеткен

Бауырларым,
Ел-жұртың аман болсын!

ШЫНДЫҚ-ШЫНАР ✓

Шындық атты шынар бар,
Ұқтырам деп,
Сол шынарша шайқалмай тік тұрам деп
Талайлармен жан кешіп жағаластым
Ойламадым шындықтан мықты бар деп.

Шындық – менің ожданым,
Ар-намысым,
Шындық болып сайдайды танда құсым.
Құс мамықта дөңбекшіп жата алмадым.
Шындық кейде шырылдап қалғаны үшін.

Талай таңым үйқысыз өтті менің,
Шындық үшін сан мәрте соққы жедім.
Шындық үшін жанымды алсаң ал да,
Таза қалдыр арымды деп тіледім.

Алда қанша күнім бар,
Біле алмадым,
Тірлігінде түгескен кім арманын.
Көшер жылдар,
Солмаса болды тегі
Көңілімде шындық атты шынар бағым.

ШАБЫТ ТҮНІ

Қайтарып қапырықты, күн ыстығын
Жұрт жата басталды жұмыс күнім.
Мен де бір,
Шекарада сақшы да бір
Күзеткен Ел-Ананың тыныштығын.

Тым-тырыс шынар қала,
Мұнар дала...
Сан ойлар сапырылысып, бұлан қаға,
Кезеді меніменен тылсым тұнді
Беймезгіл тоғыса алмай бір арнада.
Ой да бір,
Күйин да бір дала кезген,
Зіл батпан қайсы бірде сананы езген.
Қарамаймын жұмбағы мол жұлдыздарға –
Қанымда қалған әдет бала кезден.

Ойдың да ауыры бар,
Жеңіл бар –
Ойнайды қақпақыл ғып мені бұлар.
Ешкім жоқ қуанышың бөлісетін,
Ел қайда көніліңнің шерін үғар?

Болмаса да ғаламат дур атағым,
Осылай атады ылғи бұла таңым.

БАР МЕНИҢ ӨР ДАУЫСЫМ

«Айықпайтын жан екен түсі мұндан», –
Деме, жаным, жасымда-ақ үсік үрган.
Әкем кеткен келмеске,
Ағам кеткен
Бір алапат басталып кісі қырған.

Тумаса да қара күн өз басыма,
Көңіл жеткен бағымның озбасына.
Анамның, жастай қалған жеңгелердің
Көз жіберіп өскемін көз жасына.

Содан болар,
Көп ойнап, көп күндеймін,
Бұл ішіне байланған шоқ күндеймін.
Қып түсер жауымды ақ беренмін,
Қынабында қайралған өткірдеймін.

Еркелігім елусіз шетте қалып,
Балалықтан біржола кеткен алып.
Елдің жауы – ежелгі менің жауым,
Жүргегімді шындағам кекке малып.

Тарихтың парактаған сан ғасырын
Бар менің өр дауысым,
талмас үнім.
Күн туса ел басына –
Нажағайдай
Жау төбесінде ойнайтын алмасымын!

БӘРІ ҚЫЗЫҚ ТІРЛІКТЕ

Бәрі қызық тірлікте тірі адамға,
Дені сау,
Бауыры бүтін, дін аманда.
Дүние тәңкөріліп сала берер
Бір күні омақасып құлағанда.

Бәрі қызық тірлікте тірі адамға,
Сайран-сауық «кел-кел» деп тұрады алда.
Бірінің көк тыныңдық құны қалмас
Абайсыз омақасып құлағанда.

Бәрі қызық тірлікте тірі адамға,
Тіпті кейде мұнайып, жылаған да.
Тән емес,
Жан ауырса қандай қыны –
Оңалмай омақасып құлағанда.

Қызық, деген – қызық қой,
Тойған ба адам,
Теңіздей тереңіне бойлар ма әман.
Беймагына күн кешіп,
Мәз боламыз,
Шаттықтан да,
Мұннан да,
Ойдан да аман!..

Бірдей ұғып өмірдің ақ, қарасын,
Тірліктен баз кешуге шақ қаласың.
Білу керек бір туған бауырың да
Кешке дейін мадақтап, мактамасын.
«Елге жағар ер жігіт қылышынан» –
Қылышың мен табысың жаттан жақын,
Дәл солай жақыннан да жат табасың!

Келдің гой бәрін, бәрін көрейін деп,
Лауласын жаңда жалын,
Көмейінде от.
Өмірдің өз ұлы боп келген басың,
Кетпесін кетерінде өгей ұл боп!

БОЗ ДАЛАМ-АУ

Мынау, мынау баяғы боз дала ма,
Бойжеткен мен кешегі бозбалага.
Көк шалғының көк ала кілем етіп,
Асқарларға арманым созған ана.

Мынау, мынау баяғы боз дала ма,
Алтын сағым дірілдеп қозғала ма?
Кекжиекпен астасқан шәй шымылдық –
Сұлулыққа қараган кез қана ма?!

Үн қата ма төңірек,
Тында, кәні –
Терек, қайын самалмен ыргалады.
Сыбдыр-сыбдыр сыйырлап сыр айтады
Сыр айтады жапырақ-сыргалары.

Сыр айтады жапырақ – сырғалары,
Өзен, көлі,
Сай-сала, жылғалары...
Үнсіз ғана тыңдайды тебіреніп,
Біз кеткенбіз,
Енді оған кім барады?
Кекіректе бір түрлі мұн қалады.

Мұн қалады –
Откенің туседі еске,
Тірлік дейтін шырын бал түс емес пе?
Артымыздың айналып қарамаймыз,
Еріп кетіп алдамшы құс-елеске.

Боз дала бәрін көрген,
Бәрін көрген...
Бозбала жігіткітің сәнін көрген.
Өзі де мұнаярдай бізбен бірге,
Абайсыз кеткенге асып сағым-белден.

Жасырын сырымыз жоқ боз даладан,
Арманын әнмен тербеп созған әман.
Жүректі жүрекпенен жалғастырып,
Женгедей жолын алар бозбаладан.

Беу, менің қасиетті боз далам-ау,
Бозбала шақ басымнан озған анау.
Соны ойласам,
Бүгінде көп ойласам,
Кеңілім қозғалады-ау,
Қозғалады-ау!

ДАЛА МЕКЕН

Ассалаумағаләйкүм, Дала мекен,
Мен сені сүйем елден ала бөтен.
Жолға шықсам,
Жабырқап қалмайын деп
Бір уыс топырғынды ала кетем.

Ала кетем алысқа өзімменен,
Таусылмасын сағынып төзім деген.
Кәдуілгі жолсерік болады ол
Беймаза сәттерімде көз ілмеген.

Көз ілмеген шактарда сыр ақтарып,
Көрінеді ол тұған жер сияқтанып.
Айтқаным сенбесең,
О, бауырлар,
Сағынып көр ауылынды жырақ барып.

Жырақ барып ойлап көр ауылынды,
Ата-анаңды,
Ағайын,
Бауырынды...
Көз алдыңа келеді тізбектеліп,
Өзен, көлі,
Тасы мен тауы күллі.

Ақ қайындар –
Айға ашқан алақанын,
Ақша гүлдер –
Қарсы алған дала таңын,
Көз алдыңа келеді тізбектеліп
Қаз, үйректер өргізген балапанын.

Құрбыларың –
Жайнаған қыр гүліндей,
Қызғалдақтар қырмызы –
Нұрлы күндей.
Өз органды осынау қасиетінді,
О, тұған жер,
Қалайша жүрдім білмей.

Занғар таулар –
Тұратын мұз бектеріп,
Көз алдыңан өтеді тізбектеліп.
Соның өзін сағыныш самалымен
Аймалайсың алыстан іздел келіп,

Міне, солай –
Мен үшін Дала мекен,
Сүйем оны өзгеден ала бетен.
Қайда жүрсем жанымды жылытсын деп,
Бір уыс топырағын ала кетем.

Ұшінші бөлім

Арманның ақ шаңқанды арайында
Кеудемнің кір қалмасын сарайында.
Өлеңге тұсіремін өмірінді –
Барін де айтқым келіп ағайынга.

АНА ЖҮРЕГІ

Елден бұрын сезеді ол сезбегенін өзгенің,
Елден ерек төзеді ол төзбегеніне өзгенің.
Мен шырақты қөрмедім мынау жалпақ

ғаламнан –

Алмастырар ананың жүректегі көздерін.

Көз алдына ананың мейірім де, қайырым да –
Қалмайды одан жасырын қуанышын,

қайғын да...

Соның бәрін қөретін қекірекпен, қөнілмен –
Ана жаны сәулелер тоғысатын айдын ба?!

Сені жақсы дегенде алауланып рені,
Қуаныштан нұрланаңып, қөктем болып күледі.
Әлемдегі әсемдік түйісетін сол замат –
Кіршігі жоқ ақ айдын аналардың жүргегі.

Сені жақсы дегенде, өні бал-бұл жанады,
Мақтагыштан тәбесі қекке жетіп қалады.
Махаббатта мен басқа құдыретті білмеймін,
Мейірлене ананың суюіндей баланы.

Бала десе ұмытар өзге тұрмак, өзін де,
Ана жаны қандай бай сыршыл, шыншыл
сезімге,
Мейірім бар қаншама жүргегінің түбінде,
Өзі сөнбей сөнбейтін жылылық бар көзінде.

Бір жайыз сөз естісе, сен туралы егерде,
Көзі қөрмей, сірә да, ана соған сенер ме.
Отқа, суға түсер де тек сен үшін сол замат,
Сені артына қалдырар күйіп-батып елерде.

Қалт жібермей өмірде құбылыстың бәр-бәрін
Кірпік ілмей өткізер талай тәтті таңдарын.
Сенен артық, сірә да, тіршілігі жоқ оның –
Ақ тілеу қашанда –
Сенің бақыт-арманың.

Елден бұрын сезеді ол сезбекенің өзгенің,
Елден ерек төзеді ол төзбекенің өзгенің:
Мен шырақты көрмедім мынау жалпақ
 ғаламнан –
Алмастырар ананың жүркетегі көздерін.

ЕЛУДЕ ЕРКЕЛІКТІ ТАСТАМАС ЕМ

Сәбимін, ол уақытта жәргектемін,
Білмеппін анашымның тербеткенін.
Қуанбас, гүл жайнамас қайтып бүтін,
Көргенде қозысының ер жеткенін.

Секілді күзде көшken мұнар тұман,
Өтсе де жылдар жылжып жыр артынан.
Сәбимін әлі күнге ана алдында,
Бал міnez өзгерменті біr қалпынан.

Ол кезде жаспын рас, ес кірмеген,
Құлаққа ана әлди естілгенмен.
Тоздырдым талай көйлек бұл жылдарда,
Тек ана маhabбаты ескірмеген.

Сырлар көп өмірімде ашылмаған,
От, жүрек, албырт көңлім басылмаған.
Елуде еркелікті тастамас ем –
Күлімдеп жүрсе бірге қасымда анам.

ӘПКЕМЕ |

Уақыт солай,
 шағарсын кімдерге мұң
Жетегінде арманның жүргенде мың.
Дауыл соғып,
 өрт шалды үмітінді,
Ару болып
 бой түゼп те үлгермедің.

Соғыс келді,
Сен тіптен ерте есейдің,
Қыршын кетті не саңлақ еркесі елдің.
Сондықтан да нұр болып толыса алмай,
Суық үрган гүлге ұқсан ерте семдің.

Бір тамшы жас іркіліп жанарына,
Мұңая қалғаныңа қарадым да:
– Жыламашы, – деп едім жалынгандай
Білмеймін қорықтым ба, аядым ба?

– Тұсінбейсің, бауырым, баласың ғой
Өскен кезде бәріне қанаңың ғой, –
Дедің де сырт айналып жүре бердің,
Шарқ ұрып, шешім ізден аласұрды ой.

Жігіт болып жүрсем де атқа мінген,
Сол сырының шешімін таппадым мен.
Нұр толтырып жаныма кетуші едің
Көңілді жүрген кейір шақтарыңмен.

Күн бойы егіз айдал, егін егіп,
Жүрдің сен жеткізсем деп жеріме құт.
Кешкілік отырар ең дірмен тартып,
Көтеріп жатқызған соң мені келіп.

Арман алыс, ол күндер жаның жарым,
Қай кезде тыныс тауып дамылдадың.
Білмедім мен –
Әйтеуір, бар ұққаным,
Көрмеуші едім тауынның шағылғанын.

Қалтқысыз кім айта алар бүте-шіге
Ойлаймын түссе сол бір күн есіме:
Әмірдегі соққының ен ауыры
Тиеді екен үлкеннің үлесіне.

Жақсы жүрсөң көп-ақ жәй да ағайын,
(Деген ойдан аулакпын майдалайын.)
Ауыр күнде әрі аға, пана болған
Әпке деген атыңнан айналайын!

ДОС ТУРАЛЫ СЫР

Қыындық көріп қинала қалсаң сен егер,
Дос болып адап, өзіне балап келе бер.
Қымсынба тіпті, қақпаймын эсте бетіңнен,
Басқадан бұрын қол ұшын берем, сене көр.

Анадан бірге тугандай ыстық бауырлас,
Дос үшін соққы жесең де жаның ауырмас.

Екі ұдай егер күн туда қалса басыңа –
Шын достан асқан жанашыр, сірә, табылмас.

Көңілім таза, болмайды менде кек деген –
Кезім жоқ, сірә, достықтан тайып шеттеген.
Тұрасын айтам, табылса кейбір сатқындар,
Оларды тіпті жауымнан бетер жек көрем.

Табиғат мені жаратсын, мейлі, жарлы қып,
Сөнбесе болды көкірегімде нәрлі үміт.
Сол үшін ғана айнымас берік достықты –
Ту қылып биік көтеріп өтем мәңгілік.

АГАЛАР

Әз агалар,
Жанашыр, ақылшылар
Жақсынды айтып,
Кемінді батыл сынар,
Сонысымен басқадан биік шығар,
Сонысымен басқадан жақын шығар.

Сонысымен жанынды баурап алып,
Көрінеді тұлғасы таудай алып.
Ағаменен сезбейсің ауырлықты,
Соқтықсан да күші артық жауға барып.

Агалардан көп көрген жақсылығым,
Кекірегімнен жыр болып ақсын бүтін.
Өзім емес, алдымен ағаға арнап,
Тігер ем, тігер болсам бақ шыбығын.

Аға деген кіршіксіз көнілменен,
Келдім бе екем о баста өмірге мен.
Аға жаны әрдайым ақ аспандай
Биіктігі парапар көгінменен.

Болмаса да өзіммен бір туганы,
Толқынданып кеудемде жыр тулады.
Мен оларды дастанға балаймын да
Армандаимын болуды бір шумағы.

Ақ тілегі астасқан арай күнмен,
Тогысатын теңіздей бар айдынмен.
Бір сәулесі немесе бір тамшысы
Болуды бар жаныммен қалаймын мен.

Мәз болар аға деген атқа дәйім,
Жасы үлкеннің бәр-бәрін мақтамаймын.
Жаман болса, жақының – алыс-тагы,
Жақсы болса, жанашыр жат та – агайын.

Өмір деген көп жайға үйретеді
Кей ағалар жанынды күйретеді.
Сондайлардан жиреніп бесесің де,
Әрі-сәрі түсесің күйге тегі.

Кейде күйге түсесің әрі-сәрі,
Екі сезім кеуденде алысады.
Бірақ түбі женеді жақсы көңіл,
Әз ағамен тілегің табысады.

Содан тагы қаласың кетеріліп,
Көкіргінде маздайды от еріліп.
Сенім деген сезімнің қанаты ғой,
Жақсы ағалар өзінен етеді үміт.

Жаратса егер табиғат жетелі ғып,
Жақсы ағалар өзінен етеді үміт.
Сондықтан д інілік ілтипатпен
Мен әрдайым басымды өтем иіп.

Талайларға бұл күнде ағамын мен,
Іні көңілін бақыт қой таба білген.
Мерейімді өсірер ертеңіме
Жақсылардың ізімен барамын мен.

Әз, ағалар,
Ақылшы, жанашырлар,
Кез алдымда биіктеп барасындар.
Әйткені сендер бізге аскар белдей
Панаңындар,
Дәрия-данасындар –
Бар болындар,
жақсы аға-жанашырлар!

САҒЫНАДЫ ЕКЕН

Адам балалығын сағынады екен,
Кимасын сағынғандай,
Сыйласын сағынғандай –
Қызығы мол –

Балдәурен,
Балғын шағын...
Көз алдыңнан сусиды сағымдардай.

Адам балалығын сағынады екен,
Анаң да еркелететін,
Ағаң да еркелететін –
Жолға шықса:
«Ел танып, жер көрсін», – деп,
Әкен дәйім қасына ерте кететін.

Адам балалығын сағынады екен,
Ойынан табары көп,
Кұлықтан хабары жоқ –
Ол эсте ойламаған ертелі-кеш
Біреулерге көңлім қалады деп.

Адам балалығын сағынады екен,
Кәмелетке толғаннан соң,
Ой тербел толғанған соң,
Бәлкім-бәлкім бәрі де –
Бейқам күнің
Қайта айналып келмейтін болғаннан соң.

СЕНТЯБРЬ ТАНЫ

Тап бүтінгі қуаныштың шегі бар ма,
тыңдашы,
Сентябрь де – ата менен немере үшін жыл
басы.
Құшағына толтырып ал қырдың қызыл
гүлдерін
Әне кетіп бара жатыр екеуінің құрдасы.

Қайта түлеп жасарған ба бүтін танда осы
өнір,
Қарай қалсан самсап кеткен қызыл алау
көше гүл.
Бірі – кәрі, бірі – балғын,
Жүректері лұпілдеп,
Мектебіне бара жатыр, бара жатыр қос өмір.

Жетпістегі қария мен жетідегі немере,
Екеуі де қалған екен қуанышқа кенеле.

Атам тегі Еркінменен бірге оқитын сияқты,
Десем, сірә, бұл сөзіме елдің бәрі сене ме.

Уақыт әділ, жалғыз сәт те тоқтатпайды
сағатты,
Бүгін, міне, сентябрьдің алтын арай таңы атты.
Атам сыңды миллиондаған аталаңдың
шаттығын
Жұдырықтай жez қоңырау жер-жаһанға
таратты.

Сентябрьде сезілмейді қоңыр салқын күз лебі,
Осы күні балдырғандар өмір сырын іздеді.
Осы күні ашып алғаш «Әліппенін» беттерін,
Куаныштан балбұл .канып нұрланады рені.

Шындығында бүкіл ата бала болып
қайтадан,
Осы таңда елден ерек ерте тұрып айтады эн.
Мен бе:
Жоқ, мен атам барда қамқоршы боп қайтемін,
Ол кісінің жақсылығын немереме қайтарам.

ДАРЫН ЕДІ

Сапаржан Хайдаровқа

Ол дарын еді
Жалын еді,
Тым ерте жаңып еді,
Білмейтін-ді кеуде ұрып, кісімсуді
Сонысымен кіші еді,
Алып еді.
Адамшылық таланттын бойға жиған
Ол дарын еді.

Бауырларын, достарын, сүйіп күллі,
Өмірге өз шуағын құйып кірді.
Аға болды ініге, ағаға іні,
Пенделіктен әр сапар биік түрді.
Жақын түгіл, жатын да сүйіп күллі.

Аға тұтқан көп жастың бірі еді м мен,
Табатынын оны ылғи Жыр елінен,

Жазбаса да жазғаның талайынан
Жақын еді өлеңге жүргімен,
Ақ ниетті қалтқысыз тілегімен,
Соны ұғатын көп жастың бірі едім мен.

Әнші еді ол өзі ән салмаса да
От болып көп көзінде жанбаса да,
Ән қадірін білетін елден ерек
Елікпейтін дабыра-далбасаға.
Әнші еді ол өзі ән салмаса да.

Қызығушы ем мен дәйім оны көріп,
Куаныштан көңілім толы болып.
Тоғысатын кішкентай жүргіне,
Тоқсан тарау таланттың жолы келіп.
Қызығушы ем мен дәйім оны көріп.

Жүрген жері думан-той, жиын еді,
Сол үшін ардақтайтын дүйім елі.
Кеудесіне бұл Сәкең ең алдымен
Адамшылық таланттың жиып еді.
Асылы онсыз сөз айту киын енді –
Жүрген жері думан-той, жиын еді.

Жалын еді,
Тым ерте жанып еді,
Жақсыны тая баспай таныр еді.
Талғампаздық таланттың бойға жиган,
Адам еді,
Әрі үлкен дарын еді.
Ерте сөнді-ау
Тым ерте жанып еді.

* * *

Айтары не,
жыртып алған жейде үшін,
Баламызға кейиміз-ау кейде шын.
Кешіре алмай еркелеген қылышын
Күрзі сөзбен желкелейміз жұлышынын.

Сыртқа шығып асық атса,
доп қуса..
Құрдастармен қақтығысы боп тұрса,
Жақсылықты жолатпастай маңына –
Ұмытпастай жазалаймыз тағы да.

Қаршадайдан үйіп-төгіп өнерді,
Тандандырса дейміз көп елді.
Ақын болар нәзік сыршыл жыры бар,
Талайлардың жан сезімін шын ұғар...

Тыңдал лебін құміс көмей әншінің,
Кекірекке құйылғандай бал шырын –
Нақ солардың тәс тақасқан досындаі,
Ұл-қызымыз болса дейміз осындаі.

Құдік-ұміт кезек қонып жүрекке,
Таусылмайды тойымы жоқ тілек тे.
Ғалым болса болашакты ғарлайтын,
Ұшқыш болса көк әлемін шарлайтын...

Жөн шыгар-ау,

Жақсы тілек – жарты ырыс,
Соның бәрі арман қуу, талпыныс.
Данаalyққа асықсақ та құмартып,
Бала кезде бала болған мың арғық!

ӘКЕ

Тарттың да тақсыретін көп бейнеттің,
Көктемгі шырын гүлше көктей кептің.
Мезгілсіз қыылдың да,
Арманыңың
Арайлы аскарына жетпей кеттің.

Жан әке!
Жетпей кеттің көп арманға,
(Әркімнің ойлаганы бола алған ба?)
Мұнына жетімдердің құлақ түріп,
Тенселді бізбен бірге көк орман да.

Тенселді көк орман да құніреніп,
Тұғанның бірі кетті,
бірі келіп.
Көп болды сүйегендер,
Сонда дағы
Не жетсін жүргеніңе тірі болып.

Балаңның баласы бар енді, міне,
Өсірді азамат қып кең дүние.
Сипады әке болып маңдайымнан,

Ризамын елімнің елдігіне.
Келтіріп мәре-сәре қостың әрін,
Думанда жиылады достың бәрі –
Үйрендім әкे болып,
Сонда дағы
Әкे,
Сенің орның бос тұрады.

Келсе үйге көршінің қара шалы,
Немереніз көрсетер «тамашаны».
Кей күндөрі сол үйдің тентегімен,
Келісе алмай,
Атаға таласады.

Тақсыретін тарттың дақөп бейнеттің,
Шырын гүлшең дәкебі көктей кептің.
Немеренді алдыңа ап әлпештейтін –
Осы күнге думанды жетпей кеттің.

ҰСТАЗҒА

Алтын күз –
Жапырақтар сарғайған шақ,
Шалқыса бала қиял шалғайды аңсал.
Келеді ұстаз бейнесі көз алдымға –
Әр уақыт өткенді оймен шарлай қалсақ.

Есімде алғаш ашқаны «Әліппейі»,
Есімде алғаш үйреткен әріптерді.
Есімде алғаш ұстаздың айтқандары,
Өз ұлындай арқадан қагып мені.

Сақшысындей балғынның күзеттегі
Есімде әйлекатемді түзеткені.
Есімде әлі қол ұшын беретіні –
Қындықтың кезіксе жүз өткелі...

Есімде әлі ұстаздың бар арманы,
Соны қуып келемін жарапғалы.
Үйретті ол әнбекке, ерлікке де
Үйретті ола яла деп адамдарды.

Өмірдің ағымынаң калмасын деп,
Киялым жатса дәйім алғасуиреп.
Ұғамын оны да мен ұстазымның –
Үйреткен окуының жалғасы деп

АСАУ

Ат үйрету –
улкен өнер әлі де,
Жел бітірер жасты қойып, кәріге.
Ауыздықпен арпалысқан асауга
Ер салсам дер тамам жұрттың бәрі де.

Батыл болып көрінуге құмар ел,
Батыр болып көрінуге құмар ёл,
Өзіне-өзің сенсек ғана ондайда
Білегінді сыбан дағы шыға кел.

Екпінімен құлататын тауды д.,
Асай-асау алған ерді бауырына.
Ондей кезде сен де асау бол, жігітім,
Жалтақтама,
Аңсарың шын ауды ма.

Кең далада ылдыы бар,
Өрі бар...
Асай қандар арашасыз жолығар.
Қардың басын қар алады дегендей
Сонан соңғы әуселесін көріп ал.

Малда да бір кезігеді марқасқа,
Бәлкім, оны байқамайсың алғашта.
Ал ол сени салған жерде-ақ таниды,
Жасық болсан,
Ат жалына жармаспа.

Аптығын шын басам десең жүйріктің
Жалпақ жонда құйындаі бір құйғытқын.
Сонда ғана ол құдыретіңе бас иіп,
Тағым етер тартқанына бүйрықтын.

Бас қамшыны,
Тақымыңды қыс-тағы,
Көрген жанның қансын көніл қүштары.
Елестесін дүйім елге сол замат
Жас асаудың пырақ болып үшқаны.

Орал содан ұзақ жолда алданбай,
Тақым жазып,
Құмарың бір қанғандай.

Өмір – жарыс,
Жазығында көсіліп
Асау дагы,
Сен де үйреніп қалғандай.

БАЛАМ АУЫРҒАНДА

Ып-ыстық қой,
От демің жалындаған
Не боп қалды кенеттөн, жаным балам?
Тынышталыш азырақ, тыныс алшы,
Азабыңың аударып бәрін маған.

Құлыншағым,
Қызығым, қылықтым-ау,
Жаутаң қағып жатқаның сұлық мынау.
Өзімнен де сен қымбат екенінді
Бұған дейін андамай жүріппін-ау.

Үш күн болды –
Әлі бір нәрсе сызбадың,
Ұшқындаиды көзінен әлсіз жалын.
Бұған дейін білмеппін,
Ұқтый бүтін
Ұқтый бүтін ғаламат жан сыздауын.

– Балам, балаң болғанда білерсің деп,
Ол күлгендे, қосыла күлерсің деп
Айтатыны атамың еске түсті,
Ол жыласа, сен бірге жүдерсің деп.

Жүргегіңнің естіліп дүрсілдеуі
Анаң отыр, әнекей, құр сұлдері.
Сен жатқалы ұмыттым мен де өзімді,
Ішкен асым бойыма бір сіңбеді.

Серги қойшы,
Сергіші, жаным балам,
Соғады әзер жүргегім жарылмаған.
Сен сауығып тезірек қуантшы бір
Азабыңың аударып бәрін маған.

ҚЫЗЫМА

Қызыым, саған арнау қашаннан-ақ ойымда,
Жария ғып айтып ем жасқа толған тойында.

Содан бері сөзімді жұтып жүрген жандаймын,
Бір қарызым өтелмей келеді екен мойында.

Айтары жоқ –

Сол жырды күнде жазғым келеді,
Іздегендеге ойдың да табылмай ма керегі.
Әлде неге көңілім елегізіп тұрады,
Толқытпай ма деп сол жыр не өзгені,
не мені.

Ақыл айту бұл күнде –

Жаттанды боп қалғандай,
Жетелер ме ол сені асулаарға армандай.
Жетем десен ұратқа, нысананды әрі ұста,
Місі тұтып әрнені,
Болмашыға алданбай.

Тіршіліктің таусылмас тарам-тарам жолдары,
Жақсы жүрсөн,

Әкене биік мерей ол дағы.
Менің саған тілерім,
Өсінетім және де
Суық сөзден,
Сұқ көзден аман болсаң болғаны,
Ең бастысы, құлышым,
Адам болсаң болғаны.

КӨҢІЛ КҮЙЛЕРІ

Біреулерге ұнаған кезіміз бар,
Біреулерді сынаған кезіміз бар.
Біреулерден есітіп жылы лебіз –
Біреулерден жылаған кезіміз бар.

Бірде – шынның шындығын айтамыз деп,
Бірде –

шынның шындығын айтамыз деп,
Есімізде –
ескерту алғанымыз:
«Жан-жағыңызды абылап байқаңыз» деп.

Соның бәрі өмірлік сабак болып,
Бірде – қату,

Бірде – ашық қабақ көріп.
Ойымызды ойласып айтар болдық –
Бірдің бір екендігін санап көріп.

Біреулерге ұнаған кезіміз бар
Біреулерді сынаған кезіміз бар.
Біреулердің жан төзбес жәбіріне –
Көре тұра шыдаған кезіміз бар.
Кезіміз бар шыдаған көре тұра,
Дауласпаймыз бәріміз өре тұра.
Тұгастықты тілейміз өзгелерден
Бірді екіге өзіміз бөле тұра.

Біреулерді орынсыз өкпелетіп,
Сүрінгеннің үстінен көктей өтіп,
Алға бассак,
абырай талқандаймыз,
Қалғандаймыз –
төбеміз көкке жетіп.

Жіпке тізіп тірліктің қайшылығын,
Сиғызарсың өлеңге қайсы бірін.
Қателессем,
айтарсың жанашыр жұрт –
Ежелден қайсың – аға,
қайсың – інім.

Біреулерге ұнаған кезіміз бар,
Біреулерді сынаған кезіміз бар.
Бірде көніл –
кектемнің күншуағы,
Бірде – қантар, қақаған сезім ызғар.

Ақты – ақ,
ал қараны –
қара демей,
Көпті – көп,
ал дараны –
дара демей,
Бәріне де бір өлшем береріміз,
Ескі демей,
ал мынау жаңа демей.

Жұмып қойып бәріне көзімізді,
Біле тұра алдаймыз өзімізді.
Сондықтан да ұғады өтірік деп,
Кейде өзіміз шын айтқан сөзімізді.

Ақиқат пен жаланың ара жігін,
Өзің ойла, құлышым,
қара бүгін.

Өзің айыр
ескінің ескілігін.
Өзің айыр
жаңаның жаңалығын.
Өзің адас –
адассаң алмагайып,
Жен табу да –
зердесі барға лайық.
Сен биікте шынар бол тұрсаң егер,
Біз-ақ жерде қуанып, таң болайық.

Мен сүрінген шығармын –
Сүрінбе сен,
Мен бүтілген шығармын –
Бүтілме сен.
Мен көргең жақсылықтың бәрін көр де,
Азабымның көрмегін бірін де сен.

ӘМІР БӘЙГЕСІНДЕ

Кеңіл – көл,
Бір тұнғы шайқалмаған,
Сырым көп,
Тек жеткізе айта алмаған.
Балалық –
балдауренім екенсің-ау,
Кезінде соның бәрі байқалмаған.

Откеннің өкінішін айттар ма адам,
Кезінде соның бәрі байқалмаған.
Табиғат, білейін шын мәрттігінді
Бір сәтке балалығым қайтар маган.

Қайғысыз,
қамсыз жүрер кездерімнің
Қадірін жігіт болған кезде білдім.
Жылдардың зымырауын сезбей қаппын
Жанында еркелеумен жездे-күннің.

Зулайды қалай-қалай мына күндер,
Уақыт жоқ бұрынғыдай бұламын дер.
Алайын озғандарды қуып жетіп,
Қайыспас қас батырдың шыдамын бер.

Кемедей жағалаудан алыстаған
Қазірде көп қызығың қалыс маган.

Енді ешкім балалыққа баламайды,
Хақым жоқ жасауға ешбір шалыс қадам.

Қанатын бер сұңқардың самғайтұғын.
Тұяғын бер тұлпардың талмайтұғын.
Қалпым бар ұлы өмірдің бәйгесінде
Бір озбасам құмарым қанбайтұғын.

КӨЗДЕР

Көздер, көздер!
Біреуі үлкен, біреулері кішірек,
Қарағанда тұrap дәйім ар жағыңан ішіп-
жеп.
Біреуі көк, тағы бірі қарақаттай мәп-
мәлдір,
Бір-біріне ұқсамайтын шіркіндердің түсі
көп.

Сол көздерге қарай берем, қарай берем
ынтығып,
Сол кездерде жатқан жоқ па алуан-алуан
сыр тұнып.
Кейбіреуі шоқ орнында қоламтаға ұқсайды,
Кейбіреуі тұrap дәйім биіктерге ұмтылып.

Көздер, көздер!
Көп еken гой бұл өмірде не түрлі,
Кейбіреуі енді-енді сенетүғын секілді.
Кейбіреуі тұнде жанған жарық жұлдыз бейне
бір,
Ондай көздер елемейді анау-мынау отынды.

Кей көздер бар аш бөрінің көздерінен
аумаған,
Іздейтүғын бұғып жүріп корадан қой,
таудан ақ.
Ондай көздер күндіз сөніп, тұнде ғана
жанады,
Өз құлқынын ойлады ылғи, сондықтан да
жаяу маған.

Көздер, көздер!
Жанып тұрган адамның қос шырағы,
Таң атқанда кекжиектен күлім қағып шығады.

Ол бейне бір тіршіліктің сақшысындағы
қырағы,
Жақсылықты, жамандықты қалт жібермей
ұгады.

Көздер, көздер!
Біреуі үлкен, енді бірі кішірек,
Қарағанда тұрар дәйім ар жағынан ішіп-жеп.
Сол көздерде талай-талай сыр жатыр ғой
үққанға,
Әттең ғана кейде адамның оныменен ісі жок.
Жолдас болдым жаспенен де, құрбыменен,
кәрімен...
Көп көз көрдім, көремін ғой миллион-мыңын
әлі мен,
Адалдықты, адамдықты ойлғайтын әрдайым
Тұңғирықтай ойлы көзді сүйем артық бәрінен.

ШЫНЫМ – СЫРЫМ

Куанышым болса егер –
Бойға сіңген әдетім бар жасымнан,
Соны анама жеткізгенше асығам.
Мерейі өсіп,
көтеріліп қалсын бір
Көріп менің көңілімді тасыған.
Куанышым болса егер –
Ісім асып жатса дағы басымнан,
Достарыма жеткізгенше асығам.
Дәл өзімдей қуанады олар да –
Сондықтан да не сырымды жасырам.

Куанышым болса егер –
Жеткізгенше асығамын тағы да,
Ұл-қызыма,
үйде отырган жарыма.
Шаттығымды шалқытатын қашанда
Ризамын мен солардың барына.

Куанышым болса егер –
Бәрін,
Бәрін...
былай қойып басқаның
Ең алдымен білсе деймін қас жауым.

Сонда менің көтеріліп өр еңсем
Сонда менің биқтейді аспаным.

Әлдеқалай ренжісем егерде –
Сездірмеймін,
іштен тынып қаламын,
Мұз бол қатып,
От бол күйіп-жанамын.
Жұқ ауырын нар көтерер қашанда –
Көңліне дақ салмайын деп ананың.

Әлдеқалай ренжісем егерде –
Сездірмеймін батса дағы жаныма
Достарыма,
ұл-қызыма,
жарыма...
Ауырлықты өр көтерер деген сөз
Куат беріп,
Күш қосқандай тағы да.

Әлдеқалай ренжісем егерде –
Бәрін,
Бәрін... былай қойып басқаның,
Сезбесе екен деп тілеймін қас жауым.
Еңсем түсіп,
мерейі ессе олардың
Аласарып кететіндей аспаным.

ӨТЕДІ КҮНДЕР

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім
Өзеннің ағысындей,
Толқынның жарысындей.
Ой көшіне көз салып тұрмын өзім
Жағалаудың тербелген қамысындей.

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім,
Міне, міне,
Бәрі де көз алдымда –
Сейлеп кеттім сол замат сөз алдым да.
Өмір – күрес,
Жығылдым...
Жықтый қанша,
Жыр-бәйгеде біреуден оза алдым ба.

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім,
Тірліктің бәрі сауал,
Бәрі сұрақ.
Үлгермейсің түгелдей танысып-ақ.
Кешкен ғұмыр не берді,
Алда не бар –
Соны ұқсан деп келемін әлі шыдал.

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім,
Көп түндерде із күған сонаршымын,
Талай жерден омбылат жол аршыдым.
Кей саларда қанжығам қанды болып,
Кейде,
Кейде уақыт тек болар шығын.

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім,
Арман-тауын бетке алып жүріп келем,
Бағдарымды дәл басар бірлікті емен –
Кей күндерім өтеді сенімге мәл,
Кей күндерім беймәлім күдікпенен.

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім,
Бітпейтін тіршіліктің арнасы әлі
Тоқтамайды,
тынымсыз алға асады.
Тілерім тек –
Болғаны үзілмесе,
Арманыммен ертеңгі жалғасады.

Өтіп жатыр белгісіз көп күндерім,
Өзеннің ағысындай,
Толқынның жарысындай,
Тұлпардың шабысындай.
Мен түрмyn ой көшінен көз айырмай,
Тербелген жағалаудың қамысындай.

ТҮСІНІНДЕР ӨЗІМДЕЙ

Бір сезімді екіге бөлінбекен,
Бір сезімді екі ұдай көрінбекен.
Түсініндер, бауырлар, өзіме ұқсал –
Екі жүзді болғам жоқ тегінде мен.

«Болар екен осы бір тұстар қалай,
Қабылдайды:

Дос қалай?
Дүшпан қалай?»
Деген күнім жоқ шығар, сірә, менің –
Нені айтсам да,
Тура айттым тұспалдамай.

Бұркей алмай сезімнің жасындарын,
Кейде, бәлкім, бар шығар ашынганым.
Нені айтсам да әйтеуір барымды айттым,
Барымды айттым,
Ойымды жасырмадым.

Дос-жолдастың тәндігін сақтай білдім,
Еркін кетіп,
Есігін қақпай кірдім.
Кейбірінің мансабын ескермеппін,
Содан барып талайға жақпай жүрмін.

Қайтемін –
Ойламағам жақсам-ау деп,
Әркімдердің қөңілін тапсам-ау деп.
Өртенсе де өзегім өзгермедім,
Көрінбедім барымнан басқалау бол.

Азсынбадым барымды,
көпсінбедім,
Шаршап жүрген кезде де –
жоқ сұлдерім.
Көңілді боп көріндім былайғы елге,
Куанышпен күндерім өтсін дедім.

Бір сезімді екіге бөлінбеген,
Бір сезімді екі ұдай көрінбеген,
Ұғындар табиғаттың өзіне ұқсан –
Екі жүзді болғам жоқ тегінде мен.

ӘMIP ЗАНЫ

Уақыт емші –
Табар дерттің дауасын,
Өткен күнге өкінбейік десек те –
Тағдыр өзі –
жерін,
суын,
ауасын
Қалтарыссыз салып қойған есепке.

Оралмайды гүлжазира көктемің
Оралмайды қызығы көп жаз-дәурен
Зандылық сол, қажеті не өкпенің
Өмір бойы өткен жан жоқ маздаумен.

Табиғаттың өз үкімі жазылған
Ай сәулесі тұрмайды әр кез нұрланып.
Күш кетеді күз келгенде жазынан
Күн көзі де қыздырмайды бір қалып.

Қайда қашып құттыламыз шындықтан,
Адам тегі тіршіліктің қонағы.
Таланттың да бүкіл әлем ынтықкан
Тоқырайтын бір сәттері болады.

САҒЫНДЫМ, ӨРНЕК

Сағындым, Өрнек,
Сағындым сені, аяулым –
Сағыныш кейде түсірер жанға қаяу-мұн.
Өзіңнен асқан мекен-жай бар деп білмеймін
Дүниенің маған көрсетсе дағы қай ауылын.

Сұлу да емессін,
Таласқан кекпен тауың жоқ,
Майысып тұрған миуалы бақша-бауың жоқ.
Ерекше біткен болмысынды да айта алман:
Алардай көздің жауын! – деп.

Аумағың болса,
Ауыз толтырып айттар ем,
Бірақ та сені таптаймын ізdep картамен.
Сонда да маған –
Өзіңнен ұлы жер жоқтай,
Өзіңе қарап тұрған секілді жарты әлем

Сағындым, Өрнек
Мен үшін өзің ерексін,
Шалғайда дағы жүресін дәйім жебеп шын.
Қысылсам дағы керексің,
Асылы, сенен артық ауылдар көп шығар,
Бірақ та саған не жетсін,
Бірақ та саған не жетсін!

ӘКЕ ӨСИЕТІ

Әкем ылғи айтатын:
Іс түскендей болса, балам, басыңа,
Жұрт көзінше жасыма.
Сумаңдаған сырт көздерге сыр берме,
Сынамаққа келсе дағы қасыңа.

Бәлкім, олар аяган боп досындей,
Қыны сәтте осындай
Бермек болар қол ұшын.
Тек бетіңиен тая көрме сол үшін,
Қиналсан да өт сын-көпірден тосылмай.

Аяулың да,
Асылың да –
 Ар-намысың
 Алдырма!
Оны алдырсан, тиянақ жоқ алдында.
Ар жолында өзің өлсөң, өліп кет –
Азабын да,
 мазағын да көріп тек –
Бірақ, балам, алда мені,
 Артта өзіңнің ұлынды
Мәңгі ұятқа қалдырма.

Үй салғандай іргетасын мықты ғып –
Мұны әкеме өз әкесі ұқтырып,
 Айтқан екен,
Мен де ұлымға осы сөзді қалдырам
Ұрпақтардан ұрпақтарға жалғасатын құт біліп!

ЖЕТКІЗБЕЙДІ БАЛАЛЫҚ

Өмір жайлы көп ойлаймын тұндерде,
Көңілімді күдікті ғып жүрген не –
Жасадым ба біреулерге қиянат,
Және өзімнің есем кетті кімдерге!

Тұн.
Оңаша.
Қара құңғірт бөлме іші,
Ойлар,
 Ойлар,
 Кез алдында көлбеші.

Баяу соққан қол сағаттың тықылы,
Қиял құған көнілімді бөлмеші.

Отырайын өзімменен өзім боп –
Уақыт қайда,
Болғанменен төзім көп.
Өлең қалай оралады ойыма
Қақтығыстар түсірмесе сезімге от.

Қопарғандай мидың мың сан қатпарын
Өмір жайлы ойлаудан көп тапқаным.
Қайсыбірін еске алудан ұлдыым,
Қайсыбірін елге айтуға батпадым.
Өмір жайлы,
Көніл жайлы қаншама
Сыр ақтарып,
Жыр жазуға бар шама.
Тіршіліктен түнілгем жоқ қашанда –
Біреулерге көнілім шындал қалса да.

Өмір жайлы,
Көніл жайлы қаншама
Сыр ақтарып,
Жыр жазуға бар шама.
Адамдықпен ашты біреу құшағын,
Арамдықпен біреу қырына алса да.

Есеп беріп соның бәрі-бәріне,
Тіршілікте кездесер деп әлі не –
Шет-шегі жоқ –
Тарам-тарам жолдармен
Кетіп барам,
Кетіп барам әріге.

Тұн.
Оңаша.
Қара күнгірт бөлмені
Ешбір дыбыс,
Ешбір сыйыс бөлмеді.
Бала күнгі суретіме қараймын
Анам өзі іліп қойған төрдегі.

Өтіп кеткен,
Өтіп кеткен қанша жыл –
Жаза берсе таусылмайтын қанша жыр.
Ұйқың да мол,
Күлкің де мол,

Бәрі мол –
Тіршіліктің осы екен ғой бал шағы.

Балғын өңі,
Ойсыз, мұңсыз жанары,
Мен қарап ем,
Ол да маған қарады.
Соны көріп көкірегімде бір сезім
Балалықтың алауындај жанады.

Қазірде рас, өмірге өкпем жоқ менің,
Сыр айтам деп,
Шынымды айтсам, сөкпегін.
Бақыттың да,
Байлығым да –
Бәрі бар...
Ақын деген атым да бар көп-көрім.

Үйім де бар,
Күйім де бар,
Бар бәрі –
Жүрем деген ойым да бар алға әлі.
Тыным бермей тепеңдетіп келеді
Тіршіліктің балаңқұйрық арманы.

Бойда – қуат,
Ойда – қуат,
Білім бар –
Алда да көп жылым, айым, күнім бар.
Алыс деген арманға да, егерде
Шындал кетсем, жететұғын түрім бар.

Күн артынан күндер келіп,
жаңарып –
Бәлкім, тілтен қолын берер Даналық.
Нақ білерім –
Күліп тұрган төрдегі
Жеткізбейді ойсыз, мұңсыз Балалық.
Ойсыз, мұңсыз Балалық!

МЕНИҢ КӨҢІЛІМ

Кейде-кейде қиял қуып кетем де
Жүрем жалғыз жан баспаған мекенде.
Сергітем деп селкеу тартқан көнілді
Сейіл құрган – шын рақат екен де.

Көрген емен қындықтан тартынып,
Ой омбысын кешсем бірде малтығып –
Енді бірде арманымның ақ құсы
Көтерілер кең аспанға шарқ ұрып.

Қас тұлпардай қашай салып түяқты,
Қарш-қарш кесіп бетегені, қияқты.
Менің көңілім тоқауылға тоқтамай
Шыңға шығып келе жатқан сияқты.

ШАРУАҚОР ЖАН ЕМЕСПІН

Жаз – шана,
Қыс – арбасын әзірлеген,
Шаруақор жан емеспін әзірге мен.
Шабыт әсте күтпейді ауа райын,
Айырмайды қысынды жазыңменен.

Ескермейді күнінді,
түнінді де –
Кештеу жаттым тағы де бүгін, міне.
Оралмай жүр өкпелі ағайынданай,
Бәлкім, менен біржола түңілді ме?!

Не жаздың деп сұрайды достар менен –
Озбай қалса бәйгеге қосқанменен,
Өлім болар сөз беру ағайынға –
Тумайды еken жақсы жыр жоспарменен.

Жаз – шана,
Қыс – арбасын әзірлеген,
Шаруақор жан емеспін әзірге мен.
Шабыт кейде жай ғана мазалайды –
Женгейлердей қафытып әзілменен.

Айналайын,
Әзілде әзілдесең –
Кекірегіме кондырып назынды әсем.
Сеніменен қысым да,
жазым да әсем!
Сен болмасаң,
жан сыйздап ауырмас ем,
Сен болмасаң,
жадырап жазылмас ем.

Сен келесің сәт сайын мазалаумен,
Мазалаумен,
кейде шын жазалаумен.
Жансам жанып кетейін біржолата
Әуре етпе тек маздақсыз аз алаумен,
Әуре етпе тек маздақсыз аз алаумен!

ШӘКІРТ СӨЗІ

Сіз кітапқа зәру емессіз –
Білемін!
Сонда да болса тілерім –
Баяғыдай-ақ,
Ұстаздық сезімталдықпен
Тыңдал көрініз шәкірттің албырыт жүрегін.

Жыр ғана емес –
Шыным-сырым да осында,
Көресіз бұдан көнілімнің шаттық-хошын да.
Көресіз бұдан мазасыз, бейжай шағымды –
Күтпеген жерден тіреліп қалған тосынға.

Сел-сезім кейде ақ нөсер болып құйылады,
Өрекпіл жүрек,
әдеттегісінен жиі ұрды.
Ашық аспандай –
қалтарысы жоқ жанымның,
Көресіз бәрін –
бүкпесіз қөніл күйімді.

Адамда бәрі –
Бәрі де соның болады –
Алқыну кейде,
Аптығу тіптен көп әлі.
Нотасы тәмен,
Ал бірде, бәлкім, жоғары –
Тамыршидай-ақ тап басып айтту Сізге сын
Шәкіртіңіздің жүргегі қалай соғады?

ҚАТАРДАМЫН

Сапардамын,
Таусылғанша өмірден татар дәмім.
Біреулерден озықпын,
Біреулерден кейіндеу жүрмін, рас,

Жалпы алғанда,
Халқыммен қатардамын.
Тіршіліктің,
Барлығын байқаттың бір шыбықпын.
Балақандай тәй басқан –
Биіктерге қол созып талпынамын,
Кетпесем де ерекше құлшынып тым.
Өзімді өзім –
Шынымды айтсам, қораштау сезінемін.
Кейде тіптен соны ойлап көз ілмедім.
Жас емеспін,
Бас болу – мұрат та емес,
Десек те шылқып жүрер кезімдемін.
Ғашық қылған –
Ертеңім бар өзіне асықтырган
Жылдар өтіп барады зымыраған.
Тізгіндемей талаптың Тайбурылын
Алайын да тағы бір асып қырдан.
Сапардамын,
Тіршіліктен біткенше татар дәмім,
Жоқ достардан бөлекше жат арманым,
Бірде ілгері,
Кейіндеу жүрем бірде,
Жалпы алғанда бәрімен қатардамын!

БІР МЫҚТЫ БАР

Шаршап келем,
Кей кезде кейіп келем,
Бөгде біреу шошынар кейіппенен.
Әзіл айтса жеңешем, көкем, мейлі –
Тіс жармаймын,
Сіркем су көтермейді.

Басқа кезде өктемдеу жұбайым да,
(Осы – үйдегі «әміршім», «құдайым» да)
Қабагымның қыртысын байқап анық,
Женеледі басын бір шайқап алып.

Біле ме еken ұлының қайсарлығын –
Анам да сөз айтпайды,
жайсан бүгін.
Назар салмай ондайда қайта маған,
Байқаса да,
болады байқамаған.

Балаң сенен осы-ау деп асты деген,
Қарайды әкем көзінің астыменен.
Жатпаса да тәпіштеп, түсіндіріп,
Жақтырмасын тұрады ішім біліп.

Мейлі, достар,
сынаңдар, сынамандар –
Маған өктем ондайда бір адам бар.
Базаршыдай қол салып қойыныма,
Асылады еріксіз мойныма.

Ол мықтыңыз мен тұрмақ ата-анамды,
Өз ырқына көндіріп матап алды.
Қайтем енді мән-жайын түсіндіріп,
Кім екенін отырғой ішін біліп.

АСЫҚТЫМ

Таңдарға асықтым –
Жаңалық әкелер деп.
Занғарға асықтым –
Данаңың әперер деп.

Көктемге асықтым –
Гүлдерін сағынғаннан.
Әткелге асықтым –
Алыстан сағымданған.

Ертенге асықтым –
Кияда қол бұлғаған.
Еркеме асықтым –
Ұяма толтырған ән.

МЕН ӨЗІНДЕЙ

Тында, балам,
Мен өзіндей баламын.
Көп жоғымды сенен іздең табамын.
Сен қуансаң,
Төбем көкке жетеді,
Сен кейісек,
Мен де жер боп қаламын.
Ілегіне ілесіп мол дүрмектің,
Уақытты ұрлап есейтсе де жүрдек күн,

Ескермеппін –
Сен ұқтырдың көп жайды
Әкелердің міндеті не?
Білмеппін!

Соның бәрін сен келдің де ұқтырдың,
Бойымдағы бұлалықты бұқтырдың.
Қанша тулап алдырмаймын десең де,
Өз аларын алады екен үткүр күн.

Сейілге де өзіңменен бір бардым,
Бірге тердік қызғалдағын қырлардың.
Бірінші рет сен класқа кіргенде,
Мен сыртында тағат таппай тұрғанмын.

Алғаш тағы бестік алып келгенде,
Өсіп кеткен секілдендім мен демде.
Теніз болып толқын атып жатқандай
Бір бұла күш бұлқынған-ды қеудемде.

Сол толқынды елдің бәрі көрсе еді –
Іштей қанша аймалатты ол сени.
Сөзге тегі сыймайды екен, құдай-ay,
Әкедегі махаббатың өлгөмі.

Солай, балам,
Мен де өзіндей баламын,
Кекірегімде таусылмайтын бар ағын.
Сен қуантсан,
Төбем кеккө жетеді,
Сен кейітсен,
Мұқап, жер боп қаламын.

БӘЙГЕ

Бәйге, бәйге,
Құнан бәйге,
Ат бәйге...
Біреулерге бедел бәйге,
Бақ бәйге.
Қызба халық жата алмайды үйінде —
Қызық үшін құба жонға қаптайды ел.

Алдын ал бір-бірімен таласып,
Кейде – керіс,

кейде әзілдер жарасып.
Қия бетті құж-құж қылып жіберді,
Дауыстары алты қырдан әрі асып.

Кейде бәрі қарияны тыңдайды,
Сансыз жүрек лұпілдейді, тыңбайды.
Қосқан атың озып келсе,
Бақыт та –
Озбай қалса,
Атамаңыз мұндаиды.
Озбай қалса,
Иесіне сол айып –
Үміт-күдік алма-кезек молайып,
Шаң астынан көрінген бір қараны
Жориды іштей –
Менікі деп толайым.
Басқа ат десең көрінген сол қараны
Түсі қашып,
Жарқ етіп бір жанары:
«Хоғал, – дейді, – осы арадан барындар», –
Сәт ішінде тас-талқан бол қалады.

Ат қосқанның мінезі де кіді тым –
«Сіздікі», – деп тұтандырсаң үмітін
Бәйгені әкеп бергендей-ақ қолына,
Сені достай ұғынады, жігітім.

Бәйге, бәйге,
Құнан бәйге,
Ат бәйге...
Шаршы топта бедел бәйге,
Бақ бәйге...
Ұлы дүбір ат жарысын жаңғыртып
Жүргегінде өмір бойы сақтайды ел.
Намысы бар жігіт болсан,
Шаппай көр!

ЖАРАСҚАНДАЙ

Бірде шалқар,
Бірде асқақ,
Бірде мұнды...
Сәтте өзгергіш,
Қайтерсің бұл көңілді.
Қамығу деп ұқпаса жарап еді
Калың ойға қамалып жүргенімді.

Бірде шалқар,
Бірде асқақ,
Бірде мұнды...
Сәтте өзгергіш,
Қайтерсің бұл көнілді.
Жеңілтектік демесе жаарар еді
Сергіп кейде, серпіле күлгенимді.

Айыра алмай –
Ағайын,
Алаш қандай:
Шалыс кетсем тал түсте адасқандай.
Жүргенімді ойласам,
Соның бәрі –
Пенделікке,
Пендереге жарасқандай.

ЖАЛҒЫЗ ТАЛ АҚ

Жалғыз тал ақ самайда –
Нысана ма,
Соныменен жастығым тұсала ма.
Соныменен от жүрек салқын тартып,
Карттық деген қызыл көз күш ала ма.

Жалғыз тал ақ –
Қарайды жарым маган,
Күнім нешік кездे ертең қабындаған.
Бәлкім, іштен түр ма екен есеп жасап.
Асаулығың қалды деп арындаған.

Жалғыз тал ақ –
Қараймын айнаны алып,
Қойғандай біреу қолмен байлап анық.
Құтылмайсың дейтіндей енді менен
Қашсан да,
Тығылсаң да қайда барып.

ЖАТСАМ-АУ БІР

Көктемнің несеріндей құйылмаган,
Шабытсыз шабан шактар қыын маган.
Қазыққа арқандаған арғымақтай,
Бір жерді айнала оттап шиырлаған.

Сәбидей тұсауы әлі қылмаған,
Шабытсыз шабан шақтар қын маған.
Жанымнан барады етіп уақыт тұлпар
Жалт етіп бәйге атындаған құйындаған.

Дауыл ма соқтай түрған,
Жауын ба әлде,
Төбесін бұлт бұркеген тауым ба әлде.
Еңсемді дел-сал қылып көтертпейді
Шабытсыз шақ бәрінен ауыр ма әлде.

Білмеймін қанша қунге созыларын,
Білмеймін шабыт қашан сөз ұғарын.
Көктемдей жатсам-ау бір жайып салып,
Жамыратып қырқыларға қозы-лағын.

ҚУМАСЫҢА ҚОЙМАЙДЫ

Тұн.
Ай жоқ,
Жұлдыз да жоқ,
Тас қаранғы –
Зер шашып көрінбейді аспан әрлі.
Баспасаң аяғыңмен байқамайсың
Алдыңа сылқ еткізіп тастағанды.

Тас қаранғы –
Меніреу дала сұлық.
Шөп ауып,
Өгіз құлап,
Шана сынып...
Аяқ асты пәлеге тап болғандай
Жүргегің өрекпіді аласұрып.

Қап-қаранғы,
Айналаң көр сияқты,
Артың – құз,
Алдың – шатқал, ер сияқты.
Айсыз тұн,
Меніреу дала,
Айнала аран
Алдыңа жайып салар мол сұрақты.

Сол сәтте көрінеді жарық сәуле –
Жақын ба,

Біле алмайсың алыс па әлде,
Үміттің үзілмеген талшығындақ
Шақырап алдарқатып зарықсан не.

Куасың сол сәулені,
жетім дейсің,
Елігіп барған сайын екпіндейсің.
Алдыңда алдамшы арман – тұнгі жарық
Қай тұста ұстарынды тек білмейсің.

Тұлкі арман бір жақындаپ, бір алыстап...
Көлбендең көз алдыңда тұрады ұшпақ.
Кей сәтте аяулың бол көрінеді
Қарсы алған қыр астынан шырақ ұстал.

Өзінде жетпесінді жұз ұқтырып,
Үмітінді біржола үзіп тұрып
Куасың сол жарықты,
Кумасыңа
Қоймайды арман шіркін қызықтырып.

ҰШ АСУДАЙ

Жас едім мен –
Өмірден аз көргенім,
Асылында кінэм болмас ол менің.
Көп жайларға кезігетін күндеңі,
Назар салып,
Көңілімді бөлмедім.

Жігіттердің тобына алғаш қосылғам –
Бір қария сұрақ қойды тосыннан:
«Досыңмен деп көп айтады кейбіреу,
Айырдың ба соны сен шын досыңнан?

Қияға ұшып,
Көкке құлаш сермеген
Кезігерсің талай-талай пендемен.
Олардың да айырмасы болады –
Айтшы, балам,
Кім сенінше ер деген.

Кекірегі алаулаған арай бол,
Бұл фәниден талай өткен,
талай кеп,
Жомарт жайлы көп айтамыз тағы да,
Ал сен соны түсінесің қалай деп?»

Ел таныған Ер кім,
Жомарт,
Досым кім?
Таба алмадым дәл өлшемін осының.
Өмір деген Ұлы жолда мен алғаш
Үш сұраққа жауап таппай тосылдым.

Тіктей қадап қария қос жанарын,
Қайталады жаңағы үш сауалын.
Өміріңе сабак болсын дегендей,
Содан кейін қайтарды өзі жауабын.

Тағдырдың да тайғақ тартар шағы бар –
Тасқа тиіп тауың кейде шағылар.
Сонда, балам, шын Дос қана айнымас –
Қысылғанда қасындан сол табылар.

Екіталай қауіп-қатер келсе күн,
Айбар емес тағы жүрген семсерсін.
Батырым деп көтермейді төбеге
Ерлігінді көрмесе өзі Ел сенің.

Халық – қазы,
Босқа атақ бермейді,
Кез келгеннің соңынан көп ермейді.
Ел басына күн туғанда қол бастап
Кім шыға алса,
Соны ғана Ер дейді
Дариядай тартылмайтын кемері –
Жомарт жандар сирегірек келеді.

Анық жомарт өзі жаяу қалса да
Жолаушыға атын түсіп береді...
Үш асаудай –
Тірліктің үш сауалы
Алда да көп мен шығатын тау әлі.
Соны ғана ұқытывандай ұлына
Көпті көрген қарияның жауабы.

ОЙЛАҒАНЫМ – ЖАҚСЫЛЫҚ

Қалада да
Далада да көп болдым –
Киял жүгін қанжығама бөктірдім.
Куанған да,

Қиналған да кезім бар,
Бір басымнан талай күйді өткердім.

Жүрдім талай жолдарменен бұралан,
Кезіктім де қанып іштім тұмадан.
Сүріндірмек болған кезде бір адам,
Қолтығымнан сүйеп қалды бір адам,
Содан болар,
жүрмін әлі дін аман.

Кей жамандық жүрсе дағы құса ғып,
Кеттім тағы сол демеуден күш алып.
Өмірдегі жақсылықпен қашанда
Зұлымдықтың жолын талай тұсадык.

Ұзак ғұмыр
Тегіс емес жол да аса,
Жылдылықты ұгады кім тоңбаса.
Жақсылықтың мерейі ұстем болар ма –
Қатар жүрген жамандығы болмаса.

МЕН БОЛМАСАМ...

Сен ренжіп кеттің-ау,
Білем, білем...
Өзім дағы соны ойлап жүрем кілең.
Өкпелейтін жөнің бар,
Мен – ағамын,
Мен болмасам кімдерге ренжір ең.
Өкпе де емес,
Ол, бәлкім, еркелігің –
Аға жоқта ініні ертеді кім?
Мен өкпелей алғам жоқ сен сиякты,
Соны ойласам жүректі шертеді мұн.

Арман таулар!
Шығар шың-құзына кім –
Соны ойласам тағы да бұзыламын.
Кейде тіпті өкпешіл
әрі өктемшіл
Саған, бауырым, керемет қызығамын.

Білемін,
Мені биқ бел көрерсің,
Ағам ақын деген соң,
Ел не десін.

Әрқайсымыз бірақ та әр бағытқа
Мініп кеттік уақыттың жел кемесін.

Алғаш сен кеп,
Содан мен саған барып,
Бірімізге біріміз аландадық.
Бара-бара арамыз ағытылып,
Жеке-жеке жол тарттық тарамдалып.

Солай екен,
Бас алып бір қайнардан
Қанша бұлақ жол ашып зырлайды алдан.
Әрқайсысы табады өз арнасын
Тірлік барда әйтеуір тынбайды арман,

Шүкір!
Қазір өзің бір арнасын,
Талай бұлақ саған да бұрар басын.
Сейтсе дағы білемін,
Маған мәлім
Өкпе арқалап ағасыз тұра алмасаң.

Кеттің, иә, ренжіп –
Білем, білем...
Өзім дағы соны ойлап жүрем кілен.
Бары жақсы өкпе артар адамынның,
Мен болмасам кімдерге ренжір ең.

БАРА АЛМАП ЕМ

Жылдағы әдетімнен жаңылғандай –
Биыл жазда ауылға бара алмап ем.
Бара алмап ем,
Бірақ кеп алаңдап ем,
Жетті хаттар дем алып екі иіннен,
Сағыныпты-ау жарықтық анам да ерен!

Содан болар,
Хаттардың күйі мықты –
Анам шындаپ ұлына шүйіліпті.
Ата-бабаң өсken жер – Есіл бойы,
Көшіп кел, – деп, – кешікпей!
Бұйырыпты.

Бұйырыпты –
Жен-ақ қой бұйырғаны,

Мені өсірген сол жердің түйір дәні.
Қарт анаға түсіну қандай қызын
Күйі-жайын ұлының қызырдағы.

Жүр дей ме екен сағынбай ұлы ауылды,
Артты арқама өткен жыл кіл ауырды.
Біраз жаттым жөнделіп емханада,
Босатып ақ құлак күй бұрауымды.

Шалғай кетсең, бір түрлі жол да қатқақ,
Ана-мына тіршілік –
Ол да қаптал.

Қанат байлап ұшсам-ау дей жүріп те,
Шыға алмадым саулықтан қорғалақтап.

Ата-бабам өскен жер,
Мен өскен жер...
Шақырғандай қол былғап дөңес белдер.
Жасыл тоғай,
Ерке Есіл
Ақ қайындар,
Жагалауы балқұрақ күміс көлдер.

Шақырғандай бәрі де кел деп ұлын,
Шығарғам жоқ жадымнан мен де бірін.
Астанадан әйтеуір жібермей жүр
Ақындығым және де пенделігім.

Рас, көңіл шарқ ұрып шығандайды
Сейтсе дағы анасын кім алдайды.
Қалажанды келінің, үш немерсөң
Тағы бір күн қаласыз тұра алмайды.

Ана шіркін бәрін де жебеп, шыдар...
Толып жатып әр жерден терек, шынар.
Деп ойлаймын және де –
Астанаға
Өрнектен де бір ақын керек шығар.

ҰЙҚЫНДЫ ҚАНДЫРЫП АЛ

Ұйықта, балам!
Ұйқынды қандырып ал –
Тіршіліктің әлі көп бал күні бар.

Мең-зен болып жүргенің жараспайды –
Тараған жоқ далада таңғы мұнар.

Ұйықта тыныш,
Ұйқынан қалма, жаным,
Аман жүрсөң ұгарсың алда бәрін.
Ертегідей естілер айтсам егер
Балғын күнде үйқымның қанбағанын.

Өзіңнен де жас едім –
Онда-ак едім,
Сенікіндей тоным жоқ онда менің.
Сабан тасып,
Шөп тартып,
Мая салып...
Аязында акланның тонған едім.

Адам айтпас Арқаның аязы бар,
Тоңбағандар оны да саяз ұгар.
Тығып алған қойынға жарты күлше
Тоқтық емес,
Бойыңа жаяды ызғар.

Өліп-талып іңірде ораламыз –
Жол бойында сан қылы болады аңыз.
Арық-тұрақ өгізді өлмесін деп,
Неше жегіп,
Неше рет доғарамыз.

Көктем келсе,
Диқанбыз –
Жер айдаймыз,
Бас білмейтін өгізді жеге алмаймыз.
Сонда дағы:
– Шама жоқ мынау іске,
Не болмаса шаршадық, – дей алмаймыз.

Соғыс бізге қалдырмай ерке қылық
Бұғалықтап түсірді ерте құрық,
Қоғамдасу жайын да ерте ұғындық –
Отынға деп әкелген ағашты да
Үй жылдытпай,
Соқаға терте қылдық.

Ұйқымыз да аз болды,
Күлкіміз де –

Балалықтың бұзылды шырқы бізде.
Сол күндердің бір күнін қызығы мол
Таба алмадым кейіннен мың күн іздең.

Балалық шақ!
Бал дәурен күлкің балдай
Өте шықты зымырап,
Шіркін, қандай.
Соны ойласам,
Боламын әлі күнге
Жүрген адам секілді үйқым қанбай.

Ұйықта, жаным!
Ұйқынды қандырып ал,
Тірлігінің қазірде әр күні бал.
Мен-зен болып жүргенің жараспайды
Тараған жок далада таңғы мұнар,
Ұйықта тыныш –
Ұйқынды қандырып ал.

* * *

Сен қарайсың,
Қарайсың сен көз алмай,
Сол қарастан тәзімім де тозардай.
Сан бәйтегенің алдын бермей келгенде,
Қалдың дейсің бүтін қайтып оза алмай.
Қалдың дейсің бүтін қайтып оза алмай.

Мен отырмын намыс буып,
Төзе алмай.
Өзінді өзің қайрағанмен қашама,
Амалың не күш жоқ болса озардай.

Сал сезімнің сөйлейтүғын мың тілде,
Кім біліпті бузатынын шырқын не.
Қанша жүйрік болғанменен
Өмірде
Өне бойы оза беру мүмкін бе?

Мүмкін емес –
Көну керек оған да,
Өмір – ағын,
Алға асыққан толы арна.
Атасынан баласы озып тумаса,
Тіршіліктің мағынасы болар ма?!

* * *

Жетіге толды –
Мектепке барды тұнғышың,
Жинадың үйге
Дос-жаранның күллісін.
Жинадың үйге –
Ағайын-туystарыңды,
Сендей-ақ, сірә,
Куанған шығар бір кісі,
Ал сенен асып –
Куангандарды кім білсін?!

Жетіге толды –
Мектепке сен де бір бардың,
Қайтадан туды –
Ұстаздан сабак тыңдар күн.
«Бес» алып келсе,
Баяғыдай-ақ қуанып,
«Екі» алса,
Кейіп –
Өзінді-өзің «шыңдар» күн.

Жетіге толды –
Мектепке барды жалғасың.
Талпынып ұшты,
Қауырсын қанат талмасын.
Жақсылықпенен –
Жаныңа дәйім нұр құйып
Куанышыңың толтыра берсін арнасын.
Толтыра берсін арнасын!

* * *

Кәмелетке, мінекей, толдың бүгін,
Азаматы елімің болдың, күнім,
Тірлігінде кездесер тоқсан тарау
Өкінбестей таңдай біл жолдың бірін.

Бірде – төмен,
Жүрерсің бірде – асуда,
Атаң, анаң болмайды кіл қасында
Қиналасаң да,
Тебіреніп куансаң да
Шын дос керек сеніспіл сырласуга.

Өмірді әр кез өзіңе балама тым –
Серік болсын сабырың,

қанағатың.

Біл әкене тікелей тиетінін

Сенің барлық –

Жақсы атың,

Жаман атың.

ДОС ТІЛЕГІ

Ағайындар!

Өмірге бала келді,

Бала келді,

Қызығын ала келді.

Көңілдерің шалқыған қуанышы

Алаулаған жалындай жанады енді.

Біріңе – ага,

Біріңе – іні-бауыр,

Әке болды,

Ендігі жүті де ауыр.

Жас әкені,

Және де жақсы әкені

Құттықтауға жиналды бүгін ауыл.

Біріңе – апа,

Бірінің қарындастың,

Ана болды,

Бетінен жарылғасын.

Пейілдері кең болсын,

Тарылмасын –

Жақсылықтан әманда жаңылмасын,

Шаңырағы шаттық толы болсын

Ойын-күлкі,

Той-думан арылмасын

Сол үшін де қалдырмай бір тамшысын

Көтеріндер шампанды кәрі-жасың.

СЕНСІН ЕЛІҢ

Балам!

Сен, мінекей, жоғары білім алдың –

Тек ойлама:

Деп енді тынығармын.

Ізденбесең, інжуін бермейді өмір

Алдында әлі –
Шындалып-шынығар күн.

Арайлаған алау нұр таңың мына,
Сындырмасын қындық сағынды да.
Аялаган анаңдай,
 Әмбे әкендей –
Еліне бер барынды,
 Бағынды да.

Тірлігінің алда атар таңы қанша,
Мерей – Елін ерім деп тани алса.
Әке сезі –
 Жадында сақта, балам,
Сенің бағың –
 Еліңнің бағы жанса.

Өмір солай үйреткен сырын маган,
Жан-тәніңмен осыны үғын, балам,
Елің сүйсе,
 Ерсің сен еңсөң биік,
Ел сүймесе...
 Атама,
 Күнің қаран.

Әке сезі –
 Жадында сақта, балам!
Жаманнан без,
 Жақсыны жақта да әмән.
Ерім деп емірене сенсін елің,
Ер емес –
 Ел сенімін актамаган.

БЫЛГАРЫ ЕТИК

Жылдар етіп барады зымыраған –
Әжем ылғи айтатын мұны маган.
Жастықтан ба,
 Алаңсыз мастықтан ба
Ұқпайды екен көп сөздің сырын адам.

Бала күндер көп көрдік таршылықты,
Соғыс ерте шындарды,
 Ар шынықты.

Өмір деген еріксіз әкеледі
Көз алдыңа бүкпесіз бар шындықты.
Жүректерді балауса қыс қармады,
Асыл арман мұқалды –
 Ұшталмады.

Сол қалпымен біржола оралмады
Балалықтың біздерден үшқан бағы.

Ақпандагы Арқаның қысы қандай,
(Кейбіреулер қалар ма түсіне алмай?)
Азаматты аязы қалтЫратып,
Ақ бораны атанды үшыраңдарай.

Өңменіңнен өтеді желкемі де,
Ішер тамақ,
 Киімнің кем тегі де.
Жыртық етік,
 Өлең шөп ұлтарағы.
Айтсам қазір ұқсайды өртегіре.

Таң азаннан кетеміз сабан ізден,
Жанымызда жазылмас жарамыз көп.
Ойламаймыз сонда да томпаң қағып,
Үсіп-тоңып бір жерде қаламыз деп.

Құлақтардың сен талай тыз еткені,
Жыртық-жамау етіктен сыз өткені...
Бәрі-бәрі есімде бүгінгідей,
Болмасақ та жауынгер күзеттегі.

Ес жинадық –
 Кетті көп жылдар етіп,
Шынар болдық бүл күнде шынға бекіп.
Әйтсе дағы сол бала күндегідей
Кигім келіп тұрады былғары етік.

ШАЛҚЫМА

Соңғы екі жылда мемлекет қоймасына екі милион пүттән астам астық құйған Солтүстік Қазақстан облысындағы «Баянауыл» союхозының еңбеккерлеріне арнады.

Баян ауылы,
«Баянауыл» атанған –
Күнге қолын созып жүрген,
Озып жүрген катардан.

Ел көнілі көтерілсе,
Көкейде
Күмбір қағып,
Қалықтамай жатар ма эн.

Жазда келдім,
Жерін көрдім жайқалған,
Егін көрдім –
Кек теніздей шайқалған.
Көкіргіне күннің нұрын қондырған
Елін көрдім,
Ерін көрдім майталман.

Арманына тұғыр еткен асқарды,
Көрдім қия асулардан асқанды.
Ерлерімен Ел көнілі арымас,
Қарттарды да көрдім талай жаны жас.
Көрдім және ел ағасы –

жастарды.

Бірі – құрбы,
Бірі – іні,
Бірі – аға –
Әрқайсына берген өмір сыйбаға.

Өз ісіне жетік бәрі, ғұлама
Жер зергері –
Диқан баба шетінен
Осы ауылға жиналған-ая, сірә да.

Сөйлеп кетсе,
Біреуінен бірі асқан –
Ізгі ниет игі іспенен ұласқан.
Ер еңесін көтерердей көкжиек
Берекелі нұрын құйып тұр аспан.

Ел мерейін,
Ер мерейін асырган,
Жауқазындај жасыл белес, жасыл маң.
Дикандардың маңдай тері –
жер нәрі,
Қырман таулар,
Қызыл бидай –
асыл дән.

Күз де жетті,
Сыналар шақ таянды,
Тағы келдім,

Тагы көрдім Баянды.
Дән маржаны –
Ән маржанына астасқан
Асып-тасқан ақын кеңілі аян-ды.

Аға,
Іні,
Құрбыларым жаздағы
Куанышты,
Жас балаша мәз бәрі.
Милионның толқынына тоғысып
Кекірегімде жыр алауы маздады.

Жоғары ұстап ер еңбектің гүл-гүлін
Шалқы, шабыт.
Шалқы, шаттық жыр бүгін.
Тудай биік көтерейік,
Көрсін ел
Ақындар мен Батырлардың бірлігін!

ШЫНАРБЕК

Ақпан –
Ақ қардан даланың көрпесі,
Ақ шуда таудың да өркеші.
Ақ боран –
Ұлиды бейне аш бөрідей,
Айнала тұнғиық, долы үрей.
Мұндай тартқандай сырнайды,
Бір сәт те тынбайды –
Өлкенің «жүгенсіз еркесі».

Боз айғыр –
Үйірдің басы боп жүретін,
Адамнан зиялды,
Жерді де білетін,
Шынардың серігі жастайғы,
Табандап желге аяқ баспайды,
Жылқылар үйіғып ықтайды –
Мұндайда мал тұрмақ, бас қайғы.

Болсын аз,
Көп, мейлі,
Асықсан уақыт та өтпейді.
Тәуліктен барады әрі асып,
Дүлеймен тартысып,
таласып.

Жапанда жылқымен бір өзі
Ықтап жүр Шынарбек адасып.
Ақпанның ақ түтек бораны,
Ұлиды,
Үйіре соғады.
Өн бойын қариды суық леп,
Қойыны-конышы жентекке толады.

О, дүлей меңіреу,
мейрімсіз
Қаһары бітпепті, мол элі.
Өзінің құдыретін танытып,
Сақылдап күлгендей болады.
Үскірік ұлиды үрей көп.
Қорқаулар жүр ме екен айналып,
Тұз тұрмақ, торитын қораны.

— Шы-на-ар-бек!..
Естілді бір дауыс кенеттен,
Қағып ап кетті оны жел өктем.
Тағы да,
тағы да,
тағы да...

Шығыпты бес атты Шынарбек бағына.
Таң ата оралды қыстауға,
Өзі де,
шығынсыз малы да.

... Қазірде Шынекең сол жайды
Сыр қылып,
Жыр қылып толғайды.
— Шырағым,
жылқышы өмірі
Киындық-қатерсіз болмайды.

Демеңіз кім айтты,
Кария шын айтты.
Шілдеде алтабы,
Ақпанда бораны...
Күтпеген жайлардың
бәрі де болады.
«Асылы Шынарбек,
Киынға қайыспас шынар» деп
Өрелі өнерін ұғуға –
Жастардың бәрі де
Жүреді құмар бол.

ҰСТАЗ

Қаншама осы бір сөздің ұлылығы,
Қаншама осы бір сөздің жылдылығы.
Жеткізіп айта алмай жүр құдіретін
Шалқыған шартараптың жыры мұңы.

Ақын да,
Кеудесі кең ғұлама да
Ұстазға тағым қылмай тұра ала ма?
Ойлайтын ұрпақ қамын ұлағатпен –
Ұқсайды ол ақ тілеулі ұлы анаға.

ӘКЕ КӨҢІЛІ

Сәби келді,
Сәби келді өмірге –
Әке болдым,
Түсім бе, әлде өңім бе.
Бүтін, достар, бір қылау жок көңілде,
Биік бүтін керегем де,
Көгім де.

Толтырғандай көлдей көңіл арнасын,
Келді үйіме,
Келді, міне, жалғасым.
Менің енді тілейтінім ұлымға
Өмір-бәйге жарысынан қалмасын.

Откенине өкінбестей соныра,
Білек түріп түссін алмай додага.
Өз бақытын өзі жеңіп алмаса,
Тірлігінің мағынасы бола ма?!

БИШІ ҚАЙЫНДАР

Биші қайындар,
Биші қайындар!
Арудай эсем бұралған.
Тербеліп желмен –
Жас жүректерге
Ұялтпасаңдар мұн, арман.

Биші қайындар,
Биші қайындар!
Тыңдал ап самал саздарын,

Би тіліменен жеткізесіндер
Көңілдің алау – маздағын.

Бурабай көлі,
Бурабай тауы –
Тербеліп бірге сендермен.
Тебіреніп көкте тұған ай тағы
Билеріңе әсем дем берген.

Биши қайындар,
Биши қайындар!
Сұлулық сырын ұқтырып.
Қойныңда – әлем,
Қойдындар әмен –
Ғашық жандарды күпті ғып.
Баурап алдындар,
Жаулап алдындар
Жалынға толы жанымды
Не деген ғажап мықтылық!

СӨЗ ДЕГЕН ҚҰДІРЕТ

Жазамыз, сызамыз –
Жазамыз, сызамыз,
Бөгде елге азаптай бү нағыз.
Сөздердің тізбегін құрамыз,
Құрамыз,
Қайтадан бұзамыз,
Сырын да,
Шынын да басқадан
Терендеу үгамыз.

Өзіміз ұгамыз –
Сиқырдай сыр барын,
Әр сөздің артында сын барын,
Алдында шың барын –
Сол үшін өтеді:
Күндерің,
Айларын,
Жылдарын.

Сөз деген құдырет –
Келтіріп кестесін тапқанға
Алаудай маздайды ақпанда,
Жауқазын секілді гүл жарған

Аязда –
ак қарда.

Сөз –
менің Бақытым,
Барым да,
Сөз менің ожданым,
Арым да...
Сөз –
менің Куатым,
Мұратым...
Жебейтін,
Желейтін...
Шаршаған шағымда.

Ақын деп таныса мені елім
Әркім-ақ ұғынар себебін.
Сол сөздің сәні үшін,
мәні үшін
Күрескер сапында келемін.

ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚ

Көнілімде бір түйіткіл,
Айтайын ба,
Талайлардың тұнығын шайқайын ба.
Әлде мен де әліптің артын бақыш
Жандарға ұқсап,
Анысын байқайын ба:

Байқайын ба бір шоқып,
Екі қарап...
Жердің астын кезгендей жеті қабат.
Ойдағымды істермін содан кейін –
Дегеніме алған соң жетіп әлі-ақ.

Көл – көніл де көрінер бөлсек кішік,
Қарайын ба алды-артымды өлшеп-пішіп.
Қыран емес,
Торғай да тірлігінде
Қанатының қауқарын көрсетті ұшып.

Өлшеулі өмір,
Күш-куат –
Бірлігінде
Ұластырып Күнді –
Тұн,
Тұнді – Күнге

Ел бақытын балаған өз бағына
Не бір жайсан жан таппай жүр бүтінде.

Өлшеулі өмір,
Өлшеулі тірлігінде
Атыстырып астыртын бірді бірге.
Талайларды тоздырып табанынан,
Корқаулар да күн кешіп жүр бүтінде.

Біреулерге біреулер бере ме ақыл
Кім біліпті тынарын немен ақыр.
Жақсылық пен жамандық –
Күн мен Тұндей
Итжығыспен тірлікте келе жатыр.

ЖАНЫМА КЕЙДЕ БАТАДЫ

Ұлылар бар жерде ұрылар дағы болады,
Олар да мына пәни жалғаның қонағы.
Мерейі үстем бірінің,
Мәртебесі ылғи жоғары –
Ал бірі дәйім халықтың қуанышын үрлап-тонады.

Мерейін елдің өсіріп,
Әлемге кеткен атағы –
Жақсылар жүрген жолменен жаман да өтіп жатады.
Бал шәрбатын да өмірдің солармен бірдей татады,
Шынында өмір ғажап қой,
Сонда да осы заңдылық
Жаныма қатты батады.

ӨЛЕҢДІ ҚАЙТИП ЖАЗАМЫН

Қойши, аға, атқа мінбеймін,
Жаяу-ак барам, жаяу-ак.
Ренжі, мейлің, күл, мейлің,
Қайтемін жанды аялап.

Жаспын ғой әлі, ағажан,
Көмессем жолдың азабын.
Ұғады нені бала – жан –
Өлеңді қайтіп жазамын.

Туады қайтып жақсы өлең,
Білмесем өмір сырларын.

Білмесем досты, қас пенен,
Білмесем ой мен қыр барын...

Өлеңді қайтып жазамын,
Суығын күннің сезбесем.
Өлеңді қайтып жазамын,
Қияны, құзды кезбесем.

Қыыннан келсін жырларым,
Демеймін:
«Шабыт, көктен кел!»
Еңбекпен өтіп жылдарым,
Жүдесем өзім сөкпендер.

ДӘРІГЕР

Сен үшін жақының да, алысың да,
Тұсың,
Бейтанысың,
Танысың да...
Кетеді бірдей болып,
Зыр қағасың
Келген соң сенім артып бәрі шын да.
Қиналса науқас адам,
Сен де бірге
Қиналасаң –
Жетесің дем беруге.
Ең жақының көргендей қуанады,
Қасына күлім қағып келгенінде.

Оралған екі ұдайда бақ құсындай,
Жүзіңен жанға дауа –
тапты шырай.
Тұратын кірпік ілмей шекарада
Сен оған тіршіліктің сақшысындай.

Алаудай әр жүректе жана білген,
Атынды ана білген, бала білген.
Мейірлі, нұрға толы жанарыңа
Сеніммен, қуанышпен қарадым мен.

МЕН АҚЫНМЫҢ БА?

Мен ақынмың ба?
Ақынбыз деп жүргендер жетеді әлі,

Айбары Айдан да асып кетеді әрі.
Жұрт бермеген бағаны өздері алып,
Даурығады –
Білмеймін, не табады?

Мен ақынмын ба?
Осы сауал мазалап жүр жанымды –
Жаза алдым ба жұрт сүйер жыр – жалынды.
Айта алдым ба өрнектеп өлеңменен
Жәй сөздермен бере алмас сырларымды.

Мен ақынмын ба?
Мұндай сауал –
Көп жерде қинайды әлі,
Талайдын-ақ бар шығар шимайлары.
Халық ондай атақты пір тұтады –
Өлеңшінің бәріне қимайды әрі
Десек те:
«Өз күшіне сенеді әркім!»
Сұрайтында осыны менен әр күн.
Сол сауал мазалайды мені дәйім –
Ел елең ететіндей не бере алдым.

Мен ақынмын ба?
Жыр жазғанмен –
Балаға,
Ересекке...

Айта алмаймын –
алдыш ма ел есепке.
Сол сауалды қалдырысам деп отырмын –
Оқушыға және де Келешекке.

ҚЫС

Жаз ғұмыры соншалық қысқа ма еді?
Күз де етті,
Қылышты қыс та келді.
Бұрынғыдай бау-бакты сәнгे бөлеп,
Сайрамайды сауықшыл құстар енді.

Бәрі үйқыда –
Не деген тыныш шақ бұл,
Дем алғандай табиғат тыныстап бір.
Бірақ Аяз атаның өзінің де

Қаңтар келіп,
Денесі құрыстап тұр.

Ешкім шығып көрмеген басына әлі
Дірдектейді таулардың тасы дағы.
Сондықтан да көктемге
Жанды тұрмак,
Жансыздардың өзі де асыгады.

КЕЙДЕ БІР...

Кейде бір ой теңізін кешемін де,
Жәй жүрем,
Тек тірліктің есебінде.
Тимейді досқа дос боп пайдам да аса,
Сондай-ақ
Жоқ дұшпанға кеселім де.

Ондайда өзімді өзім түсінбеймін,
Ойы жоқ,
Киялы жоқ...
Мұсіндеймін.
Күн болып жая алмаймын жылуымды,
Түн болып тұндігімді түсірмеймін.

Мені жоққа бірақ та санамаңдар,
Кеудемнің сән-сайранын араланңдар.
Өзгеге ұқсамайтын мінезім бар,
Сонымен мені дәйім дараландар.

* * *

Бірде кеншімін,
Бірде елшімін.
Күлме, дос,
Сен!
Шыным!

Бірде батырмын,
Бірде ақынмын.
Бірде жер өндеп –
Дән сеуіп жатырмын.

Берген-ау сөзге ерік –
Құлақ естімеген,
Көз көріп

Құбылама дермісін
Сэт сайын тұратын өзгеріп.

Иә, мен ойдамын,
кырдамын...
Көтерем тылсымың тыңдарын.
Елшінің,
Кеншінің,
Ақынның,
Батырдың...
Бәрінің міндеттін атқарар
Ұлдарым, қыздарым –
Сырларым, жырларым!

ІЗДЕП КЕЛЕМ

Мен – жоқшымын,
Бар талай жоғалтқаным,
Жүріп келем – үміт бол қол артқаным.
Қансонарда із кесіп, аң қуғандай
Жер бетінің қараймын жолақтарын.

Кім біледі,
Жоғымды табамын ба,
Қалтарыс көп жұмыр жер танабында.
Кім біледі,
Мен тіпті болашаққа
Жоқшы болған қалпыммен барамын ба.

Іздел келем –
Іздеуден жазбай келем,
Ертеңімді көктемдей, жаздай көрем.
Іздегенім сол ма екен,
Кекірегімде
Кей сәттерде алау бол маздайды өлең.

Іздел келем –
Алғы бетке тік қадап жанарымды,
Жалау етіп ақ арман, ақ арымды,
Арман қуған жетеді арманына,
Білем мен де сондықтан табарымды.

* * *

Көрмегелі,
Көп болды-ау көрмегелі,

Көңілімнің қайдасың көк дөнені.
Шабыттың қайдасың шамшыл оты,
Өрен жүйрік жеткізер ерге мені.

Билеп бір сәт бойымды артық ағын,
Шамырқанам,
Қияға шарқ ұрамын.
Шарқ ұрамын ұмыттып өзімді өзім
Қайтып қана шабыстан тартынамын.

Сәйгүліктей сайлаулы кермедегі
Шалқы, шабыт!
Отыргыз ерге мені.
Дүниені кезейін дүбірлетіп,
Көңілімнің сабылтып көк дөненін.

СОҢҒЫ ҚОҢЫРАУ

Уақыт өз жүрісінен танбас мына,
Он жыл өтті –
Он көктем алмасты да.
Соңғы қоңырау деген тым қын екен
Мән бермеген сияқты ем алғашқыда.

Он жыл өтті –
Он қырдан асқандаймын,
Он тылсымның құпиясын ашқандаймын.
Мен сол он баспалдықты тұғыр етіп
Әлі де биіктеймін,
Аспандаймын.

Соңғы қоңырау –
Саздылау естіледі,
Біреу оның қадірін кеш біледі.
Ал менің кекірегімде сол бір ұннен
Болашақ бақыттымның есті лебі.

Есті лебі болашақ күндерімнің,
Исі аңқыды раушан гүлдерімнің.
Мен сол сәтте балауса, балғын кездің
Ескірмес елесімен бірге жүрдім.

Есімде әлі ең алғаш қарсы алғаны,
Қоңыр күзде күмбірлеп жар салғаны.
Қоңыр үнін қимайтын сияқтымын
Ер жетіп, азамат боп қалсам дағы.

Соңғы қоңырау –
Бір ғажап жыны екен,
Куаныш қой,
Сонда да қын екен.
Өйткені ол сенімен хоштасып тұр –
Хоштасудың қашан да күйі бөтен.

Соңғы қоңырау –
Бір ғажап жыны екен,
Куаныш қой,
Сонда да қын екен.
Әлде бұл да уақыттың бізге тартқан
Балауса бақыты мен сыйы ма екен?

Иә, уақыт жүрісінен танбас мына
Он жыл етті –
Он көктем алмасты да.
Соңғы қоңырау –
Серпін деп ұқтым енді
Қобалжып тұрсаң дағы алғашқыда,
Тарттым алға уақыттың өзіменен
Арман – аттың жалына жармастым да.

ӨЛШЕМ

Жақсы – жаман,
Ақ – қара,
Жүйрік – шабан.,.
Осындай бір қашылық киліксе әман.
Таба алар ма ең өлшемін, о бауырым,
Ажырат деп берілсе билік саған.

Бар жақсының – жақсысы,
Ақтың – ағы,
Жүйріктің де болады нақ пырағы.
Аражігін айырып айтта алмасан,
Жалған сөзің жақынды жат қылады.

Қараны да,
Жаманды,
Шабанды да...
Ұялмастай ашып айт ар алдында.
«Тура биде туыс жоқ» –
Есіңе ұста
Таймай сейлеу тән әр кез табандыға.

Әр нәрсеге болмағын көрсекұмар
Әділдікке қошемет, қол соғылар.
Жақсы – жаман,
Ақ – кара,
Жүйрік – шабан...
Бәрінің де ел білер өлшемі бар.

БӘРІ ДЕ БІЗДЕН ҚАЛАДЫ

Ағайын едік,
Алыстауменен арамыз,
Бір-біріміз сұысып мұлдем барамыз.
Ойладық па екен –
 Үлкен боп,
 яки кіші боп:
Тұғаннан артық туысты қайдан табамыз.

Өмір бар жерде –
Көңілдер қалай жетпейді,
Ініден – аға,
Агадан – іні шеттейді.
Дейтіні қайда байырғы бабаларымның:
«Туыстан Адам түңілсе дағы кетпейді».

Тұғаннан артық туысты қайдан табамыз,
Ертегің күнді ойладық па екен және біз.
Өзіміз бүгін дүрдараз болсақ,
Бізден соң
Туысып қатар журе алар ма екен баламыз.

Сіз ғана емес,
Мен де аға болар жастамын –
Ойлайтын кез бе бүгінде жеке бас қамын.
Өзімдігім бар,
Тұрмыстан кенде емеспін
Қызығам бірақ туысын көріп басқаның.

Қызығам рас,
Қызықсам да іштей тынамын,
Тоқтамай уақыт барады өтіп – кіл ағын.
Екеумізге де ақыл қосатын эке жок
Қызынған сәтте қолына алып тымағын...

Шолақ қамшының сабындаі келте тірлік те
Қас қағым сәтте өте шыгарын білдік пе.

Жатамыз әлі-ақ Туған жер төсін томпайтып
Секілді соңғы сөйлемге қойған бір нүкте.

Біреуден еттеп есебін тауып ұт, мейлі,
Заурайды уақыт –
Бары-жоғынды күтпейді.
Кезі келгенде бәрі де бізден қалады,
Еш пенде Жердің жыртығын жамап бітпейді,
Бітпейді!

МЕН ҚЫРЫҚТАМЫН

Қырық жыл –
Жазы, күзі,
Қысы мен көктемі бар.
Талай асу,
Талай күз,
Өткелі бар...
Қырық жылдың қадірін, қасиетін,
Сол жолдармен сабылып өткен ұгар.

Менің қыркым –
Қырық жас болғанменен
Құпияс көп,
Парарапар томдарменен. •
Қырық жылда қисапсыз жүргендерім
Тоғысады сан тарау жолдарменен.

Қырық жылда не білдім, не тындырдым,
Қай қияға атымның бетін бүрдым.
Дер кезінде елемей соның бәрін,
Қасиетін енді ұққан секілдімін.

* * *

Алтыным бар,
Мысым бар,
Жезім де бар
Алақұйын, кек дауыл сезім де бар.
Асып-тасып, арнамнан ақтарылып
Сыймай жатар сабама кезім де бар.

Келеңсіз бе,
Тірлігім келелі ме,
Өршіл өмір бағыма береді не.

Кейде тұнық өзендей тынып акқан
Жетпей жатам жететін кемеріме.

Жетпей жатам жететін кемеріме.
Тебіреніссіз тірліктің керегі не.
Ойлар бірде еріксіз әкетеді,
Шым батырып тұңғызық тереңіне.

Дінгегінде жұмыр жер шыр айналып,
Күн артынан күн келер шырайланып.
Көңіл күйін құямын жырларыма,
Қалмасын деп тұнығым лайланып.

Дертім болса, жұртым бар айтар емін
Тұнығымды шайқа менің.
Ұшсам – ұя,
Қонсам – құт аялаған,
Тірлігімнің тұғыры –
Байтак елім!

* * *

Өлең жазбайтын күндерім бар,
Өлең жазбайтын түндерім бар.
Бұлттың төбемізден аумайтыны сияқты,
Бірақ нөсерлетіп жаумайтыны сияқты
Кеудемде – алакүйін,
Астан-кестен...
Біледі оны –
Бір білсе, бастан кешкен.
Шеліркеген сезімді қандыра алмай,
Ұшқындаған отымды жандыра алмай,
Түсемін бір сэтте сан күйге талай,
Шабыттың шамшыл құсын үрете алмай.

САҒЫНЫШ САЗЫ

Бір анадан туып,
Бір арнада тұнып,
Өсіп едік біздер.
Өмір – бәйге-жарыс
Армандарға алыс
Бастағанда тағы
Жана ма деп бағы –
Тайымызды бір-бір

Шыға ма деп дүлдүл
Қосып едік біздер.

Бұландаған үміт –
Тұлқі арманды қуып,
Кетіп едік біздер.
Талаппенен шында
Талай биік шыңға
Сыр бермей көп сынға
Жетіп едік біздер.

Бір-бірімізді аңсап,
Сағынысып қалсақ,
Шалғай жолдан шаршап,
Сабылысып барсак,
Жетсек жүріп сұыт,
Болған бәрі ұмыт –
Жарасады бізге.

Құс көңілмен ұшып,
Қайтсам-ау деп құшып,
Жеткенінде тағы,
Сынбай көңіл сағы,
Алда күннің таңы,
Арманыңың бағы
Мәуелесе әрі,
Жарасады бәрі...
Жарасады бізге!

Сағыныштың шегі,
Сағыныштың шебі
Болмайды еken тегі
Еліктіріп сені,
Серік қылыш мені
Ойнайды еken тегі.
Жастық дәурен мәңгі
Әуелетіп әнді
Жүреді деп бізбен
Ойлай ма еken тегі.

Ерте менен кеште
Алып сендерді еске,
Төгіп жырдан кесте,
Қысқа таңым аттай,
Арқандаулы аттай,
Құрып ойға тұзак,

Отырамын ұзак –
Тасқындаған селі
Сағыныштың сені
Салып жанға сызат
Қоймайды екен тегі,
Қоймайды екен тегі!

ЕЛ АҒАСЫ

Алпыс – асқар,
Шуагы мол бір биік,
Тұратұғын шұғыла шашып,
Нұр құйып.
Алпыс – ойдың кемел шағы,
Дер шағы,
Теніздердей тұңғылық.

Ой-зерденіз өрге бастап талайды,
Тұрсыз, міне, сол биікте арайлы.
Октябрьмен тете туған ұлына
Ел-жұртыңыз мақтанышпен қарайды.

Баласы,
Әрі Ағасызың бір елдің
Махаббаты –
Сізге сыйлар гүлі елдің.
Атаға емес,
Бала болу Адамға –
Арманы ғой шын ердің.

Нұрлы ғасыр,
Мына нұрлы заманда,
Асар талай асуыңыз бар алда.
Бала болып,
Аға болып жұртыңа
Биіктерден көрініңіз әманда.

Тілек көп қой –
Тұтесе алар бәрін кім.
Елі сүйген,
Елін сүйген нар ұлдың
Алпыс – асқар,
Мерекелі тойында
Кеудесіне жыр-жұлдыз боп тағылдым.

АНАМА ХАТ

(Студенттік дәптерден)

Өзіңнің ұзын бойлы, келте мұрын
Қалада оқып жатыр тентек ұлың.
Жиырманың шықса дағы төртеуіне
Қоя алмай жүр баяғы еркелігін.

Қозынды алыс жолға аттандырып,
Жай-күйін отырасың хаттан біліп.
Ұғамын сағындырып жеткен бір сез
Сергітіп тастайтының шаттандырып.

Асыға күтесің кіл хатты алғанша,
Жан сырын тентегіңің ақтарғанша.
Әр күнін тосқан күннің жылға балап,
Мазасыз жол қараған шақтар қанша?!

Құлыным бүгін-ертен келер деп те,
Жүрсін гой рахатын көрем деп те.
– Осы жол келініңмен барам, – десем
Қалар-ау сәл-ақ жетпей төбен қекке.

Тірлікте міндетім көп атқарар сан,
Сен үшін қылы, қын шатқал асам.
Өмірге артар өкпем жок,
Ризамын –
Өзіңнің ақ сүтінді ақтай алсам!

* * *

Кешіріндер, ағайын!
Өздеріндей басы жұмыр пендемін –
Іздессендер, жетіп жатыр менде мін.
Тойларына шақырдыңдар,
Уақыттың
Тапшылығын желеу жасап, келмедім.
Келе алмадым –
Қателігім. Түсіндім!
Алға тарттым тығыздығын ісімнің,
Сөйтіп, алғаш анқылдаған көңілге
Шанқай түсте бір көленке түсірдім.

Тағы қанша жылдар өтті арада,
Сендер – елде,

Жүрдік біздер қалада.
Іздеп келген кездерінде және де
Орайларың болды ма, әлде болмады
Білмей журмін, асыл женге, жан аға!

Кешірімі көп қашанда үлкеннің –
Кішіліктің кіреуесін бұркендім.
Достарыма қанша мәрте мактандым
Келген сайын майы менен құрты елдін.

Көшкен сендей –
Тұра алады кім ұстап,
Күндер-күндер өте берді жылыстап.
Өзіміз ғой өзімізге келгелі
Алансыз бір отырмаппыз дұрыстап.

Былайғы елдің толып жатқан сыны бар,
Ал аға-іні бірін-бірі шын ұғар.
Сезімнің тек өлшемі жок,
Болса егер
Сагынышым бастан асып жығылар.

Бал балалық болды дағы келтерек,
Есейдік деп айтқанменен ертерек.
Өзімді өзім жастау кейде сезінем
Алдыымда сен жүргеннен соң еркелеп.

БОЗТОРҒАЙ

Шаңқай түсте тәбеле шығып алып,
Көз ұшында көлбендең діріл қағып,
Шырқағанда әуеде мың ырғалып,
Боздаланың жыршысы – бозторғайдың
Жүрегінді шерткендей мұны барып.

Байлығымдай,
Ортаймас қазынамдай,
Бірақ соны тіршілік аз ұғардай,
Жоғалтамыз жүрекке жазып алмай.
Болмас...
Құйттақандай құс үнінде
Тұган жердің таусылмас сазы бардай –
Сол сазында бізге айттар назы бардай.

Махаббат та,
Достық та,

Адалдық та...
Бәрі-бәрі бас қосып,
Арамдыққа,
Топастық пен тоғышар надандыққа
Майдан ашып жатқандай көрінеді
Дем беріп Адамдыққа!

Сүттей таза табиғат ұйып тұрған,
Ұйып тұрған,
Фаламат күй ұқтырган –
Құдайым-ау, құл-құйттай жыршы құстың
Жүргегіне қандай күш сыйып тұрған?!

АСЫҚТЫМ

Таңдарға асықтым –
Жаңалық экелер деп.
Занғарға асықтым –
Данаалық әперер деп.
Көктемге асықтым –
Гүлдерін сағынғаннан.
Откелге асықтым –
Алыстан сағымданған.
Ертенге асықтым –
Қияда қол бүлғаған.
Еркеме асықтым –
Ұяма толтырыған ән!

ҚАРЫЗ

Жығылған да кезім бар,
Сүрінген де...
Білдіргем жоқ сонда да сырымды елға
Адал жандар нұр құйды көңліме
Арамдардан безініп,
Түнілгенде.
Жақсы ағалар жанына ап сол күндері –
Солған жоқсың,
Сен қайта толдың деді.
Сенімменен қараған отты көздер
Кеудемдегі жалынды сөндірмеді.
Жайнап сол сәт сезімнің гүлі демде,
Шешек атты.
Түсіндім мұны мен де.

Ағалардан алған сол қарызымды
Қайтарсам деп келемін інілерге,
Інілерге!

НАР ТӘҮЕКЕЛ

Нар тәуекел –
Танымас күш атасын,
Мерген болсан,
Садақпен құс атасың.
Нар тәуекел деп алсан қара тасты
Қайратыңмен күл қылып ұсатасың.

Нар тәуекел –
Сенімнің шырағы көп,
Қуатың да бойында тұрады үдеп.
Небір қының кездерде жеткен бұл сөз
Елді ерлікке бастайтын ұраны бол.

Нар тәуекел –
Өз-өзін қайрауы ердің,
Нар тәуекел –
Жалын боп жайнауы ердің.
Нар тәуекел –
Қашанда биік ұстап,
Жеңістерге бастайтын байрағы Елдің.

НАҒАШЫ

Сен өткір ең,
Ел айттар ер кісі едің,
Тек жақсы сөз соңынан ерді сенің.
Көптің көnlі –
Көктемнің күн шуағы,
Биіктеге бастаган ерді сенім.

Өткір едің,
Өр едің,
Алғыр едің –
Шалқыта бір салушы ең әнді керім.
Сенің барлық болмысың ерге біткен
Еліктіріп жанымды алды менің.
Еліктіріп жанымды алды менің

Сенің жомарт мейірінде қанды мейірім.
Туа біткен бойында бір мін жоқтай
Ұқсасам деп ойлаушы ем –
Бар білерім.

Ер жігіттің бір жұрты –
Нағашылар,
Бұл шындыққа кімнің
не таласы бар?
Көтеретін ерке-наズ қылығынды
Нағашы жұрт –
Ерекше дана шығар.

Бір сұрақтан туындал жаңа сұрақ
Еркелігін тұратын жарасып-ак.
Талай құрбым қызығып, қызығатын
Мен түрғанда өзінді нағашылап.

Тұыс та көп,
Тұыстың аласы көп,
Қаршадайдан өзінді нағашы деп,
Қының кезде қасына жанасып ек.
Есімде, қамқор болып жүрдің эр кез –
Жездемнің жел тигізбес баласы деп.

Шын көңіл – ықыластың тиегі боп,
Біріміз бірімізге сүйеніп ек.
Өзінді сыйлаған жұрт еркелетті
Бұл бала – Әубәкірдің жиені деп.

Жүйрік көп –
Бірі – тұлпар,
Бірі – тарлан...
Жүректі өзіндей кім жібіте алған
Өзің болып есердей үміт алдан.
Көп жайды ұмытуым мүмкін,
Бірақ...
Мен Сізді тірі тұрып ұмыта алман!

ҚУАНАМ

Толқыған бейне көк теңіз –
Айдын ба деп те қаласың.
Бұдыры тіптен жоқ, тегіс
Өлкемнің көрші даласын.

Алтын дән желмен ыргалып
Баяулап әнге салады.
Толқиды жәймен бір қалып
Иіліп жерге сабагы.

Куанам шексіз осы бір
Егісті көріп жайқалған.
Мұнда ғой менің досым жүр
Еңбектің ері – майталман.

Біргемін мен де досыммен
Қараймын әр кез қуанып
Әйткені ол егін өсірген,
Маңдай терімен суарып.

Куанам менің осындай
Досым көп-ақ қой өмірде
Бөгетке ешбір тосылмай
Жүреді беткей-өнірде.

Әкеліп бір күй көңілге
Даланы нұрга толтырып.
Жүреді солар өнірге
Колымен егіп молшылық.

ЖЕНІС

Женіс күні туыпсын,
Женіс күні,
Төрт құбыламыз түгелдей тегіс күні.
Сол үшін де, қара көз қарындастым,
Сезімдердің ең мәлдір, ең ыстығы
Арналғандай өзіңе тегіс бүгін.

Женіс қалқам –
Сенің де Женіс күнің,
Ақ сәүлесін көргенің Жер үстінің.
Іңгәлаған дауысың самал желмен
Кеткен шарлап дүние кеңістігін.

Кемел көңіл,
Шықсын деп келісті ойдан,
Ауыл болып атынды Женіс қойған.
Атаң-анаң, ел-жүртің бата берген:
«Енді қайтып көрмесін Жер үсті ойран!»

Бір ауыздан –

– Уа, әмин, Женіс! – деген,
Жан болмаған бұл сөзге келіспеген.
Сенің мәлдір көзіңнен, айналайын,
Куанышты сол күнгі тегіс көрем.

Ел көнілінде жақсы сөз –

Жарты Бақыт,
Бүгін, міне, гүл-дәурен,
Алтын уақыт.

Ортамызда журе бер Женіс болып,
Ай-әлемді жүзіңмен жарқыратып.

Көктемнің шуағындай алау-көрік,
Мұнда да бір құдірет бар-ау! – дедік.
Женіс үшін тост алған Адамдардың
Көнілінде тұрады атың Жалау болып.

Бірге тұған астасып ақ таңменен
Сенен өмір бакытын тапқан дер ем.
Женіс күні Женіс бол бірге келген
Атынды, айналайын, мақтан көрем!

ТУЫСҚАН АҒА-ІНДЕЙ

Кезде де тағдыр желі қатал ескен,
Егіз ел –
Егіз ұлдай қатар өскен.
Куанса, жан-тәнімен бір қуанып,
Бірге шошып,
Сақтанған жат елестен.

Ежелден жауы ортақ,
Дауы да ортақ,
Өзені,
Өрісі де,
Тауы да ортақ.
Ел туын бір көтерген егескенде,
Тілді де,
Тілекті де тауып ортақ.

Туысқан аға-індей кіндігі бір,
Еніші алысыш көрмеген –
тундігі бір.
Екеуін мәңгілікке табыстырған
Куаныш, қайғысы ортақ күллі ғұмыр.

Болмаган ежелден-ақ қашық
Жан мен жан
Мал мен малы араласып,
Арманы мен арманын астастырып,
Каймықлай сан асудан барады асып.

Қашаннан-ақ бұл қазақ қырғызбенен
Арасына кіrbің сөз кіргізбеген.
Біреуі – аға,
Біреуі – іні тұтып,
Бір-бірінен өнеге, үлгі іздеген.

Жүрмейік деп сыйласып кіл алыстан,
Кұда болған –
Қызы беріп, қызы алышқан.
Аз күн түссе араға сағынысып,
Бірін-бірі көргенше құрақ ұшқан.

Кияндарға қақтырып ар қанатын,
Екі елдің ынтымағын,
Салтанатын,
Екі елдің батырлығын,
Батылдығын...
Жырына арқау еткен арқалы ақын.

Ұласқан екі өзендей ұлы арнада –
Достықты ұгардана,
Ұғар бала...
Лениндік кемел ойдың келбетіне
Сан ұрпақ қарар әлі құмарлана.

ҰЛЫҢ БОЛҒЫМ КЕЛЕДІ

Құлпыртар жердің жаннатын
Диқаның болғым келеді.
Дертінді емдең жазатын
Шипалың болғым келеді.

Түгін тартып даланың
Майын алғым келеді.
Кең құшағын ананың
Жайып әр күн келеді.

Ақ дәніңді алтындаі
Үйстағым келеді.

Топтан озып,
Тартынбай
Ту ұстағым келеді.

Айдыны кең дария –
Сырдай болғым келеді.
Таусылмайтын, дариға-ай,
Жырдай болғым келеді.

Тыңың тұнған байлығын
Ақтарып өткім келеді.
Міндегін ұлы ай, күннің
Атқарып өткім келеді.

Мынау қырқа – белімнің
Гүлі болғым келеді.
Ең бастысы,
Елімнің
Ұлы болғым келеді!

МӘҢГІЛІК

Алмасып түнге – күн,
Жалғасып күнге – түн,
Тірліктің парактап бір бетін,
Уақыт барады алға асып
Мұлтікіз атқарып міндегін.

Айырып біржола есебін –
Тарихқа айналды кешегім.
Алдында неше күн –
Ертеңім – арманым асыққан,
Сол жолда ой-дария айдынын кешемін!

Бәрі де зандалық –
Кекжиек түрліп
Шығыстан келді таң күліп!
Дүниені думанды ән қылып,
Тіршілік ғажайып сән құрып,
Міне, осы мен білген құдірет,
Міне, осы мен білген –
МӘҢГІЛІК!

AFA

Ұға бермес тіршіліктің мұратын,
Еркетотай бала болдым, сірә, тым!

Мен жыласам, аз-ақ үлкен әпкем де
Меніменен бірге жылап тұратын.

Ұға бермес тіршіліктің мұратын,
Еркетотай бала болдым, сірә, тым!
«Ағасы бар тентектерден кем бе?» – деп,
Сырғанаққа ілестіріп шығатын.

Әпкем менің бар баланы билейтін,
Маган тіптен содырлар да тимейтін.
Ойга қарай өзім сырғып,
шанамды
Өрге қайта басқалары сүйрейтін.

Бір ауылда мен қатарлы бала көп,
Бәрімізге жүреді әпкем пана бол.
Ағасы бар басқаларға еліктең,
Өстім мен де өз әпкемді «Аға»! – деп.

Күллі ауылда мен қатарлы бала көп –
Кеудемізде маздал жанган алау-от,
Әпкем айтса, қай іске де барап ек,
Алынбайтын қамалды да алар ек,
Бір гажабы –
Алаламай біздерді
Жүре берді бәрімізге аға бол.

Әлі күнгө әпкем – аға, мен – іні,
Қалай десе әркімнің өз ерігі.
Бізді қойып, «Аға»! – дейді енді оны
Талай үйдің кейін түскен келіні.

* * *

Біздің елде жігіт болды бір қызық,
Сәби кезде қатар-қатар тұрғызып,
Білмейтін көп жайымызды білгізіп,
Қыл арқаның үстіменен жүргізіп,
Жарыстырып қашықтыққа, сонаң соң...
Қарап қойып қолындағы сағатын,
Бәйге атында терімізді алатын,
Қайнап күйіп тұрғандада да күн қызып.
Тыңдағандай тәңірін –
Екі айтқызбай орындаитын әмірін
Балалар да тым бұзық.

Айтатыны:

– Ер жігітке бұ да сын,

Білгің келсе расын –
Жүйрік болған батырлардың бәрі де,
Шыныға тұс!
Шыныға тұс әлі де!
Тұбі сонау Қажымұқан секілді
Шайқастарда не түрлі
Женістердің тұғырында тұрасын,
Асқақтатып ата даңқы – мұрасын!

Бала деген қашанда да бала гой,
Киял жүйрік –
Талай жерге барады ой.
Қиналғанмен, бірі қабак шытпады,
Аға сөзін бәрі де іштей құлтады.
Бірақ бұдан ештене де үтпады,
Болмаса тек өзді-өздерін жыққаны.
Бір ауылдың баласынан, құдай-ау,
Бір балуан шықпады!

Асып қалдық талай-талай белестен,
Жүйрік те жоқ айдарынан жел ескен.
Тамшылатып ашы терді сығыптыз
Қанша бала тел ескен
Бір гажайып болсақ деген елеспен.

Әлі де бар, шал болыпты қуақы,
Баяғыдай қажыр-қайрат, қуаты...
Жүріп жатыр ол елде,
Сәлем берем барған сайын көрем де.
Ал балалар жігіт бопты зінгіттей
Жүгіретін тізіп қойып көгенге.

Бірі – бастық,
Енді бірі – жылқышы...
Өзгеріпті талайының түр-тусі.
Өткен күннің елесіндей көбінің
Өзгерменті көздері мен күлкісі,
Содан таныр тани алса бір кісі.

Қазір жігіт,
Бір кездегі баламыз,
Ортамызда сайыпқыран ағамыз,
Сол күндердің көп қызығын қайталап,
Есімізге аламыз –
Балалыққа қайта барып қаламыз.

Шал дегенмен...
Шалымыз да мықты әлі –

Көңілінің туын ешкім жықлады,
Бар да шығар ұтылғаны, ұтқаны,
Бар айыбы – баяғы көп қарадан
Аға еңбегін жандырып,
Дүниені айран-асыр қалдырып...
Бір балуан шықлады,
Бір желаяқ шықлады –
Ол дағы бір сирек келер дарындаі
Көп бермейтін табиғат – Қарымбай
Бақ екенін кезінде ешкім ұқлады.

АҚ САҒЫМ

Ақ сағым – арманымның елесіндей,
Ақ сағым – ала алмаған белесімдей.
Ақ сағым – Ақ теңіздің айдынына
Шығарған ақ сезімнің кемесіндей.

Ақ сағым – тербелетін нұр шұғыла,
Биіктің бастайтұғын кіл шыңына.
Ақ сағым – тамшы судың мәлдірі де,
Таптырмас тыныштықтың тылсымы да...

Ақ сағым – жел тербеген ару далам,
Ақ сағым – жан жүргегім жалындаған.
Барым-жоғым – табылған, табылмаған,
Ақ сағым – өмірдегі арым, бағам!

ЖҮРЕК СӨЗІ

Ауыл жаққа бармағалы бірталай
Уақыт болған.
– Ей, бауырым, бұл қалай,
Ұмытып-ақ кеткенің бе біздерді,
Ортамызда-ақ жүрмедің бе, шырқамай?!

Дейді маган туғандарым наз қылып,
– Астана не, жіберген бе аздырып,
Бір соғымды есебінен колхоздың
Жіберсек пе элде өзіне жаздырып?!

Сөздерінің әзілі бар,
Шыны бар...
Жақсы лепті мен ұқпасам, кім үзар?

Кейбіреулер ойлайтындағы асылы
Алматы да курорт емес тынығар.

Алматы да курорт емес тынығар,
Ақынға да қоятын өз сыйны бар.
Міндегі де, құрметті де –
Бәрі бар,
Жоқ жалғыз-ақ мұндағыңдай шыны қар.

Аға да бар,
Іні де бар,
Бәрі бар...
Бірі – біліс, біреуі – жай танымал.
Басың ауырып, балтырың сәл сыйздаса,
Дәрігер де бар дәл қасынан табылар.

Санаң шығу мүмкін емес барларын,
Оқығаным, тоқығаным, алғаным...
Толып жатыр,
Сондықтан да, бауырлар,
Арманымды Алматыға жалғадым.

Күніге сан достарыммен жолығып,
Жаным шалқып, мерейім де молығып,
Аспанымды биқтетер толы үміт.
Кешіріндер бір сәт сендерді ұмытсам,
Әрқайсысы өздеріндей көрініп.
Қате-қате,
Сенбе, мейлі, сен, мейлі
Ұмыттым деу орайға әсте келмейді.
Апта сайын ат сабылтып жетер ем
Уақыт дейтін құдірет бар, көнбейді
Ұмыттым деп айттар болсам, дәл соған
Өзге түгіл, өз көңілім сенбейді!

АРТТА БӘРІ

Май келді –
Самал есті майда қоңыр,
Оранды қырмызыға,
Жайнады өнір.
Қарт шықты құба жонға –
Жас күнгідей
Құбылышп, алабұртқан қайда көңіл?
Көз тікті қия бетке, қыр басына,

Беу көңіл, өткенді іздең түр ма, сірә?
Алды да азайыпты абылласа,
Сирепті сұхбатасар сырласы да,
Қалжыңмен қағысатын құрдасы да...
Мына өнір көктем сайын жасарады,
Адам да талай қырдан асады әлі.
Сексенмен серіктесіп жүрсе дағы
Өзіне аз сияқты жасағаны.
Қызы-дәурен,
Қызық, думан артта бәрі
Тірліктің азайғандай қартқа нәрі.
Өзегін өрттей жайлап бара жатыр
Мәңгілік табиғатқа тартпағаны.

АТ ҚОЮ

Шілдехана –
Үй іші абыр-дабыр,
Тұсын да,
Досын да,
Жарын да жүр.
Құттыхана шаңырағын алаулайды
Оранғандай бақыттан жалынға бір.

Бақытыңа балқыған сүйіп жарды
Куаныштан жүргегім күйіп-жанды.
Көре алмадым,
Көруім мүмкін де емес,
Бүгін менен мерейі биік жанды.

Бәрі бірдей:
– Міне, жас әке! – деді, –
Тек барынды!
Аяма!
Әкел енді!..
Құндақтаулы сәбиді куыршақтай
– Көрдің бе? – деп қолыма әпереді.

Әзіл барда,
Ән барда,
Ойын барда...
Куанышқа, сірә, адам тоғынған ба?!

Жібергім жоқ сендерді, дос, бауырлар,
Шырқандар бір, басқаны қойындар да.

– Бәрің бүгін жанымның қақ төрінде,
Бәрің маган қуаныш ап келдіндер.
Құтты болғай аттаған қадамдарын,
Жалғасыма жақсылап ат беріндер!

Ат беріндер жақсылап жалғасыма,
Көңіл – дария сыймай тұр арнасына.
Мені әке ғып әлемге әйгілеген
Бұдан асқан қуаныш бар ма, сірә?!

Деп едім-ак, ұсыныс қаптап кетті,
Кейі тіпті тізімдеп, хаттап кепті.
Енді бірі сан ұлы ғұламаның
Есімдерін әдейі жаттап кепті.

Іздеп өзі тапқандай ең іріні!
– Шоқан болсын, кәнекей, – деді бірі.
Отыргандар үн-тұнсіз ойға шомды,
Ретсіз деп айтқан жоқ, тегі, мұны.

Кіріспесін барынша келістіріп,
Қойды бірін ұлымды Женіс қызып.
– Табылған ат деген соң үшіншісі,
Бокалдарды көтердік тегіс тұрып.

Кезек келді сонан соң ақындарға,
Ескерусіз қалған жоқ батырлар да.
Мен отырдым тиердей тәбем көкке
Риза болып дос-жаран, жақындарға.

Жалғасты ат қоюдың тамашасы –
Жана тост,
Жана құрмет,
Жана шашу...
Мөп-мөлдір шараптарды шайқап ішіп,
Түйіскең хрустальдан тараса шу.

Той-думан осылайша талты арнаны,
Мына жұрт шешен әкен жатқан бәрі.
Мен білсем еніреген ерлеріңнен
Бұл кеште айттылмаған ат қалмады.

Айтсақ та әңгімені кең арна ғып,
Әзірге бір шешімге келе алмадық.
Біріміз бірімізге тоқтамадық,
Біріміз бірімізді жене алмадық.

Отырды анам ойланып, көп отырды,
Ежелден ел айтқанға көнетін-ді.
Жастарменен өз ойын жарыстырып
Сөз айтуды қолайсыз көретін-ді.

Төңірегін бір шолып қарады да,
(Кім білген өзі жөн деп санауды ма?)
Орнынан анам жайлап көтерілді
Бір тамшы шық үйіріп жанарына.

– Шырақтарым, тындандар мені де бір
Жасаған жоқпыз біз де тегін өмір.
Ат қою жас сәбиге, айттындаршы,
Шығатын шындарының шегі ме бұл?!

Жақсы бала – ана мен ата арманы,
Көрер қызық,
Болашақ татар дәмі.
Мықты болса өз атын жайсын өзі,
Ат беріндер жай ғана қатардағы.

Әркім өзі үгяды түсінгенше,
Еңселі етсін есімін күші келсе.
Болмаса жүре берсін ел қатарлы
Жақсы аттын абыронын түсіргенше.

Көп есімдер көрініп аласа тым –
Жақсы ат іздең отырсақ «жарасатын!»
Анам тіптен оп-оцай шешіп берді
Біз білмес пайымы мен парасатын.

СЕНІМ

Білмеймін көп жайларды білсем деген,
Кім сенген тәтті үмітке, кім сенбеген.
Алтапта жан сауғалар көлеңке іздең,
Аязда кездерім бар бұрсендеген.

«Тұрмайды бір қалыпты өмір неге –
Медеу ғой езгермесе көңілге де.
Жап-жаңа шөкім бұлт жоқ ашық еді
Кенеттен күнгірт тартты көгім неге».

Деген де кездерім бар,
Жасырам ба.
Тіршілік – ұлан дария, асыл арна.

Кейде пәс көрінеді Алатау да
Бөлгенген бауыры гүлге,
Басы қарға.

Әркімнің арна тартқан жол басы бар,
Адамды адалдықпен қолдасын ар.
Қашаннан ел сенімі – ер серігі,
Байлам ғып тәуекелін жолға шығар.

Тағдырдың тауқыметі мол да шығар,
Бір жол – теріс,
Бір жолы онға шығар.
Сол жолда жен сілтейтін Темірқазық –
Жігіттің сенім дейтін жолдасы бар.

МЕН СЕН ЕМЕСПІН

Сен мен емессің,
Мен сен емеспін –
Сондықтан да сен маған тең емессің,
Сондықтан да мен саған тең емеспін.
Жақсы болсам – өзіме,
Жаман болсам,
Жөндей бер деп сұрамас сенен ешкім.

Жақтырмасаң не істейсің,
Обасың ба,
Темір емен,
Қыздырып соғасың ба,
Ағаш емен,
Түрпеліп, жонасың ба,
Мен – Мен болып жаралғам о басында.

Санаң жүріп адымын әр аттаған,
Жанындағы жалғызды қарақтаған,
Саған үқсас емеспін,
Өкінбеймін
Мені тәнірім олай ғып жаратпаган.

Басқаларға жақса да,
жақпаса да...
Көлгрілікті мен үшін жатқа сана.
Ойга оралған шындықты айтып қалам,
Сен түгіл, әкене ұнап жатпаса да.
Үлкенге де бірдеймін,
Кішіге де...

Ұғамын адамдықтың күші неде.
Басқага жақсам деген жарамсақ ой
Кірмеген өнім түгіл, түсіме де.

Солай, достым,
Мен тегі сен емеспін,
Ел болмаған пендеге ел емеспін.
Жақсы болсам – өзіме...
Жаман болсам,
Жөндеп бер деп сұрамас сенен ешкім.

МЕН СЕНІ ТАНЫМАДЫМ

О, құдірет,
Мен сені танымадым,
Танымадым,
Барсам да жаныңа мың.
Қалай ғана өзгерктен мына ғұмыр –
«Достық! – деуші ең, – сыйынып, табынарым»!
– Достық! – деуші ең,
Қалтқысız сенетін ек,
Бәрі тапшы,
Ол кезде не жетіп ед.
Артымыздан келсе егер жарты күлше,
Жарымын қиналмай-ақ беретін ек.
Уақыт солай,
Амалсыз төзесің де,
Достық жайлы сен айтқан сез есімде.
Киын қунде өзінмен бөліскенбіз
Интернаттың жарты аяқ көжесін де.
Өткенді ойлап еріксіз толғанасың,
Балғын шақта білмеппіз мол бағасын.
Енді соның бәрін де былай қойып,
Сәлемді де сызданып зорға аласын.
Осы сенде жүректің бары рас па,
Мінезің де,
Сөзің де,
Бәрі... басқа.
Бізді қойып,
Дәл бүгін көре қалса,
Тұған анаң, оллаңи, танымас та.
Сені көріп шегеді көңіл нала
Елден ерек кеткендей жолың дара.
Қазірде ғой бәрі де жетіп жатыр,
Жетпесе
Тек жетпейтін көңіл ғана.

ЕЛ АРАЛАҒАНГА НЕ ЖЕТСІН

Жаз келе жатыр,
Жаз келе жатыр тағы да –
Курортқа барып,
Демалатындардың бағына.
Мен дағы бір жыл сайранდап қайтсам деп едім
Сағына бастадым,
Ауылды қайта сағына.

Жаз келе жатыр,
Жаз келе жатыр тағы да,
Қыс бойы бір «ит» маза бермей жүр жаныма.
Жаз шыға сол «ит» жаңыла қалса, жаңыла
Ауылға барсын,
Қарсылық етпе шалыңа.

Ауылға барсын,
Қарсылық етпе, кемпірім,
Тұрғанда мына мен тірі
Және сен тірі...
Жатбауыр болып кетпесін мына балалар,
Жылда бір барып көріп қайтсын да ел түрін.

Жаз келе жатыр,
Жаз келе жатыр,
Күн жылып –
Ел аралағанга не жетсін және бір жүріп.
Өмір бар болса,
Курорт дегенің табылар,
Несібелі дәмді әкетер дейсің кім жұлып.

ҮҢСІЗ ҚАЛҒАНЫҢ КӨП АРТЫҚ

Не жаздың дейсің,
Тосындау болды-ау сұрағын,
Ұқпадың ба әлде сағымның содан сынарын.
Өлең жазам деп түсіп пе ем ауруханаға –
Шамырқансам да,
Шарт сынбай қайта шыдадым.
Төңірегімді түмшалап кейде ой қалың,
Теніздей терең тұңғысына бойладым.
Жақсы жыр деген ұстаптай қойды армандай,
Жаман жыр жазу –
Сүйекке танба,

Бойға мін.

Көш жүрер сәтте желмая – нарды жоғалтып,
Қойғандай сосын жорғага тенден қоң артып.
Жасық жырменен топты қебейтіп жүргеннен,
– Жазбады-ау, – дегізіп,
Үнсіз қалғаның көп артық .

АРМАН ҚАНАТЫ

Кең әлемді шарлаған құстай бір дем,
Қанатым жоқ –
Шығандап ұшпаймын мен.
Сонда дағы тірліктің қан тамырын
Қалт жібермей сәт сайын ұстай білем.
Құшагыма жер-жанаң сыйып демде,
Көз саламын гарыштан сүйікті елге.
Аңыздагы ғажайып ақынтар
Болған емес мен шыққан биқтерде.
Шарықтаудың соққанда сағаты дәл,
Құдірет күллі әлемде дара тұрар –
Қиял жетпес қиянға жеткізетін
Адамның арманының қанаты бар.

БАҒЫНДЫ СЕН ДЕ СЫНАП КӨР

Бәйгеге қостым, құлымын,
Бағынды сен де сынап көр.
Намысшыл жанның бірімін –
Шиырға шабар пырақ бол.

Айырылма бар кез бабыңнан,
Әмірдің өзі – күнде сын .
Шабысың көзге шалынған
Шайлышып қалып жүрмесін.

Мерейім өсіп қалсын бір –
Екпінің желдей ескенде.
Талайды терге малшындыр,
Ілеспей қалсын еш пенде.

Ағып өт оқтай мәреден,
Намыстың отын маздатып.
Экенді мынау кәрі емен
Шарт сынып кете жаздатып.

ЖЫЛАП ТҰРМЫН

Жылап едім алғаш әкем өлгенде,
Жылап едім жетімдікті көргенде.
Мандайымнан сипаган-ды біреулер
Басу айтып сол демде.

Таусылды ма шыдамым –
Бүгін, міне, екінші рет жыладым.
Ер адамның оғаш рас жылауы,
Бірақ оған таңырқама, шырағым.

Жылап тұрдым ет жүрегім езіліп,
Қыран аспас қия асуға кезігіп.
Әлділердің әлділігін сезініп,
Әлсіздердің әлсіздігін сезініп.

Жылап тұрдым –
Жас жоқ бірақ көзімде,
Өзге тұрмак, сенбестеймін өзім де
Жүрегімді ашып көрсөн білер ен,
Жылап тұрмын –
Тозады еken төзім де.

Болды бәрі тосыннан –
Дірілдейді ет жүрегім шошынған.
Алғаш рет тындана алмай сезімді
Дедім:
– Енді айырылыптын досымнан.

Жылап тұрмын –
Сөкпе мені, шырағым,
Жоғалтқандай егізімнің сынарын.
Таусылғаннан шыдамым,
Құлап түсті шынарым,
Содан барып жыладым –
Бәлкім, менің бұл соңғы рет жылауым!

ТАҒДЫРМЕН ТІЛДЕСУ

О, тағдыр!
Неткен мұнша безбүйрек, қатал едің –
Кеп ісіңе кінә артып жатар елің.
Онсыз да қысқа өмірін келте қылып,
Жақсыларға саласың ерте құрық,
Кеткендей ата кегің.

Батырларды –
Жауының көкірегін баса алмаған,
Ақындарды –
Дарынның бар гүлін аша алмаған,
Әншілерді –
Көмейіне мың бұлбұл ұялаған,
Көкірегін күмбірлі күй ораған,
Тағы-тағы осындай жақсыларын,
Арманының мәуелі бақ-шынарын
Өлімге қия ма адам?!

Әділетсіздік еді бұл не деген –
Ақ қайынды,
Жас талды бүрмелеген,
Жауқазынды өртейсің гүлдемеген.
Ал соның есесіне сұрқияның –
Өміріне өзек еткен құр қиялын
Гүл-гүл жайнап жүргенін күнде көрем.

Өмірдің болады рас күресі де...
Соның бәрін сақтайды кім есіне?
Десек-тағы жалындал, жанып өттің –
Дақ туседі жанына әділеттің
Тисе жеңіс сүмдықтың үлесіне.

Абай бол сол үшін де,
Жіті қара,
Басып қой жауыздықты, құтыра ма.
Көнген бас құтыңа да,
Жұтыңа да
Тағдырынан қашқанмен құтыла ма,
Абай бол сол үшін де,
Жіті қара!

АУЫЛ ДӘМІ

Қазы келді ауылдан,
Қартға келді...
Сағынышын анамның арта келді.
Балам барып достарын шақырып жүр
Әкелгендей көшіріп жарты әлемді.

Шұжық та бар,
Жал да бар,
Жая да бар...
Түгел астыр мамаңа,

Аяма, бар!
Қай кезде де баланың жөні бөлек –
Алматыға күні өртөң жаяды олар.

Шақырғаның қалдырмай тәуір бәрін,
Келсін түгел достарың,
Бауырларың...
Өскенде олар әженді еске алады
Жіберген деп арнайы ауыл дәмін!

ҚҰРДАСҚА НАЗ

Әзіліңнің артығы бар,
Кемі бар –
Қалғаның болса үйімнен келіп ал.
Құрдастарың да азайыпты-ау ауылда
Арсың-күрсің мінезіңмен сені ұгар.

Кел үйіме,
Келем десең, келе бер,
Сөз айтқанда өзіне де сенеді ер.
Екеу болып бәйбішениң жөндерміз
Ойдағыдай қарсы алмаса сені егер,
Кел үйіме, келе бер!

Биігінді төмөндетпе, еңселім,
Әзірге ғой қонағыңымын мен сенің.
Домалатып алайын ба доп қылып,
Қауырт ісін қоя тұрып кенсенің?

Солай-солай,
Қорықтың ба, бастығым,
Көрсін қауым,
Белдесуден қашты кім?
Өзінді іздеп келгендердегі
«Бас мұным» –
Оралса деп ойлап едім бір сәтке
Жиырма жылға озып кеткен жас күнім.

Қорықпай-ақ қой,
Аунаттаймын, қорықпа!
Кермегелі талай уақыт болыпты, ә?!

Көп жыл бойғы сағыныш қой,
Әйтпесе –
Уақыттың жоқ кететүғын қонып та!

* * *

Жастықтың дулы-дулы базарында,
Балалығымды ұмыттып барамын ба?
Қайда біздің тығылмақ ойнаған шақ
Есілдің жарлауыттау қабағында?

Көп-көп жайды үлгермей жатып, тегі
Қайда әкетіп барады уақыт мені?
Жалаң аяқ жүгірген балқаймақ күн
Көзден бұлбұл ұшатын бақыт па еді?!

Келді, міне, қырындап қырық деген,
Бұрынғыдай қызыға да қылышты емен.
Жеткізер ме жезкиік – жиырма бесім,
Тұлпар мініп кусам да құрықпенен.

Аралайтын таныс бау,
Таныс бақты...
Көңіл талай қызықтан қалыс қапты.
Орда жығар өрт кезім –
Отыздың да
Ауылы бірте-бірте алысталпты.

Ой-хой, уақыт!
«Мұртқа өкпелеп жүргенде, сақал менің
Қоңсым болды-ау» дейтіндей қатал ма едің.
Қайда әкетіп барасың қарайлаптпай
Қосағыма қонып ап қатар менің?

АҚЫН ЖАНЫ

Таныр жасқа келдік қой кісі реңін,
Ойнама сен,
Ойынды түсінемін.
Тең көргенді кем көру достық емес,
Жосығы жоқ –
Мен қайтып кешіремін?

Жылдар өтті зымырап арада сан,
Әуре болма достыққа жарамасам.
Тең деп ұқсан,
Тең тұрып араласам,
Сатып алар сезімнің қадірі жоқ –
Қарамаймын мен дағы қарамасан!

Достарым көп қалада,
Далада сан...
Көресің бірге жүріп араласан.
Ақын жаны жауқазын гүл сияқты –
Гүл қайтып көктемейді жараласан.

ӨМІРДІҢ ЗАҢЫ СОЛАЙ

Күн артынан ілесіп күн келеді,
Таусылмайды тірліктің дүрбелені.
Өмір – асу,
Бір биік артта қалса,
Шығады алдан тағы да бір белені,
Күн артынан ілесіп күн келеді...

Шығады алдан тағы да бір белені,
Тағдыр сый ғып тартады кімге нені.
Қанатсыздар қияндап ұша алмайды,
Әркім шама-шарқынша күн көреді.

Біреу биік,
Біреулер аласа тым,
Болмыс солай –
Кім оған таласатын.
Ұғушыға бұл да өмір өнегесі
Тіршіліктің ұқтырар парасатын.
Табиғаттың өзіне жарасатын.

Біреу биік,
Біреулер аласа тым,
Әркім қосар бәйгеге қаласа атын.
Күресте де екінің бірі жығып,
Енді бірі жығылып тарасатын,
Бұл да өмірдің өз заңы жарасатын.

Айтып-айтпа,
Өмірдің заңы солай,
Қатар жүрген қашаннан бағы, соры-ай...
Ұзак жолдың асуы, басуы көп
Талантқа да келмейді табыс оңай,
Айтып-айтпа,
Өмірдің заңы солай.

Алмасқандай қызығы қынына,
Еліктіріп тартады қырына.

Жолдардың көп сүрлеуі,
ширы да...
Өмірінде қыныңдық көрмегендер
Тірліктің де білмейді сыйын ұға.

АҚЫН БОЛУ ОҢАЙ МА

– Ақын болу оңай ма?
– Не деп жауап берейін, інішегім,
Түсінуің қын-ау мұны сенің.
Шынымды айтсам,
Жүргенде ақын болмай
Алаңсыз, әлдеқайда тыныш едім.

Болмаса да пәлендей мактанарым,
Күндіз елмен қызмет атқарамын.
Түн бойына – ақынмын,
Кез ілмеймін –
Демек, жаным, екі есе вахтадамын.

Қызметте білем жұрт не дейтінін,
Достарым көп қиналсам демейтүғын.
Ақындықта – жалғызын,
Жығылсаң да...
Бір пенде жоқ желейтін-жебейтүғын.

Достарың
– Азамат-ақ! – десін, мейлі,
Бос мақтау мерейінді өсірмейді.
Жасық жыр жазар болсан,
Өмір-баки.

Жат тұрмак,
Жақының да кешірмейді.

Жүр дей көрме ағамыз жат ұтымда –
Кешірмейді жатың да,
Жақының да...

Білсен, інім, өнердің өлшемі сол,
Тура бидей –
Туыс жоқ ақынында!
Ақын болу оңай ма?
Бұл сауалды қанша жас қайталады,
Кім соны тап басып айта алады.
Ал, мен білсем,
Күндердің күнінде бір
Өз жүргегін жауабын қайтарады.

БӘРІН БІЛСЕК

Бәрін білсек,
Өмірде бәрін білсек,
Балдай тәтті –
Шырынның дәмін білсек,
Удай аңы –
Запыранның зәрін білсек,
Тілді үйірер тірліктің нәрін білсек...

Білсек егер ертеңгі күнімізді,
Толатұғын,
Солатын гүлімізді,
Еліктіріп өзіне ертер ме еді
Баға жетпес тірліктің құны бізді.

Жұмбақ өмір –
Өріне тартар ма еді,
Тартар ма еді,
Tay – міндет артар ма еді.
Білсек егер пәнидің соны барын
Басталған той тым ерте тарқар ма еді.

Қыз жігітке ғашық болп,
Қызға жігіт...
Жанар ма еді алаудай қызған үміт.
Қарап ма еді теменге тірлік үшін
Қыран құс тас қия мен құзда жүріп.
Адам биік тұғырда түр дегенмен,
Бағалар ма бақытты құнде келген.
Кейде тағдыр кетеді опындырып,
Қолда бардың қадірін білмегеннен.

Тарам-тарам тірліктің жолы барын
Білсек-тағы,
Жоқ бізде соны ұғар күн.
Өмір – өзен,
Білмейміз бақ пен сордың
Қайсы қайда,
Қай күні жолығарын.

Мына ғұмыр –
Болмысы, болысымын...
Алар баурап қашанда толы ісімен.
Ұғуымша, әү баста-ақ адамдарды
Ынтықтырып қойған-ау сонысымен.

САҒЫНЫШ

Көктем туды –
Күн бірақ жылымады,
Табиғаттың сыры көп,
Кім ұгады.
Тергішіндегі болса да,
Күрт түспеді
Көлдердің көпіршегінен шынылары.
Кім білген,
Бермей-ақ түр күн қабағын,
Жоқ әзір сай-салада...
Жылғада ағын.
Тепсініп теріскейден жел еседі –
Кебейтіп көнілдердің шырғалаңын.
Табиғат қоштаса алмай әлі қыспен,
Аяз түр күн шуакты шалып іштен.
Тіршілік алға қарай асығады,
Көктемге деген іңкәр сағынышпен.

ЖЫР ТІЛЕЙДІ ЖҮРЕГІМ

Жыр тілейді жүрегім,
Жыр тілейді,
Ақ шуак –
Ақ сәүледей нұр тілейді.
Сапырып сезім – сері толқындарын,
Теніздей дауыл соққан дүркірейді.

Теніздей дауыл соққан дүркірейді.
Найзағай шатырлайды,
Күркірейді.
Жаным да астан-кестен сілкіністен
Көктемгі Жер-анадай бір түлейді.

Асырып алты қырдан салған энін –
Жатады жарға соғып арман – ағын.
Өтеді тізбектеліп көз алдымнан
Алданғаным,
Біреуді алдағаным...

Ағысқа қарсы қайық ескен күндер,
Түйінді көнілдегі шешкен күндер,
Өтеді тізбектеліп көз алдымнан
Пәнизді пенделіктен кешкен күндер.

Арманның ақ шанқанды арайында
Кеудемін кір қалмасын сарайында.
Өлеңге түсіремін өмірімді –
Бәрін де айтқым келіп ағайынға.

ҚОНАҚ КЕЛДІ ҮЙІНЕ

Қонақ келді үйіне,
Қонақ келді,
Бір келгенде сау етіп мол-ақ келді.
Түсіп жатыр жиенің томпаң қағып,
Жезденді көр,
Әнекей, көр әпкенді.

Құдан бар,
Құдағының, құдашаң бар...
Бетен болмас тағы да мына шалдар.
Барлығынды,
Және де нарлығынды
Көрмек шығар,
Аз емес, шыдарсындар.

Тіреп жатыр ат басын үйінізге –
Келген қонақ қарамас қүйінізге.
Ертең барып айтады өз еліне
Көніліңіз...
Көрсеткен сыйыңыз не?

Беделі бар қашалық кімнің кімге,
Құда-қонақ сынағыш,
Сыр білдірме!
Кейде артықтау болады еркелігі
Кетермесең ондайын –
Бүлдірдім де.

Сынау емес,
Еркелік қайта басым,
Сыр берме сен.
Оныңды байқамайсын.
Қажет болса ертең күн өзің барып
Карымын артығымен қайтарасың.

ҰСТАЗ ТОЙЫНА

Қолыма ұстап қыр гүлін,
Тойыңа келдім еркелеп.

Тартсаныз да көп жыл жүгін
Қартау әлі ертерек.

Бейтаныс болсам егер мен,
Бермес ем сізге алпыс жас.
Бәйтерек сынды көгерген,
Дейміз бе сізді – карт ұстаз.

Сонау бір жігіт шағыныз
Жадымда қапты ұялап.
Бұл жүрек сөзі –
Наныңыз,
Карт деу де сізді қиянат.

Ұмыт қой бүтін бәрі де –
Көрсөніз бейнет не түрлі.
Алаулап тұрсыз әлі де
Алатай гүлі секілді.

Алпысқа келсе жасыңыз,
Қалды артта өмір құз – белі.
Ақбуырыл тартса шашыңыз –
Ол өткен күннің іздері.

Отырсыз енді сіз, міне,
Торқалы тойдың төрінде.
Түсіре алмай өлеңге
Көп ойлар қалды көңілде.

Еске алып бала күнімді,
Тұрармын әлі жіңі кеп.
Қабылданыз бұл жырымды
Шәкірттің жүрек сыйы деп.

БАЗАРДА

Демалыс құн.
Қаскелеңнің базары.
Құрыстаған талай бойды жазады.
Осы өңірдің орыс, үйгыр, қазағы...
Кейі атты,
Кейі жаяу жетеді
Өз-өзіне іздегендей жазаны.

Көшкен сендей бірін-бірі ұрғылап,
Көп непірді денесімен бүрғылап,

Бір сурініп,
Бір соғылып,
Бір құлап...
Мына қалың тобырды
Осы арада жүр құрап.

Жоқ көбінің алары,
Не сатары...
Тым құрмаса дедалдықпен шатағы.
Дүкендерде қат-қат тұрған матаңы
Осы жерде әрі-бері аударып,
Тек, әйтеуір, білгішсініп жатады –
Базар барып қайтты деген атағы.

Келіп едім,
Сәлден кейін кетем деп,
Жан қинамай қайтсем үйге жетем деп,
Не болмаса қайта жаяу тепеңдеп
Жұргендерді көрген сайын ойлаймын
Тыншытпайтын –
Қолы бостиқ па екен деп...

КӨКЖИЕК

Көкжиек көз алдымға көлбендерген
Тоғызып өзендермен, көлдерменен.
Тауларды... Мұхиттарды... Теніздерді...
Құмдарды... жалғастырған шөлдерменен.

Бейне бір киіз үйдей көмкерілген –
Үстіне Жұмыр жердің төңкерілген.
Аядай алақанда тұрған тұсы
Әкеліп бар келбетін өлкенің кең.

Сән көрік,
Сап сұлулық,
Сан асылды
Сыйдырған уысына саға сынды.
Ғажайып келбетімен тербетілген
Сыйлайды табиғатқа жарасымды.

Көкжиек – жалғыз өзі ерен мықтың
Өлшемі биіктіктің, терендіктің,
Адамзат ойлап тапқан парасаттың,
Мен білген Ұлылық пен Кемелдіктің...

НЕМЕРЕЛІ БОЛЫП КӨР

Бар жақсыны бойына үйіп-төгіп,
Бұлдірсе де бір затын қызық көріп,
Анам менің ұлымға шыбын жанын
Отырады күн сайын үзіп беріп.

Ұлым да мәз –
Ол күшік не біледі,
Ойламайды әкем деп тегі мені.
Әжесінің сөзіне егіледі,
Екеуінің жүргені бір одақ бол
Маған тіптен қызықтай көрінеді.

Қызыл тілге кезек кеп, тигенде ерік
Өзімше сәл нәрсеге қүйген болып,
Анама өп-өтірік ренжімін:
– Бір үйді шығардың, – деп, – үйден бөліп!

– Апа! – деймін,
Шыныменен немерене
Ішиң бұрып тұра ма,
Неге? Неге?..
Мына мендей ұлыңа шынымен-ак
Тостаған көз жаманың тәңгеле ме?!

Қызығы мол –
Бір күні мың күнге тең,
Немеренің қызығы, шіркін, бөтен! –
Дейсің тағы.
Қайранмын, өз ұлынан
Немере артық болу мүмкін бе еken?!

Ан-тан қалып тосындау сұрағыма
Анам маған қарады –
Сынады ма?
Тосылды ма төтеннен сөз таба алмай,
Әлде емендей шарт сынбай шыдады ма,
Риза болмай тұрды ма, сірә, ұлына?

Үнсіз тұрды тіл қатпай тұйық та, ойлы –
Маған қарап қабағын түйіп қойды,
Иіп келіп денесін биік бойлы:
«Немерелі болғанда көресің!» – деп
Мандайынан ұлымның сүйіп қойды.

БІР НӨСЕРДІҢ КЕРЕГІ-АЙ

Кар жоқ.
Бірақ бар сұық ызғырығы
Табиғаттың жоғалған қызыңығы.
Күн шуағын қаншама төккенменен,
Жібермейді ырқына күз құрығы.

Қоңырқай кеш зіл батпан ауыр қандай?
Дел-сал күйде Жер-ана ауырғандай.
Құрыстаған денесін жіпсітетін
Ең болмаса қойды ғой жауын жаумай.

Сыналатын талайдың бақ-талайы
Қарсыз өтіп барады ақпан айы.
Биылғы қыс – қыс емес,
Табиғаттың
Жылдағыдан, немене, жат па райы?!

Сұлық тұрган қайың, тал, терегім-ай,
Тұнжырайсың бейуақыт неге бұлай.
Білем, шіркін, сендерді шомылдырып
Алатын бір нөсердің керегін-ай!

* * *

Құдайдын күндері де ала-құла,
Кеше қандай?
Ал бүгін кара мына...
Жер-дүние қоңырқай, құрсінеді –
Бұлттардың тамшы ілініп жанарына.

Кеше қандай!
Айнала жарық еді,
Мына дауыл бастады тағы нені?
Бұйығысқан бұлттарды сапырып жүр
Жағасынан сүйрелеп әрі-бері,
Үзілмесе жарап-аяу кәрі белі.

Кеше қандай?
Дүние аппақ еді –
Шакырган-ды бір құрбым баққа мені.
Жаз көңілі жадырап Ай нұрымен
Астасып, шалқып-толқып жатқан еді.

Кеше қандай?
Дүние тұнық еді,

Айдынында ақ сәуле тұнып еді.
Аяқ асты өзгеріп сала берді
Бүтін қабак бермей тұр күн рені,
Өн бойыңа саусағын сумандастып
Суық желдің қолдары жүгіреді.

Дәл осындай менің де қас-қабағым,
Куанамын, шалқымын, мастанамын...
Аясына сия алмай астананың
Айлы тұнде шырқаймын аспан әнін.
Құрығандай басқа ой, басқа амалым
Қамсыз, мұнсыз күн кешкен жас баламын.

Жерде жүрмей, кей-кейде аспан десем,
Бакытқа орта туғандай бастан кесем.
Тышқаннан да тығылар кездерім бар
Дей жүріп:
Жолбарыстан жасқанбас ем!
Қанағат! Бір тоқсан бол асқанда сен!

Менің дағы күндерім ала-құла
Көріп келем ақты да, қараны да...
Қоңырқай реніме қара мына,
Сыр жасырып көрмеген жанарыма.
Қиянатшыл, үстемшіл іске налып,
Кейде амалсыз тілімді тістеп алып,
Үнсіз қалам «тас ұрып» тамагыма.

* * *

Жұма күнді ауырлау күн деседі,
Біле алмадым кімнің қандай, не есебі?
Бәлкім, жай бір айтылған сөз кешегі –
Ал әйтеуір біздің әulet көп ісін
Басқа емес,
Жұма күні шешеді.

Аргы атамыз батыр болған әйгілі,
Шын ерлікке есеп пе еken ай, күні?
Жұма күні жауын жерге қаратып,
Сыпрыпты ел үстінен қайғыны.

Содан бері бұл әulette Жұма күн
Бастаудай бақыт көзі – тұманың
Мерекеге айналыпты.
Мен де оны

Тірлігімде талай мәрте сынадым,
Жұма күні жеңіл күн деп ұғамын.

Үримшыл деп, сіра, мені сөкпендер,
Алмасқандай жаз, күз, қыс пен қоқтемдер,
Ұрпағына мирас болса несі мін
Ата-баба салып кеткен өткелдер,
Одан тегі, бұлінбейді Көк пен Жер!

Жұма күні жолға шықтым сан рет,
Сәтіменен тындырғаным тағы көп.
Өмірімнің нұрлы болашағы деп
Жүрген ұлым Жұма күні туыпты
Шаңырактың шаттығы боп, сәні боп.

Санап түгел тауыспаспын бәр-бәрін
Жұма күні көп бергенім, алғаным
Бабалардың бастан берген жеңісін,
Жетпей кеткен арманын...
Ағысымның арнасы деп жалғадым.

Жұма күні ауырлау күн деседі,
Болған шығар әркімнің бір есебі,
Алакөл мен Сұламада кешегі
Тиді, бәлкім, біреулерге кеселі
Біздің әulet көп түйінін бәрібір
Қазірде де Жұма күні шешеді.

КҮДІК

Күдік кірді көніліме, бір күдік
Дөңбекшідім қысқа күнді түнге ұрып,
Тереземнің шыныларын сындырып,
Ту сыртымнан кезеніп тұр өз досым
Нысанага жүрегімді ілдіріп,
Шықпайды үнім айқайласам шыңғырып,
Миымда да үрей деген жүр бұлік.

Япыр-ай, бұл не жазғанмын досымға,
Мені үркіту – көніліңнің хошы ма?
Сені алар жау маған келсін деп жүріп
Сыбагам мен көрген сыйым осы ма?
Ойламаппыш, бәрі-бәрі тосын, э!

Үрей билеп дірілдеген бойымды
Шым-шытырық, мұздай сұық ой ұрды,

Кім біліпті мұндай пәле-дойырды,
Андал жүріп ертең болар тойымды
Жаназага айналдырмақ ниеті
Ту сыртымнан сілтеп қара сойылды.

Қызғанды ма менің бақыт-бағымды,
Кең пейілі қайтіп, қалай тарылды?
Аяп қалған кезім қайсы барымды –
Сенім-сезім қандай күні жаңылды,
Аскар тауым қандай күні шағылды?

Шырматылған өрмекшінің торындей –
Ойлар, ойлар...
Жұртта қалған қорымдай.
Кекіргімді құдік кеулеп барады
Менің мәңгі арылмаған сорымдай.

Досқа досша қарайынши қайта бір –
Сеніміме семсер салма, тәйт, өмір!
Деп көзімді ашып едім –
Бәрі де...
Күліп тұрған құдік екен, әйтеуір.

Жалған достай кекіргіме кіріп кеп,
Берекемді,
Мерекемді ірітпек.
Сенім барда сертке берік семсердей
Құдікке тек қарайықшы күлік деп!

СЕЗЕМІСІҢ, ЕЙ, ЖҮРЕК

Қисық өсіп кеткен-ау бұл, қарашы, тым!...
Бір бұтағын кесіп алдым ағаштың.
Екіншісін жіпке байлап нокталап
Биігірек тұрған жерге тағы астым.

Табиғаттың қара мына ғажабын –
Ең ауырын қолдағандай жазаның
Ақ тәніне тиген балта ышқынтып,
Шығарғандай болды сол сэт азалы үн.

Тау жотасын бұтасымен астарлап,
Шыңға шыққан шынар еді аспандап.
Етінен ет кесіп алған інгендей
Бұта орнынан қоя берді жас парлап.

Аяп кеттім өне бойым елжіреп,
Сипап жатты самалымен жел-жібек.
Ағашта да сезім болады екен ғой
Сеземісің,
Сеземісің, ей, жүрек?!

Тасты тесіп шыққан шыңдың шынары,
Қайсаңлығын қанша мәрте сынады –
Дауылға да...
Жауынға да... шыдады,
Кім біліпті, элі қанша тұрады,
Кім біліпті, қашан, қалай сынады?
Тәні ауырып жылаған жоқ ол бірақ
Жаны ауырып жылады!

Жылап тұрды өне бойы елжіреп –
Тепкілеуші ем еденді.
Ағашты емес,
Ең алдымен өзінді
Жыллаттың-ау, сеземісің, ей, жүрек,
Сеземісің, ей, жүрек?!

* * *

Бәрі маған жарасады дегенді
Қойып келем мен енді.
Биlegenнің жөні осы деп, ербендең
Тепкілеуші ем еденді.

Алым-жұлым киінгің де келмейді,
Көңіл де енді көп желікке ермейді.
Өткен күннен олқы қалған жерлерім
Қолқ-қолқ етіл жанға тыным бермейді.

Серілікпен сейіл құрып кемді күн
Секілденіп көрінетін ерлігім.
Соның бәрін кештеу ұғып,
Өзімді
Өзім жерлеп әурелендім мен бүгін.

Жастығыма жарасады дегенмен
Талай құрбым тай-құлындай тел емген
Кез ұшында барады ұшып,
Соларды
Куып жетсем деген ойда келем мен.

Жететінің қанша жерге шаманың
Кім біліпті?

Әлі қанша шабамын.
Майламаса мезгіл-мезгіл табанын
Жүрісі де өнбейді рас шананың,
Әлсін-әлсін артыма да қарадым,
Алғы лекті қуып бірақ барамын.

НАМЫС

Ежелден аражігі бөлінбеген,
Біріне-бірі бетен көрінбеген
Екі қарт көрші тұрды өмір бойы
Көбесі татулықтың сөгілмеген.

Екеуіне балайғы ел қызығатын,
Бұл жайды ұл ұғатын, қыз ұғатын.
Өзге түгіл, өздері ойламаған
Күн бар деп көшкен сендей бұзылатын.

Ауылда той болды бір ұлан-асыр
Жарқылдан көз ұшында тұрады асыл.
Жеткізіп тойдың данқын ұрпақтарға
Шертеді әлі талай ғұлама сыр.

Сабадай сапырылысып әрі-берлі
Калың жұрт ду-дүрмекпен әбігер-ді.
Той десе қу бас қалай домалаған –
Елдегі жас-кәрінің бері келді.

Бір кезде күй күмбірлеп, ән басталды,
Ішілмей бал қымыз бен алда ас қалды.
Думанның орта тұсы қыза келіп,
Қыз қуу, белдесумен жалғасқан-ды.

Сабылып сан тораптан жиылған ел,
Теніздей ақтарылып құйылған ел,
Санлақтар сарапанған сай тасындай,
Қысылса жол табатын қыыннан ер.

Қоздырып кәрі, жастың делебесін,
Қояр ма қызып алған ел егесін.
Шыгарды шаршы топтың ортасына
Тел өскен екі қарттың немересін.

Тап мұны күтпеген-ді екеуі де,
Түсініп болған да жоқ не екеніне.

Дұбірдің дүрмегімен кете берді
Ілесіп сері сезім жетегіне.

Екеуі қатар отыр иықтасып,
Шекпенмен тізелерін тұйықтасып.
Лаулайды намыс оты іштерінде
Өрт-сезім қарт денеде күйіп, тасып.

Кеу-кеуlep, әзіл сөзбен іліп-қағып,
Қалың ел тамашаға кіріпті анық.
– Ей, балам, жамбасыңа ал, жамбасқа! –
деп
Сыр берді қарттың бірі тұрып барып.

Мына сөз көрші жанын тіліп өтті,
Шыдамның быт-шыт болып тіні кетті.
– Ей, балам, іштен шал! – деп
айқайлады,
Намыстай не бар екен құдіретті?!

Күрескен немерелер былай қалып,
Ашудан сезімдерді шыр айналып,
Қарады бір-біріне тұңғыш рет
Жауығып, оқты көздер лайланып.

Бұзылып көңіл-күйдің ырғактары,
Біріне-бірі қайтып тіл қатпады.
Жөңкілді көктемдегі көшкен сендей,
Ақылды дүлей сезім тыннатпады.

Балуандар белдескен жығыспады,
Бұл, бәлкім, көршілердің ырыс, бағы.
Немерелер ұққанмен,
Осы арада
Екі карт бірін-бірі ұғыспады.

Түсе алмай шарасына кенен ақыл
Шарқ ұрды,
Тынар екен немен ақыр?
Сенімді сезім билеп –
Тұңғыш рет
Екі карт екі болек келе жатыр.

ҚАУІП

Ішегінің қалдырмай түк-түгін де,
Ақылдыға ақыл айту бүтінде

Дағды болып барады –
Тек кесірге
Айналмаса жарап еді түбінде.

Өз ақылын ауырсынып жүргенде,
Одан да асқан «дана» шығып бір демде
Жер-жаһанды жарғандай-ақ атағы,
Қайырыммен қарайласып жатады
Соған ғана зәрудей-ақ бұл пенде.

Ақылды көп,
Ақылсыздар жоғалып
Бара жатыр –
Не анық болса, сол анық.
Бір кісідей ақылшы боп бәріміз
Кетпесек тек жарап еді әлі біз
Ақыл тыңдау дегенді тек доғарып.

Жұмыртқа кеп үйреткендей тауыкты
Талай білгіш өситетке ауыпты.
Қауіп деген аз емес қой онсыз да,
Ал осы дерпт бәрінен де қауіпті!

* * *

Екеуміздің анамыз ғой бір туған,
Содан болар, сені басқа жұртыйнан
Артық көрем –
Әбестік пе ол тегі
Сол қалпымыз талай ішті өртеді.
Қызықканнан қызғанады кейбіреу
Өссе дағы ағайынның өркені.

Былай айтса екеуміз ғой – бөлеміз,
Тұыстықта бірдей тағы өреміз.
Бірімізге біріміз шын төреміз,
Қуансақ та тендей қылып бөлеміз,
Қайғырсақ та тендей қылып бөлеміз.
Біріміздің бағымызды біріміз
Өзіміздің бағымыздай көреміз!

Екеуміздің анамыз ғой бір туған,
Содан болар, сені басқа жұртыйнан
Артық көрем –
Бірақ мені басқалар
Сатып жүр ме деп қорқамын сыртыйнан.
Айнымаган анамызды есіңе ал
Кездер болса көніліңе кір тұнған!

ҰСТАЗҒА

Алтын күз –
Жапырактар сарғайған шак,
Шалқыса бала қиял шалғайды аңсап.
Келеді ұстаз бейнесі көз алдыма –
Әр уақыт өткенді оймен шарлай қалсақ.

Есімде алғаш ашқаны Әліппені,
Есімде алғаш үйреткен әріптерді.
Есімде алғаш ұстаздың айтқандары,
Өз ұлындай арқадан қағып мені.

Сақшысындай балғынның күзеттегі
Есімде әлі қатемді түзеткені.
Есімде әлі қол ұшын беретіні –
Қындықтың кезіксе жұз өткелі...

Есімде әлі ұстаздың бар арманы,
Соны қуып келемін жаралғалы.
Үйретті ол еңбекке, ерлікке де
Үйретті ол аяла деп адамдарды.

Өмірдің ағымынан қалмасын деп,
Қиялым жатса дәйім алға сүйреп.
Ұғамын оны да мен ұстазымның –
Үйреткен окуының жалғасы деп.

* * *

Ойда жоқта қағынып
Көптен бері кезікпеген бір жолдасым табылып,
Іздеп келдім дегеннен соң сабылып,
Емешегі үзілердей сагынып,
Аянайын несіне,
Қонақ үшін құдайым берген бөлек несібе –
Қалдым шала шабылып.

Ертеңіне азаннан
Қалған етті сұықтай жеп қазаннан
Үлгермestен ел тұрып,
Шишаладың тұбін көкке келтіріп,
Бірімізге қарамай,
Тым болмаса «Қош!» деуте де жарамай
Өз жайына кетіп қапты желпініп,
Қаңбақ сынды айдал кеткен жел тұрып.

Содан қайтып көре алмадым досымды,
Талайлары жаңадан да қосылды.
Іздемін бе, қайтемін –
Деген шығар эзер болса:
– Қай тенім?!

Іштей бәрін түсіндім,
Тағы бір дос келгенде:
– Бұл кісің кім?!

Дер ме екен деп әйелім мен баламнан
Алғаш рет қысылдым.

БӘРІ ДЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ

Жақын маңдағы,
Немесе алыс қырдағы
Елең еткізген керемет жарыстың бәрі –
Тандандырған талайды табыстың дағы...
Қысқасы мына тірлікте
Бар істің бәрі
Бірімен-бірі өзара салыстырмалы.

Жаман да керек –
Жақсыны мадақтау үшін,
Тұндер де керек –
Мезгілсіз таң атпау үшін.
Үлгі етіп тағы біреуді алға тартамыз
Көрсетер кезде ақымақтың ағаттау ісін.

Салыстырмалы тірлікте махаббаттың да,
Біреуге тиер мейірім, шапағатын да.
Салыстырмалы табиғи таланттың дағы,
Осының өзі кей-кейде батар ақынға.

Несі бар, бірақ бәрі де жарасымымен
Ұғамыз бәрін өзіндік дара сырымен.
Тұлпарды тағдыр жаратқан қас жүйрік
қылып
Жабылардың болсын деп таласуы кем.

Таудың да мына биік пен аласасы бар,
Әлді мен әлсіз күштерін таласа сынар.
Терек пен тал да бір жерден таласа шығар,
Табиғат, сірә, сонысымен тамаша шығар.

УАҚЫТ

Бүтін бітер ісімді
Қалдырмауға ертеңге жұмсал келем күшімді,
Біреу мұнымды асығыстық деп ұқты,
Енді біреу албырттық деп түсінді.

Не деуге де әркімнің өз құқы бар,
Біреу ұтар,
Біреу, бәлкім, ұтылар...
Қайткенде де уақыт атты құдіреттің
Құрығынан еш пенде жоқ құтылар.

Құдай емес,
Болжап білген алдын кім?
Алсам деген жерде талай алдырдым.
Ұғындырды сан соқтырган кездерім
Өз міндеп болатынын әр күннің.

Ертеңім де...
Одан соңғы күндерім...
Көлбендейді көз алдымда кіл менің.
Қысқа күнде қаншама рет сарғайып,
Қысқа күнде қанша мәрте гүлдедім,
Бәрі соның уақыт еркі – білгенім!

Уақыт, Уақыт!
Әміршісі тірліктің,
Тамыршысы таразыдай шындықтың,
Сол арқылы талай-талай сырды ұқтым,
Сол арқылы талай-талай тілді ұқтым,
Тағы да ұқтым, жалғыз ғана өзің деп
Бар болса егер дүниеде бір мықтым!

Не ойлауга да әркімнің өз хұқы бар,
Біреу ұтар,
Ойдан біреу ұтылар...
Қайткенде де уақыт атты құдіреттің
Құрығынан еш пенде жоқ құтылар!

АЗАПТЫҢ ЕҢ АУЫРЫ

Кемпір мен шал –
Қолдарында темірден таяқтары,
Басқан сайын қалтырап аяқтары
Бара жатыр –
Көшеде көргендердің
Қарайды екеуіне аяп бәрі.

Ку таяқтың ілескен жетегіне
Қарайды ел аянышпен екеуіне.
Бара жатыр көшені тықылдатып
Шет жақтағы шағындау мекеніне.

Екеуінің бар еді төрт ұланы,
Бір-бір үйдің сәулеті, көркі бәрі.
Төртеуінен бір тұяқ қалдырмастан
Жалмап кетті кешегі өрт ланы.

Сырты – бүтін,
Іші – алау тұтіндеңен,
Тозған пештей бықсиды күтілмеген.
Үміт жібі үлдіреп, үзілместен
Қырық жыл бойы келеді күтуменен.

Ұлгі тұтып айтатын Бірлік елі
Береке-күт дарыған түндік еді.
Желді күнгі шырақтай лапылдайды –
Енді қашан жанады?
Кім біледі?

Қалмай бір-бірінің жетегінен
Бара жатыр –
Ұрпақ жоқ екеуінен.
Қолқаласа көшпейді жақсы үйлерге
Төрт ұланын ұшырган мекенінен.

Не боларын біле алмай ертеңінің,
Жүректерін от шарпып өртеді мың.
Осы ауланың,
Осы үйдің эр бұрышынан
Үні естіліп тұрғандай төртеуінің!

Жылжиды азалы жыл,
Азалы ай...
Кесілер ме тым ұзақ жаза бұлай?!
Қырық жыл ұдай келеді күтуменен
Қарттарға тартқан тағдыр азабын-ай!

Соғыс – мәңгі айықпас секілді мұн,
Келеді ойға не түрлі ой, не түрлі ұғым.
Мен білетін азаптың ен ауыры –
Көру екен кәрінің жетімдігін,
Өзім де жетім бала секілдімін!

* * *

Күндер өтіп барады,
Күндер өтіп...
Жолаушыдай асықсан тұнделетіп.
Сыбағадан біреуді құр қалдырып,
Біреулерді жарылқап, жүлделі етіп.

Қарамастан кеше өткен бал айыма,
Тұнде түскен ұрырай сарайыма,
Жазғаны осы дегендей талайыңа,
Нанбайын ба, япыр-ай, нанайын ба –
Бір ақ шаш кеп қоныпты самайыма.

Бұл не, бұл –
Егделік пе хабар берген,
Ұрланып саған да ерген,
Маған да ерген?
Асқандай талай асу, талай белден
Дыбысы, сыйбысы жоқ –
Өң мен түстей
Бір күнде, құдайым-ау, қалай келген?!

Таңырқап, мен бе жалғыз таңданатын,
Күндердің қызығымен алданатын?
Зорықтырып талайлар арман-атын
Қалып жатыр,
Тіршілік тоқтамайды
Уақыт жайлап қағады паң қанатын!

Қосылған соң сарбаздар санатына,
Дақ салмай адамшылық ар атына,
(Шалыс басып кетсем де ара-тұра)
Қатар үшсам болғаны жылдарменен
Ілесіп құс-уақыттың қанатына!

* * *

Ақын да кәдуілгі пенде өзіндей –
Бірде бай,
Бірде кедей, кейде өзіндей.
Басқалардан жоқ ешбір айырмасы
Ботакөздің айнымас тең көзіндей.

Тұсірмейді ол еш қылау шырқына да,
Бірақ, бірақ бұл оның сыртығана.

Басқаларына болмаса бөлектігі
Ерекше көрінер ме жұртына ана.

Жамандықпен келе алмай келісімге,
Күйеді ақын сен үшін, мен үшін де.
Содан болар,
 Кешіріп кем ісін де,
Еркелетіп ұстайды ел ішінде.

Биік етіп көтеріп еңсесін де,
Еркелетіп ұстайды ел ішінде.
Ал елінің мерейі ақынның
Мәңгі жасар жырының желісінде!

АНА ПЕЙІЛІ

Қайран ана қарап отыр мен жаққа,
Жалғыз ояту,
Тәтті ұйқыға ел жатты.
Қалай ғана жаны шыдап жүр екен:
– Ас батпайды, – дейтін еді, – сен жоқта.

Рас солай, ішкен асы батпайды,
Ел жатады,
Ол күйбендер жатпайды.
Бір гажабы, Алматыға келгенде,
Бізге жаққан ауа оған жақпайды.

Қайтсін енді,
Таусылды-ау амалы,
Биік үйде деміі зорға алады,
Біз тірлікпен кетеміз де быттырап,
Күн бойына үйде жалғыз қалады.
Сағындырып, қайта кейін тартады,
Сүйіп есken Сарыарқаның самалы.

Соныменен анам елде,
Біз мұнда,
Жөні бөлек татар дәм мен тұздың да,
«Құлынымның естілер ме даусы» деп,
Жүрген шығар радиосын жүз тындал.

О, табигат!
Қандай гажап шеберсің,
Жылдарменен даналық та келер шын.
Өзі – ауылда,

Көзі – жолда,
Көңілі...
Алматыда,
Анашыма не дерсің?!

* * *

Келіп ек асып Арқалы әсем тауды біз,
Ортамызда Ләтипа апа – бауырыңыз.
Жасарып қалдық –

Жасанып қалдық аз күнде
Аялап жатыр алақанға сап ауылыңыз.

Ел іші дәйім жазира жайлау, алтын бақ,
Сүзілеті қандай көрінген көзге жарқылдал.
Сәби боп тудық құнарлы жерде қайтадан,
Еркелеп жүрдік,

Шалқызық ғажап ән тыңдал.

Жанары қандай жайсан да, жарқын-жайдары,
Жарқылдал күліп,

Жарасып құшақ жайғаны.

Жігіттер-қыздар ұмытып бір сәт өздерін,
Таңда бұлбұлмен бұлбұл боп бірге сайрады,
Осында екен ән менен жырдың қайнары!

Келгелі мұнда ұмыттым мен де өзімді,
Кей таңда тіпті бір сағат қана көз ілдім.
Тұс көріп жатып ойладым: «Осы сыйға орай,
Айта алам ба деп айтатын барлық сөзімді».
Айтақын аға, бізден де бір сөз күткен ел,
Бабалар айтқан:

– Жаман қонақпен жұт келер,
Ақ ұлпа қармен ак нұр боп жаудық ауылына,
Ал мына бізben ілесіп биыл құт келер.
Бата деп, мейлі,
Қабылданыздар тілек деп,
Жақсы жандармен жақсылық қана жүред те.
Алда да күн бар –
Борыштар болып барамыз,
Көңілде сыр көп,
Айтсақ-ау деген ниет көп.

Тірліктің талай қысы бар алда, жазы бар...
Кен шыққан жер ғой қашанда белден қазылар.
Бастауы болсын ашылар мәлдір бұлақтың,
Аман боп жүрсек, талай жыр алда жазылар.

Қырға да шықтым,
Достармен астым тауын да,
Сыр түйіп талай, жеткізсем дедім қауымға.
Ұл-қызы қандай,
Сайланған сайдың тасындаі –
Ән салып қайттым,
Жаңарып қайттым ауылға.

Байқаймын өзім –
Келгендердегідей күй басқа,
Біз көрген мұнда қошемет басқа, сый басқа...
Кеудедегі ой қағазға түгел сыймас та,
Әнді аялаған,
Жанды аялаған, бауырлар,
Бұл сапар мені баласаңыздар сыйласка,
Келесі жолы айналсам деймін қимасқа!

* * *

«Сәлем бермей кеттің» деп кінәлама,
Ұға білсөң, кінәм жок бұл арада.
Сәлем деген әркімге үlestірер
Сұрауы жок сұлдыры су сыбаға ма?

Сәлем деген – бөлшегі көңілімнің,
Сәлем деген – өлшемі өмірімнің.
Әркімдерге есепсіз үlestіру –
Дарақылық,
Соны ұғып, соны білдім.

Қалтарыссыз көңілімінің сыры бұл да,
Соны білдім азды-көп ғұмырымда.
Сәлемдесу дәстүрім өзгермейді,
Тұрсаң болды тірліктің тұғырыпда.

Өткен күн мен келер күн күрес құрып,
Содан дағы көп дәстүр жүр ескіріп.
Сәлем деген – көрсетер сый-сыяпат,
Кез келгенге бере алман үlestіріп.

* * *

Алматыда күн жылы,
Жер қара әлі –
Кек масаты көмкерген ен даланы.
Шәйі орамал секілді желпитұғын
Болар-болмас самалы жел бар әрі.

Алматыда жаз әлі –
Жаймашуак,
Рұқсатсыз тау жаққа барма, шырақ.
Қарт бағбанның көзіне түсे көрме,
Түсे көрме,
Болған жоқ алмасын ап.

Арқада ғой күз келді,
Күн сұзыды,
Естілмейді судырап гүл сыйбыры.
Қорғасын бұлт езеді ер еңсені,
Қар жауады-ау ертең не бүрсігүні.

Ұйтқиды жел,
Боратып қар жауады,
Тегістеліп даланың бар жамауы.
Ақ келіндей ақ шәлі бүркенеді,
Аппақ ұлпа көмеді жар-жаганы.

ҮІқпай қыстын адудын атағына –
Боранына, дауылы, шатағына...
Алып дала кетеді тәтті ұйқыға
Кіріп алған аюдай апанына.

* * *

Ойымның кестелерін,
Шоқ-шоқ гүлін,
Тізілген дестелерін
Ақ қағазға түсірдім айшығымен,
Айшығымен...
Кейде бір ой бір оймен қайшы білем,
Өмірде ғой болады ондай жайлар,
Айтып отыр демендер қай сұрымен.

Ой-кестемнің ұнай ма дестелері
Біреу ерте,
Біреулер кеш көреді.
Ашық айттым, –
Өзіме ұнайтыны,
Жасырмадым жалтақтап ештеңені,
Жалған айтсам,
Өмірде кешпе мені.

Акты – «ақ» дедім,
Қараны «қара» дедім,
Жыр-дестеме, сенбесен, қара менің

Жалған сөйлеп, жаныңды жараласам,
Қай данышпен дертімнің табар емін,
Кетірер ме көңілдің кара менін.

Тұрасын айт тіке қарап өлер де,
Лаулап тұрган жалыны сөнер деме.
Шындық керек, бауырым, өмірге де,
Өмірменен егіз туған өнерге де.
Сендірмеген өнерді –
 Өнер деме!

АРМАН

Арман, арман –
Бұлан құйрық түлкідей,
Қанша бейбақ міне-міне жетем деп
Сені куды тепендей.
Бірақ бірі де өкінген жоқ
«Тер төккенім бекер» деп.

Кетпейсің де біржолата қара үзіп,
Қуамыз кеп,
Қуамыз кеп жан қызып:
Ынтықтырып қоятының ғажап-ақ
Үміт-шырак білтесіне шамалап
Әлсін-әлсін аздаған май тамызып.

Танда сәуле – мұнардан,
Тауда сәуле – шынардан
Іздеудей-ақ іздейміз,
Үміт жібін ширатамыз, үзбейміз,
Соған жетсек шығатындай құмардан,
Бәрібір де жеткізбейді бұла арман.

Көктем кетті,
Жаз да өтті,
Күз ықты...
Қыс қырауы сан әйнекті сзыяпты
Арман қуған адамдардың ізіндей.
Ал арман ба –
Таптырмаса қызық-ты.

* * *

Бірге кешіп сайранды сауықпенен,
Тірлігімде көп жолдас тауып келем.

«Жолдас» дейсің болған соң жолың бірге,
Бәрін дос деп айтуға қауіптенем.

Ел секілді менің де жолдасым көп,
Ойламаймын біріне болмасын деп,
Есеппенен жақын боп жүргенім жок,
Ол да мені кезінде қолдасын деп.

Көңіл шіркін, білмеймін, өскелен бе,
Мен де көптің бірі боп көшке ерем бе?
Әр адамның өлшемі өз алдына,
Өзгешелеу қараймын дос дегенге.

* * *

Талай көрдім сүрініп, жығылып та,
Талай мәрте тірелдім тығырыққа.
Тез тұруға талпындым жығылғанда,
Жата беріп бір жерде жын ұрып па?!

Біреу тұрды:
«Жығылса, тұрмаса!» – деп,
«Серпіліп, сейіл-серуен құрмаса!» – деп.
Біреу қайта қуанды тұрғаныма:
– Ей, азамат, жарадың!
Мың жаса! – деп.

* * *

Кеше келдім жол соғып,
Күн қаттым да,
Хош исіне тамсаным гүл бақтың да.
Жырымменен аялап жүректерді,
Жылағаның көз жасын құрғаттым ба?

Ай нұрымен құйылып ашық таңда,
Жас жүрегім өзіңдей жас ұққанда,
Сезім болып жеттім бе жүректерге,
Тамсанатын тіл болып ғашықтарға?

Толқығанда қобалжып бала жүрек,
Бола алдым ба жолына лала жібек.
Жеткіздім бе ұлының сағынышын
Отырғанда көз ілмей ана жудеп.

Самал болып естім бе,
Сал самал боп,
Тыныстаттым кімдерді –
Шаршаган көп?

Алғысымен сипады мандаіымнан,
Көңіл нұрын жаудырды қанша адам кеп.

Тарап жатыр кекілеп жел теректің,
Өлең болып өмірге ерте кеппін.
Өзім сүйген сұлуды мен де солай
Самал болып келеді еркелеткім.

ЖАСПЫН ДЕП ПЕ ЕҢ...

Жаспын деп пе ең,
Не керек әулекілік?
Тыныш кезде келмейді жау бекініп.
Бос бөшкедей ұрасың, бос қеуденіді,
Әулекі ғыл кеткен бе әуре тірлік?

Айдарыңнан аймалап жел ескенге,
Токтатпас деп ойлап па ең сені еш пенде.
Жерге қағып жіберер жігер барын
Ұмыттың ба тура кеп егескенде.

Жаспын деп пе ең,
Қарап кой айналаңа –
Жетіп тоқтар екенсің қайда ғана.
Сен туғанда ұрандал,
Ұл тұдым деп,
Бозқасқаны шалдырган қайран Ана!

Алдыңа бір қарап қой,
Артыңа бір...
Аяз бидей баяғы қалпыңа кір.
Тізгініңді ақылға тежет-тағы,
Асып кетпей тұрғанда тартына біл.

Әуей болма,
Не керек әулекілік,
Азамат бол сыйлайтын әulet ұғып.
Тастап кетіп журмесін асau кердей
Бұрылыста бұлт етіп әуре тірлік.

ОЙ

Қараша айы,
Бозаң дала – боз кілем,
Ауыздықпен арпалысқан боз күрен.

Ой ұштығын тауыса алмай көп түрдым,
Көкжиекке тіреп қойып көзді мен.

Күйттақандай тірлігімде – қас қағым,
Бір ой бітпей.

Тағы бір ой бастадым,
Шет-шегіне жете алмадым,
Тастадым,
Қайдан ғана шығатының шұбалып...
Ой бітпейді,
Бітер бәрі басқаның.

Күндіз де ой,
Тұнде де ой,
Ой да, ой!..
Қайғыда да күніренткен,
Тойда да ой.
«Алған жердің таусылады қары да... »
Ал ой деген –
Таусылмайтын қойма ғой.

Ойлайды Адам,
Әлде нені күтеді,
Таусылмайтын бұл не деген құт еді?
О, Тәнірім, сол байлықтан айырма,
Ой біткенде пақырың да бітеді.

Сол байламды тиянақ қып жаныма,
Айтып қоям ұл-қызыма, жарыма.
Ой бітпесін,
Ой бітсе, мен бітемін,
Бітпегенмен алған жердің қары да,
Қар қайтадан жауады ғой, нальма!

КӨКТЕМ КЕЛІПТІ

Көктем келіпті,
Оралып жатыр құстарым,
Құстарым менің –
Сағына күткен құштарым.
Аңсадым энін,
Аңсадым сәнін,
Шаршадым...
Мен неге күзде қосылып ұшпадым?

Көлдерден өтті-ау,
Шөлдерден өтті-ау қаншама,

Самғады-ау биік тіршілік үшін жан сала.
Таулардан өтті-ау,
Жаулардан өтті-ау қалтырап,
Куаты кеміп,
Қанаттары әлсіз талса да.

Көктем де жетті,
Олар да жетті-ау тізіліп,
Сәндері қандай,
Әндері қандай, сызылып...

Жетеді жәймен көңілге мың сан мұң артып,
Қараймын ұзақ,
Санаймын ұзақ қызығып,
Қалмаса екен бір жерде бейқам байғұстар
Тізбегі тарқап,
Үзіліп!..

Күз еді былтыр,
Қайтқанда қандай налыдық,
Күймесе екен қанаттары отқа шалынып.
Үндері қандай,
Наламен, мұңмен жабығып,
Шертердей бір күй шағынып,
Көктемді тосты-ау олар да біздей сарылып,
Туган жеріне сағынып жетті-ау,
Сағынып!..

ОРАЛСА ФОЙ ШАБЫТ БОП...

Күн-тун қатып дегендей,
Күн-тун қатып,
Жүректерге келемін күй тыңдатып.
Тәтті ұйқынан таңдағы оятып ап,
Шабыт болып оралар шіркін бақыт.

Сәулет әсем,
Тірліктің сәні жарық,
Жүректердің маздаса шамы жанып,
Мен сол шамнан іздеймін нұр, ізгілік
Әкелер деп бойға нәр,
Жаныма құт.

Елендеген бейқүнә көңілім-ай,
Жәй таптырмас ақынға өмір ұдай.

Арман болып алыстан көрінуі-ай,
Гүлдестедей құлпырып өрілуі-ай!

Өрілуі-ай сәулемен мың құбылып,
Көктете ме деп қалдым гүлді де үміт.
Гүлдестенің өріліп сабағымен
Күннің нұры дамылсыз жүр жүгіріп.

Сыр іздеймін сол нұрдан күн-түн қатып,
Жүректерге жетсем деп күй тыңдатып,
Бар қызықтан баз кешіп кетерліктеї,
Оралса ғой шабыт бол шіркін бақыт.

БӘРІ БАР-АУ...

Бәрі бар-ау бүгінде,
Бәрі бар-ау...
Барлықтан да кейде адам тарылады-ау,
Пенделіктен көңілім арыла ма-ау,
Жұмақ жерде, іздесен,
Басқа түгіл,
Құс сүті де, бауырым, табылар-ау.

Бір жаныңа не керек,
Қала бәрін,
Бәрін-бәрін ақиқат таба аларын,
Құйып берем, қаласын, көкірегіңе
Ай шуағын,
Күн нұрын,
Дала нәрін...

Жалғаны жоқ, сөзімнің,
Таңырқама –
Қалауынды айт,
Қара сен,
Бәрін қара!..
Керек десен, тәніңе жел тигізбей,
Бөлеп қоям ақ мамық – ақ ұлпаға.

Біз қашпаған өр қанша,
беткей қанша,
Бұл өмірден жүреміз кетпей қанша?
Ол – пенделік,
Хақың жоқ ренжуге
Кейде көңіл кеңісі жетпей қалса.

Қарашы өзің,
Бұл күнде бәрі бар-ау,
Жүздескенде бәрі алып,
Бәрі нар-ау.
Барлықтың да бағасын тани алмай,
Тәубасынан кейде адам жаңылады-ау.

Дүние-есік бізге де жабылады-ау,
Сөнеді, сөнеді ертең жаным алау,
Жалпақ жалған қушиып тарылады-ау,
Ашық кезде ашылып жүрейік те,
Тірі Адамға бәрі де табылар-ау,
Бүтін бізде бәрі де, бәрі бар-ау!

АР АЛДЫНДА ЖҮГІНІП

Темір төзімді егеудей кейде сын үгіп,
Тірлікте талай сүрініп журмін, сүрініп.
Көңілге зәуде көлеңке болып қонады
Алмасып келіп бір күдік пенен бір үміт.

Тағдырдың талай талқысын көріп, тартысып
Өткіздім бастан,
Сезімдер оттай шарпысып.
Сонда да болса біткем жоқ әлі тірліктің
Куаныш, қайғы шарабын, уын сарқа ішіп.

Білмеймін,
Өмір бүйдалап алды несімен,
Біреуге – түйік,
Біреуге – еркін шешілем.
Алаңсыз өтер,
Армансыз өтер күнім жоқ,
Ойменен егіз жаралса керек несібем.

Қыын күндерім,
Құйын күндерім кешірген
Шықпайды естен –
Жасырам жұрттан несін мен?
Болдым деп жүрген,
Толдым деп жүрген жан емен.
Сақтасын құдай,
Сақтасын ондай кесірден.

Біреуден үлкен,
Біреуден баста кіші ғып

Жаратқан тағдыр,
Ұққанға – үлкен түсінік.
Адамдың Ардың еңесін төмен түсіріп
Көрсеткен емен,
Көрсеткен емен «кіслік».

Алмасып кейде бір күдік пенен бір үміт
Алады баурап,
Оны да жатыр кім ұғып.
Басқаның емес,
Арымның ғана алдында
Артықтау кетсем, тәубеме келем жүгініп.

ЖАЛЫН-ӨЛЕҢ

Ұсынысып сыбағың мен сыйынды әман,
Көшесің көз алдыннан құйын-далам.
Кей-кейде бедерің мен беделінді,
Азды-көп аларың мен берерінді
Үлгеріп көріп қалу қын маған.

Тау емен, дария емен дара тұрған,
«Мен де адам сүйек-егтеп жаратылған».
Көп жайдың байыбына бойлай алмай,
Тебіреніп ойлар жерде ойлай алмай,
Қайрылған құс сияқты қанатымнан
Айрылам төзімінен, тағатымнан.

Аспаннан шолып алыс құйын үстін,
Қияндан келсе дағы биік ұшқым;
(Біреу, бәлкім, енжарлау ез деп ұғар.)
Аяқ асты қалатын кездерім бар
Арасында құйініш-сүйініштің.

Ұғады оны алау бол жанатындар –
«Қиял» дейтін құрыштан қанатым бар.
Білетіндер тірліктің есебін көп
Жүр ғой сол қанатымды кесемін деп,
Қапияда дәл іштеп шалатындар,
Қирай түссем қуанып қалатындар.

Ұғатындар жүрекпен,
жаныменен
Күдер үзіп көрген жоқ әлі менен.
Ұзген емес,
күдерін үзбейді әлі

Кыранның серпілісін іздейді әрі –
Бір керемет күтеді тағы менен
Көрінетін бақыты, барыменен
Қажет болса ар үшін өлеңін де,
Сөнбей мәңгі лаулайтын жел өтінде
Мен боламын шалқыған жалын-өлең!

БЕКЕР БӘРІ

Жазылмаған өмірдің заңдылығы
Сәл бұрын да,
Кеше де,
Алдыңғуні...
Соган ғана бас иді,
Басқаға емес,
Тына қалып тірліктің бар дүбірі.

Оқығаным басқа-ды кітаптардан –
Дүниекөр жан емен шыт актарған.
Шындық шыңы қалайша аласарып,
Әділлеттің ауылы жұтап қалған?

Мүмкін емес,
Сенгем жоқ,
Сенбеймін де...
Ағып кетем бағытсыз сендей мүлде.
Әділлетті жалғандық жеңер болса,
Адамшылық тап болмақ нендей күнге.

Ардың туын түсіріп, ыластаған –
Өтірікті шындық деп растаған.
Жандайшаптар жаудан да қауіптірек,
Шындық сырын сезінбес шың аспаған.

Бекер, бекер –
Бәрі де бекершілік.
Жауыз жалған тірліктен өтер шіріп.
Арамдардың жолына жуа екпесек,
Өзен – өмір арнадан кетер шығып.

Кетсе шығып дүние калыбынан,
Запа шегер Жақсылық – жалын ұлан,
Опасыздар олжа іздер тағы бұдан,
Тұрлауы жоқ тірліктің керегі не
Нұрланбаса әділет жарығынан!

ҚЫЗЫҚТАН ҚАЛСАМ, ҚАЙТЕМИН

Толқында жүзіп,
Өмір – өзенде қанша ақтым,
Өзін қой енді,
Елесі де жоқ сол шақтың.
Құлдырап жүрген құлыншақ күнде еліріп,
Ағындарға да қарсы ақтым,
Енді ме, енді ықтаган қайық секілді,
Жауынға тиіп желкенім талай сетілді,
Келемін жылжып,
Шаршаппын, достым, шаршаппын!

Білдірмей келіп сай-сала,
Жүлге-жулгемен,
Аларын алып өтіпті жәймен жыл деген.
Кеше гой, кеше бәйшешек едім гүлдеген,
Оранған үлде-бұлдемен,
Сол белде қазір басқалар жүрген секілді,
Көктемнің бұлай өтерін жылдам білмегем,
Андалай қаппын мұлде мен!

Жазым да кетер сәйгүлік аттай ағындал,
Орнында сұлу сағым қап,
Қуатымды алып,
Бойдағы асау арынды ап,
Өткенді айтып,
Жұбатып жанды, уатып
Жастықты еске ап жүретін оттай жалындал...

Естелік – өмір барады қанша ұзакқа,
Қыс-тағы жетер,
Құз-ғұмыр түсер тұзаққа.
Қызуым бітіп,
Қызықтан қалсам қайтемін,
Ұзатпа мені,
Ұзатпа, тағдыр, ұзатпа!

ҚАЙРАУ

Неге, бауырым, қабағың түсіп кеткен, –
Құлтеленіп көз алдың ісіп кеткен.
Қайдан-қайдан келеді жаман ойлар,
Кеудемдегі күдікті күшіктеткен.

Не болғаны, бауырым, саған бүгін,
Жеткендейін басыңа қараң күнің.

Отырсың-ау жасырып бір сыр менен,
Мүмкін болса,
Жеңілдет ағаң жүгін.

Тетелесім, інімсің,
Күрдасымдай –
Өсіп ең ғой сен менен сыр жасырмай.
Көрдім дағы кейпінді шошып қалдым,
Өрекпіген көңілім тұр басылмай.

Сен – іні,
Мен – аға боп өскенмен де,
Бір жүрдік кия асарда,
Төске өрлерде.
Екеуміз екеуара сыр жасырсак,
Ойлаши, әке аруағы хош көрген бе?

Айт өзін,
Еңсең неге езіліп тұр,
Өз жаның өз бойыңдан безініп тұр.
Бір көйлек бұрын киген атым бар ғой,
Бір пәле айтпасаң да сезіліп тұр.

Тез тарқат көңілімнің тұспалдарын,
Басыңа қонсын қайта ұшқан бағын.
Ішінен қиналсан да сыр алдырма,
«О, бәлі!» – деп күлмесін дүшпандарың.

Ер басына не келіп,
Не кетпейді,
Өмір бәрін екшейді, електейді.
«Ерлігінді қасиет тұтар болсан,
Ездігінді көрсетпеу керек!» дейді.

Көтер бойды,
Шарқ ұрып, шалқып отыр,
Қымылыңдан коз жазбай халқың отыр.
Сол назардың салмағын түсінбесен,
Күйік болмай көзіме,
Тартып отыр!

МАҒАН САЛСАҢ...

Құлакқа ұрган танадай тым-тырыс шак,
Кім қамаған ду-шуды, ұстап, тұсап.

Әзіл қайда жататын актарылып,
Төгілетін күлкісі күміске ұқсан.

Маған салсан,
Ду керек,
Думан керек...
Оған және дос-жаран, тұған керек.
Тыныштықпен алдама,
Мен о баста
Көр-тірліктен оғаштау,
Тұғам бөлек!

ШЫНДЫҚ БОЛСЫН БАСТАУЫҢ

Өмір атты айдынға қайық салып,
Барымды базаршыдай жайып салып.
Отырганда біреулер:
– Мұның не? – деп,
Жүрер ме екен төлеңтіп айып салық.

Аңғалдықпен сырымды жасырмадам,
Жас баладай жайдақ ем тасырлаған.
Құлық бар деп өмірде үйретпеген
Сен де аңғал болғансың-ау, асыл бабам.

Болар-ау деп жалғанда күдік, кәдік
Бір қырыңды ішіңе бүтіп қалып,
Орайы келген жерде жығыласың ғой,
Сездіріп қуатыңды жығып барып.

Отырам да ойлаймын кейде ақырын,
Сезім-сәби,
Шыңғыртып жейді ақылым.
Әр істің де басы бар, аяғы бар,
Ақырын күт,
Ақырын, – дейді, – ақырын!

Не керек,
Сол ақылға құлақ аспай,
Есігін кей ағаның сұрап ашпай,
Кәктемде де келемін көктей алмай,
Айырылған қауқарынан ку ағаштай.

Сол болар жазылғаны пешенеме,
Ризамын бүтініме,
кешеме де...

Бабам солай болған, – дей саламын,
Біреулер:
– Жолың ауыр, – десе, – неге?
Балам да,
Немерем де,
Шөберем де...
Айтарым:
– Айдағанға көне көрме!
Куарсан, шындық үшін қуара бер,
Бастауың – шындық болсын көгерерде,
Сонда бәрін бағалар,
Көрер Ел де!

* * *

Жанымда жай оғы бар атылмаған,
Оғым барда батырмын,
Батылданам.
Шырқымды бұзамын деп шындал келсен,
Жай түсірем,
Орнатам ақыр заман.

Теренін терендігін бойлап көрер,
Кезін бұл алды-артынды ойлап келер.
Жанымның зарядтарын соқтықтырсан,
Төбенде нажағайым ойнап берер.

Ойнап берер,
Сонан соң нең қалады,
Күлге айналсан,
Кім сені емге алады?
Тазалыққа жараптан – жарықтығым,
Тұтініңмен бүркеме ен даланы.

Ен даланың мен де бір бөлшегімін,
Бөлшегімін және де өлшемімін.
Сүйегінді таба алмай қор боларсың
Жай оғына дөп келіп өлсөң, інім.

Жанымда жай оғы бар атылмаған,
Оққа басын тікпейді ақылды адам.
Сен мені сырт жағымнан айналып өт,
Болам десең өзің де,
Атың да аман.
Ал шырқымды шынымен бұзар болсан,
Жай түсірем төбенен шатырлаган,
Оның аты – білесін, ақыр заман!

ҰЛЫМА

Дос таба біл,
Достықты түсіне біл,
Ең ауыр сын – ұға алған кісіге бұл.
Қырық құбылып баз біреу өзгергенмен,
Өзгертпейді табиғи түсін өмір.

Табигатта ағың – ак,
Қараң – қара...
Әсерленбे әрнеге,
Аланда ма.
Бойда жоқты әкен де бере алмайды –
Өз тағдырың қатысты саған ғана.

Өмір заңы –
Бар асыл жойылмайды,
Кергімей жүр –
Қара жер ойылмайды.
Ешкім жоққа жақсынды шығармайды,
Досың түгіл,
Қасың да мойындайды.

Бәрі өзінен жақсың да,
Жаманың да...
Ешкім тірек болмайды жаман ұға.
Менен туған ұл болсан,
Бар тілерім
Қадыр білмес жандарға таба қылма!

ҚАРЫЗ

Жығылған де кезім бар,
Сүрінген де;
Білдіргем жоқ сонда да сырымды елге.
Адал жандар нұр құйды көніліме,
Арамдардан азды-көп түнілгенде.

Жақсы агалар жанына ап сол күндері:
«Солған жоқсың,
Сен қайта толдың» деді.
Сенімменен қараган жылы көздер
Кеудемдегі жалынды сөндірмеді.

Жайнап сол сәт сезімнің гүлі демде,
Шешек атты,
Түсіндім мұны мен де.

Ағалардан алған сол қарызымды
Қайтарсам деп келемін інілерге.

БІРГЕСІЗ

Алатаудың басы – қар,
Гүл – етегі,
Ай өтеді зымырап,
Жыл өтеді.
Өзіңдей ұстаздар шәкірттерін
Кияндарга қырандай тұлетеді.

Шығарып сап жатсақ та демалысқа,
Ойлаймыз –
Деп Сізді бек алыста.
Қамқор боп,
Ақылшы боп жүру үшін
Керек Сіздей қашанда кемел ұста.

Сіз ұстазсыз қашанда,
Әрі ұстасыз,
Ұяныздан кетпейсіз алысқа Сіз.
Әр уақытта біз шыққан биіктесіз,
Ортаңызбен ортақсыз табысқа Сіз.

Шалқыта бір салатын әніңізбен,
Әніңізбен,
Сыппайы сәніңізбен,
Жақсылыққа жадырап жанын үзген,
Айналайын, Агатай, әрқашан да
Бірге бола бересіз әлі бізбен –
Мына отырған жәудір көз бәрімізбен.

ТОЛАҒАЙ

Жорғаң – аста,
Жүйрігің – жетегінде,
Қашсаң кетіп,
Кусаң шын жетерің де.
Тіршіліктің ешкімге опасы жок,
Сендей ақын келмесе екі елуге.

Жорғаң – аста,
Жүйрігің – жетегінде,

Қашсаң кетіп,
Кусаң шын жетерің де.
Ұлағатпен келесің ұғындырып,
Өнердегі жарыстың не екенін де.

Жорғаң – аста,
Жүйрігің – жетегінде,
Қашсаң кетіп,
Кусаң шын жетерің де.
Анаң сені туғандай Толағай ғып
Мәртебесін өлеңнің көтеруге.

Тұздығын да,
Өлеңнің шекерін де
Татып жұрсін,
Білесің не екенін де.
Өлең үшін,
Өлеңдегі өнер үшін
Міндettісің келуте екі елуге.

ЖЫЛАП АЛ, ЖАНЫМ

Жылап ал, жаным,
Мауқың бір әбден басылсын,
Көкірек шерін көк нөсер жуып өткендей,
Жайнасын жаңың құлпырып қайта көктемдей!
Жылағаныңа несіне кінә қояйын –
Күлгенінді де жүрген жокпын ба көп көрмей.

Жылап ал, жаным,
Мауқың бір әбден басылсын,
Жуылып кетсін нала мен мұңдан түк қалмай.
Болмаса сені қоярдай мәңгі күтқармай.
Шайылған шаңы шар айнадай бол тұрған соң
Сырынды енді болдым-ау, сәулем, үққандай.

Жылап ал, жаным,
Мауқың бір әбден басылсын
Жылау да керек фәни жалғанда пендеге
Жұмыр жер, сірә, қайғы-қасыретке кенде ме?
Бәрімізге ортақ тағдырдың нала-жаласы,
Бір мұң бар шығар сенде де,
Қалқам, менде де.

Жылап ал, жаным,
Жылағың келсе, жылап ал,

Секілді таңнан толассыз жауған мына қар.
Көзіңің жасын көл-кесір
Дұшпаның бірақ көрмесін.
Оңаша кезде мауқынды басып ал дағы,
Сонан соң барып біржолата тына қал.

ӨЗГЕРДІҢ БЕ

Сейлескің де келмейді-ау,
Өзгердің бе?
Кімге дәрі, өтеді сөздер кімге.
Жалғыз сен бе, жаным-ау, жабырқаған,
Намысы бар,
Ары бар өзге елдің де!

Үнің кандай зәрлі еді зекігендей,
Нәзік көңіл көбесі септінердей.
Жәй айтсаң да жәйінді білер ем ғой,
Ереуілдеп ел жұртқа екіленбей.

Жайдарым-ай,
Жайдарман жайдарым-ай,
Қара жерде қары жоқ тайғаным-ай.
«Көңілі де көркем ғой» деп жүруші ем,
Көңілімнің бұздың-ау қаймағын-ай.

Несін айтам,
Мұңымды кімге шағам,
Жалығар ем, көңіл де гүлдесе әман.
Өзімнен де болды ма,
Кім біледі,
Жайып салып жанымды күнде саған.
У іshedі, әрине, білмесе адам.

Тартынайын,
Қой, енді тартынайын,
Күнде тұрмас төбемде шалқып айым.
Түсінбесең, сен мені түсінбессің,
Ал түсінсেң, бағамды түсірмессің,
Болғай да тек бәрінің арты қайыр.

Сейлескің де келмеді-ау,
Сейлескің де,
Бірақ одан отым сөнбес мүлде.
Ашынарсың,

Қайтадан басыларсын,
Байшешектей гүл жарып ашыларсын,
Одан, одан мен бейбақ өлмеспін де,
Мұңымды да шаға алман өңге ешкімге,
Жазбасын тек тәнірім көрмес күнгे.

* * *

Кезім көп лапылдаған, жалындаған,
Сезім – дауыл тербестіп жанымды әман,
Тулатқанда теңіздің толқынындай
Қандай жақсы жүргенің жанымда аман,
Сен болған соң алаңсыз дамылдағам.

Отқа күйіп,
Суға да батып көргем,
Бейбағыңмен уды да татып көрген.
Сенің жөнің бөлектеу –
Маңдайыма
Үш жүлдіз ғып –
Үш бірдей Бақыт берген.

Тау сүйндей бүрқанып, тасып төтен,
Ақтарылып арнамнан асып кетем.
Ондай кезде көзсізбін көбелектей,
Біреулердің сүйелін басып кетем.

Жүргем жоқ оны, әрине, мақтан қылып,
Десе біреу:
– Бұл қандай жатқан бүлік?!

Сабырмен сабама түсірепсің,
Алапат апаттардан сақтандырып.

Шоқ боп ысып,
Жалын боп жанамын ғой,
Ақын – сәби,
Аңғалдау баламын ғой.
Дауылға да,
Жауынға барамын ғой,
Сезім билеп, ақылдың алдын орап,
Көп жәйды кештеу ұғып қаламын ғой!

Біздің туган, білесің, аңғал халық –
Ой-теңізден шыға алмай, сан қарманып,
Жүретүғын кезінде майып болар,
Шығармаса жанашыр жандар барып,
Біздің туган қашаннан аңғал халық.

Өзіңсің сол ет жақын, жанашып да,
Жанашырлық белгісі –
Жаны ашуда!
Ондай кезде жақының, алашың да –
Жиенің де, бөлең де, нағашың да...
Жарамайды сенімен таласуга.

Ондай кезде әкесің, анасың да,
Қарындассың, бауырсың, ағасың да...
Күмәнім бар адамның сенен жақын
Болуына Кек пен Жер арасында!

ЖАНЫП ӘТЕМ

Жанып көрдім,
Жану керек жанында отың болса,
Жанбай қалай
Өзгеден ерекпіз бе?
Көктем, жазда мәуелеп тұратұғын
Қандай күйге түседі терек күзде.

Жану керек жанында отың болса,
Бағып, сынап жанарлар отыр қанша.
Жанбай қалсан,
Мінекей, сол қасірет,
Өртеніп кетсен бірден,
Өкінбе онша.

Жан-жағыңа жаутандал қарағаннан
Жан қалмайды,
Маздамай қалады арман.
Жанынды ешкім емдемес жараланған,
Қауіптісі – өмірде шала жанған.

Өкініш жоқ, барынды үйіп-төксен,
Маздал ұрып біржола қуйіп кетсен.
Ұшатұғын қыранға тұғыр болып,
Жарадың Ел мерейін биіктетсен.

Елім деген жігіттің жаны бөтен,
Жанамын,
Шамам келсе, жанып әтем.
Қажет болса, Данкодай жүргегімді
Жұлып алып, тунекті жарық етем!

ҚҰЙЫП ТҮР НӨСЕР

Кеше де, бүгін құйып түр нөсер бір тынбай,
Көңілім де мына аспанның қара бұлтындай.
Құлазып қалған ой-санам қазір тым-тырыс,
Үдере көшкен ауылдың ескі жұртындай.

Адамның әлде осындай кезі бола ма,
Көңілім бейжай,
 Құйып түр нөсер, өліара.
Куантам деп те,
Суалтам деп те болма әуре,
Асылы, бүгін жаныма жақын жолама!

Тұтасып жатқан мұз құрсау мына өн бойым,
Дей көрме бірақ түсінбес жөнді тоңмойын.
Зауқым жоқ әзір,

 Ақ гүлге бөлеп қояр ем
Болмаса сонау адамдар жүрер жол бойын.

Өзгені қойып,
Өзіме дагы кейде әлім
Жетпейді –
 Соның себебі және беймәлім.
Абайсыз біреу жапа шеккенде
Ара түспесем,
 Жегідей іштен жейді арым.

Ал бүгін сондай сезімнен мұлдем адамын,
Таусылғандай-ақ төзімім, күшім, амалым.
Шарқ ұрып шағала-шабыт ұшпайды,
Кеткендей кері ілгері басқан қадамым.

Құйып түр нөсер,
Құйып түр әлі бір тынбай,
Көңілім қазір көшкен ауылдың жұртындай.

БҰЛА ЖАЙЫҚ

Сылаң қағып ағады бұла Жайық,
Сурет салған жаныма бұғажайып!
Сол Жайықтың бойынан сені көрдім,
Жүрген шақта көңілдің жыры азайып.

Жайық, Жайық ағады мың бұралып,
Толқып алға жылжиды бұрғыланып.

Сенің күміс күлкінді сыңғыр-сыңғыр
Әкетіп бара жатыр сырғып алыш.

Ерке толқын тербеліп ыргалады,
Бір толқынмен ілесіп мұң барады,
Бір толқынмен ілесіп сыр барады,
Бір толқында құрбының наз күлкісі,
Сылдыраған шолпысы, сырғалары.

Бір толқында ойнақы әзіл де бар,
Мені тербей қойған жоқ әзірге олар.
Тербей қалса, қалқам-ау, кім біліпті,
Түйіп қойдым жаныма бір құдікті –
Мына жүрек мерт болар, жазым болар.

Бұла Жайық толқыны толы арна еді,
Елеңдетіп барады солар мені.
Көп толқынға ілескен ойнақы әзіл,
Сенің маған айтқаның болар ма еді?!

Толқынмен толқын боп ыргаламын,
Қазір қүйім басқаша, біл, қарағым!
Болуга әзір қашан да сен деп құрбан –
Ұйқыдағы жанымды тербеп тұрган
Болса ғой сенің шолпы, сырғаларың.

Жанып жүрсем, от болып, қүйіп жүрсем,
Барар жері беймәлім,
Күйім – бір сен,
Жақсы менен жаманды тез ұмытып,
Қалмасын деп сарқылып көзі бітіп,
Жыр-қайнар боп жаныма құйылдың сен.

Мың құбылып ағады бұла Жайық,
Ғаламатты көрдің бе бұғажайып?!

Сыр қайнар боп жаныма құйылдың сен,
Жыр қайнар боп жаныма құйылдың сен,
Жүрген шакта көңілдің жыры азайып!

ШУАҚ ЕДІ...

Шуақ еді көңілім кеше ғана,
Жалған айтса баласын кеше ме ана?
Өмір деген мың түйін,
Мың түйінді
Екі адамның біреуі шеше ала ма?

Шуақ еді көңілім кеше ғана,
Күзгі дауыл самал боп есе ала ма?
Жан құрбының қабагы қабарып тұр,
Сен үшін жаным құрбан десе мана.

Шуақ еді көңілім кеше ғана,
Жара салса жаныңа есер аға,
Кімге барып шабылып, шағынарсың –
Адам өзі өз қолын кесе ала ма?

Шуақ еді көңілім жадыраған,
Бүтін көрсө, кей досым танымаган.
Кешегі күн келеді көз алдыма,
Откенменен өлшей ме бәрін адам.

«Әңкүр-мұңқүр» ортаға ап қысты бір күн,
Шуақ еді,
Жаныма түсті кіrbіn.
Қамсыз-мұңсыз жүргенде байқамаппын
Қанатында заулаган құс-ғұмырдың.

БҮГІН МЕН ДЕ МАҚТАНДЫМ

(*Балам Лениндік стипендият болғанды*)

Білмеймін, өзіме-өзім үйлесем бе,
Мақтанды, мақтануды сүймесем де,
Арнама бүтін, міне, сыймай кетіп,
Шалқыздым,
Күнде мұндай күй кешем бе.

Қайтемін көп тобырдың таласын мен,
Өмірге бересім көп,
Аласым кем
Әкемін ең алдымен әкем сынды
Өлең емес,
Өмір деп бала сүйген.

Бағымды сан бәйгеге қосқаным бар,
Қосқаным бар,
Елендеп тосқаным бар.
Дегізбесе болғаны өмір маған:
– Тірлік кешіп жүрсін, – деп, – босқа, мұндар!

Балам да сан бәйгеде бағын сынап
Көрсінші,
Қинап бақсын жанын шын-ақ.

Шаршау менен шалдығу екі басқа,
Сөнбесін кеудесінде жалын-шырак.
Тұлпардай тер алдырып сәресіден,
Бөтен ой, бөтен қиял бәрі есінен.
Кетсін жырак, жанына салмак салмай,
Озып өтсін бәйгенің мәресінен.

Деп едім,
Туды білем аппак айым,
Озып келді,
Мен де бір мақтанайын.
Тірліктे одан асқан бақыт кәне,
Әке бол көтерілсе бақ-талайын.

Білмеймін өзіме өзім үйлесем бе,
Деуші едім:
– Мақтануды сүйме сен де!
Бүгін, міне, мактандым,
Кешір, балам,
Күнде мұндай ғаламат күй кешем бе!

Мөртінші боліл

МАХАББАТ

*Мен жазбас едім,
Дариядай кемеріме тасып-толмасам,
Көңілім кеткен ұядан асып қонбасам.
Мына жалпақ дүние ынтықтырып,
Келер күнге керемет гашық болмасам.*

БҰЛА ДӘУРЕН

Он сегіз,
Ай-хай шіркін бұла дәурен,
Маздатқан жүргегімді жыр-алаумен.
Кей-кейде от сезімдер жетпей қалып,
Тағы бір оралсам деп тұрам-ау мен.

Он сегіз!
Арыстан боп Айға атылған,
Сескенген жасақты жау айбатынан.
Мезгілсіз мерт болам деп мойымаған
Қара тас қақыраған қайратынан.

Он сегіз –
Көз жүмдышып қойған әман,
Ол үшін қыр да аман,
 Ой да аман.
Албырттық алақұйын алып қашып –
Тосынан тоқтар жерін ойламаған.

Сүйсе де,
Сүйе білген жан-тәнімен,
Көңілін баурамаған алқа,
 кілем...
Айқай шықса ағындал кететүғын
Ақ иық ақындардай арқалы ме ең.

Жанымды жазираға бөлеп кілен,
Көңілім сені ойласам өрекпіген.
Арманым –
 Ардағыма жолықтырған,
Он сегіз!
 Сенің орның
 бөлек білем.

Тұспеген жүтөн-құрық –
Бұла дәурен
Маздатқан жүргегімді жыр-алаумен.
Кей-кейде от сезімдер жетпей қалып,
Тағы бір оралсам деп тұрам-ау мен.
Он сегіз –
Айналайын, бұла дәурен!

ӨЗІҢЕ ҒАНА

Бір көріп едім,
Кезікпей кеттің қайтадан,
Кім едің, жаным, тұнығын жанның
шайқаған,
Бір сыр бар еді өзіңе ғана арналған,
Басқаға қайтып айта алам.

Елес пе едің,
Қайдасың енді, қымбаттым,
Сені іздеп оймен талай да талай түн қаттым.
Көргенім, сірә, тус емес, өңім болғай деп,
Өзіме-өзім тіл қаттым.

Елес деп сені айтуға дағы қимадым,
Жалт етіп сөндің, жанымды солай қинаңың.
Албырттық женіп алғашқы махаббатымды
Өзіңе ғана сыйладым.

ҚАЙЫҚТА

Мұлгіген орман айнала,
Отырмын жардың шетінде.
Жылжиды қайық жәй ғана
Көгілдір көлдің бетінде.

Күн сүйген қыздың тамагы
Кіршік жоқ аппак етінде.
Тербетіп қайық барады
Көгілдір көлдің бетінде.

Ойнатып қызды төсінде,
Барады қайық жорта ағып.
Білмеймін өзім, осым не
Жанымды кетті-ау өрт алып.

Әлі жүр көлдің бетінде
Ескегін жәймен аударып.
Шама жоқ тұрып кетуге –
Жүргім қапты-ау арбалып.

* * *

Әлде ол бақыттым ба армандаған,
Көрінген жұлдызым бол алдан маған.
Әлде бір сиқыршы ма кететүұын
Соқырдай адастырып тал қармаған.

Қайтейін, ынтықсам да біле алмадым,
Еркімді «ұрлап» менің кім алғанын.
Сонда да жаутаңдаған жанаарынан
Қалуга сырын ұғып құмар жаңым.

Сөзге ұста, тілге шешен – жүйрік емен,
Ұқтырам жан сезімін, күйді немен.
Болар ма албырт жастық арапашы
Бір сөзді қайталасам «сүйдім» деген.

Кім білсін жақсы үмітім жанымдағы,
Жүректі тек өртейтін жалын ба әлі.
Әлде сен шешек атқан гүлімбісін,
Жайқалған миуалы бағымдағы.

* * *

Үнсіз ғана ұстадым білегінді,
Үнсіз ғана тыңдадым жүргегінді.
Үнсіз ғана табысты жанаарымыз,
Үнсіз сезім жетелеп тілегімді.

Өзін келіп перроннан аттандырың,
Көп сырынды кейінде хаттан білдім.
Әрқайсысы жылға ұзақ татитындей
Өзіңсіз жылжып өтіп жатқан күннің.

Мен аттаным, сен ұзақ қарап қалдың,
Сезімімді үлесіп таратты әр күн.
Сен дағы жүргегінің сағынышын
Ішіне орап жібердің парактардың.

Бір сені ойлап қаншама түн күзеттім,
Өзіңде арнап хат жазсам мың түзеттім.

Қалқашым, саған деген сезімімді
Жүргімнің төріне гүл ғып ектім.

ҚҰРАЛАЙЫМ

Құралайым,
Қайда әкеттің көнілдің гүл-арайын.
Сен бар сәтте жарқырап Күнім шығып,
Бұлтқа батпай түнде де тұрады Айым.
Құралайым!

Құралайым,
Ардағым – арман-Айым,
Бақ-жұлдызыым шақырған алға дәйім.
Ізгі үміттің ақ жолы болсаң егер,
Үзілмесін –
Мен соған жалғанайын.

Жалғанайын иғі бір тілекпенен,
Адам ба, Адам жанына гүл екпеген.
Қабылласан қабылда мәңгі-баки,
Мен деп соғар айнымас жүрекпенен.

Құралайым,
Қиналсаң да, мен үшін шыда дәйім!
Байлық та емес,
Бақ та емес іздегенім –
Сен екенсің арманым – шың арайым!

ҚАЙРАН ҚАЛАМ

Қайран қалам,
Жаным-ау, қайран қалам,
Мына дүние құшағын жайған маған.
Мына жазық,
Мына тау,
Мына көлдер...
Қыры жоқ жазира –
сайран далам,
Неге сені құрбы етіп сыйлады еken,
Сыйлары бар –
біржола қимады еken,
Алдың бүкіл еркімді еліктіріп –
Арманымды арманыма серік қылып.

Осыны ойлап өзімді қинап өтем,
Неге тағдыр біржола қимады екен.

Қайран қалам,
Жарқындығың жарасты-ау жайрандаған,
Өрлігін бар талайды тәнті қылған –
От мінезің айбарлы Айды арбаған,
Мен осыған әр замат қайран қалам.

Естілердей сен болып алаптағы ән –
Көрсем,

жаңа көргендей қарап қалам.

Қайсарлығың – қайыспас қара ағаштай
Сені неге жігіт қып жаратпаған.
Сүйсінердей дос тұрмақ дұшпаның да...
Қыран болып қияға ұшқанында.

Жаңа білдім,
арманым сен екенсің,
Сен екенсің қол жетпес құштарым да!

Көрінесен егіздің сынарындаі,
Кетер ме екем осы ойдан шын арылмай.
Көңілімде көгеріп көктей берші
Сал сезімнің шында өскен шынарындаі.

Қайран қалам,
Жаным-ау, қайран қалам,
Қиыры жоқ жазира – сайран далам,
Мына дүніне құшагын жайған маған
Бәрін беріп,
Тек қана бір өзінді
Қимағаны несі екен –
Қайран қалам!

АЯУЛЫМ, АРМАНЫМДАЙ АСЫЛЫМ ЕҢ (Ән)

Аяулым, арманымдай, асылым ең,
Өзінмен тілдескенше асығып ем.
Ең алғаш көргенімде, ерке сәулем,
Көзіме оттан да ыстық басылып ең.

Қайырмасы:

Аяулым, асылым ең,
Көргенше асығып ем.

Махаббат самалы ескен,
Сол бір таң қалар ма естен.
Жайнай тұсші күн сайын, ерке сәулем,
Жаз гүліндей құлпырып далада ескен.

Көктемнің сол бір таңы қалар ма естен,
Лебінен махаббатың самалы ескен.
Тандасам тек өзінді айыбы не,
Таудағы жаз гүліне балап өскен.

Қайырмасы .

От шашып жанарынан жымиясын,
Жанымда сарқылмластай сыр құясын.
Мәнгілік бақыт болып қонши, сәулем,
Кеудеме орнат та ән мен жыр ұясын.

Қайырмасы .

КЕЗІКПЕЙ КЕЛГЕН БЕЙНЕ МЕ ЕҢ (Әң)

Ардагым ба едін,
Арманым ба едін,
Кезікпей келген бейне ме ең.
Арайлы әсем –
Тандарым менің,
Кеш көрдім бе екен дей берем.

Ән болып келдің,
Сән-көрік бердің,
Қарадым үнсіз ұрланып.
Өзінді, қалқам,
Таң болып көрдім –
Кеткендей қеудем нұрланып.

Мәп-мәлдір көзің,
Теккен нұр-сезім,
Лаулатты бойда жалынды,
Қалар ем үнсіз,
Жетпейді-ау төзім –
Әрт шалды, қалқам, жанымды.

Үн қатпай саған,
Тыңдатпай тағы ән,

Киялға батам кейде мен.
Жанымды қалай,
Жырлатпай қалам –
Кешіктім бе әлде дей берем.

САҒЫНДЫМ, СӘУЛЕШІМ (Ән)

Сагынып жұр едім,
Келер деп кешікпей.
Көп болды жүдедім,
Бір сәтке хабарынды есітпей.

Қайырмасы.

Сәүлешім, сағындым,
Тез жет, тез мен десен.
Жанымның жалынын –
Кім басар,
Кім басар егер сен келмесен.

Алыстан үзіліп,
Жеткендей дауысын.
Мен жалғыз күнұзын,
Шарлаймын, кеземін тау ішін.

Қайырмасы.

Арайлы таңымдай,
Ақ сәуле нұрымсың.
Сен менің жадымда,
Жатталған мәңгілік жырымсың.

Қайырмасы.

ТАУСЫЛМАЙТЫН ТАҚЫРЫП

Абай, Қасым жырлап кеткен кешегі,
Махаббатты ел көп жазады деседі.

Достар айттар мінім болса менің де,
Махаббаттың жанмын осы тегінде.

Сол шіркінге ораламын күнде мың...
Қалай жазам –
ол арасын білмедім.

Өлеңді ақын көпке барап елші дер,
Қалай шыкты,
шын бағасын берсін ел.

Дей алмаймын шыңға өскен шынармын,
Кейде біреуге ұқсап кеткен шығармын.

Әркім тегі өз көргенін ұстайды,
Ал махаббат бір-біріне ұксайды.

Шынардайын түрар шыңға шақырып
Махаббат бір таусылмайтын тақырып.

* * *

Базары қайда көнілдін,
Тарқатып өзің кеттің бе?
Шықпайды естен со бір күн –
Мазасыз өтті көп тұн де.

Бәрі де әлде өзіндей –
Кетті мекен алыстап.
Өткізген таңды көз ілмей,
Қайдасың, қайда, таныс бақ?!

Қайдасың, қалқам, хабарла –
Жақынсың, әлде жырақта?..
Іздесем қайтіп табам ба –
Өзің айт жолды,
Сұратпа.

Көп күндер өтті, көп түндер...
Жанымды көп ой торлады.
Жадында ма екем,
Жоқ мүлде
Сүйіктің басқа болды әлі?
Жоқ, сені босқа даттаман,
Сап, сап, көнілім, сап көнілім.
Өзіңе деп тек сақтағам,
Жүректің асыл пәк төрін.

АУЫР МАҒАН

Ес біліп, ұққаннан-ақ асыл жайын,
Сен үшін жаным бар ма ауырмаган.
Басқаның ашгуынан – жасырмаймын –
Қалқам, қабақ шытқаның ауыр маган.

Сенсің менің көктемім гүл ұсынып,
Жайдары құліп келген жарқын жүзбен.
Тасташы ашуынды бір ысырып,
Жақсы үміт күтеді ғой әр күн бізден.

Келші, кел, жайып қайта құшағынды,
Болсын да ашу-кірбең алыс мүлде.
Әкелші көктемімдей гүл шағымды,
Маздасын жүрек оты қар үстінде.

Асылышы мойынама еркелеп кеп
Отыр ғой бізді құтіп ауылда анам.
Ерте солып қалмайық, ерте көктеп –
Сенің қабақ шытқанын ауыр маган.

СЕЗІМ СЫРЫ

Сен гүл едің –
Үзуге кия алмағам.
Сен нұр едің –
Сәуленді сүйе алмағам.
Сен жыр едің –
Әлі ешкім оқымаған.
Сен сыр едің –
Жүрегіме тоқып алғам.

Япырау –
Сол күндердің елесі ме,
Он жеті –
Түсті қайтіп неге есіме?
Қатыгез тағдыр айдал әкеткен соң
Екеумізді екі қырдың белесіне.

Шын сырым –
Көрсем деуші ем тағы да бір,
Шын сүйсөн өмір бойы табына біл.
Арамызыда
тағдырдың тауы жатты –
Асу бермес жолдары адыр-адыр.

Көрсем деуші ем –
Шын сырым тағы да бір,
Тауларды асып жолдармен адыр-адыр.
Кездейсоқ кезігем деп кім ойлаған
Ғажайып табиғаттың заңы ма бұл?!

Жаныңа өткен күндер батады өстіп,
Екеуміз егіз гүлдей қатар өстік.
Біле алмай бал сезімнің у боларын,
Мәңгіге, бәлкім, солай қателестік.

Шыдадым,
Шақ-шақ қана сынбай қалдым,
Уақыт емші –
Тәзімді шындаиды әр күн.
Ауылға оралғанда алыс жолдан
Сен жүретін жерлерге тынбай бардым.

Тынбай бардым,
Басқаға қия алмадым,
Мен саған ән бағыштап, күй арнадым.
Айырылу қыын екен арманыңдан –
Есімің қайталанды қиялда мың...

Кеш!
Бәрін салдым соның неге есіңе,
Екеуміз екі тағдыр кемесіне
Отырып жүре бердік, қайрылмадық
Бұл енді пәк сезімнің елесі де.

Жыл өтті,
Айлар менен күндер өтті,
Білмеймін бал ерніңен кімдер өпті.
Әйтеуір, менің тұңғыш махаббатым
Мәңгіге өзіңменен бірге кетті.

СОЛ ӘНІМ САҒАН АЙТА АЛАР

Жыл құсы болып оралдым бүтін тағы да,
Көктемнің қызыл гүлі бол келдім бағыңа.
Құракқа қонған даланың мәлдір
шығындаі –
Нұрынды бір сэт толтыршы, қалқам,
жаныма.

Табындым саған көктемнің лала гүлі деп,
Сен соны біл де,
Мәңгі жас болып құліп өт.
Жабырқай қалсаң –
Жүзінді маған көрсетпе,
Солмасын менің көкірегімде сұлу сурет.

Армандаі ару,
Жанымды нұрға толтырған,
Сен ғайып болсаң,
мен жүретүғын жол тұман.
Өзің бар жерде көнілім – көктем
жаным – жаз,
Кеудемді кернеп тұрады дәйім толқып ән.

Сол әнді сезім құніне мың сан қайталар,
Сол әннен ғана жабырқау жаным жай табар.
Мен өзім айтып жеткізе алмас сырды да
Сол әнім саған айта алар.

БІР ТӨБЕНИҢ ГҮЛІ ЕДІК

Біз екеуміз бір төбенің гүлі едік,
Қатар өстік,
Қатар жайнап түледік.
Егіз тағдыр өмір бойы екіге
Жарылмаса болғаны деп тіледік.

Ойламастан достық жібі қыска деп,
Біз екеуміз бір жұруге құштар ек.
Арман шіркін арайына шақырып,
Қияга да бір мезетте ұшқан ек.

Тағдыр бізді бөлмесе деп тіледік,
Өстік солай бір шуақтан нұр еміп.
Бір буыны түсіп қалса егерде,
Ыргағынан айрылардай жыр едік.

Екі аққу бір айдында жүзгенде,
Одан артық ләzzат, сірә, іздер ме.
Куаныштан нұр ұялап жүздерге,
Қызыға жұрт қараушы еді-ау біздерге.

О, ғаламат!
Екі айырды кім бізді –
Жастық шақтың жарастығын кім бұзды.
Екеумізді екі арнамен әкетті –
Енді өсірдік екі бөлек ұл-қызды.

Екі айырылды егіз тағдыр жолдары,
Бәлкім, біздің көнілде гүл солғаны.
Көндік оған –
Тек басында сүйгенім
Жалған еді демесен-ақ болғаны.

ӘН-ҚҰДІРЕТ

Ән жоқ жерде –
Көңілдің сәні де жоқ секілді,
Ән жоқ жерде –
Өмірдің мәні де жоқ секілді.
Жабырқаған жаныңды жадыратар заматта –
Құдірет бар бұл әнде,
Құдірет бар не түрлі.

Біздің қазақ ән десе,
Асын жерге қоятын.
Шаршы топқа ән келсе
Ішпей-жемей тоятын.
Қиялыңды көтеріп қияндарға бір сәтте,
Сезімінді сергітіп, жібереді оятып.

Біле алмадым –
Осынша.
Әнте қүштар неге тым.
Бір-екі адам қосылса
Соған кезек беретін.

Қайғысын да әуелі
Әнмен айтып жеткізер.
Алуан-алуан әуені
Көңілдерге екті зер.
Сәбиді де жылаған
Әнмен тербел үатты.
Әннен бізде, сірә да,
Ештене жоқ қуатты.

Табысқанда тілектер –
Алтыбақан тербеліп.
Ұғынысқан жүректер
Әнге тағы берді ерік.
Болса дәйім жарқын күн
Ән оралды ойыма.
Ән басқарды халқымның
Қуанышын,
Тойын да!..

СЕЗБЕДІҢ БЕ

Алай-дүлей кездерімде –
Сездің бе сен жайымды,

Сезбедің бе?
Ондей сәтте,
Өтінем, сала көрме
Мінезімді сезімнің безбеніне.
Тағы өтінем,
Егер шын сүйген болсан,
Ада-күде сен менен безбе мұлде.

Күдер үзіп сен менен,
Жасыма тым,
(Айта көрме, жоқ әсте тасыр атым)
Сәттерім бар кейде бір ашынатын,
Сәттерім бар бір бұрқап,
басылатын –
Соңынан түк көріп,
түк болмағандай
Қайтадан ашылатын.

Алай-дулей кездерімде –
Ойлай көрме салам деп тезге мұлде,
Асқындырып аларсың одан бетер
Бәрі де бір мұршам жоқ өзгеруге.
Не жұмбак бар қарақат көздерінде,
Ішке сақтап қайтесің, айтши, жаным, –
Сездің бе өзің осыны,
Сезбедің бе?

Сырым жоқ жан-пенден жасыратын,
Өзімді басқалардан асыратын.
Табиғат солай, бәлкім, жаратты ма –
Айтып жүр ғой:
«Кетеді, – деп, –
кей-кейде тасып ақын».
Сәл сабыр ет мен десен,
Қасиеттім,
Ақтарылса,
тоқтамас тоғандаймын,
Ақтүтек,
Алабұлік борандаймын
Бір буып басылатын,
Заматта айдай болып ашылатын.

ӘН

Алыстан талып бір әдемі әусен жетті ғой,
Отыр ем бейжай,

Шымырлап сол сәт кетті бой.
Өмірдің мәнін өнерден үққан бабалар
«Жылататын да – ән,
Жұбататын да – ән!» – депті ғой.

Алыстан жетті еркімді билеп алған ән,
Қосылып кетті –
Сері таулар мен сал далам.
Жел қанатымен желпігендей бір жанынды
Жер қалды ма екен осынау әуен бармаган.

Тебіренген дала,
Мұлгіген тау мен қыр қандай –
Елігіп,
Елтіп...
Құмары эсте бір қанбай,
Тынысын тартып,
Тына қап іштен жел дағы –
Дүние тегіс осы әнді тыңдал тұрғандай.

ҚАЛДЫРЫП ЖАСТЫҚ ЖАҒАНЫ

Ақжал толқындар жағаны жатыр ұрғылап,
Жартасқа соғып,
Бір шапшып көкке.
Бір құлап.

Алыста –
Айдын төсінде жалғыз жел қайық
Кетіп барады сағымға батып, бұлдырап.

Қарал тұрмын мен –
Көріністен сонау көз алмай,
Толқынмен ойнап,
Делебем кей сәт қозардай.
Жел қайықпенен жүргендей бейне сезінем,
Айдын бетінде алау-арманнан оза алмай.
Тербетіп солай тағдыр – өзеннің толқыны
Кім білсін,
Мына тірлікте қанша толқыдық.
Ризамын бірақ,
Ризамын әр кез өмірге
Арнамды дәйім –
Арманға қойса толтырып.

Осынау сәттер –
Толқын тербеген қас қағым
Оралып ойға:
 Балауса шағым,
 Жас шағым,
Келеді мына айдындағы үлкен өмірді
Жағалаудағы жартастан қайта бастағым.

Барады қайық,
Қайырылмай кетіп барады –
Ағады өзен,
Өмір де бірге агады.
Солармен бірге –
Барамын мен де ілесіп,
Қалдырып жастық жағаны,
Қалдырып жастық жағаны.

СЕН ҚАЙДАСЫҢ

Сен қайдасың,
Мен сени іздел жүрмін әлі де,
Өткен менен кеткеннің хабар салып бәріне.
Жадау тартып жанымның
 Жасыл желең жайлайуы
Өзіңменен бір кетіп қалған сынды сәні де.

Сен қайдасың,
Аяулы арманымның арнасы,
Бақ жүлдзыым –
Арайлы таңдарымның жалғасы.
Құлазиды көңілім өзінді іздел бейуақыт,
Жағалауда желкендей –
 Жапа-жалғыз қалғасын.

Сен қайдасың,
Жырақ па,
Жанымда әлде жүрмісің –
Кекірегімде мәуелеп,
Шешек атар гүлмісің.
Жұмбақпысың шешілмес,
Тылсымбысың,
 Кім білсін,
Көз алдымда әйттеуір
Өзің болып ерте-кеш
Елестейді бір мұсін,
Елестейді бір мұсін.

СЕНІ КӨРДІМ

Мен сені көрдім
Алатаудың алмалы бақтарында,
Құрбыңменен гүл терген шақтарында.
Бата алмадым,
Батпадым жақын барып
Жан сырымды өзіңе ақтаруға.

Мен сені көрдім
Тамылжыған вальстің ырғағында,
Кербез жігіт келісті жүр жанында.
Осы жолы шақырсам деп ойлап ем,
Тағы әкетті бата алмай тұрғанымда –
Хакым да жоқ, әрине, қызғануға.

Мен сені көрдім,
Қыз жолдас бол бұл жолы тойға келдің –
Сәті түскен шығар деп ойлап едім.
Бұрын барып бір жігіт қағып кетті
Батылдығым, япыр-ау, қайда менің.

Содан қайтып көрмедім,
Көре алмадым –
Кете берді кеудеде толы арманым.
Бақ құсындей қондырып алақанға
Аяулы аялаушың бола алмадым.

Жылдар өтті –
Тағы да жолықтырдым,
Жарың бар,
Нәрестен бар,
Көріп тұрмын.
Бақытыңа қуанып,
Қызғанып та,
Айтары жоқ,
Жер болып, өліп тұрмын.

СЫР

Қырықтарға қиялап барып қалған жасымыз,
Жүрер жол мен бараЯар жер анықталған басымыз,
Аға деген атаумен бүйдаланып бұл күнде,
Қыздарға да қараудан қалып қалған басымыз.

Ағалықтың жол-жөні осыншалық ауыр ма,
Қоңыр күзде малшынып қара нөсер жауынға.
Жүректерді маздақтай алаулатып,
Кеш сайын
Келе алмайтын болыптыз
«ЖенПИ» деген ауылға.

Зымыраумен өтеді
Құс қанатты күндерім,
Өкінем бе кей-кейде –
Оны өзім де білмедім.
Қартаймайтын секілді
Аққулардың аулына
Келіп жүрсе кімде-кім,
Сұлыққа құдайдай
Сеніп жүрсе кімде-кім.

ҰЙҚЫН, ЖАНЫМ, ҚАНДЫ МА?

Шырқ айналып терезенің алдында
Бұлбұл қонды,
Ұйқын жаным, қанды ма?
Тәтті әуенмен тамылжыған таңдағы
Жүргегімнің сағынышы барды ма?

Алаулаған ақ жанымдай –
Таң мына
Саған, қалқам, сәуле түсіре алды ма?
Түсіре алса,
Сол сәуледей мәп-мәлдір
Менің тұнық махаббатым бар мына.

Бұлбұл әне,
Тербетеді әнменен
Албырайды,
Балбырайды бал денең.
Жанындағы сұлулықтың шын сырын
Ұғына алмай жүр ме екенмін әлде мен.
Тербеткенде,
Тебіренткенде құс келіп,
Тәтті ұйқыда жаттың ба әлде түс көріп.
Аялаған әнші құсқа қызығып
Үш бұрылдым,
Терезеңе үш келіп.
Шарқ айналып терезенің алдына,

Әнмен тербел манаураған таңды да,
Бұлбұл қонды –

Жүрегімнің жаршысы
Тұршы, жаным,
Ұйқын әбден қанды ма,
Ұйқын әбден қанды ма?

ЖӘНЕ ДЕ

Тағдыр салмақ салмақ па жүректерге –
Ойда жоқта кезіктік жыл өткенде.
Айтшы, кәне, өніңе мұн ұялап,
Қапелімде жанынды жүдеткен не?

Үнсіз қалдың,
Мен де сөз таба алмадым
Көңілім – маздақ,
Бірақ та жанарда мұн.
Ер намысы,
Көзіме жас келмесе
Қалай айтып жеткізем саған бәрін.

Сен де жайды бажайлап сұрамадың,
Іздегендей басқаша бір амалын.
Мөлдір шықтай қос тамшы түсті үзіліп
Бәлкім, сезім сыр берді –
Шыдамадың.

Өзгермепсің дегенмен қазірде де –
Ерте түскен жүзіңе әжім неге.
Ерке назды құлқің жоқ бұрынғыдай
Бұрынғыдай құлқың жоқ әзілге де.

Құліп тұрдың,
Сол замат жылап тұрдың,
Қасымдасың –
Бірақ та жырак тұрдың.
Қыын еken жақынның алыстығы,
Қыын еken,
Амал жоқ, шыдап тұрдым.

Қыын еken бұтіннің бөлінгені,
Ұға алмадым,
Іздейді көңіл нені.
Бұл менің ең керемет қуанғаным,
Қиналғаным және де өмірдегі!

АҚ ТҮС

Ақ қайындар арасында өскеннен бе, білмедім,
Өмір бойы бір ақ сәуле еліктіріп жүр мені.
Өмір бойы ақ күн болып туатындаі алдынан,
Ақку сынды аппақ арман жетелейді ілгері.

Неге екенін айта алмаймын,
Айта алмаймын тәптіштеп,
Мен әйтеуір ес білгелі ғашық болдым ақ түске.
Ақ бұлтарға қол созушы ем айлы түнде оянып,
Ақ көгершін төбемдегі көрінетін бас құс бол.

Бір арнада тоғысқандай ақ арманым ақ күнмен,
Ақ сағымның арасында шалқып келе жаттым мен.
Омырауына алқа таққан алаулаған ақ гүлден,
Арайлымды,

Аяулымды аппақ түстен таптым мен.

* * *

Адамдар – көктемсіндер,
Нұр болып құйылатын.
Жыр болып құйылатын
Мәп-мелдір таңғы шықтай
Гүлдің алақанына жиылатын.

Адамдар – көктемсіндер,
Бәрің де көркемсіндер,
Бәрің де өркенсіндер,
Бәрің де нәсерден соң
Қаулаған өртенсіндер,
Әйтеуір көркемсіндер.

О, менің асылдарым,
Куатты жасындарым
Қаулаған кезінде де,
Лаулаған кезінде де
Сендердің қасындаымын.

ДАРИҒА-ЖАСТЫҚ

Балапан құстай қияға
Қанатын алғаш сермеген

Балауса шақта мен неге,
Мен неге сені көрмегем.
Өкініш билеп алардай
Өткен күн кейде бір тылсым
Көңіл де кейде парапар,
Құлазып алған көлменен.

Мұнымды менің теріске,
Телімессе екен әлдекім
Сен маған, қалқам, кешігіп –
Кешігіп келген таң ба едін.
Әлде бір нұрлы сәуле ме ен,
Жалт етіп қайта жоғалар
Құмарым қанбай, бір тыңдал
Қоярдай арман ән бе едін.

Ән бе едін, қалқам, кеудемнің
Мұның бір сәтке қозғаған
Күйімді үғып,
Інгендей ботасын іздел боздаған.
Сенен де өтіп кетеді-ау,
Қызғалдақ дәурен, қарағым.
Дарига-жастық кімдерден,
Кімдерден, сірә, озбаған.

ТҮСІНБЕДІМ

Жаным-ау, түсінбедім –
Кіріп шықкан өзгенің ішіне кім.
Ашық айтсан қайтеді алаң қылмай,
Мен сенің алдарқатар кісің бе едім.

Мұның не –
Ұға алмадым,
Сен ғой деуші ем,
Бар болса бір арманым,
Жетелеп ем биікке жеткізсем деп,
Орта жолда тоқтадың,
Шыға алмадың.
Шыға алмадың,
Қайтейін, шыға алмадың.
Өзінді де,
Мені де мың алдадың.
Қарайлаумен артыма қапа болдым,
Қияр ма адам тастауға шын ардағын.

Қия алмадым,
Көп тостым,
Қарайладым,
Көрсөтсем деп арманның арай бағын.
Ойнаймын деп от басып алма, жаным,
Сактандырам –
Әлі де абайлағын.

Түсін мені –
Қиянатқа досты адам қимайды екен,
Бір жүрекке қос сезім сыймайды екен.
Жақсылыққа баспайсың
Жамандыққа қалдыру –
маған ауыр
Осынысы-ақ жанынды кинайды екен.

СОЛ ӘН СЕНБІСІҢ

Арайлы таңдан нұр алған,
Шындағы биік шынардан –
Шақырды мені қол бұлғап,
Шақырды сұлу,
Шақырды сұлу,
Шақырды сұлу бір арман.

Су ала барып тоғаннан,
Жалт беріп қайта жоғалған.
Таптырмай кеткен кешегі
Сенбісің, сәулем,
Сенбісің, сәулем,
Сенбісің, сәулем, сол арман.

Ауып түгелдей ансарым,
Арманды сол бір аңсадым.
Еркімді алған елестей
Жете алмай соған,
Жете алмай соған,
Жете алмай соған шаршадым.

Алаулап атқан таңдарым,
Ұқтырды сұлу ән барын.
Таптырмай қойған кешеден
Сенбісің сол ән,
Сенбісің сол ән,
Сенбісің сол ән, ардағым.

ҚАЙТЕЙІН

Онда мен нешеде едім –
Сен маған ересектеу көрініп ең,
Басымнан сипагансың,
Соны білем.
Жәудіреп жанарына жалтақтағам
Кіршікіз сәбідің пек көңілімен.

Көп жыл өтті,
Ұмытыптын –
Онда ма,
Сол кезде осы он бірде ме ем,
Білмеймін,
Сені жақын көрдім неге.
Күлімдеген қос жанар ескерткіштей
Қалып қапты-ау көзімде,
Көңілім де...

Онда мен нешеде едім,
Айта алмаймын тап басып сол арасын,
Болжам жасау әр кезде бола ма шын
Неге сонда қарадым көп қадалып,
Бала құстай сызырган томағасын.

Сірә, уақыт әкелген төзім білем,
Содан қайтып көрмеппін өзінді мен.
Қарақаттай мына қос жанарыңды
Таныр ем гой сәтте де көзімді ілген.
Қайтейін,
Көрмей жүрсем өзінді мен?!

НЕ ИСТЕСЕМ ЕКЕМ?

Бұған дейін, жаным-ау, қалай-қалай
Бірімізді біріміз абыламай
Жүргенбіз:

Бүтін ғана күнім құліп,
Шыққандай аспанымда арайлап ай.

Мына тағдыр мойныма не жүктеген,
Өмір – орман,
Нұларын кезіп келем.
Ең болмаса осыдан он жыл бұрын,
Он жыл бұрын қалайша кезікпегем.

Өмір – орман,
Арасы қалың жыныс,
Жүргім – өрт,
Дегендей жалынды қүш.
Сені көріп көңілім шуактады,
Жабырқаған жанымнан арылды қыс.

Менің күйім сезімге – мастың күйі,
Күн нұрына балқыған тастың күйі.
Не болмаса ұмытып өзін-өзі
Он сегізде от кешер жастың күйі.

Не етсем екем,
япырау не етсем екем –
Жастығыма қайтадан жетсем бе екем.
Сейтіп, жаным, өзіңмен өмір-баки
Біржолата адасып кетсем бе екем.

СЕНІ КӨРМЕСЕМ

Алатаяудай баурайы майса, жоны қар –
Мына ғұмырдың тарам да-тарам жолы бар.
Сан тарау соқпақ сабылтып жүріп,
Кейде адам
Бірімен-бірі ойда жоқ жерде жолығар.

Біздер де солай,
Тосыннан тосын жолықтық,
Беймәлім әзір, қуандық, әлде торықтық.
Сыр жасырмайтын жәудір көздер-ақ сөйлесті,
Сенсіз – мен,
Менсіз – сен жоқ екенсін,
Соны ұқтық.

Әрине, қын сезімнің жүгін көтерген
Сырымды сыртқа жайып алдым-ау бекер мен
Ризамын, қалқам, сонда да болса тағдырға
Сені көрмесем,
Арманда, бәлкім, кетер ме ем.

Күтіп жүргендей бақыт боп келер таңды алда,
Сені көрмесем,
Кетер ме ем шыны арманда.
Ризамын, қалқам, ризамын осы тағдырға
Сенің барынды білдірген мына жалғанда.

МҰҢАЙМА

Мұң бар ма, жаным, көңілінде –
Ашыға неге құмарсың:
Қысқантай ғана әмірінде
Адасып жүрген шыгарсың.

Тірлікте мынау қым-куыт,
Тапсам дегенде жоғынды,
Сағынды біреу сындырып,
Кесті ме екен жолынды.

Ашу ма,
Әлде арын ба –
Кім ұғып, кімдер шамалар:
Жауқазын гүлдей жанында
Мен білсем,
Мұң бар, нала бар...

Төңірегің қандай буалдыр
Кек тұтін – бейне кек тұман,
Өнің де сондай куаң бір,
Айығар ойың жоқ бұдан.

Көзіңнің алды –
Қақ тұрып
Аңыздай кеткен қуарып.
Бір кездे жасыл бақ тұнып,
Қалғандай кейін суалып.

Бастауы құмға көміліп
Бітеліп қалған бұлақтай.
Қабыргаң мұңға сөгіліп
Қойған-ау мұлде жылатпай.

Ақылға баймыз тәуірі –
Тұсінем бәрін,
Тұсінем.
Ауырдың ең бір ауыры –
Суынған көніл кісіден.

Тағдырдың жолы – сан тарау
Бағынды талай сынарсың.
Тірлікте әлі, қалқам-ау,
Иіліп,
Бәлкім, сынарсың.

Келтірген тауды сәніне
Шыңдағы бейне шынарсың.
Өзінді өзің әлі де
Байқамай жүрген шыгарсың.

Мұңайма,
Алда өмірің
Жүресің тәмен,
Кейде өрде.
Біреуге қалса көнілің,
Барлық жан сондай дей көрме.

БАҚЫТТЫМЫН

Шыным,
Сырым,
Жарылғаным ағымнан –
Мен бұл күйден қайтіп,
Қашан арылам.
Сенсөң, жаным,
Сенсөң, сені күніне,
Күніге мың көріп жүріп сағынам.

Күлермісің,
Амалым не –
Күлсөң күл,
Тілерім тек –
Көнілінді шын сендір.
Көрінеді тәбем көкке тигендей
Көз алдында аққым боп жүрсөң кіл.
Бұл азапқа төзбедің не,
Төздің не –
Көніл ояу,
Тарс жұмулы көз мулде.
Сезімімді бере алмайтын секілді
Күдіреті «ғашық» деген сөздің де.
Тәнір мені айырмасын барымнан,
Сагым сынып,
Тауым кейде шағылған.
Қыын екен,
Қыын екен бәрінен
Күніне мың көріп жүріп сағынган.

Кешір, жаным,
Артық кетсем өлшемнен –
Буырқанды көніл деген көл селмен.

Бакыттымын өмір бойы өзіңе
Сағынышым сарқылмастан өлсем мен!

ШОҚ ГҮЛ
немесе
АҒАҒА НАЗ

Бір шоқ гүл –
Достықтың дәнекері сіз жорыған,
Көріп ем жаңа ғана қызыңан.
Шашылып жатыр, міне, жол үстінде
Нәзіктік –
Сұқ көздерден біз қорыған.

Кек,
Жасыл,
Қызыл,
Сары... алаулаған,
Сезімнің серпініндей жалаулаған.
Шашылып не себепті жатыр жолда,
Қимастай көз тоқтатып қарауға адам.

Айтшы, аға –
Не үғып, не түсіндіңіз,
Неліктен еңеңізді түсірдіңіз?
Ал мен болсам –
Жанымды сұық қармап,
Қарып кетті сол замат ішімді мұз.

Айтшы, ағатай –
Әлде бос нальым ба,
Біз үқпайтын сыр бар ма әлі мұнда.
Сонда дағы гүл емес,
Иесі үшін
Батады еken адамның жаны мұнға.

Болады еken, япырау, бұл сынды адам,
Мына жалпақ ғаламға кім сыймаган.
Мен бейбакты аядым жан-тәніммен
Сый білмеске –
Алаудай гүл сыйлаган.

СҮЙЕ ҚАЛСАМ

Мен берілсем...
Берілемін жаныммен, тәнімменен,
Ожданыммен, қардай ақ арымменен.

Табиғатым сол үшін тілейтіндей,
Қалтарыссыз, қалдықсыз бәрін менен.

Сүйе қалсам,
Сүйемін өле-өлгенше,
Сынған шынар қайтадан көгергенше.
Дүниеде жан жоқтай махаббатың,
Азабы – тозағына төзөр менше.

Иә, солаймын,
Солаймын әр істе де –
Пенделіктен, әрине, қалыс деме.
Жақсы көріп,
Және де жек көргенде
Ұқсаймын сыр бүкпейтін нәрестеге.

Жан емеспін түсірген көңілге шық,
Тілегім жоқ тірліктен тегін несіп.
Жанып жүріп күл болып кетердеймін –
Көрген емен жартылай өмір кешіп.

Тезіне сап қинайды өмір кей күн,
Сонда дағы шашылып-төгілмеймін.
Жан-тәніңмен жек көру қандай кыын,
Амалым жоқ,
Онда да бөлінбеймін.

Қайтейін –
Ардай сырым көңілдегі,
Қаншама рет қабыргам сөгілмеді.
Бәрі бір де жартыкеш журе алмаймын,
Тұғас қылып жаратқан өмір мені.

КӨКТЕМ КЕЛДІ

Көктем келді –
Әсем бір әндей ансаған,
Көптенгі үмітті –
Көктемде күтті қанша адам.
Жастар да күтті,
Қарттар да күтті қаусаған,
Дала да күтті,
Күтті көктемді тау – сагам.
Белдер де күтті,
Көлдер де күтті құрсанған,

Табиғат ару –
Ашыла қоймаган тұмса арман.
Тағатсыз көңіл шарқ ұрмай қалай шыдасын
Қызығалдақ қырлар алаудай жаңып тұрса алдан.

Көптенгі үмітті –
Көктемде күтті тіршілік,
Сәмбі талдарға,
Сәнді талдарға бүр шығып...
Малынып нұрға дүниенің жасыл желегі
Көгілдір әлем құшіне кіріп келеді,
Жайсаң жаңымен жадыратып елді жыршы-үміт.

ДОСТАРЫМ-АУ

Ей, достарым-ау,
Амансыңдар ма бірге өскен,
Есілдің суын бір кешкен.
Айлы түндерде ару арманмен тілдескен,
Сендерді қайдам?
Алыста жүріп мен өзім
Шығарған жокпын біреуінді де,
Бір де естен.

Ойласан қазір –
Келер-ау тіптен күлкің де:
Бекеннің жыры бастаса бітпей бір тұнде,
Ертеңмен қайта тұра алмай жатып, шіркіндер,
Қаумалай келіп жаңына:
– Ертек айтшы! – деп жалынушы едік тағы да,
Сондай күндерді ұмыту, сірә, мүмкін бе?

Ай жарығымен ақ сүйек іздеп шарқ ұрып,
Жүректер алғаш қыз жанарына шарпылып,
Айтар сез таппай,
Көнілімізді жарты ғып.
Үміттен және бал тұнып,
Қайтатын кездер қыратты кезіп, алқынып.

Ей, достарым-ау,
Бәрі де,
Бәрі... жадымда
Есілдің арғы жағында
Көрші ауылдың да қызы-жігіттері жүретін
Оранып аппақ сағымға,
Шалғынның қызған шағында.

Сол таңдар –
Сірә, ұлы таң,
Бұла шағымды қалайша, достар, ұмытам.
Тірлік болған соң ұтылам бірде, бір ұтам
Өздерінді еске ап,
Жанымды дереу жылатам.

Ей, достарым-ау,
Не деген ғажап жансындар –
Әрқайсын бір арайлап атқан тансындар.
Куанганданды да,
Қинағанды да, асылы,
Қасымда менің барсындар,
Сол үшін дағы алдымда дәйім бас іп
Тағзым етіп тұратын сынды бар шындар.
Не деген ғажап жансындар!

ҚАНДАЙ БАҚЫТ

Жаз келіп қалыпты ғой,
Тағы да жаз –
Жаз-көрік ұялатар жаныңа наз.
Жастықта қадіріне жете алмасан,
Ертең күн жаз қызығы табылады аз,
Жаз келіп қалыпты ғой,
Тағы да жаз.

Қадірім көп пе білген,
Аз ба білген –
Сен соны ұқсан болды жаз-жаныңмен.
Жігіттің арманы не –
Сүйіктің
Жылытса жүргегінің маздағымен,
Сезімнің саздарымен.

Білесің сен,
Бәрін де сен білесің,
Сезімді де ақылға жендіресің.
Досың бар,
Дұшпаның бар –
Қандай бақыт,
Сүйе алсам тандыраңдардай елдің есін.

ДАРАЛЫҚ

Менде бардың бәрі де сенде болса,
Сенде бардың бәрі де менде болса,
Әй, қайдам...
Соның өзі біздер тұрмак,
Еш әсер бермес еді-ау елге де онша.

Сен жазғанды мен солай жазар болсам,
Мен жазғанды сен солай жазар болсан.
Екеуміз де ілікпей қалар едік
Ауызга алып айттардай назарға онша.

Сенде барды ел менен ізdemесін,
Менде барды ел сенен ізdemесін.
Төбе болып,
Немесе төмөн болып
Көріну –
Ел алдында бізге де сын.

Жарасады баланың балалығы,
Жарасады дананың даналығы.
Жер мен Көктей болса да аралығы
Бір-біріне әйтеуір ұқсамайтын
Болу керек дарынның даралығы.

КӨРГЕН ТҮСТЕЙ

Тірліктің қысы да арман,
Жазы да арман –
Түлкі-өмір құтылмайды тазылардан.
Қарт отыр жиырма бесін жырғып айтып,
Уақыттың көбі кетіп,
Азы қалған.

Шарлаған шар тарапты,
Алысынды –
Киялмен кезген талай ғарышынды.
Бұл күнде қарға адым жер мұнға айналып,
Көңілі күмға айналып,
Сағы сынды.
Күреске де бел шешіп түсіп көрген,
Сұлуға да сұхтанған,
Күшіп көрген.

Кекпар тартса, жолында ұра барын
Ұмытып,
Құба белде ұшып берген.

Құла жүйрік –
Астында құла жорға
Ұшып берген құйынданай құба жонда.
Ойлап көрсө осы бір қарияның
Талай ізі қалыпты мына жолда.

Бәрі есінде:
Ақ сағымдай сылаңдал қанша арманы
Құба жонда құлпырып қарсы алғаны.
Бәрі есінде –
Сүйгенін сағынып кеп
Айлы түнде тербеліп ән салғаны.

Бұл ғұмырда не көріп,
Не кешпеді?
Көрген түстей бүтінде елестері.
Талай жылдар өтіпті дегенменен
Бәрі де кешегідей емес пе еді?

Тірліктің қысы да арман,
Жазы да арман –
Тұлқі-әмір құтылмайды-ау тазылардан.
Отыр бәрін өткеріп көз алдынан
Уақыттың көбі кетіп,
Азы қалған.

КӨҢІЛ ҚАРТАЙМАЙДЫ

Адамдар қартаяды
Күз кетіп, сарғыш тартқан жапырақтай.
Жүзінен әр таяды –
Құлазыған құба жон атыраптай.

Қызы-жігіт те қызғалдақ-даурені өтіп,
Айырылды қектемгі гүл-эрінен.
Дүниені жіберер әуелетіп
Ай астында шырқаған бір әнімен.

Табиғат та,
Адам да қартаяды –
Бәрін солай жаратқан әмір – дана.
Қартаймай, тек есейіп марқаяды –
Мәңгі қектем – гүл атар көңіл ғана.

САМАЛ КӨЛ

Самал көл –
Тұстігінен самал ескен,
Самал көл –
Бір көрген соң қала ма естен.
Сыланып ақ айнадай айдынында
Тал, қайың...
Таранады жағада өскен.

Астасып ақ айдынмен ақ айнадай,
Ақ ару сыландайды қалай-қалай.
Алғандай қос жанарын қарықтырып,
Жағада ақын жігіт қарай-қарай.

Самал көл –
Сыр сандықтай шын ұғымда,
Мың бір түн хикаясы тұнығында.
Ақынның жазылмаған жыры мұнда,
Арудың айтылмаган сырлы мұнда.

Бойына кербездікті сын санар ма,
Жап-жасыл жазы-қысы шыршалар да.
Тал бойын кір шалмасын дегендей-ак
Кеудесін ашып тастап тұр самалға.

Самал көл –
Тұстігінен самал ескен,
Тұнығын бала кешкен,
Дана кешкен.
Көрмесем арманда боп кетер ме едім,
Көрген соң сыр-сымбаты қала ма естен.

ЖЫЛ ҚҰСЫ

(Ән)

Әнім бе едің жыл құсындай оралған,
Сәнім бе едің Сыр суындай толы арнаң.
Қапияда көз жазып қап,
Өзіңе
Табыстырды тағдыр қайта, жоқ арман.

Нұр шашқандай өмірімнің ақ таңы
Гүл ашқандай көңілімнің бақтары.
Кекірегіме ұлады қайтадан
Тірлігімнің таусылмайтын тәтті әні.

Арманымдай жүлдyz болып жанатын,
Ұшқыр қиял қақты қайта қанатын.
Оралған соң таусыларда тағатым –
«Жыл құсы» деп қойдым арнал ән атын.

САҒЫНЫШ

(Ән)

Толқындай дөңбекшіген теңіздегі,
Жас жаным алабұртып нені ізdedі.
Бір сен деп бұлқынады қайран жүрек,
Тағдырым әлде өзіңмен егіз бе еді.

Өзіңмен ұшырасу – талайғы арман,
Ізdedім таң нұрынан арайланған.
Бір сәтке көрсем деймін келбетінді,
Шолпандай бұлт ішінен қарай қалған.

Қайдасын,
Қайда қазір алыспысын,
Сағыныш қиялыммен жарысты шын.
Бір сәтке кетсе деймін елес беріп,
Жанымды мазалаған таныс мұсін.

Кеште де,
Сені іздеймін ертемен де...
Тосамын құлағымды ерке желге.
Маздатшы жанымда отын қуаныштың
Өзіңмен бақыттымды ерте кел де.

БАҚ ҚҰСЫМ СЕН БЕ ЕДІҢ

(Ән)

Өлеңім өзім боп барса бір,
Сезімім алаулап жанса кіл,
Білер ме ең жайымды, ақ еркем,
Мен саған арнадым қанша жыр.
Теніздей теренен тербеліп,
Құлашты қияға сермедік.
Жанарың жанымды жаулап ап,
Қалмады-ау, ақ еркем, менде ерік.
Барым сол –
Білмесен, білсөң де,

Барым сол –
Әзілдеп күлсен де,
Қай жерде –
Қай белде жұрсем де,
Бал құнім –
Бар гүлім бір сенде,
Тағдырым –
Таң нұрым бір сенде.

Акқудай жай қағып қанатын,
Өзендей жайланаپ ағатын.
Уақыт та тоқтатпай сағатын,
Алмасып қүнге күн, алға асып
Таусылды, қалқатай, тағатым.

Жанымды теберентіп, тербедің –
Шақырдым,
Бірақ та келмедің.
Қонсам деп, қона алмай қиналған,
Ақ құсым –
Бақ құсым сен бе едің.

* * *

Сен билеп жүрдің –
Бір жігіттің тербеліп құшағында,
Қолым жетпес арманға ұқсадың да.
Ауылда өскен мен бейбақ сонда ұқтым –
Би білмеу –
Болады екен құса мұнда.

Сен билеп жүрдің –
Вальстің ырғағымен дөңгеленіп,
Өзіңе емес,
Бергендей өнгеге ерік.
Жүзе білмес қораздай шетте қалдым,
Аккуменен ілесіп көлге келіп.

Сен билеп жүрдің –
Ұқсам дағы тұнығым шайқалғанын,
Меселінді сол замат қайтармадым.
Сыртым бүтін болғанмен,
Ішім түтін –
Бірақ оны өзіңе айта алмадым.

Сен билеп жүрдің –
Түсіндің бе,
Әлде шын түсінбедің,

Күлген болдым –
Жатса да ішімде мұн.
Албырт көңіл сонда да ойламапты-ау
Басқа ұяға қонар деп құсым менің.

Сен билеп жүрдің –
Құлағыңа жігіт не сыйырлады,
Ұғып болмаған екем сырынды әлі.
Ет жүргім сезгендей әлденені
Өн бойымда бір сезім шымырлады.

Сен билеп жүрдің –
Куанышты реңін,
Қас-қабағың...
Төзімімнің құлатты тас қамалын.
Тұрдым бір сәт өзіме өзім ұрсып,
Қалмағандай қайтудан басқа амалым.

Сен билеп жүрдің –
Сикырлы әуен еркінді билеп алған,
Өзіме өзім кейідім биге барған.
Сонда ұқтый –
Ілеспей онан дағы
Жақсы еді ғой оңаша үйде қалған.

Сен билеп жүрдің –
Шыдамадым,
Шегі бар төзімнің де –
Қарауытып кеткендей көзім мүлде.
«Қайттық!» – дедім әкеліп киімінді,
Оғаш көрінді ме екен сөзім бірден,
Қарағандай мыскылмен көзің құлген.

Сен билей бердің –
Билей бердің маған бір қарадың да,
Таусылғандай шыдамым,
амалым да...
Сонда ұқтый жолымыз басқа екенін,
Кекесін күлкі тұрды жанарында,
Билей бердің тағы бір қарадың да...

КӨКТЕМ

Тоқталмайды тынымысyz күндер ағып,
Өз-өзінше әрбір таң жүлдені алып.
Кекекпенен арайлы көктем келді,
Қырқаларға алқызыл гүлдер алып.

Көктем қонды бактарға жыл құсы боп,
Мерзімнің ең шуақты,
Жырлысы бол.

Көктем келді тағы да кең өлкеме
Жарқын жүзді қыздардың күлкісі бол.

Көктем келді –
малынды дала нұрға,
Өзгеше бір әр беріп тау-адырға.
Көктем келді салтанат-сәніменен,
Арқау болып жаңа ырғақ, жаңа жырға.

Бірге келді көктеммен қыздар баққа –
Ұқсап бейнес қырда есken қызғалдаққа.
Ару-көктем мерейлі маҳаббаттай
Сұлулығын табиғат қызғанбапты, ә!

Көктем, көктем!
Арайлы, нұрлы көктем,
Ай қалықтап,
Алтын Күн күлді көктен.
Сені асыға күтеміз, төрлет кәне,
Жасандырған дүниені кіл жібекпен.

Керуендей қозғалған таңнан тұрып,
Жылжиды, эне, нөсерден қалған бұлт.
Ару ұзак қарайды көш соңына
Бірге ілесіп кетуді арман қылып.

БОТАҚӨЗ

Ойлап тұрсам,
Сезім де,
Сөз де бөтен,
Таптырмайды өзіне өзгеде тен.
Дүниедегі шынайы сұлулықтың
Қасиеті қарақат көзде ме екен.

Көзде ме екен бірліктің жарасымы,
Көзде ме екен тірліктің бар асылы.
Білмеймісің қай күйге түсірерін
Ботакөздің мәп-мәлдір қарашығы.

Басқа түспей алар кім сырын ұға?
Арманыңың алда түр шыңы мына.
Қайтып аман шығуың екі талай,
Батып кетсең тұңғиық тұнығына.

Айналайын ботакөз – құралайым,
Сен деп ұққам көңілдің шың-арайын.
Жанарынды тайдырып әкетпеші,
Басқа тілек өлсем де сұрамаймын.

Сұрамаймын беріле сүй деп мені
Бір жылы сез және де қи деп тегі.
Жалғыз ғана айтарым:
Сені көріп,
Көңілімнен көкдауыл күй кетпеді.

Сыр айтпаушы ем егіліп жатқа бұлай,
Сені ойлаумен атар ма ақ таңым-ай?
Жалғыз ғана тілерім:
Ботакөздің
Мұнайғанын көруден сакта, құдай.

Кешір, қалқам,
Кешір сен, кешіре алсан,
Тіршіліктің сүюсіз несі бар сән.
Өзімді өзім ұмытып кетердеймін
Сенің ботакөзінді есіме алсам.

ЖАС ӘЖЕ

(Әзіл)

Әже болдың –
Соның өзі бақыт қой,
Көзінде нұр,
Көңілінде жаһұтты ой.
Сеніменен бар тіршілік қуанып,
Сенің үшін жасап жатыр уақыт той.

Жанған оттай жузіндеңі алау нұр,
Жарасып тұр қолындағы жалау-гүл.
Адамды өзі арнасымен әкетер
Табиғаттың ерек заңы бар-ау бір.

– Әже! – деймін,
Бірақ өзім нанбаймын,
Жап-жас сені әже қылған қандай күн?
Әзілі әсем келіншектен кешегі
Шаңқай түстө ажыраған жандаймын.

Өмір заңы,
Өкінетін несі бар,

Біреу ерте,
Біреу оны кеш ұғар.
Немеренді әлдилеген кезінде
Біз секілді пакырынды да есіңе ал.

МАХАББАТ БАЛЛАДАСЫ

Жадырап кетпесе де аспан әлі,
Майда жел тербеткендей жас баланы.
Шел қаптап жүлдyz көзін дүркін-дүркін,
Бір ауық кірпігінен жас тамады.

Тұн іші, сағат бірден ауды уақыт,
Қызы отыр екі көзін жаудыратып.
Жігіттің қайда сөзі келем деген
Барады үйқы қысып, маужыратып.

Судың да естіледі сылдыры анық –
Сыңсытып ән салғандай мың бүралып.
Көрді де екі адамды қолтықтасқан,
Бір сәтке үй тасалап тұрды барып.

Тамаша!
Жазғы самал жанға жайлы,
Тұр бөлеп хош иісіне таңды арайлы.
Әжениң бесік жыры секілденіп,
Мұлгіткен, маужыратқан бар маңайды.

Бұл кім, бұл тұрған тунде елден ерек,
Жүргегін оймен тербел, сырға бөлеп.
Жігітті тосқандығын білсе осылай,
Мән-жайын түсіндіре елге не деп?

Я, бұл – қазақтың бір қара көзі –
Жігітті тұрған тосып далада өзі.
Жүргегін мазалайды жастық шіркін.
«Жүргімек» – өте шығып бала кезі.

* * *

Тостырған жігіт қайда, қайда жігіт,
Жақында-ақ достаспал па еді айлап жүріп.
Ұмытып кетті ме екен жан азабын,
Жайғана жүрген бе әлде айла қылып!

Япырай, арам ба еді ол – қаражүрек,
Жас сұлу неге төмен қарайды көп?
Кірпікте қалды неғып жас үялап,
Жаман ой неге мұнша барады үде?

Шынымен келмеді ме тосқан адам,
Жас қызды етті ме әуре, босқа алан.
Несіне күттіртеді, күттіртеді,
Түндегі қарауылдай қос қараған!

Жоқ, құрбым, қателестің, сабыр, сабыр
Ақылды ашу женіп жаңылса бір.
Не пайда таптың сонда асығудан
Достыққа қара күйе жағылса құр.

Бұзылып машинасы қырсыққанда,
Жүгімен қалды тұрып – Құмшықталда.
Түн бойы жаяу жүріп ұзақ жолды,
Үйіне жетті жігіт күн шыққанда.

Сейтіп, ол кездесе алмай сүйгеніне,
Мазасыз отыр жалғыз үйде міне.
Амал не, етіп кетті бақыт түні,
Не пайда енді босқа күйгенінен.

Өмірдің заңы жоқ қой бұзылмайтын,
Жүрек – ол шыбын емес ызындаитын.
Махабbat – екі адамға ортақ сезім,
Гүл емес бақшадағы қыз ұрлайтын.

Айтарсың жоқ әдет деп қазақта бұл,
Ақын тек жазыпты деп мазакқа бір.
Дегениңің пайдасы не қыз байғұсқа:
Жанынды үйде отырып азапта құр.

Несі бар, тоссын ол да аяулысын,
Қиналсын, кезі келсе, жаяу жүрсін.
Бір ауық көтермесе жол азабын,
Қадірін махаббаттың қалай білсін.

АҚЫН ҚЫЗДЫҢ ӘЗІЛІНЕ ШЫН ЖАУАП

Қажымандар! – дедің бе,
Қажымайық,
Көктемде шешек атпау –
Нағыз айып.

Қыздардың қызғалдақтай,
Ортасында

Шат сезім,
Шалқар көңіл,
Наз лайық.

Шаршамандар! – дедің-ау,
Шаршамайық,
Билейік дүбірлетіп,
Ән салайық.

Сұлуға,
Сұлулыққа ғашық болып,
Таңырқап, таңдай қаға тамсанайық.

Жиналған үлкен-кіші жиында көп,
Жел де көп,
Дауыл да көп,
Күйін да көп.
Ойлаймыз сырт көздерден сұқтанатын
Сезімді жария ету қын ба деп.

Деп, қалқам, сөкпе босқа
Жасық торғай,
Қыранбыз тынбас таудан асып қонбай.
Жаным-ау, қайдан мәлім жүргеніміз
Қыздарға құралайдай ғашық болмай.

Білеміз –
Қыздарға ұян ұнамайды,
Жігітке ұға білген бұз да қайғы.
Сыйғызбай бәрімізді бір өлшемге
Жетпей ме сынасаң да бір ағайды.

Кейде ашық,
Кейде көңіл тұман шығар,
Сындарлы сәті келсе бір ашылар.
Тіл күрмеулі,
Және де қол байлаулы,
Әйтпесе арты қып-қызыл лаң шығар,
Ашып айттар болсақ шын ойдағыны
Көңіл шіркін талайға құмар шығар.
Ұялатып көңіліне күдікті ердің,
Намысина шоқ салма жігіттердің.
Қыран емес,
Бәрінің торайлығын
Қалай ғана, қалқам-ау, біліп көрдің,

Жиырмадағы Жарқындар былай тұрсын
Қырықта мен де талайдан үміткермін.

Өмір деген ұққанға, сірә, майдан,
Қызына талайлар шыдамай лан.
Жалындаған жанкешті жасты қойып,
Қарттар қазір үміткер құралайдан.

ҚҰРБЫ ӘЗІЛІ

Айналдым, сұлу Семейім –
Абайдың асыл Отаны.
Көркінді немен теңейін,
Маздаған жырдың оты әлі.

Жайқалған өрнек не түрлі,
Әсем еді неткен аспаның.
Абай мен Мұхтар секілді,
Ұшырған сандуғаштарын.

Арнайы келдім алыстан,
Көрсем деп елін ақынның.
Достармен жаңа табысқан,
Қауышып бірден жатырмын.

Риза пенде пейілге –
Тосса да нанын жарты үзім.
Дастархан жайып кең үйге,
Әкеліп жатыр дәм-тұзын.

Жақсыда жаттық болып па –
Жөнімді жан жоқ сұраған,
Асылып жамбас, омыртқа...
Қонақтық мениң сыбагам.

Жайдары, жарқын жастары –
Жатырқау деген жат мұлде.
Думанға тағы бастады
Құрбыдай өскен нақ бірге.

Жігітке, шіркін, әр істе
Керек-ак екен ептілік.
Тербелген әсем вальсте
Бір құрбым мені кетті іліп.

Көркі ғой, шіркін, жиынның
Әсем би,
Асқақ ән деген.

Тамшы боп мен де құйылдым,
Тербеліп жүрміз сәнменен.

Бұл елдің жәйін кім білген,
Аздан соң мен де төседім.
Танысып та алдым құрбыммен –
Жылқышысы екен осы елдің.

Сазымен әсем вальстің
Билейміз,
Тыным жоқ тегі.
Несіне, құрбым, таныстым –
Жанарың қандай отты еді.

Жұмбақ ой жанда шешілмей,
Биіктеп кетті қиял-құз.
Тетелес – Ертіс, Есілдей
Бір жерге, бәлкім, құярмыз.

Дегендей:
– Құрбым, сыр ұғын
Көп келе бердім алдыңа.
Асауға салар құрығын,
Маган да түсіп қалды ма.

Ылайым солай болғай-ақ,
Жұмбағынды енді қой, Айым.
Ал мен шуу асау болмай-ақ
Ырқыңа көне қояйын.

* * *

Кір шалғандай көңіл көзі –
Шар айнам,
Қалам алмай кетіп едім талайдан.
Оятқандай болдың тәтті ұйқымнан
Сенің қандай құдыретің бар, айнам?
Жібергендей женілдетіп қыынды –
Сезім-нөсер сел-сел болып құйылды.
Буырқанып сыймаған соң ішіме,
Жырғып жаздым барлық көңіл күйімді.

Ұғар, бәлкім,
Ұқпас мұлдем еш пенде –
Өз басынан кешпеген бар,
Кешкен де...
Сен боп келер сыйбызғы үні,
Сыр сазы
Жалғыз жүріп жабырқаған кештерде.

Жұлдызымдай ашық аспан –
Көгімде
Сөзге сыймас көп суретің көңілімде.
Ризамын аман жүрсөң алдымда
Мені өлердей ғашық қылып өмірге,
Ғашық қылып өмірге.

ҚИНАЙДЫ ЕКЕН

Сал сезімнің қыл пернесін басып кіл,
Терезенің бір пердесі ашық тұр.
Тіл қата алмай,
Тыңдата алмай уәжін,
Екі көзі мұнға толы ғашық тұр.

Көніл де жок –
Жүретүғын тасып кіл,
Зіл қара тас өр еңсесін басып тұр.
Көкіректің күйге толы көп сырын
Жеткізе алмай қинайды екен ғашық тіл.

МЕНШЕ СҮЙ

Кешір, жаным,
Айығып кетпесе де нала бойдан
Адамын саған деген жаман ойдан.
Өйткені мен өзінді тірліктегі,
Бар тұғырдан биікте –
Дара қойғам.

Дара қойғам –
Мен білген биіктерден,
Бар жалынын жанымның құйып берген.
Бұл күйімді түсінер –
Түсіне алса,
Тек мендей сүйіп көрген,
Күйіп көрген.

Кәрін төгіп тірліктің қысы барша,
Қапа болған көнілдің құсы қанша.
Қандай бақыт екі адам бірін-бірі
Қалтарыссыз, қалтқысыз түсіне алса.

Ақ күн едім,
Қылаусыз ақ түн едім,
Сенен бағын көңілім тапты менің.
Түсіне алсаң,
 Өзімдей түсін, жаңым,
Түсінбесең менше күй, ақ тілегім.

Ақ тілеуім –
Менше күй, күйсең егер,
Нақ білерім –
Менше сүй, сүйсең егер.
Махаббаттың ләззатын, азабын да
Менше сезіп,
 Дәл мендей күй шеге көр.

МАХАББАТ

Бас ұрмай уақыт атта өлшемге мен
Өзінді баяғыша көрсем деп ем.
Денбекшіп түн ұйқымды төрт бөлсем де,
Ел сенген көп жайларға мен сенбегем.

Мен сені қия алмап ем қиянатқа,
Ақ жүрекке құр құдік ұялап па.
Сондықтан да өзінді іздел келдім,
Іздел келдім міндім де қиял атқа.

Мас болып жастықпенен шалқып демде,
Сырынды ұқпай қалдым, бәлкім, мен де.
Сейтсем сен «ақ махаббат, пәк сезімді»
Жүріпсің үlestіріп әркімдерге.

Кіршікіз бал сезімге каталап тым,
Өзіңмен бір арнада қатар ақтым.
Бірақ сен ұға алмасың құдіретін,
Құдіретін мәңгілік махаббаттын.

· Махаббат – асыл сезім кір шалмаған,
Махаббат – асқақ әуен, жыр самғаған.
Қайталанып шығуы екіталай,
Бар жаныңмен беріліп бір салған ән.

Сезім бар күй әуендерес, жыр әуендерес,
Ол сезім өздігінен, сірә, келмес.
Махаббат та соның бір көрінісі
Ондай күй әр уақытта туда бермес.

КӨЗ АЛДЫМДА ЖҮР ГҮЛІМ

Алабұртқан көңілдің
Астан-кестен құйыны-ай.
Жан ауыртқан өмірдің
Бастан кешкен қүйін-ай.

Тұсай салған сезімге,
Ауыр екен пәндеге.
Бейжай жүрген кезімде,
Ұшырадың сен неге.

Шақ-шақ келем шынында,
Өртенуге аз-ақ қап.
Әлде бұл бір сының ба,
Көрсем деген азаптап.

Тұсінерсің сен, бәлкім,
Тұсінбессің,
Қайдам-ай.
Ұға бермес мені әркім –
Жұмбақ жанмын,
Айнам-ай.

Ең ауыр дерпт –
Сөз дерпті,
Тебірентер ақынды.
Қойсам ба екен өзгертіп
Ботакөз деп атынды.

Күй кеше алар ма екенсің,
Сен де менің өзімдей.
Тілдесе алар ма екенсің,
Ұзақ таңға көз ілмей.

Тұсінбесе ел бір-бірін,
Ауырдың сол ауыры.
Көз алдымда жүр, гүлім,
Тебірентіп тау ұлын –
Мен үшін сол тәуірі.

КӨЗІҢ ҚАНДАЙ

Жан біткеннің бәрі де
Сұлулыққа құштар-ау.
Сені көріп, әрине,
Жүрегіме түсті алау.

Көзің қандай,
Ботаның
Көздеріндегі тұл-тұнық.
Махаббаттың от-әнін
Тұрғандай-ау ұқтырып.

* * *

Мәлдір көзің,
Қара қасың,
Қабагың,
Үлбіреген ерінің мен тамагың...
Баурап алды,
Жаулап алды еркімді,
Не істе дейсің,
Түсін мені, қарагым.

Қалай ғана ұнадым деп сұрадың,
Бәлкім, сөзден тосқың келді,
Сынадың.
Сұлулықты сүйе ме еken бөлшектеп,
Ұқсан етті, шыңға біткен шынарым.

Нысана ғой жалғыз тал шаш ағарған –
Ақ жүзінді ашу үшін жааралған.
Көрінесің арайланып алдынан –
Секілді бір алаулаған таң алдан.

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ШОҚ ГҮЛІ

Қолымдағы туған жердің шоқ гүлі –
Бірі – жалын алаулаған, шоқ бірі.
Мерейі өсіп көп алдында адамның
Қалады еken көтеріліп шоқтығы.

– Гүлдеріннің қандай қанық бояуы,
Тұрлеріндегі танытқандай ол әрі.
Дәл осындай гүл өсірген қыздарды
Жан үққандай болады! – деп қояды.

Риза боп досымның бұл сезіне,
Шыны ма деп қарап едім көзіне.
Жалғаны жоқ жан нұрымен қарайды
Жанындағы жолдасы да, өзі де.

Гүл гой рас туган жердің ажары,
Нұрдың мөлдір тамшысындай таза әрі.
Жымияды елік сынды ерке қыз
Бұл сыйымыз дегендей-ақ аз әлі.

Мен достарға,
Достар маған қарайды,
Бір ыстық леп өн бойыма тарайды.
Беу, қарында!
Шоқ гүліңмен журекке
Шоқ түсіріп алмасаң тек жарайды.

БАУРАҒАНДАЙ ЖАНЫМДЫ

Таңнан тұрып,
Малынып таң шығына,
Баурағандай жанымды ән-шүғыла.
Жүрдім кезіп жазира кең жазықты
Ғашық болып дүниенің бар сырına.

Көктемнің керімсамал самалы есіп,
Көкжиектей көнілім қалады өсіп.
Енді бірде бәрін де ұмыттырып,
Әлдилейді анамдай дала-бесік.

Әлдилейді табиғат тәтті әнімен,
Шуағымен,
Шүғылалы шақтарымен,
Көкіргіме сан әуен құйылады
Бұлбұл сайрап тұргандай бақта кілең.

Бір шығарып күн нұрын, бір батырып
Көлдін беті толқынмен ыргатылып,
Сұлулықтың сәулесін еркелетіп,
Бар дүние тұргандай нұрға тұнып.
Нұрға тұнып,
Ғажайып сырға тұнып...

Таңнан тұрып,
Малынып таң шығына,
Қызық көріп мөп-мөлдір тамшыны да,
Көктем көркін кеудеме құйып алып,
Ғашық болып дүниенің бар сырına
Жүрдім баурал жанымды ән-шүғыла.

СУРЕТШІ

Қыз Жібектей бір сұлу қиялыңда,
Көкірегімен ілесіп күй – ағынға,
От шашырап тұлпардың тұяғында,
Сабасына сыймасын, сыярын да
Отыр білмей қыл қалам құдіретті
Құймасын да, нөсер боп құярын да.

Кезіп қиял бұлттардың ара-арасын,
Шагылдырып шақпаққа шара басын
Бояу іздеп басқадан дара басым,
Жиһангердей кезеді дүниені
Шарқ ұрдырып шабыттың шағаласын.

Бірде жұқа бояуы, бірде қалың,
Бірде солғын алауы, бірде жалын.
Құйып беріп көнілдің күнде нәрін,
Талқандаған тау-тасын тасқын, селдей
Көкіректе толқын боп жүрген арын.

Бергені бар,
Әзірге алғаны жоқ,
Шындығынан сезімнің жалғаны көп,
Кірпік ілмей атырган тандары да от,
Алаулаған жалынын сөндіре алмай,
Отыр тағы ырқына көндіре алмай,
Қиялдағы Қыз Жібектей арманы боп!

МАЗМУНЫ

Өмірбаяны.....	5	Бір тойың бар	58
Бірінші бөлім		Қасым ақын	59
Туган елге мадак жыр	8	Анызында арылмас жатады арман	60
Туган жер	11	Табиғаттың өзі ақын	61
Уш алыптың ұлымын	12	Енді білдім	62
Шадыра-шалқар	13	Көңіл күй	—
Баянауыл баурайы	—	Сөз меселін қайтармас	63
Егіз туган секілді	14	Кейіпкердің кейпінде	—
Жырымдасың	16	Көңіл	64
Бесігім-Есілім	17	Даламның қырындей	65
Кім сүймес туган жердің топырағын	—	Қазекемнің жері кең	—
Туган ел туралы толғай	18	Ежелден-ақ қөніл жүйрік	66
Біз туган жер	20	Тұс	—
Жайымды сұрама, ана	21	Ер жетуге құштар ек	67
Сен үшін мен мактанам	22	Хаттар	68
Оқ атпандар далада	24	Шабыт	69
Өмір нұрлы	26	Дала	—
Аңсан кеп едім	27	Шайтан көл	70
Қанымда жүр	28	Соғыс	71
Ақ кайнар	29	Шегінуге болмайды	72
Уақыт сейлейді	30	Оралды женіс болып	73
О, туган жер	32	Акку арман	74
Сагымды далам	—	Тілерім сол-ак	75
Жанақорған	33	Жиырма бес	76
Дала мекен	34	Мен қорқамын	77
Бәрі де жарасымды	35	Бәрі сендер үшін деп	78
Шақырады бір бік	36	Домбырамен сырласу	79
Толғаныс	37	Каздар қайтып барады	81
Туган далам – байтағым	38	Ағында, Хама, ағында!	82
О, мениң қасиеттім	39	Қызығам	83
Сен – мениң қорғашымсың	40	Өзбекстан жерінде	85
Бәрін, бәрін... сағынам	41	Мерке	86
Боз далам-ау	42	Армысындар, аналар	87
Отзыз бес жас	43	Уақыт	88
Ұлыммен әнгіме немесе туган жер туралы толғану	44	Тау жолы	—
Екінші бөлім		Аққуларым-ау	89
Шыным да, сырым да осы	50	Қыран	—
Бақ тіледім	—	Өлең жазу...	90
Ақын	51	Бұлқастай ем	91
Сақтай көрсін	52	Өлең оқып ем	92
Ақ кайындар	—	Ағасың әрі баласың	93
Ақын ескерткіші	54	Өмірге ғашық	94
Өлең өлмейді	—	Мына жалпақ галамда	95
Жапырактар	55	Жылдың төрт мезгілі	96
Боран	56	Мен сенемін	97
Ғажал ең қандай жаз айы	57	Бар болса бір галамат..	98
Жаз	—	Аппақ арай	99
Шагала	58	Дала қосы.....	100

Таулар	-	Сагындым, Өрнек	153
Уа, ағайын	108	Экे өсіті	154
Мұрсағ бер	-	Жеткізбейді балалық	-
Шашу.....	109	Мениң көnlім	156
Қасымга	110	Шаруақор жан емеспін	157
Ақку акын	111	Шәкірт сөзі	158
Тілші.....	112	Қатардамын	-
Шекіре тау	113	Бір мықты бар	159
Кимай кетіп барамын	114	Асықтым	160
Айналайын	115	Мен өзіндей	-
Мәңгілік алау басында	-	Байге	161
Дубосеково түбіндегі ой	116	Жарасқандай	162
Елудегі ағаның монологы.....	117	Жалғыз тал ақ	163
Дарын далам	118	Жатсам-ау бір	-
Ата салт	120	Кумасына қоймайды	164
Шын	121	Уш асудай	165
Есіл тасып келеді	-	Ойлаганым – жақсылық	166
Бір тау биік.....	122	Мен болмасам	167
Зайсан – жайсан	123	Бара алман ем	168
Кең жазыққа үйрәндік бала жастан.....	-	Үйқындық қандырып ал	169
Ұшып келем.....	124	Сен қарайсың	171
Қараганды университетіндегі кездесу	125	Жетіге толды	172
Қансонар	126	Кәмелетке, мінекей, толдың үбүгін	-
Шоқан ауылында туған ой	127	Дос тілегі	173
Шындық-шынар	128	Сенсін елің	-
Шабыт түні	-	Былғары етік	174
Бар менің өр дауысым	129	Шалқыма	175
Бәрі қызық тірлікте	129	Шынарбек	177
Боз далам-ау	130	Ұстаз	179
Дала мекен	131	Әке көnlі	-
<i>Үшінші бөлім</i>		Биши қайындар	-
Ана жүргегі	133	Сөз деген құдірет	180
Елуде еркелікті тастамас ем	134	Жақсылық пен жамандық	181
Әпкеме	-	Жаныма кейде батады	182
Дос туралы сыр	135	Өлеңді қайтіп жазамын	-
Агалар	136	Дәрігер	183
Сагынады екен	137	Мен ақынмын ба?	-
Сентябрь таңы	138	Қыс	184
Дарын еді	139	Кейде бір.....	185
Айтарты не	140	Бірде кеншімін	-
Әке	141	Іздеп келем	186
Ұстазға	142	Көрмегелі	186
Асау	143	Сонғы конырау	187
Балам ауырғанда	144	Өлшем	188
Қызыма	-	Бәрі де бізден қалады	189
Көңіл күйлері	145	Мен қырықтамын	190
Өмір бәйгесінде	147	Алтыным бар	-
Көздер	148	Өлең жазбайтын құндерім бар	191
Шыным – сырым	149	Сагыныш сазы	-
Өтеді құндер	150	Ел ағасы	193
Түсініндер өзімдей	151	Анама хат	194
Өмір заңы	152	Кешіріндер, ағайын! Бозторғай	195
		Асықтым	196
		Қарыз	-

Нар тәуекел	197
Нагашы	-
Куанам	198
Женіс	199
Тұысқан аға-індей	200
Ұлың болғым келеді	201
Мәңгілік	202
Аға	-
Біздің елде жігіт болды бір қызық	203
Ақ сағым	205
Жүрек сөзі	-
Артта бәрі	206
Ат қою	207
Сенім	209
Мен сен емеспін	210
Мен сені танымадым	211
Ел аралаганға не жетсін	212
Үнсіз қалғаның кеп артық	-
Арман қанаты	213
Бағынды сен де сынап кер	-
Шынымды айтсам	214
Екеуі де өлмейді	-
Рас шығар.....	215
Жылап тұрмын	216
Тағдырмен тілдесу	-
Ауыл дәмі	217
Күрдасқа наз	218
Жастықтың дулы-дулы базарында	219
Ақын жаны	-
Өмірдің заңы солай	220
Ақын болу оңай ма	221
Бәрік білсек.....	222
Сағыныш	223
Жыр тілейді жүргім	-
Қонақ келді үйіңе	224
Ұстаз тойына	-
Базарда	225
Кекжиек	226
Немерелі болып көр	227
Бір нөсердің керегі-ай	228
Құдайдың қундері де ала-құла.....	-
Жұма құнді ауырлау қүн деседі	229
Құдік	230
Сеземісін, ей, жүрек	231
Бәрі маган жарасады дегенді	232
Намыс	233
Қайіп	234
Екеуміздің анамыз ғой бір туган	235
Ұстазға	236
Ойда жокта қағынып.....	-
Бәрі де салыстырмалы	237
Уақыт	238
Азаптың ең ауыры	-
Күндер өтіп барады.....	240
Ақын да кәдүлігі пенде өзіндей	-
Ана пейілі	241
Келіп ек асып Арқалы әсем тауды біз.....	242
«Сәлем бермей кеттін» деп кінәлама	243
Алматыда күн жылы	-
Ойымның кестелерін	244
Арман	245
Бірге кешіп сайранды сауықпенен	-
Талай көрдім сүрініп, жығылып та	246
Кеше келдім жол соғып	-
Жаспын деп пе ең.....	247
Ой.....	-
Кектем келіпті	248
Оралса ғой шабыт бол..	249
Бәрі бар-ая...	250
Ар алдында жүтініп	251
Жалын-өлең	252
Бекер бәрі	253
Қызықтан қалсам, қайтемін	254
Қайрау	-
Маган салсан..	255
Шындық болсын бастауын	256
Жанымда жай оғы бар атылмаған	257
Ұлыми	258
Карыз	-
Біргесіз	259
Толагай	-
Жылап ал, жаным	260
Өзгердің бе	261
Кезім көп лапылдаған, жалындарған	262
Жанып өтем	263
Құйып тұр нөсер	264
Бұла жайық	-
Шуақ еді...	265
Бүтін мен де мактандым	266
<i>Тортінші болім</i>	
<i>Махаббат</i>	
Бұла дәурен	-
Өзіңе ғана	269
Қайықта	-
Әлде ол бакытым ба армандаған	270
Үнсіз ғана ұстадым білегінді	-
Құралайым	271
Қайран қалам	-
Аяулым, арманымдай асылым ең	272
Кезікпей келтен бейне ме ең	273
Сағындым, сәүлешім.....	274

Таусылмайтын тақырып	—	Достарым-ау	295
Базары қайда көңілдің	275	Кандай бақыт	296
Ауыр маган	—	Даралық	297
Сезім сыры	276	Көрген тұстей	—
Сол әнім саған айта алар	277	Көңіл картаймайды	298
Бір төбениң гүлі едік	278	Самал кел	299
Ән-құдірет	279	Жыл құсы	—
Сезбедің бе	—	Сағыныш	300
Ән	280	Бақ құсым сен бе едің	—
Қалдышып жастық жағаны	281	Сен билеп жүрдің	301
Сен қайдастың	282	Көктем	302
Сені көрдім	283	Ботакөз	303
Сыр	—	Жас әже	304
Үйқың, жаным, қанды ма?	284	Махаббат балладасы	305
Және де	285	Тостырган жігіт қайда, қайда жігіт	—
Ақ тұс	286	Ақын қыздың әзіліне шын жауп	306
Адамдар – көктемсіңдер	—	Күрбы әзілі	308
Дарига-жастық	—	Кір шалғандай көніл көзі	309
Тұсінбедім	287	Қинайды екен	310
Сол ән сенбісің	288	Менше сүй	—
Қайтейін	289	Махаббат	311
Не істесем екем?	—	Көз алдында жүр гүлім	312
Сені көрмесем	290	Көзің қандай	—
Мұңайма	291	Мөлдір көзің	313
Бақыттымын	292	Туган жердің шоқ гүлі	—
Шоқ гүл	—	Баурагандай жанымды	314
немесе Ағара наз	293	Суретші	315
Сүйе қалсам	—		
Көктем келді	294		

Әдеби басылым

**ЗІКІБАЕВ ЕСЛӘМ
ТАҢДАМАЛЫ ӨЛЕҢДЕР ЖИНАГЫ
I том**

*Редакторы Зәуреш Башбаева
Техникалық редакторы Гұлмаржан Сабитова
Көркемдеп, компьютерде беттеген Әйгерім Молдахметова*

Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
№ 0000082 мемлекеттік лицензиясы 2005 жылы 11 қаңтарда берілген

ИБ № 01

Басуға 20.05.11 ж. кол койылды. Пішімі 60x90^{1/16}. Офсеттік басылым. Офсеттік қағаз.
Әріп түрі “Times New Roman”. Шартты баспа табагы 20,0. Есептік баспа табагы 17,92.
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №165.

“Таймас” баспа үйі” ЖШС. Алматы қаласы, Абай даңғылы, 153-үй, 27-офис.
Факс: 266-21-14, тел.: 250-09-95, 250-09-96, 250-09-97, 250-09-98.

«Полиграфсервис» ЖШС.
050050, Алматы қаласы, Зелёная көшесі, 13 «А».

ISBN 978-601-264-037-3



9 786012 640373

